



*Нәсиев Қажымұрат*



*Ауылым – алтын бесігім*  
Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 1091-Қ

*(Бостандық және Үшкөл ауылының тарихынан)*

*Екінші басылым*

*Астана2013*

ББК: 63.3 (5 Қаз) 723  
Н 32

НӘСИҰЛЫ Қ.  
Ауылым – алтын бесігім. – Астана, 2013. – 296 бет

## *Нәсиев Қажымұрат*



Өмірінің 40 жылдан астам уақытын ұстаздыққа арнап, соның 28 жылын Бостандық ауылында мектеп директоры қызметін атқарған өңірімізге белгілі азамат, аяулы аға Қажымұрат Нәсіұлы осы тарихи естеліктерінде өзінің туған ауылы Бостандық және кезінде «кеңестік оңтайландыру саясатының» салдарынан құрып кеткен, Кеңес Одағының Батыры Әбу Досмұқанбетовтің туған жері Үшкөл ауылының тарихынан сыр шертеді, ауылдың тыныс - тіршілігі, дамуы, ауыл адамдарының қилы тағдырлары әсерлі баяндалған. Кеңестік заманда орыстандыру саясаты жүріп тұрған шақта өңірде аман қалған жалғыз «таза» қазақ мектебінің тарихы, оның негізін қалаушылар жайлы мағлұматтар оқырман қауымды толғандырмай қоймасы анық. Әсіресе, Бостандық, Үшкөл ауылдарынан шыққан атақты да дарынды жерлестер жайлы деректер зор мақтанышпен суреттелген.

Ашамайлы - Керей Ғалидың бесінші ұрпағы Танаш бабадан тараған Балта, Тарышы ұрпақтары бүгінгі күні Бостандық, Үшкөл, Бексейіт, Жекекөл ауылдарында қоныстанған.

Жаһандану заманында жан - жаққа тарап кеткен «жеті атасын біліп, жеті жұрттың қамын жер» жас ұрпақ үшін кітапта келтірілген ата-тек шежіресінің де берері мол.

Кітап өлкетанушыларға, тарихшылар мен мектеп оқушыларына арналған.



*«Бостандық» атты ауыл бар*

Бостандық атты ауыл бар,  
Қадірлі онда қауым бар.  
Азаматтар - абзалдар,  
Бәрі де маған бауырлар.

Соқса да қатты дауылдар,  
Жауса қарлы жауындар.  
Шырқын бұзбай шыдаған,  
Өзіңдей қандай ауыл бар.

Ауыл жоқ менің елімдей,  
Шұрайлы жер жоқ жерімдей,  
Қажырлы қайсар халқым бар,  
Еңбек еткен ерінбей.

Жемісті болсын әр ісің,  
Құт береке дарысын!  
Тілектес, алтын бесігім,  
Өзіңе балаң, арысың.

**Болат Мағазұлы Сағындық**

*Алғашқы тырнақалды еңбегімді  
Тәуелсіз Қазақстанның 20  
жылдығы, Бостандық ауылының 80 жылдық  
мерейтойына арнаймын*

## **Кіріспе**

Тәуелсіздіктің тұнық-жұпар ауасымен кеудемізді кере дем алғанымызға аттай 20 жыл толды. Аллаға шүкір, еңсемізді көтеріп қана қоймай, ғасырлар бойы аңсаған арманымыз орындалып, кешегі өзімізді өкшесіне басып, «төмен дәрежелі» халық деп есептеген, тіліміз пен дінімізден бездіріп, мәңгүртке айналдыра жаздаған саяси жүйе келмеске кетті, «Ұлы халықтармен» бой таластыра бастадық. Ұлттық сана - сезіміміз, тіліміз, дініміз, діліміз қалпына келіп, бұрынғы жүйенің жұқтырған мерездерінен арылдық.

Қазақ халқы дүние жүзі халықтарының ішінде өзінің батырлығымен, көрегендігімен, қарапайымдылығымен, кішіпейілдігімен, қонақжайлығымен, адалдығымен және еңбекқорлығымен ерекшеленіп келеді. Сан ғасырлар бойы осы Алланың берген асыл қасиеттерінің арқасында қазағым ұлан байтақ жерін, қойнауы толған иен байлықты қызғыштай қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізді.

Бүгінгі күні қазақ халқы тәуелсіздік туын желбіретіп, өзінің көрегендігімен дүниежүзі қауымдастығын мойындатқан тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басқаруымен өз тарихи дамуының шарықтау биігіне көтеріліп келеді. Оның басты дәлелі - қазақ ұлтының төңірегіне әртүрлі тарихи себептермен қазақ жеріне келген басқа этностарды бір адамнан туғандай біріктіріп, құбылмалы нарықтық экономиканың сан алуан дағдарыстарынан аман өтіп, экономикалық өрге басуы.

2010 жылдың 1 - 2 желтоқсанында тәуелсіз еліміздің жүрегі - Астана қаласында Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше 56 елдің бас қосуы - дүниежүзі қауымдастығының қатарына қазақ деген халықтың толық иық теңестіргенін паш етті.

2011 жылы қаңтар - ақпан айында қысқы Азия ойындарының Қазақстанда өтуі - қазақ халқының Орта Азия ғана емес, тұтастай Азия континентіндегі халықаралық деңгейдегі олимпиадаларды өткізуге толық мүмкіндігі бар іргелі елдің бірі екендігін көрсетті.

2011 жылдың жазында Ислам елдерінің конференциясының Астанада өтуі - Қазақ елінің жаңа заман үрдісіне сай дінаралық татулықтың,

## *Ауылым – алтын бесігім*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАЛЫҚ АУЫЛДЫҚ ӘКІМДІГІ**

келісімнің жаңа үлгісін іс жүзіне асырған бай тәжірибесі бар, халқының 70 пайызға жуығы мұсылман дінін ұстанатын мемлекетке дүниежүзіндегі басқа мұсылман қауымының назары ауғанын байқатты.

2011 жылдың үшінші сәуіріндегі кезектен тыс өткізілген президенттік сайлауда халық өткен сайлауларда болмаған белсенділікті көрсетті. Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты халықтың бірауыздан қолдап дауыс беруі - тәуелсіздіктің ғасырларға пара - пар 20 жыл уақытында оның ел басқарудағы орасан зор жетістіктері мен қажымас қайратына және 2030 стратегиялық бағытына берілген ең жоғарғы баға екенін әр қазақстандық шын жүрегімен сезінді.

Міне, осындай жан - жақты кемеріне толған табысты 2011 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Мәуліт ауданы, Арқалық ауылдық әкімдігіне қарасты Бостандық ауылының құрылғанына 80 жыл толды.

Ауылдастарымыздың бұл үлкен айтулы мерекесі Тәуелсіз Қазақстанымыздың 20 жылдық торқалы тойы қарсаңында аталып өтті.

Облысымыздағы үлкен қазақ ауылдарының бірі болып саналатын Бостандық ауылының сексен жылдық тарихы - тәуелсіз еліміздің ерлікке толы тарихының өшпес бір парағындай.

Уақыт өткен сайын ауыл тарихын білетін көне көз қариялар жоқтың қасы, тек мұрағаттарда сақталған азын-аулақ деректер бойынша, кезінде аталарымыздан естіген әңгімелерді ой - елегінен өткізе отырып және өзіміздің көз көріп, есте сақтаған оқиғаларды қағаз бетіне түсіру арқылы, болашақ ұрпаққа өздерінің ата - бабаларының қиын да, өкінішінен қуанышы басым өмір жолымен таныстыруды мақсат еттік. Ауыл тарихынан мағлұмат бере отырып, бабаларымыздың өз отанын қорғаудағы ерлігін, ел байлығын еселеудегі жанқиярлық еңбегін үлгі ете, жас ұрпақтың бойында елжандылық қасиетті еселеуге, жігеріне жігер қосып, ата - бабалар рухын асқақтату сезімін тәрбиелеуді көздедік.

Біздің тарихымыздың көптеген тұстары әлі де болсын нақтыланып жазылған жоқ, бұрынғы орыс тарихшыларының жазып кеткен тарихының шеңберінен шыға алмай келеді. Қазақ деген ұлттың тарихы, оның арғы түп тамыры сонау сақтар мен ғұндардан басталып, бергісі үйсін, қыпшақ, керей, адай тайпаларының және Алтын Орда, Ақ орда, Сібір хандықтарының тарихымен тығыз байланыста екені, қазақ халқының ерлік жолдары басқа көрші халықтардың қалыптасып дамуына зор ықпал еткендігін батыл түрде айтатын уақыт жетті. Пәлен ғасыр бодандықта болған халқымыздың тарихи сана - сезімін бұғаудан босатуымыз қажет. Ата-бабамыздың тарих сахнасындағы алған орнын биіктету арқылы, болашақ ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу біз үшін басты міндет болмақ.

Өкінішке орай, жергілікті жерді білмейтін ертедегі Батыс Европадан келген миссионерлердің жазып қалдырған кейбір нақты емес деректері, тіпті

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақ тарихының қызық ертегілері*

Ресей империясы тұсында біздің өңірге әр-түрлі мақсатпен жіберілген географиялық саяхаттанушылардың (олардың көпшілігі жасырын жіберілген барлаушы офицерлер) қолжазбалары және кеңес дәуірінде саяси мақсатты көздеп жазылған қазақ тарихы бұрмаланып жазылды, сондықтан да біздің тарихымыздың көптеген беттері әлі де болсын ақтаңдақтарға толы.

Күншығыс елдерінің, оның ішінде көшпенділер мәдениетінің дүниежүзілік мәдениетке қосқан үлесі және ықпалы көп уақытқа дейін көмескіленіп көрсетілді. Кей жағдайда кеңестік дәуірдің кейбір тарихшылары көшпенділердің өз дәуірінде қоғамның, өркениеттің дамуына кері әсер келтірді деген пікірлерді аға буынның тіпті, кейінгі ұрпақтың да санасына үзбей сіңіргені соншалық, соның арқасында көп уақыт бойы кеңес заманында, басым көпшілігіміздің санамызды құлдық психологиясы, басыбайлық пен марғаулық, кім айтса соған еріп кететін қасиет, тіліміз бен дініміз жөніндегі көзқараста бойымызды осы күнге дейін тіктей алмағанымыз соның айғағы.

Қазақ елі 70 жыл бойы Кеңестік Республикалар Одағының құрамына «өз еркімен» кірген одақтас республиканың бірі болып саналса да, жас ұрпақ өзінің төл тарихын мектеп қабырғасында және жоғарғы оқу орындарында жекелей толық оқымады, қазақтың өз алдына тарихы бар екен деп ойлауға мүмкіндігі де болған жоқ, оны ойлайтындай жағдай жасалынбады, оны тек патшалық Ресейдің, Кеңестер Одағының тарихын оқыған кезде, жанама түрде кейбір тарихи оқиғалармен байланыстырылып, бір - екі сөйлем түрінде қазақ тарихынан үзінді айтылатын. Оның өзінде берілген тарихи материалдарды оқи отыра, «иә, біз бір бейшара халық болған екенбіз, орыс халқы болмаса, тағылық пен қараңғылықтан шыға алмайтын едік» деген тарихи ойға жетелейтін түсініктер берілетін.

1969 - 1974 жылдары Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институтының тарих – филология факультетінің тарих - педагогика бөлімінде оқып жүргенде, тек бесінші курстың соңғы семестрінде, екі айлық мерзімге шақталған бағдарлама бойынша қазақ тарихынан там - тұмдап қана түсінік алдық. Кеңес дәуірінде тарихшы мамандығы бойынша білім ала отырып, өз ұлтыңның тарихы жөнінде толық білім алмау біз үшін нағыз қорлаудың көрнісі еді. Бұл көрністің өзі - ақ сол кезеңде, Кеңес одағының құрамына енген ұлттарды біріңғай кеңес (совет) халқына айналдыру арқылы халықтарды жеке ұлт ретінде бірте - бірте жоюды, оның түп тарихын бұрмалап көрсете отыра, халықты тарихи танымынан айыруды көздеген жымысқы саясат болды.

Тарихымызды шындыққа сай сараламақшы болған ғалымдарымыз талай зобаланды басынан кешірді. Отаршылдыққа қарсы күрескен Кенесарыдай дара тұлға туралы жазған тарихшы Е Бехмахановты айтпағанның өзінде, кеше ғана өткен ғасырдың 70 жылдары халық





жазушысы Олжас Сүлейменовтың орыс тарихы мен орыс мәдениетіне тікелей зор ықпал еткен көшпенді дала мәдениеті туралы жазған «Аз и Я» атты тарихи - әдеби ғылыми зерттеу кітабы үшін қалай таяқ жегенін қазіргі жастар білер ме екен. Бұл кітапты алғаш оқыған кезде орыс тарихшыларының біздің миымызға сіңіріп келген «ұлы державалық» тарихи деректерінің тігісі бір сөгіліп еді. Бірақ кеңестік тәртіп көшпенділер тарихына яғни, түркі тектес халықтардың, оның ішінде қазақ тарихына қатысты дәлелденген жаңашыл, тың ой айтқан жазушыны қыспаққа алып, «Аз и Я» кітабын кітапхана сөрелерінен бір түннің ішінде алып тастаған еді. Біз сол жылдары «Аз и Я» кітабын іздеп жүріп, қолдан - қолға түсірмей оқушы едік. Біздің ұрпақ осылай мәңгірттікке түсірудің құйтырқы жолдарының құрбаны болды.

Құдайға шүкір, тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, тарихи жадымызды қалпына келтіруге, тануға және саралап білуге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Кеңес дәуіріндегі қазақ тарихына қатысты оқиғаларды «ұлы державалық» көзқарастағы орыс тарихшыларының сыңаржақты пікірлерінен тазалай отыра, бүгінгі жас ұрпаққа өз ұлты, туған өлкесі туралы нақты тарихи шындықты айтуға кең жол ашылды.

Бүгінгі күні жалпы қазақ ұлты тәуелсіздіктің арқасында өз тарихын нақтылап, толық бүтіндеп қана қоймай, тіпті қазақ ұлтының дамуының қаймағы, нағыз қазақтың өсіп-өнген бесігі, өзекті өскен ортасы болып саналатын қазақ ауылдары өздерінің жеке - жеке даму тарихын жаза бастауы, жалпы қазақ тарихын толықтыра түсуде.

Біздің Солтүстік өңірімізде өлке тарихын зерттеуде орасан жұмыс атқарып жатқан облыстық мұражайдың жанынан құрылған «Асыл мұра» жұмыс тобы. Осындай аса маңызды ұлттық - саяси жұмыстардың басы қасында жүрген ұстаз ардагерлеріміз: Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев, Танат Сүгірбаев және өлке тарихын зерттеуге көп еңбек сіңірген марқұм Ғалым Қадыралиннің еңбектерін кәрі жасымыз, әсіресе жастарымыз құныға оқуда, бүгінгі және дүниеге ертең келетін отансүйгіш ұрпақ тар «Асыл мұра» қорының атқарған жұмыстарын өлке тарихының алтын қорына қосылған асыл қазына екеніне көздері жетер.

Оқырманға ұсынылып отырған Бостандық ауылының қысқаша тарихы солтүстікқазақстандық өлкетанушылардың еңбектеріне қосымша тың деректер қосады деген ойдамыз.

## БОСТАНДЫҚ АУЫЛЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ

*«Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек; сонда тұғырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танисың, келешегіңді бағдарлайсың; алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың».*

*Н.Ә. Назарбаев*

### 1. Көне тарихымыз қалай сыр шертеді?

Бостандық ауылы - кең байтақ қазақ жерінің солтүстігінде, Батыс Сібір ойпатының оңтүстік бөлігіндегі жасыл желегі жайқалған, тал - терегі аралас, ақ қайыңды орманды - далада, түгінен майы шыққан құнарлы қара топырақты, егін егіп, мал өсіруге қолайлы аймақта орналасқан.

Бостандық ауылы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі үш ауданының (Мәуліт, Бескөл, Есіл аудандары) түйіскен жерінде, көрші Ресейдің Қорған, Түмен облыстары шекарасынан тікелей 30 - 35 шақырым қашықтықта орналасқан.

80 жылдық тарихи даму кезеңінде, Бостандық ауылы Есіл (бұрынғы Ленин ауданы), Приишим, Бескөл, Мәуліт аудандарының құрамына алма-кезек ауысып отырды.

Біздің ата - бабаларымыз сан ғасыр бойы анталаған жат жұрттықтардың қазақ жерінің теріскейіне тереңдей кіруіне тосқауыл болған, қазақ елінің тарихи қалыптасқан шекарасын сақтап қалуда елеулі орын алған.

Кең байтақ қазақ жерінің басқа аймақтарында орталығы мен оңтүстігінде орналасқан қандастарымызға қарағанда, теріскейде орналасқан ата-бабаларымызға сыртқы жаулардан жерімізді қорғауда салмақ артығырақ түссе керек, олар «білектің күшіне, найзаның ұшына» көбірек сүйенген.

«Аюдай ақырған» қарашекпенділердің сыналап тереңдеуіне, орыс, қытай патшаларының айдап салуына еріп, аталарымыздың ата-қонысына көз салған естек-башқұрт, татар жұртымен, олардың ішіндегі ең қауіптісі екі жүз жылдан астам үздіксіз қазақ жерін шабуылдаған жоңғар қалмақтарына қасқая қарсы тұрды. Солтүстіктегі қазақ жерінің осы күнгі шекарада сақталып қалуына Ашамайлы - Керейдің Балға, Балта, Көшебе, Тарышыдан тараған ұрпақтарының өз үлестерін қосқанын біз соңғы жылдары белгілі болып отырған тарихи деректерден анық көріп отырмыз. Бостандық пен Үшкөл ауылының негізгі тұрғындары жоғарыда аталған Ашамайлы - Керейдің Балтасы мен Тарышысына жатады.

Ауыл тарихына көз жүгірту үшін тарихтың қойнауына тереңірек үңіліп, ата - бабаларымыздың арғы тегін, қазақ халқы мен ұлтын қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарған Керей тайпалық бірлестігінің қайдан келгендігі жөнінде қысқаша баяндауды жөн көрдік.



Бұл жерде бір руды екінші бір румен салыстырып, бәсекелестікті қоздыру емес, өзіміздің тегіміздің қандай болғанын білу арқылы бізден кейінгі жас ұрпақ бойына отансүйгіш елжандылық қасиеттерді терең сіңіру, ата-баба ерлігімен рухтандырып отыру.

Ашамайлы - Керей тайпасының тарихы және олардың тарихи қоныстанған жерлері жөніндегі нақты деректер жөнінде мағлұматты қайдан алуға болады десек, біз бірден өзіміздің ХҮІІ - ХҮІІІ ғасырларда жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлікпен күрескен, Ашамайлы Керейдің әрі батыр қолбасшысы, әрі артына халық аузынан тастамай, ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіліп келе жатқан тарихи дастан - жыр қалдырған, абзал ұлдарының бірі - Қожаберген жыраудың шығармаларынан толық табуға болады.

Қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» деп аталған қасіретті жылдарға арнап батыр бабамыз «Елім - ай» дастаны мен өлеңін шығарған. «Елім-ай» - тәуелсіздік үшін күрес жылдарында қазақтың ұранына айналған, халықтың рухын көтерген өлең болған.

Міне, осы тарихи дастанда Ашамайлы Керей тайпаларының қандай жерді мекендегені, туған жер үшін жат - жұрттықтарға қарсы тәуелсіздік күресі шынайы бейнеленген.

Ашамайлы - Керей ұрпақтарының қоныстанған жер аумағы «Елім - ай» тарихи дастанында былай көрсетілген:

Есіл, Ертіс, Тобыл тоғайларын  
Ежелден ел - жұртым қыстап келген.  
Аң аулап, қансонарда бүркіт салып,  
Жыл сайын кәсіп қылған нелер мерген

## *Нәсиев Қажымұрат*

XX

Тоғайын Омбы өзені жұртым қыстап,  
Баптап алғыр тазы, қыран ұстап.  
Ертеден Керей қоныс еткен Сібір.  
Қорғаған жаудан ерлер қару ұстап.

Сібірдің батыс жағын мекендеген  
Ен жайлап Керей - Уақ еркіндеген  
Ту ұстап «Ошыбайлап!» ұран салсам  
Жігіттер бірі қалмай соңыма ерген,

- деп Қожаберген жырау ашамайлы керей тайпаларынан тараған рулардың сібір жерін ертеден мекендеп жатқанын жырласа, тарихи шекарамыздың ауқымыдығын дастанның келесі жолдары тағы да дәлелдей түседі :

Мекендеп Тобыл, Үшбұлақ екі арасын,  
Қазақтың жырға бөлеп ен даласын.  
Сауықшыл Орта жүзде Керейі едік,  
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын.

Серілікпен жаста шарладым,  
Қазан мен Кемер\* арасын  
Ата жаудан қорғадық,  
Мұсылманның баласын,

- деген өлең жолдарында Керейдің Танаш биі ұрпағынан тараған аталарымыздың қонысы қазіргі Қостанай облысындағы Тобыл өзені аумағынан Үшбұлаққа дейін, яғни Омбы мен Новосибирск облысының ұштасқан жеріне дейін созылғаны айтылады.

«Қазан мен Кемер арасын ата жаудан қорғадық» дегені орыс патшасының шапқыншылығын айтып отыр. «Кемер» бүгінгі Кемерово қаласы, аталарымыз бұл жерді ертеден «Кемер» деп атаған (Қазан Ресей федерациясының құрамындағы Татарстан автономиялы республикасының астанасы, оны 1556 жылы орыс патшасы жаулап алғанын тарихтан білеміз).

Әрине, бұл жерлер ХҮІ - ХҮІІІ ғасырларда орыс патшасының басқыншылық саясатының арқасында Ресей иеленген, бүгінгі күні мемлекеттік шекарамыз тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық заңдарға байланысты заңдастырылып Ресей жері болып саналады, оған ешкімнің таласы да жоқ, біз ешкімнің жеріне көз алартуға құқығымыз да жоқ, бірақ та, кейінгі ұрпаққа тарихи оқиғалардың қалай қалыптасқанын нақтылап айтқан жөн.

Қазақтың ел болып жер бетінде қала ма, жоқ па деген тарихи кезеңінде

## Ауылым – алтын бесігім

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік және Егемендік күніне орай

ата - бабаларымыз өшпес ерлігімен өзінің туған жерлерін ғана сақтап қана қойған жоқ, көршілес түрік жұртына жататын, Еділ - Жайық, Тобыл, Сібір жерінде керейлермен қатар қоныстанған ноғай, башқұрт, татар, шор, хақас, саха, якут халықтарын сол кезеңдегі ең қауіпті жау болған қалмақтардан қорғаған.

Орыс патшасы бұл сібір халықтарын көрші қоныстанған керейлерге жиі- жиі қарсы айдап салып, қақтығыстырып отырса да, қалмақ басқыншыларының шабуылынан оларды қорғап отырған Ашамайлы Керей тайпалары болғанын «Елім - ай» дастанында нақты жырланған:

Бастаған ойрат ісі ұрыс болды,  
Бұл соғыс Ресей үшін дұрыс болды,  
Қалмақты жабдықтаған қос көршінің,  
Әуелден көздегені қоныс болды.

Естекпен Татар жұрты Сібірдегі,  
Қазаққа иек сүйеп көңілденді.  
Төлемей соңғы жылдары орысқа алым,  
Кәпірмен қақтығысу жиіленді.

Сол үшін қалмақты орыс айдап салды,  
Естек пен Татардан өшін алды,  
Шаттанып бекінісін орыс салды,  
Мекені Естек, Татар жауда қалды,

- деп Қожаберген жырау туыстас халықтардың шапқыншылыққа ұшырағанына өкінішін білдіреді.

Қазақтың атақты ақыны Жұбан Молдағалиевтің «мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген», - деп жырлағанындай, ата - бабаларымыз ата жаумен кескілескен күрестің нәтижесінде бірде жеңіліс тапса да, қорытынды шайқастарда жеңіске жетіп, солтүстік өңірдегі қазақ жерлерінің бүгінгі ұрпақтың еншісінде қалуының алғы шартын жасады.

Ата - бабаларымыздың біз білетін бүгінгі қонысы Қожаберген жырау жырларында айтылғандай, қазіргі қазақ елінің солтүстік теріскейінде деп есептегенімізбен, олардың ата - қонысы басқа жақта болған. Солтүстік өңірге аталарымыз сонау XIII ғасырдан кейін келсе керек. Бізге қолымызға енді ғана тиіп жатқан тың тарихи деректерді саралайтын болсақ, әсіресе «Моңғолдардың құпия шежіресі» және «Алтын шежіре» атты көне кітаптарында мол мағлұматтар бар.

Көне кітаптарды моңғол тілінен аударушы Мағауия Сұлтанияұлы. Ол моңғол елінің мәдениет қайраткері, жазушы - қандасымыздың бұл еңбегінен керей, жалайыр, қоңырат, меркіт, найман және моңғол тайпалары жөнінде, олардың ара - қатынасынан мол түсінік береді. «Моңғолдардың алтын тарихынан» басқа ертедегі парсы, түркі тілдеріндегі жазылған шығыс

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақ тарихының еңбектері**

елдерінің ғұламаларының еңбектерінен де керейлер жөнінде деректер табуға болады. 1499 - 1551 жылдары өмір сүрген Хайдар Дулатидің «Тарих - и Рашиди» атты аты әлемге әйгілі еңбегі, 1530 - 1605 жылдары өмір сүрген Сібір ханы Көшімнің кеңесшісі болған Қадырғали Жалайыр «Жамих ат - тауарих» сияқты кітаптарында және қытайдың әлі де болсын бізге онша таныс емес көне жылнамаларында Керей тайпа бірлестіктері туралы деректер молынан кездеседі.

Жоғарыдағы деректерде көрсетілгендей керей тайпа бірлестіктерінің қоныстанған жерінің аумағы бұдан X - XII ғасыр бұрын анағұрлым кең көлемді кеңістікті алып жатқан.

Сонымен қатар, соңғы жылдары Монғолиядағы өзіміздің қазақ тарихшыларының керейлер туралы көп мағлұмат беретін ғылыми еңбектері дүниеге келді. Соның ішінде көрнектісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Ислам Қабашұлының жазған «Керейлер керуені», «Тұран әлемі» атты еңбектері. Профессор керей тайпалары, олардың құрған мемлекетінің гүлденуі мен күйреуін жаңаша көзқараспен жазған екен.

2011 жылы Қостанай қаласында «Ашамайлы - Керей, Танаш баба шежіресі» атты өте құнды еңбек дүниеге келді. Оны жазып құрастырған тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қостанай тарихи зерттеулер институтының директоры Аманжол Күзембайұлы. Бір кездері Аманжол Күзембайұлы СҚМУ - де аз уақыт жемісті еңбек еткен. Ашамайлы-Керей тайпалық бірлестігінен тарайтын жүздеген рулар жөнінде мағлұмат жинақталған бұл еңбекте абзал азамат, фольклоршы Қожаберген, Сегіз сері салдың тікелей ұрпағы, бүгіндері марқұм болған Қаратай Биғожиннің еңбегіне зор баға берілген.

Қаратай Биғожин ағамыздың өмірінің соңғы кезінде көзім көріп, сұхбаттасқан едім, өте қарапайым, көкірегі тұнып тұрған шежіре болатын. Ашамайлы Керейлер және басқа да атақты бабалар жөнінде біздің өлкетанушылардың жазған еңбектері негізінен Қаратай ағамыздың қолжазбаларына сүйеніп жазылған десем артық айтпағаным. Атақ - даңқ іздемей, ата-баба рухы үшін үлкен ғалымға тән жұмыс атқарған кең пейілді ізгі жан еді.

Керей тайпасының саны жөнінде алғашқы деректерді айтқан әйгілі шығыс зерттеушілері, ғалымдар Грум Гржимайло мен Н. Аристов болған. Олар керейлер IX ғасырдан бастап тарихқа әйгілі болған, жан саны жағынан X ғасырда 900 мың адамға жеткен дейді.

Керей тайпа бірлестігінің құрамы жөніне келетін болсақ, қаншама әр түрлі пікірлер айтылса да, біздің көңілге қонымдысы төмендегі қазақ шежірешілерінің деректері болып отыр. Керейлер негізінен Абақ керей, олар 12-13 руға бөлінеді: жәдік, жантекей, шеруші, қарақас, молқы, күнсадақ, ителі, шұбар айғыр, жастабан, сарыбас, меркіт, шимойын деп бөлінсе, Ашамайлы керейлер 10 руға бөлінеді: сибан, балта, көшебе, ақсары, құлсары, еменалы, нұралы, нұрымбет, ақымбет, самай. Бұл орта жүздегі керейлер. Одан басқа, Ұлы жүздің және Кіші жүздің құрамында, қарақалпақ, түркмендер арасында керейлер, керейт рулары бар, тегінде олар да керей

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ**

тайпалық ұлысының бір бөлігі болуы мүмкін. Бір сөзбен қортындылайтын болсақ, керей тайпаларының құрамына белгілі бір уақытта басқа тайпалардың рулары кірсе, кейбір керей тайпасының рулары басқа ірі тайпалардың құрамында болғанын тарихи деректер көрсетіп отыр.

Керейлердің ертедегі қоныстанған жерлері жөнінде Қытайдың Лиану (907 - 1125) және Жин (115 - 1234) патшалығының кезіндегі деректерде айтылған. Бұл деректер бойынша керейлер Ханхай тауы мен Бұрқан тауының аралығында, Орхон, Тола өзендерінің өңірлерінде көшіп-қонып жүрген, олардың батыс жағындағы көршілері меркіт және қырғыз тайпалары болған.

Керейлер ол кезде соғды жазуын (көне ұйғыр жазуын) қолданған. «Марко Полоның саяхатнамасындағы» деректерге қарағанда керейлердің көпшілігі христиан дінінің бір тармағы болған несториан дінінде болғанымен, олардың ішінде ислам дініне сенушілер көп болғаны айтылады.

Тарихи жазба деректерде керей елінің Марғұзхан, Бұйрық хан, Горхан және Оңхан (Тұғырыл) деген билеушілерінің аты аталады.

Әйгілі ғалым Әлкей Марғұланның айтуынша керейлер мал шаруа - шылығы және егіншілікпен де айналысқан, Оң ханның тұсында орталық қаласы Исақ моңғол Алтайында болса, екінші қаласы Борсыққатар өзені бойындағы Қарахота қаласы болған. Совет ғалымы Б.К. Козлов осы қаланың жұртын қазып зерттегенде орхон, ұйғыр, сирия жазуымен жазылған жібек маталар тапқан, ол маталарға Керейлер түркі тілінде және сирия тілінде жазу жазған. Керейлер мен Уақтардан қалған орхон жазуы бар құлпы тастар Алтайда, Жоңғар даласында, Енесейде көптеп табылған, сондықтан да керейлердің түрік тілінде сөйлегені даусыз.

Сонымен, қорыта айтқанда XIII ғасырға дейін Монғолия жерінде, Орхон - Енесай (Енисей), Керулен өзендері бойын, Алтай өлкесін мекендеген өз алдына ханы бар, жеке іргелі ел болып, қарулы әскер ұстаған, тарихшылардың айтуы бойынша 1 млн жуық халқы бар Керейлер тайпасының ықпалы ертедегі Қытай патшалығына да жүрген. Қытай императоры Керейлердің ханын Уаң хан, яғни бас хан деп тектен-текке атамаған.

Керей хандығы дүниені дүр сілкіндірген Шыңғыстай дара тұлғаның қалыптасуына, оның түркі тектес халықтардың басын біріктіріп, алып империя құруына алғы шарт жасады деуге болады. Бірақ та, алып аждаһаның аузына кейіннен өзі түсетінін Керей ханы білген жоқ.

«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» демекші, күшейіп алған Шыңғысхан, кешегі әкесінің «андасы» болған Керей ханын талқандады. Соғыста жеңілген Керей тайпалық одағының кейбір рулары өз мекендерінен қазіргі Шығыс Қазақстан жеріне қарай үдере көшеді.

Шыңғысханның дешті қыпшақ даласына жасаған жойқын жаулап алу соғыстарынан соң ашамайлы керей тайпаларының басым бөлігі бірте - бірте Шыңғысхан мен оның баласы Жошы, кейіннен оның немересі Батыйдың жаулап алған жерлеріне, яғни қазіргі заманда ашамайлы керейлердің ұрпақтары мекендеп отырған Қазақстанның солтүстігіне (Есіл, Омбы, Тобыл,

## *Нәсиев Қажымұрат*

Жайық өзендерін бойлай және Батыс Сібір ойпатының оңтүстігін қоныстанған)келіп қоныстанған.

Сонымен қатар ХІҮ ғасырға дейін Сібір хандығының құрамында болған (бүгінгі көрші Ресейдің Челябинь, Қорған және Түмен, Омбы облыстары) аумағында ашамайлы керей тайпаларының көшіп қонғанын айғақтайтын тарихи жер - су аттары, бабалар зиратының орындары осы күнге дейін сақталып қалған.

Керей тайпасына жататын қазақтардың осы күнге дейін Ресейдің Челябинь, Қорған, Түмен облыстары ғана емес, тіпті Астархан және Саратов облыстарының аумағында қоныстанғанын дәлелдейтін деректер жеткілікті. Бір сөзбен айтсақ, қазақ халқының негізін құраған түркі тектес тайпалардың ішінен наймандармен қатар, Шыңғысханның жойқын шабуылына алғашқы ұшыраған да Ашамайлы Керей ұрпақтары болды. Олар Шыңғысханның соққысын өздеріне ала отырып, оның Дешті-Қыпшақ даласын мекендеген болашақ қазақ ұлтын құрайтын тайпаларға бағытталған соғыс (1219 - 1221 жж.) қимылдарының күшін әлсіретіп, ол тайпалардың түгелдей жойылып кетуінен сақтады. Шыңғысханның қолбасшылық рөлін кемітпей-ақ, оның Шыңғысхан ретінде тарих саханасына келуіне Керей тайпасының басты себеп болғанын ешкім бүгінде жоққа шығара алмайды.

Шыңғысхан басқа елдерді аса қатал соғыс қимылдарымен ғана емес, байыпты дипломатиялық жолмен бағындырған, оның ішінде басып алған елдерге рақымшылық жасау саясатын қолдану арқылы да, «Алтын Орда» сияқты империяны орнатты. Осындай ұланғайыр аймаққа орналасқан алып мемлекетті ұстап тұруға, Шыңғысхан мен оның ұрпақтарына сүйеу болған керей руларынан құралған жасақтар екендігі күмәнсіз.

Сонымен, қорыта айтсақ бүгінгі Ашамайлы Керей тайпаларының ұрпақтары қазақстанның солтүстік өңіріне Шыңғысхан ұрпақтарының соғыс жорықтары кезінде келгендігін айта аламыз.

Керей тайпаларының болашақ қазақ ұлтының қалыптастыруға ұйтқы болған көрнекті тайпа екендігін сол заманның көреген даналары да талай жырлап өткен.

Атақты Ұлы жүздің биі Төленің айтқан сөздері ерекшеленіп, барлық алаш жұртына өсиет ретінде айтылатынын осы күнге дейін барша қазақ көкірегінде сақтайды. Өзінің Тұрсынай, Құттыбай дейтін батыр жігіттеріне арнап, бірде былай бата берген екен:

Асыл тусаң Керей бол,  
Үш қазаққа мерей бол.  
Уақ болсаң Шоға бол,  
Даулы іске Жорға бол.  
Арғын-Қыпшақ болсаң Алтай бол,

Найман - Қоңырат болсаң Мамай бол.  
Байұлы болсаң Адай бол,





Үйсін болсаң Ботпай бол.  
Бұл атаулы болмасаң,  
Қалай болсаң солай бол!

Солтүстік өңірдің сал серілерінің бірі, халық – «Үкілі Ыбырай» атаған Ыбырай Сандыбайұлы Керей руына арнап өлең де шығарған.

Керей

Мен жасымнан жақсыны жағаладым,  
Сан жерде сан руды араладым  
Қай жерде аттың басын тіресем де.  
Керейден мырза елді таба алмадым.

Әр жерде жүрген жерің сайран, Керей!  
Соятын қонағына тайдан, Керей!  
Біраз күн қолым тимей бармай қалсам,  
Өлердей сағынамын қайран, Керей!

- деп жырлаған екен. Көріп отырсыздар Ұлы жүздің бас биі Төле би батасында Керей руын ерекше бөле жара атаса, Үкілі Ыбрай керей жұртының қонақжайлығы мен мырзалығын асыра марапаттайды.

Хан мен төреге де қаймықпай, әділ, тура сөйлейтін, халықтың көкейтесті мұңын жоқтайтын ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген Бұқар жырау да өзінің «**Ұстазыма**» деген толғауында:

Теріскей Арқа, Сібірді,  
Керейлер жаудан сақтады....  
Мақтады деп сөкпе жұрт,  
Орта жүз қалың Керейді.  
Жырламауға хақым жоқ,  
Көпке қорған мерейді,

- дей отыра Бұқар жырау Керей тайпасының теріскей Арқа мен Сібір жерін басқыншылардан нақты қорғағанын айтып кеткен.

Қазақ ұлтын құрауға негіз болған басқа да тайпалар мен рулардың рөлін бір мысқал болса да кемітпей, қазақ тайпаларының халық, ұлт, ел болып қалыптасуына әсер еткен оқиғаларды керей руының тарихымен тікелей байланыстыруға болады. Осы күнге дейін талай тарихшылардың тақырыбынан түспейтін атақты Шыңғысханның өмірін де алыңыз. Жастайынан әкесі өліп, жетімдіктің ащы азабын көрген уақытында, керейлер

## *Нәсиев Қажымұрат*

Қазақ тарихы

тайпасының ханы оған тірек болған, хан тағынан орын алуына, ұлы хан аталуына бірден - бір себепші болды.

Танашты бидің ортаншы баласы Балта батырдың он екі әйелінен туған қырық сегіз баласынан тараған ұрпақтары тәуелсіздік үшін болған күрестің алдыңғы қатарында болды. Балта Танашұлы Алтын Орда хандығының әйгілі әскербасыларының бірі болған, оның мол ұрпағы үлкен ру болғанмен қазақ - қалмақ соғыстарында орасан көп қырылған.

Қожабергеннің шәкірті, Абылай ханның кеңесшісі Бұқар жырау өзінің «Ұстазыма» деген толғауында Керейдің Балта руынан шыққан батырлары: Тұрсынбай, Бақсары, Оразымбет, Атық әулиенің балалары Үмбетей мерген, оның інісі Жанатай батырлардың ерліктері туралы ерекше жырлаған. Он жетісінде «Түйе балуан» атанып, батырлығымен аты шыққан Тұрсынбай батырдың әкесі Ертісбай да ерлігімен көзге түскен екен.

Аблай ханның хас батырларының бірі - Тұрсынбайдың (1700 - 1801 жылдары өмір сүрген) ерліктері Қабанбай, Бөгенбай батырлардың ерлігінен бірде-бір кем емес, тек батыр бабамыздың ерлік жолдары зерттелмеген, аз жазылған. Соңғы кезде жергілікті өлкетанушылардың Қожаберген жыраудың мұраларын жан-жақты зерттеуінің нәтижесінде Балта Керей Тұрсынбайдың ерліктері туралы ұрпақтары анық біле бастады. Тұрсынбай батырдың ұрпақтары Қостанай жерінде Меңдіқара ауданында орналасқан, осы ауданның Боровское селосында Тұрсынбай батырға ескерткіш қойылған.

Тұрсынбай батырдың басқа қазақ батырларына карағанда оқырмандарға онша таныс болмауы оның өз заманында қазақ елінің дербестігі жөнінде ерекше көзқарас ұстанып, Абылайханға орыс және қытайлармен аралық саясат жүргізбей, башқұрт, ноғай, қарақалпақтармен бірігіп тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды айтқаны себеп болуы мүмкін. Оның пікіріне Орта жүздің Керей - Уақ және Кіші жүздің кейбір рулары келіскенімен Абылай келіспеген. Өкпелеген Тұрсынбай қол астындағы елдерімен Батыс Сібір жеріне ішкерлей қоныстанады. («Ашамайлы Керей, Танаш баба шежіресі» А.Күзембаев, Қостанай 2011 жыл)

Жоңғар және еділ бойына өтіп кеткен, ту сыртымыздан соққы берген қалмақтарға қарсы үздіксіз соғыста Тұрсынбай батырмен қатар атағы шыққан Балта Керейдің батыры- Бақсары Райжанұлы болды. Ол туралы, оның ерліктері жөнінде атақты Жанкісі жырау ( Жанкісінің атасы Асқап Қожаберген жыраудың інісі) өзінің «Бақсары батыр» атты дастанында баяндаған, оның туған жері қазіргі Қорған облысы Макушино ауданыны аумағында орналасқан Немеребай, Рай деген қыстаулар екен, бұл жерлер қазір ұмытылды, кейінгі ұрпақтар білмейді.

Бақсары батыр (1683-1778 жж.) өмір сүрген, Әз- Тәуке, Сәмеке хандар тұсында Керей-Уақ қолын басқарған әскери қолбасшы, Қанжығалы

Бөгенбаймен қатар шыққан ер екен. Әбілқайыр, Сәмеке хандарға, Әбілмәмбет сияқты төрелерге халықтың мұңын жоқтап қарсы да шыққан екен.

**Бақсары батыр** ғана емес әділдігімен де көзге түскен Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке, Төле билердің ғаділдігімен батасын алған. **Абылай ханның** кемшіліктерін айтуға батылы жеткен, әр ру батырлары арасында болатын егестерді тыйып, ел арасын бүлдірмеуге күш салып отырған. Жоңғарлармен соғыс кезінде Арғын-Қыпшақ, Наймандар арасында алауыздық болып, батырлар Ақтамберді-Қабанбай ашу шақырғанда оларға «қалмақты жеңе алмай тұрғанда, түсірме елге салмақты, бұларың не» деп басу айтқан екен Бақсары батыр бабамыз.

Алшын руы мен Ноғайлар қоныстанған Самар, Еділ- Жайық арасын қалмақтар басып алып, 40 жылдай иемденген екен. Абылай ханның бұйрығымен Кіші жүз жерін жаудан тазартуға қартайса да қол бастап жорыққа аттанады, сол кезде батыр бабамыз 77 –ге келген екен. Бақсары батыр мен бірге **Самай руының жас батыры Айтбай және Бике руының батыры Манақа (әнші- ақын-Шәрке салдың әкесі) бірге болады.**

Бақсары батыр қалмақтармен ғана соғыспай қазақ жерін « жау жағадан алғанда ит етектен тарттының» керін батыс жақтан Кіші жүзге жасаған түрікпен шабуылдарын тойтаруға да қатысқан. Қалмақпен соғыс кезінде Бақсары батыр өзінің жеті бірдей ұлынан айырылып, ұрпақсыз қалған, бірақ та түрікпендер шабуылына ұшыраған кіші жүздің алшын ішіндегі Байұлының жеті ауылында өлуге жақын қалған төрт бірдей жетім қалған балаларды асырап алады. Сол балалардың біреуі **Үйсін деген атақты Балуан Шолақтың бесінші атасы екен. Бақсары батырдың** асырап алған осы төрт баласы **Мырза** деген ат алып, елден бата алған дейді. ( бүл деректерді Жанкісі жыраудың «Бақсары батыр» дастанынан және өлкетанушы С.Жұмабаев жинақтаған «Өнерпаздар әулеті» жинағынан алынды).

Балта Керейдің қырық сегіз баласының ішіндегі Ноғай (он жеті баласы болған), Мұхамедәлісі және Мұстафаларынан тараған ұрпақтарының Қарасары, Нашан, Қанапия, Жәдік, Байғожа, Құлыс – Тәңірберді – Әуез - Мырза, Тәңірберді - Құлжа, Тәңірберді - Елке тармақтары осы күнге дейін Тобыл - Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Омбы, Қорған, Челябин, Түмен жерінде өмір сүруде.

Сонымен қатар, кейбір деректерде (Марат Сәбитұлы Мұқановтың шежіресі) белгілі қазақ ақыны Махамбет Өтемісұлы да Керейдің Балта руына жатады деген тұжырымдар бар. Махамбет Тұрсынбай батырмен бесінші атада қосылатындығы да айтылады.

Танаш бидің ең кіші баласы Тарышыдан тараған Айтбай батырдың қалмаққа қарсы күрес жылдарындағы ерлігі туралы деректер ауызша болса да ұрпақтан - ұрпаққа айтылуда, сонымен қатар республикаға белгілі

## *Нәсиев Қажымұрат*

Қаламгер, жерлес жазушымыз, прозаға да, жырға да жүйрік Ожан Қалидың тарихи - көркем шығармаларында Самайдан шыққан Айтпай батыр туралы жазба деректер жариялануда.

### **2. Ашамайлы Керей тайпалары Батый хан әскерінің құрамында**

Шыңғысханның үлкен ұлы Жошыға қазақ жері толықтай иелікке берілгені бізге тарихтан белгілі. Жошыдан тараған ұрпақтың өкілдерінен барлық қазақ хандары шыққаны тағы да бізге аян.

Шыңғысханның Жошыдан тараған ұрпағын «төре тұқымы» деп қазақ ұлтын құраған тайпалардан өзгешелеу дәріптеген, бірақ та қаншама олар «қан тазалығын» сақтаймыз дегенмен, жергілікті халықтың арасына сіңіп кетті. Жошының өзін кейбір тарихшылар таза «моңғол емес» деп қазаққа жатқызып та жүр, себебі шешесі қазақтың орта жүзіне жататын қоңырат тайпасынан шыққан ғой. Тарихи деректер мен аңыздарға сүйенсек, Шыңғысхан Жошыға онша бауыр басып кетпеген, басқа балаларынан бөлектеу ұстаған, бірақ та оның әскери қолбасшылық дарынын көргеннен кейін өгейлігін онша білдірмеген. Сондықтан да болар, Шыңғысханның қазақ жерін билеуге Жошыны қойғандығы, екінші бір дәлел, Жошыдан тараған ұрпақтың қазақ жеріне тез сіңуі оның тұқымында қазақтың қанының болуы.

Жошыға және оның баласы Бати ұрпақтарына тиселі қазақ жерінің теріскейінде, Есіл өзенінің сол жағалауын бойлай олардың негізгі әскерінің құрамында болған Ашамайлы Керейден тараған Көшебе, Балға, Балта балалары және Тарышы - Самай ұрпақтарының орналасқанын тарихи деректерден көруге болатынын жоғарыда айтып кеттік. Бірақ та, кейбір жергілікті өлкетанушылар өз ауылдарының тарихын жазған кезде, қазақ жерінің солтүстік өңіріне керей тайпаларының «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде солтүстік өңірге басқа жақтан ауып келген деген пікірлерді айтуда. Бұл пікір шындыққа үйлеспейтіндігін, қазақ жерінің солтүстік өңіріне керейлер моңғол шапқыншылығы кезінде, қыпшақтардың үдіре көшуінен кейін орналасқан, Қожаберген батыр - жыраудың «Елім-ай» тарихи дастанында бұл көзқарас нақты айтылған.

Қазіргі Солтүстік Қазақстан, Батыс Сібір аумағына Ашамайлы Керей тайпаларының Шыңғысханның (1219 - 1221 жылдары) ертедегі Дешті Қыпшақ даласын (қазіргі қазақ жеріне) басып алуы кезінде оның әскерінің құрамында болуы, кейіннен осы жерлерге Жошы ханның билік жүргізген уақытында толық қоныстанып қалғанын дәлелдеу қиын емес. Әрине, Керей тайпаларының кейбір рулары Кіші жүздің және оңтүстік пен орталық Қазақстанда орналасқан Орта жүздің руларының арасына да сіңгенін білеміз. Халқының негізгі бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын



болғандықтан Ашамайлы Керей тайпаларының жаздық жайлаулары, күздік күзеулерінің және қысқы қыстауларының орналасатын шекаралары табиғаттың құбылмалы жағдайына қарап Есіл, Тобыл, Омбы, Батыс Сібір жерлерін ғана емес Сарыарқа далаларына, тіпті кейде Шу бойына дейін көшіп - қонып жүретінін өткен ғасырлардағы ақын - жыраулардың өлеңдері мен дастан - жырларынан кездестіруге болады, бірақ та солай дегенмен Ашамайлы Керей тайпаларына жататын қазақтардың басым көпшілігі, Монғолия, Алтай жерлерін тастап, XIII ғасырдан бастап тұрақтаған жерлері осы солтүстік өңір екендігі даусыз. Ортақ тілі бір қазақ даласын мекендеген түркі тайпаларымен араласа, болашақ қазақ халқын, оның мемлекетін құруда басты рөл атқарғаны даусыз.

Тағы бір тың тарихи оқиғаларға зер салып қарайтын болсақ, Батый құрған Алтын Орда империясына 300 жылдай бағынышты болған Киев Русін бақылауда ұстауда, олардан алым - салық жинайтын басқақтарының құрамында Ашамайлы Керей тайпаларынан құралған атты әскери жасақтарының болғанын бүгіндері нық жорамалдауға болады, себебі Жошы мен оның баласы Батыйдың әскерінің батыс Еуропаға және орыс жеріне жасаған жорығында өз әскерінің сол қанатының алдыңғы шебінде ең сенімді оқ қағар моңғол тайпаларынан шыққан төлеңгіттер болса, одан кейін оң қанатында керейлерден құралған түмендер мен мыңдықтар жүрген. Дешті - Қыпшақ даласына иелік еткен соң Жошы мен оның баласы Батый өзінің сенімді әскерін тек осы даланы мекендеген, тілі мен салты бір қазақ халқының негізі болған тайпаларынан: қыпшақтар, керейлер мен найман және т.б. тайпалардан жасақтаған. Оның себебі Шыңғысхан өз мемлекетін құрғанда, таққа отырарда оған ең алғашқы тірек болған да керейлер еді, сондықтан да Шыңғысханның балалары Керей тайпасының кейбір көсемдерінің жауласқанына қарамастан, аталарымен «анда» болып, әкесіне қиын кезде тіреу болған тайпаға арқа сүйеуге тырысқан, соғыс жорығына аттанғанда әскерінің құрамына жасақтаған алғашқы түмендер керейлер мен наймандар болғанын тарихи деректер айғақтайды.

Жошы хан балаларының ұрпақтары, Орда Еженнен тараған тармақтары Қазақстанның солтүстігі, Батыс Сібірдің оңтүстік бөлігіне билік жүргізгенде олардың қол астында сібір халықтарынан басқа негізінен Ашамайлы Керейлер болған. Ібір - Сібір хандығын билеген Оң ханның немересі Тайбұғы туралы, оның Тұра қаласын тұрғызғанын, Түмен хан атанған Ертіс деген баласы туралы орыс жылнамаларында айтылады, қорыта айтсақ сібірдегі орыс тарихы керейлер тарихымен тығыз байланыста болғандығын бүгін дәлелдеу қиын емес.

Ресей тарихында шетел басқыншыларына қарсы соғыс туралы жазылған деректерде яғни, 1242 жылдары Чуд көлінде орыс жеріне шабуыл жасаған неміс рыцарларының тевтон орденін талқандауда князь Александр

## **Нәсиев Қажымұрат**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

Невскийдің ерлігі ғана айтылады. Ал сол «Мұз қырғынында» күші басым мұздай қаруланған рыцарларды тез арада орыс әскерлерінің жеңуіне тікелей себеп болған нақты оқиғаны ертедегі орыс жылнамашылары мен бертіндегі кеңес дәуіріндегі тарихшылар айтқан жоқ. Соңғы уақытта, кейбір баспасөз беттерінде орыс князы Александр Невскийдің неміс рыцарларын талқандауға Алтын Орда хандарынан көмек сұрағандығы, оларға көмекке Алтын Орданың атты әскері жіберілгендігі жөнінде көзқарастар айтылуда. Бұл шындыққа келеді, себебі Батый әскерінің Батыс Еуропаның оңтүстік бағытындағы алдыңғы қатарында жалпы атауы «қыпшақ» болып аталатын, кейіннен қазақ халқын құраған түркі тектес тайпалардан құралған әскер болса, солтүстік батысына, оның ішінде қазіргі Ресей, Сібірге бағытталған әскер құрамаларында Ашамайлы Керейлерден құралған атты әскерлер болғанын болжау қиын емес. Сондықтан да, орыс жерін қорғауға жіберілген әскерлердің қатарында, Чуд көліндегі шайқаста Ашамайлы Керей тайпасынан шыққан бабаларымыздың болғанын, олардың ерлігін біз бүгінгі жастарымызға неге айтпасқа...

Әрине, бұл тұжырым әлі де болса терең зерттеуді қажет ететін пікір, Шыңғысхан туралы әртүрлі қиғаш пікірлерді бір арнаға нақтылау кезінде біздің дәлеліміз сөзсіз анықталатынына сенімдіміз, нақты шындық болашақ тарихшылардың еншісінде.

### **3. Қазақ халқының көршілес мемлекеттердің тарихындағы орны.**

Қазақ халқы өзінің даму тарихында басқа көршілес халықтардың экономикалық, саяси - мәдени дамуына әрқашан да ықпал етіп отырды, әсіресе көрші орыс халқының тарихымен тығыз байланыста бір - бірімен қоян қолтық аралас өмір сүріп, бір - бірінің мәдениетінің, тілінің дамуына ықпал еткені бүгінгі күні тарихи дәлелденіп, айтыла бастады. Бұрыннан қалыптасқан сыңар жақты пікір: «ұлы орыс» халқының арқасында ғана өмір сүрдік, олар болмаса біз мәдениеттен де, экономикалық дамудан кенде қалар едік деген пікір келмеске кетті.

Орыс мәдениетіне сонау ертедегі дала мәдениетінің ықпалы, орыс жерін жат елдіктерден қорғаудағы ата - бабаларымыздың ерліктерін, сонау ерте заманнан бері сақтар мен печенегтер, одан кейін барлық қазақ халқының құрамына кірген тайпаларды орыс жылнамашылары жалпылама түрде қыпшақтар (половецтер) деп атап кеткенін, олардың орыс мемлекетінің дамып өркендеуіне жасаған ықпалын айтудың өзі жеткілікті.

1242 жылғы «Мұз қырғынынан» бастап, 1812 жылғы орыстардың француздармен болған Отан соғысында, Кіші жүз бен Орта жүздің қазақтарының бұл соғысқа қатысуы, тіпті кешегі 1941 - 1945 жылғы Ұлы Отан соғысы кезінде, әсіресе Москва, Ленинград қалаларын кеудесімен қорғап қалған қазақтардың ерлігін, бір ғана қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының, шығыс халықтарының арасынан майданда бірінші болып батыр атанған қайсар ару-қыздарымыз Әлия мен Мәншүктің, 28 панфиловшылардың өшпес ерліктері, 310, 314, 316 - шы атқыштар дивизия -



сының құрамында болған қазақ жауынгерлерінің орыс жерін қасық қаны қалғанша кеудесімен қорғағанын мақтанышпен айтуымыз қажет. Сол қаһарлы 1941 жылдың қысында Қазақстаннан және Сібірде жасақталған әскери дивизиялардың жанқиярлық ерлігі болмаса, Москваның жағдайы не болар еді деген пікірлерді бүгіндері тарихшыларымыз айтуда.

Кеңес құрамында күшпен қосақталған он бес одақтас республикалардың бас бостандығын алуына бірден бір себеп болған 1986 жылғы желтоқсан қозғалысының маңызын жастарымызға айта отыра, бұл қозғалыстың ұлт - азаттық қозғалыс екендігі, оның қазақ ұлтының ғана емес, кеңес құрамында басыбайлы болған басқа халықтардың тәуелсіздік алуына тікелей ықпал еткен тарихи оқиға екенін баса айтып отыру қажет.

300 жылдан астам отарлауға түскен қазақ халқының азаттық үшін болған үздіксіз күресін және орыстың бодандығында болған басқа да елдердің тәуелсіздік алуына Қазақстандағы 1986 жылғы 16 - 18 желтоқсандағы Алматыда болған жастардың бас көтерулері тікелей ықпал етіп, Кеңес Одағына күшпен біріктірілген халықтардың азаттық күресін толық аяқталуына жағдай жасады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын кейбір тарихшыларымыз көтерліс, революция деп атап жүр,бірақ та уақыт өте келе дүние жүзін дүр сілкіндірген бұл тарихи оқиғаға нақты әділ баға берілері сөзсіз.

Орыс империясының, одан кейін күшпен біріктірілген Кеңес Одағының өктемдігіне қарсы халықтардың күрес тарихындағы оқиғаларға саралап көз салсаңыз оның алдыңғы шебінде қазақ халқы тұрғандығын көреміз. (1773 - 1775 жылдардағы Пугачев бастаған шаруалар соғысына Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының қатысуы, 1783 - 1797 жылдардағы Сырым Датұлының көтерілісі, 1837 - 1847 Кеңесары Қасымұлының көтерілісі, 1836 - 1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының көтерілісі, 1916 жылғы Амангелді Иманұлының көтерілістері). Жоғарыдағы аталған азаттық жолындағы барлық көтерілістер мен қозғалыстардың бел ортасында Орта, Кіші жүз қазақтары қатысты десек, оның ішінде біздің ата - бабаларымыз Ашамайлы Керейдің ұрпақтарының болуы заңды да.

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының бастаған азаттық қозғалысына Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов бастаған Ашамайлы Керейлердің қатысуы тарихи шығармаларда айтыла бастады.

#### **4. Абақ Керей ұрпақтарының Ашамайлы Керей ұрпақтарымен қауышуы**

Керей тайпалық бірлестігі кезінде ірі мемлекет болғаны жөнінде ілгеріде айтқан болатынбыз. Ашамайлы Керей ұрпақтары негізінен Шыңғысханның және оның балалары мен немерелерінің Орта Азия мен Қазақстан жеріне, Батысқа жасаған жорығы кезінде олардың қосынымен үдере көшкен кезінде, Керейлердің Абақ деген тармағы өзінің сонау көне замандағы қонысында қалғандықтан, (осы күні Моғолия елі мен Қытай жерінің шекарасы аумағында) сол елдердің азаматы болып қалған еді.

## **Нәсиев Қажымұрат**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ АЛМАНАХЫ**

Қытай жеріндегі қазақтардың негізгі бөлігі (шамамен миллиондай) орналасқан Шыңжын (Синьзян - Құлжа) өлкесінде құрылған Шығыс Түркістан республикасын 1949 жылы қытай коммунистері таратуына байланысты Оспан батырдың бастауымен қытайдағы қазақтардың көтерілісі болғанын тарихтан белгілі. Жалпы Қытайдағы Абақ Керей руларына жататын қазақтар өздерінің тарихи отаны - Шығыс Түркістан мен Алтай жерінде өздерінің азаттық үшін талай рет күрес басталды. Бірде жеңіліп, бірде жеңіске жеткен қазақтарды қытай империясы уысынан шығармай, айла-шарғымен ұстап отырған. 1933 жылы қытайда «Ұлы хандық» үстемдігі құлап, Шыңжан өлкесінде жаңа үкімет орнаған еді, ол халықтың қысымымен бірқатар прогресшіл жұмыстар жүргізсе де онысы ұзаққа бармады. 1937-38 жылдары саяси - қуғын қытай қазақтары арасында басталып, Абақ Керейдің имамы, ұлы ақыны Ақыт қажы ұсталған екен. 1937 - 43 жылдардың аралығында Шығыс Түркістан жерінде 80 мыңдай адам қамауға алынып, түгелдей өлім жазасына кесілген. Осындай қуғындау саясаты халықтың көтерілісін тудырып, оны Абақ Керейдің абзал ұлы Оспан батыр басқарған. 1951 жылы Оспан ұсталған соң, көтеріліске қатысқандарды жазалау басталады. Іздеріне түскен жазалаушы қытай әскерлерімен соғыса отырып, көтерілісшілер өздерімен бірге қашқан бала - шағаларымен басқа елдің Үндістанның, Пәкістанның, тіпті Иран, Ауғанстанның, одан Түркия шекарасына өтеді. Таулы Тибеттің адам аяғы баспаған асулары арқылы, Үнді жеріндегі аптап ыстықтан, шекарадан өткен кездегі атыс – шабыстан аман қалған ата - бабаларымыз арғы түбі бір түркі жұрты паналатар деп, 1952 - 1958 жылдары Түркияға жетіп сонда тұрақтап қалған екен.

Бүгіндері тәуелсіз қазақ елі өз алдына отау құрып, іргесін бекітіп жатқанда, Абақ Керейлердің қалған ұрпағы Қытай және Монғолиядағы көне қонысына үйреніп қалса да, бүгіндері бір ұлт болып қалыптасқан қандастарына - қазақ еліне көше бастады. Сонымен қатар Қытай еліндегі қуғындаудан қорқып, Түрік еліне үдере көшкен керейлердің ұрпағы да еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін түрік еліне рахметін айта отыра, (қазақ елінің тәуелсіздігін алғашқы болып таныған да Түркия мемлекеті еді) аттың басын елге қарай бұрды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы сыртқы саясатының арқасында «Нұрлы көш» бағдарламасы дүниеге келді. Бір-бірінен бөлініп қалған қандас туыстар табысуда. Қызылжар - Сергеевка тас жолының бойында, Қызылжар ауданының Элитное елді мекенімен іргелес жерде салынған жаңа ауыл - «Бәйтеректің» бой көтеруі, шет жерден елімізді аңсап келген туыстарымызға деген қамқорлық белгісінің бір көрінісі болды.

Кезінде тағдырдың жазуымен ата - жұртынан айырылған, тарихи оқиғалардың тоғысында басқа елдің шекарасында қалып қойған қандастарымызды елге қайтару жұмысын, Елбасымыздың аса маңызды осы тапсырмасын орындауда Бостандық ауылының төл баласы, республика басшылығының басқару жүйесінің ең жоғарғы сатысына көтерілген



ағаларымыздың бірі - Есмұқанов Ғазез Есмұқанұлының еншісіне

**бұйыруы кездейсоқ емес еді.**

Ғазез ағамыздың 1993 - 1995 жылдарда Еңбек министрінің орынбасары, Көші - қон департаментінің төрағасы қызметін атқарған уақыттағы жауапкер - шілігі мол, тарихи ауқымды міндетті, қазақ ұлтын біріктіру жұмысын іске асырудың көш басында болғанын бүгіндері мақтанышпен айта аламыз.

Ғазиз ағамыз өзінің **«Қимас қия жолдарым»** атты ғұмырнама кітабында тағдырдың тәлкегіне ұшыраған Абақ Керей ұрпақтарының, тіпті сонау Иран еліне дейін тарап кеткендігін, одан кейін қиыншылықпен туған елге жақындау үшін Ауған жеріне жасырын өткендері туралы кітабында мынандай деректер келтіреді: ... «кешке Ақсұлтан ақсақалдың үйінде дәм таттық. Ас үстінде ол кісі Ауған жерінен қалай қашқанын, қандай қиындық көргенін айтты. Ақсақалдың айтуы бойынша, әрбір 100 адамнан 20 - 25 адамдай қалды, қалғандары оққа ұшып қаза болды. Өзінің жағына оқ тиіп, шықшыты быт - шыт болыпты, әйтеуір тірі қалғанына қуанышты. - Мен де кереймін, сен менің інім боласың, - деп бізді жақын көретін. Сөзге шешен, жұрт арасында құрметті, қадірлі кісі екен. Әйтеуір топырақ ол кісіге туған жерден бұйырды» ( Ғ. Есмұқанов «Қимас қия жолдарым» 117 бет).

2000 - 2007 жылдары академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің дайындық курсына Монғолия мен Қытай елінен көшіп келген Абақ Керейлердің ұрпақтары оқыды. Сол жылдары көшіп келген қандастарымызды еліміздің жоғары оқу орындарына физика пәні бойынша даярлауға университеттің арнайы шақыруымен сабақ берген, жоғары санаттағы ұстаз, **«Шапағат» медалінің иегері Қалқаман Нәсиұлы Қарабатыров** өзінің бір әңгімесінде: «монғол мен қытай елінде ұзақ тұрса да, қазақи ата-баба дәстүрін сақтап, толық білетін, тілі мен дінін де ұмытпаған, білім алуға деген құштарлығы сондай, ынтазар бауырларымызды көріп таң қалдым», - дейді. Шеттен келген қандастарымызды жоғарғы оқу орындарына бірнеше жыл қатарынан жақсы даярлап, ата - жұртына олардың тез бейімделіп кетуіне Қалқаман бауырымыз өз үлесін қосты. Сол қандастарымыз бүгіндері жоғарғы оқу орындарын бітіріп, шаруашылықтың әр саласында еңбектеніп жүр.

Талай ғасыр бойы бір - біріне қосыла алмаған Монғолия мен Қытай жеріндегі Керей Абақтың ұрпағы, міне тәуелсіздіктің туын көтерген қазақ ұлтының құрамына қосыла бастады. Бізді кейбір жұртшылық тайпалық - рулық әңгімені несіне қозғайды, руға бөлудің қажеті қанша деген сөздер айтады. Бірақ та, өзінің түп тамырын білмеген халық, «жеті атасын білмеген адам жетесіз болады» деп бабаларымыз тегін айтпаған ғой. Тұқым тазалығын сақтау арқылы ғана біз қазақтар жадымыз толық, санамыз жоғары, зердеміз бүтін болатыны сондықтан шығар.

Қазіргі қазақ ұлты біртұтас бөлінбейтін берік болат құрыштай толық қалыптасу үстінде. Тайпа - ру, тарихын қозғау ескілікті жай жаңғырту емес,

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақстанның тәуелсіздік алған еліне**

төрт ғасырдай уланған жадымызды тазалап жаңғырту, аға ұрпақтың бойында қалыптасқан мәңгүрттік пен құлдық сана - сезімді өшіре отыра, бүгінгі жасөспірім ұрпақтың бойына тәуелсіздік заманның талабына сай ұлттық сана сезімді, ұлжандылықты жүрекке ұялату - біздің міндетіміз.

### **5. «Бостандық» ауылы құрылғанға дейін**

Ауыл тарихын жазбас бұрын оған қатысты әрідегі тарихты қозғай отыра оқырманға толық мәлімет бергенді жөн көрдік.

Бостандық ауылының негізін Керей Балтаның Мырза табынан тараған бес ауыл: **Нұрабай, Махамбет, Төлеп, Аппақ, Балғабек** ауылдары құрады.

Нұрабай ауылына Нұрабай тұқымынан басқа Мырзаның Балуан деген баласының Барлығынан тараған Өмірзақ және Жанұзақ тұқымдары қараған. Ауылдың бұлай аталу себебі Мырзаның үлкен ұлы **Нұрабайдың** тоғыз батыр тұлғалы ұлдары болған екен. Олар бірлесіп кеткенде басқа ауылдастарынан мерейлері үстем болып тұрған. Дала заңы бойынша ақылы асқан, санының көптігімен, білектің күштілігімен кейбір аталар өз билігін ағайындарына жүргізген. Біздің төңіректегі ауылдардың аты соған байланысты аталған. Ақылымен, көркемдігімен, шешендігімен көзге түскен **Аппақ** әжелерінің атын Байжаннан тараған Байтілеу, Жантілеу ауылдары иеленсе, Жамансары, Сүтемген және Итемген тұқымдарын **Махамбет** аталарының атымен атаған.

Кейіннен 1930 - 1940 жылдардың аралығында «Бостандық» колхозына Керейдің бір ұрпағы Танаш бидің кенже баласы **Тарышыдан тараған Смайыл - Байтеке (Самай** деп атаған себебі самай шашы туғаннан ақ болса керек) ұрпағы көшіп келген екен.

Бостандық ауылы Керейдің Балта мен Тарышы руынан тараған тұқым - дардың ортақ шаңырағы болды, бір ауыл болып осы күнге дейін өмір сүріп келеді, алма кезек осы екі тұқымнан шыққан азаматтар ауылды басқарып отыр.

Бүгінгі күні егіз қозыдай 80 жылға жуық уақыт Бостандық ауылын көркейту жолында оның ыстығы мен суығына, қиындығы мен қуанышын бірге бөліскен ұрпақ аталарының ерлікке толы өмірін жалғастыруда. Бостандық ауылына кейіннен қайын жұртына арқа тіреп келген Сапаров Өміржан, Карменов Төлеген Атығай - Қарауыл руларына жатса, Нүсіпов Туғанбай Ұлы жүздің баласы. Көксау елінен Бике руына жататын Құлатаевтар ұрпағы нағашы жұртына келсе, ұлты татар Латыповтар ұрпағы 1920 - 1930 жылдардағы саяси - қуғын, аштық жылдары біздің елімізге паналап, өзіміздің ауылдан шыққан туыстардай қазаққа сіңісіп кетті.

**Самай тұқымының** жайлауы осы күнгі «Меңгесер» ЖШС - тің орналасқан жерінде «Меңгесер» деген тұзды көлдің жағасында болса керек. Ертеректе Самай ұрпақтарының тұрған жері «Тілеп», «Маңабай» ауылы, «Шуылдақ» ауылдары деп аталған. Ауылдастарымыз бірге бас қосып жинала

## Ауылым – алтын бесігім

Қалғанда, шын мәнінде самай ауылының жігіттері тез шуылдап, қатты сөйлейтін, әсіресе Мәлкен ағамыздың дауысы қатты шыққанда Еламан, Майдан деген өзінің құрдастары ойын-шыны аралас «сен тегіннен тегін «Шуылдақ» ауылында тұмағансың ғой, шуылдамасаң ішің кебеді» деп күлетін, немесе қатты сөйлейтін ауылдастарымызға: «әй «Шуылдақ» ауылының жігіттеріне ұқсамаңдаршы», - дейтін. Немесе, «аталарың Айтпай батыр қалмақтардың тұтқын қыздарын жаугершілікте көгендеп әкеп туыстарына молынан тоқалдыққа таратқан, сендер қалмақтан тараған - сыңдар, қараңдаршы өндерің де сұсты, қаталсыңдар, аяушылықты білмей - сіңдер», - деп Мәлкенді құрдастары қатты ызаландыратын.

**Балта Мырза тұқымынан тарайтын бес ауыл** кеңес үкіметі орна - ғанға дейін жеке - жеке өз алдына қыстауларында тұрды. Осы бес ауылдың ішіндегі үй саны жөнінен үлкені **Нұрабай ауылы** болды, сондықтан осы ауыл туралы, оның біртуар азаматтары жөнінде айтып өткенді жөн көрдік.

**Нұрабай ауылының қонысы** қазіргі Бостандық ауылынан 3 шақырымдай, оңтүстік шығыс жағында, Бостандық - Андреевка грейдер жолының оң қанатында орналасқан. Бүгінгі күнге дейін ескі жұрттың орыны әлі де бар. Жолдың екінші жақ бетінде 1940 жылдарға дейінгі Нұрабай ауылының қайтыс болған адамдары жерленген зират бар. Бертінге дейін бұл зираттың белгісі болған жалғыз тас Мейрамғалиев Капсалям атамыздың басына қойылған екен. Бұрын қайтқан туыстарға қойылған тас ескерткіш белгілер болған екен, бірақ та соғыстың қиыншылық кезінде жақын маңындағы орыс селоларындағы соғысқа бармай қалған мұжықтар аруақтардан қорықпай, зират тасын дирмендік тастарға алып кеткен екен. Ол кезеңде ауыл азаматтары майданда болып, ауылда қалған өңкей әйел адамдар еш қайраң қыла алмаған.



## *Нәсиев Қажымұрат*

Қазақстан Республикасының Тарихи және Мәдени Ескерткіштерінің Қоры



2004 жылы ел азаматы, Нұрабай ауылының төл баласы, «Ақ ниет» жауап - кершілігі шектеулі серіктестіктің төрағасы Есмұқанов Бауыржан деген ініміз үлкен ағасы Болаттың бас болуымен сауапты істі қолға алды, Нұрабай ауылы ұрпақтарының басын қосып, аталарының басына жаңадан белгі болсын деп ортақ ескерткіш тас қойды, құран бағыштап аруақтарды еске алды.

Нұрабай ауылының тарихы ерекше, талай тарихи оқиғалардың куәсі болған. Бұл ауыл сонау қазақ жеріне орыс патшасының отаршылдық саясатының бастауы 1731 жылдардан бастап, «ащы белдеу», «Горькая линия» деп аталып кеткен патша үкіметінің отарлау бағытындағы аймағына жақын орналасқандықтан, біздің ата - баба жерлері ең бірінші болып жат жұрттықтардың қолына ілікті. Кейбір деректерге сүйенсек Керей Балтаның Мырза тармағынан тараған ұрпақтары Ресейдің Түмен облысының Солтүстік Қазақстан облысымен шекаралас, бұрынғы **Соколов (қазіргі Бескөл ауданы) ауданы аумағына дейін көшіп - қонып жүрген**. Есіл өзенінің сол жағалауында жайылымдары болған екен. Кезінде бұл жерлер Көшім хан басқарған Сібір хандығының құрамында болған. Сібір ханы Көшімді, патша үкіметінің отарлау саясатының қолшоқпары болған Жармақ (Ермак) мұздай қаруланған өңкей қарақшы, кісі тонаумен айналысқан адамдардан құралған, мылтықтан басқа алысқа ататын зеңбіректері бар әскери - жасақ, кенеттен шабуыл жасап, оның хандығының орталығы Искер қаласын және оның иелігіндегі жерлерді басып алған соң, **Балта руының Мырза тармағы қазіргі Бостандық ауылы орналасқан шекараға қарай жылжыған**. Сібір және Қазақ жеріне ішкерлей кірудің екінші кезеңінде құнарлы жерлерді басып алу мақсатында патша жарлығы бойынша «Горькая линия» (қазақтар «ащы белдеу» деп атаған) аймаққа жақын қоныстануға рұқсат берілмеді, жақын қоныстанған оларды күшпен қуып тастап отырды. Байырғы шұрайлы жайылым жерлерден ата - бабаларымыз осылай біртіндеп айырыла бастады.

Жерден айырылудың үшінші толқыны Столыпіннің аграрлық реформасын (1906 - 1910 жж) іске асыру кезінде басталды. Қазақ даласында



бос жатқан жерлер бар дегенді желеу етіп, патша үкіметі өзінің отарлау саясатын бекіту үшін Украина, Дон, Поволжье жерінен орыс, украин шаруаларын қазақтың байырғы жерлеріне ерікті, еріксіз күшпен қоныстандырғаны тарихтан белгілі.

Қашанда болса қонақжайлық танытқан, дастарханындағы соңғы асын өзі жемей, қонағына ұсынатын, жүрегі кең, дарқан ата - бабаларымыз кейіннен өзінің неге ұшырайтынын білген жоқ. Шеттен келген қоныстанушылар аз уақыттың ішінде етектен тартып, басымызға шығып, туған жердің төріне отырып алды. Біздің ата - бабамызды шұрайлы жерлерінен, өзен, көл жағалауларынан ығыстырып, суы жоқ қонысқа ыңғайсыз жерлерде тұруына мәжүбір етті.

**Майлы қыстауы, Төлеп, Балғабек, Аппак ауылдарының** қайсысын алсаң да бірде-бір көлі жоқ, сусыз жерге орналасқанын байқауға болады. Керісінше, біздің ауылдарды қоршай орналасқан орыс селолары **Андреевка (Арқалық), Рябиновка (Жалтыр), Владимировка (Қостомар) суы мол бір-бір көлдің жағасына қоныстанған.** Ұлы державалық шовинистік саясат қазақ жерлерін өз атауымен көп жылдарға дейін ататпай, өздері қойған орысша атауларымен ауыстырып, біздің ата - бабаларымыздың қаны мен көз жасы, маңдай тері тамған жерлерді өз жеріндей билеп келді. Соған қарамастан, қандай қиыншылық болса да, қазақ жұртшылығы өзінің кең дархан мол жүрегімен, дәстүрін сақтай отыра, зорлықпен көшіп келген қарапайым, кедей орыс мұжықтарына жанашырлықпен көмек қолын әрқашанда созып отырды.

Әрбір қазақ отбасының көршілес қоныстанған селоларда өзінің тамыр орысы болған. Мысалы: менің атам Жақияның Новомихайловка ( Қосағаш ) селосында Агеев Иван деген тамыры болды. Новомихайловкаға барғанда атаммен талай қонақта болып, Иван тамырымыздың бізге «таңсық асы» - борщін тұшырқана ішіп болғаннан кейін, қияр, сәбізін, қызанағын бір дорба қылып толтырып берген сәлемдемесін әжеме жеткізетінмін. Олар да қонаққа келіп, әжемнің қолынан «бесбармақ» жеп, ризашылығын білдіретін. Тамырлар шаруашылыққа қажет ұсақ түйек заттарды өз-ара айырбастайтын, сауда - саттық жасайтын, қиындық болса бір-біріне көмекке келетін. Кейіннен мен Агеевтардың балаларымен достықты жалғастырдым. Тағы бір мысал, Андреевка (Арқалық) селосындағы Тавлуев пен Бостандықтағы Қазыкеновтер жанұяларының арасындағы ұзақ жылдарға созылған тамырлас достық соның айғағы.

Орыс империясының отаршылдық саясатының солақай салқыны қазақ-орыс ауылдарының арасына анда - санда іріткі салып отырса да, діні мен тілі бөлек, бірақ тағдыр қосып, өмірдің тауқыметін бірге тартып отырған екі халықтың еңбекші бұқарасы достықтан, тамырластықтан айрылған жоқ.

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Жер үшін, намыс үшін күрескен Сәтпай**

**«Халықтың басына түскен тауқымет қабырғасын қайыстырып, сол жолда басын бәсекеге тігіп, қасықтай қанын аямай, шыбын жанын шүберекке түйген ер тұлғалардың тағдырын танытатын да, ұрпаққа өнеге етіп, алдына тартатын да - тарих екені даусыз»**

**Н.Ә. Назарбаев**

Нұрабай ауылының азаматтары Арқалық жеріндегі өз жайлаулары үшін Андреевканың бай орыс мұжықтарымен талай қақтығысқа барған оқиғалар болған. Артында тіреуі бар бай орыстар Нұрабай ауылдарын талай рет қан қақсатып, жер, шабындық, жайлауларына көз алартқан, сол үшін қантөгіс ұрыстарға дейін баратын болған. Бірақ та Нұрабай ауылының Сәтпай атамыз бастаған батыл ұлдары (тоғыз ағайынды жігіттер батыл да ержүрек, өңкей «мен атайын, сен тұр» болған екен) оған көне қоймаған. Шұрайлы жер үшін, жайлым үшін тіреспей беріспеген. Андреевка селосының бай - кулак орыстары ауыл малдарын барымталаған кезде, оларға қарсы ауыл жігіттерінен дайын қол жинап, Сәтпай талай рет ауылдастарының мал - мүлікін қорғап қалған, шапқыншылық ұйымдастырған басшыларын жекпе-жекте аттан аударып, сазайын тарттырса керек. Көшімбаев Жақия атамның айтуы бойынша, Сәтпай атамыз батыр тұлғалы, балуан денелі, өте намысшыл адам болған.

Бірде Сәтпай жанына Қуандық баласы Мизами атамызды ғана ертіп, Андреев селосындағы кедей тамырына барады. Біздің қазақ жеріне қоныс аударған орыс мұжықтарының арасында әсіресе, кедей шаруалары жергілікті қазақтармен қоян - қолтық араласып тұрған. Ауылдастарымыз араласып тұратын орыстарын «тамыр» деп атаған, бабаларымыз орыс достарына «тамыр» деген атауды жайдан - жай бермеген, оның өзінде зор мағына жатқанын аңғартады. Тамыр - адам баласының тіршілігінің негізгі көзі - қанды тасымалдаушы, оны бүкіл ағзаға тоқтаусыз жіберіп тұратын дененің орталық мүшесі жүректің жалғасы іспеттес. «Тамыр орысым менің жүрегіммен жалғасқан, жүрегіме жақын» деген ойды білдірсе керек. Сол кезеңде ұлт араздығын қоздыратын, қарапайым орыс шаруалары мен жергілікті ауылдастарымызды қанды қырғынға дейін айдап салатын патша үкіметінің жандайшаптары бай - кулактар болған.

Андреев селосының Григорий деген бай орысы, қазақтар оны Күркірей деп атаған, шын мәнінде өзі гүрілдеген бір пәле, бойы екі метрге жуық, қолы гүрзідей, тентек, қит етсе жұдырық ала жүгіретін, ұрда-жық адам болса керек.

Жер-шабындық үшін болған қақтығыста таяқ жеген Григорий, Сәтпайдың келгенін біле сала, өш алу үшін олардың түскен үйіне күтпеген



жерден келе қалады. Жанында өзі сияқты бірнеше еңгезердей сап-сары жандайшаптары бар, үй иесінен рұқсат сұрамастан дастархан басына жалпынып отыра кетеді. Осы кезде Сәтпай өзі ізденіп келген бұзықтың ниетін бірден сезіп, жанында отырған Мизамиге белгі беріп, есікке қарай жылыстай бер, атты даярла деп ымдайды, өзі аяғындағы гүрзідей болатын сапты аяқ етігін ақырын шешіп ала, көз ілеспестей жылдамдықпен атып тұрып, дәл төбеден шикілі - сары Күркірейді бірақ ұрады. Шапшаң қимылдап, есікке жақын тұрған екі еңгезердей орыстың біреуіне Мизами дырау қамшысын сілтегенше, Сәтпай екіншісін құлатып үлгереді. Шуды естіп қалып, күзетте тұрған үшінші «қарашекпенді» есіктен басын сұққаны сол екен, оны да құлаштап етікпен ұрып жығады. Сол кезеңдегі аталарымыздың киетін киіз-пайпақ саптама етігінің салмағы әжептәуір болатын. Есінен танған Күркірей мен бастары жарылған оның үш жандайшабы көп уақытқа дейін есін жия алмай жатса керек. Кейіннен Сәтпайдың атын естісе құйрығын екі аяғының арасына қысып, қыңсылаған күшіктің кейіпінде болады екен.

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін Сәтпай Омбы, Қызылжар қалаларында жүк тасушы болып жүргенінде, қазақтың біртуар азаматы, аты аңызға айналған Қажымұқан палуанымен де кездесіп, табақтас болса керек. Ол кезеңде солтүстіктегі қазақтардың белгілі әнші - сал серілері, палуандары мен танымал адамдарының басын қосатын жер Қызылжар мен Омбы қалалары болған.

Сәтпай атамыз жас кезінде Біржан сал, Ақан сері сияқты қазақ даласының сал - сері, бұлбұлдарымен де кездескен екен. Біржан салдың жақын қарындастарының бірі біздің қазіргі Бостандық ауылы өңірінде тұрмыста болыпты деген деректер бар, қарындасына келгенде Біржанның ерекше тұлғалы азамат Сәтпаймен кездесуін жорамалдау қиын емес. Сонымен қатар, Сәтпай қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, жазушы Сәбит Мұқановпен де араласқан, себебі Сәтпайдың жалғыз қызы Мәриям Талапкер ауылындағы Сауыттың Әшкәріне тұрмысқа шыққан, бұрынғы кезде құдандалы - жекжаттардың бір - бірімен тығыз араласып тұрды ғой.

Талапкер ауылында Сәбит Сауыт деген жездесінің үйінде жиі болатынын өзінің «Өмір мектептері» атты романында жазған болатын. Сәбит ел жаққа, жиені Әшкәрдің үйіне келгенде оның қайын атасы Сәтпаймен кездесіп тұрған, Алуа көлінің жағасындағы айлы кештерде ел болашағы жөнінде талай әңгіменің болғанын бүгіндері болжауға болады, тек Сәбит Мұқанов Сәтпайдың азамат соғысы кезінде қызылдар мен ақтарға қарсы соғысқанын, оның кеңес үкіметінің қуғындауында болғанын білген болуы керек, құдандалы азаматқа зиян келтірмеу мақсатында өз шығармаларында ол туралы жазбауы әбден заңды. Сәбит Мұқанов кеңес үкіметіне жанын салып қызмет етсе де, оның кейбір «көсем» басшыларының жіберіп жатқан талай қателіктерін көре білді, сондықтан да нақақтан жазаланып жатқан алаш

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Тарихи Ескерткіштері*

азаматтарына жасырын көмек қолын созғаны тарихи құжаттардан білеміз, Сәтпайдай нар тұлғалы, елі - жері үшін күрескер азаматтың өмір тарихына Сәбит осылай түсіністікпен қараған.

Сәтпай атамыздың Сәбеңмен кездесулері туралы кейбір деректерді Жанболатов Темірғали (Тепе) ағамыздың аузынан естіген едім, ол анасы Кәмал жағынан Сәбит Мұқановқа жақындығы болатын, көпке дейін қарым-қатынастарын үзген жоқ, ал Сәтпай атамыз Темірғалидың анасы Кәмалмен тұрмыс құрған. Сәбең Алматыдан ел жаққа демалысқа келгенде Темірболат ағамыз арнайы сәлем беруге барып, жазушымен кездесіп отырған.

1918-1920 азамат соғысы жылдары ақ пен қызыл болып соғысқан кезеңде Сәтпай туған ауылын екі жақтың тонау мен зорлығынан құтқарамын деп жасақ құрған, біздің ауылдың жерімен өткен ақтардың да, қызыл әскерлердің де жасаған зорлығына қарсы шағып, соғысып отырған. Сәтпай атамыздың шағын жасағы сол маңдағы қазақ ауылдарын тонау мен зорлықтан аман сақтап қалған. Жергілікті халық орыстар және сол кезеңдегі ақтың да, қызылдың да әскери барлау қызметі құжаттарында оның жасағын «атаман Торпаковтың отряды» деп жазған, себебі Сәтпайдың атасы Торпақ Нұрабайдың тоғыз ұлдарының бірі екен.

Азамат соғысы аяқталып, кеңес үкіметі нығайған кезеңде Сәтпай атамызды жергілікті үкімет біраз қолға түсіре алмайды, ұзақ уақыт жасырын бой тасалап, сібір ормандарында аңшы саха жұртшылығы арасында болған. Ол кісіні қуғындауға бір жағынан кеңес үкіметі мүделі болғанмен, кезінде қызылдардың атақты қолбасшыларының бірі Тухачевскийдің бесінші армия - сының Петропавлға бағытталған отрядтарының Дубровино- Новомихайловка - Боголюбово бағытындағы шабуылына қарсылық көрсеткен ақтардың үлкен отрядын талқандауға үлес қосқаны үшін «атаман Торпоков отрядының басшысын» қудалауды тоқтатқан болуы керек.

Бала кезімізде азамат соғысының іздерін ауыл маңындағы «Бәйгелі», «Көжеқойған» сияқты шоқ ағаштарға жидек теруге барып, аралағанда арнаулы қазылған окоптардың орнын, қару - жарақтың сынық қалдықтарын тауып алатынбыз.

Сәтпай атамыздың батыл, намысшыл екендігін тағы бір дәлелдейтін қысқаша оқиғаны Жақия атамнан бала кезімде естігенім бар. Оқиға былай болған: соғыстан кейінгі ауыртпалығы мол жылдары ауыл адамдары ұн тартуға біздің ауылдан 50 шақырым жердегі Мәуліт станциясына (қазіргі Мамлют ауданының орталығы) ат - арба жеккен көлікпен қонаға баратын. Шаршап - шалдығып жеткен соң, таңсәріден ұн егуге кезекке тұрады. Диірмен ашылып, жұртшылық бидайын кіргізіп, жан тері шығып жатса, жергілікті тұрғыннан құрылған еңгезердей жас орыс жігіттері кезексіз Бостандық ауылынан барған адамдардың қапшықтарын лақтырып, ұн үгуге жібермей, жігерлерін құм қылады. Еңгезердей орыс жігіттеріне біздің





жастарымыз бата алмайды. Диірменшілермен бірге барған Сәтпай атамыз жасы жетіп қартайса да, қазақтарды менсінбей мазақтаған, әдепсіз жігітті түп желкеден қапсыра құшақтап, жерге алып ұрып, күш қуаты әлі де болса да қайтпаған, екі сұқ саусағымен тамақтан қыса, қырылдатып өлтіріп жібере жаздайды. «Обай өлтіріп аласың» -, деп айғай салған ауылдастары Сәтпай атамыздың қолының саусақтарын зорлықшылдың тамағынан әзер айырып алады. Содан көгеріп-сазарған еңгезердей жігіт көп уақытқа дейін есін жия алмаған. Бостандық ауылының тұрғындары тез арада ұндарын үктіріп ауылға қайтқан. Сол оқиғадан кейін Бостандық ауылы ғана емес, көрші Үшкөл, Бексейіт ауылының тұрғындарының диірменге барғанда арқасы кеңейіп, кемісітуден ада болған.

Сәтпай атамыздың ауыл намысын қорғаудағы батыл істерінің бірі - қазақ арасындағы анда санда болып тұратын ұры - қараның барымталық жұмысына батыл тойтарыс бергені. Тауағаш ауылын кейде ойын - қалжыңы бар біздің ауылдастарымыз «Ұры Шағалақ ауылы» деп атайды екен, бірақ та қалжыңмен айтылған бұл ойын сөз облыс өңіріндегі үлкен қазақ ауылдарының бірі - талай атақты абзал азаматтардың кіндігі тамған Тауағаш ауылының беделіне нұсқан келтірмейтінін оқырманым түсінер. Қылжақпас ауылдастарымыздың бұлай атауының себебі кезінде бұл ауылда ұрлық жасап кәніккен, аттары сол өңірге жайылған бірлі - жарымды ұрлықпен айналысатын адамдар болса керек. Ал шындыққа келсек, қазақ ауылдарында мал ұрлау мәселесі осы күнге дейін бар ғой, оны жасайтындар да жәй кісілер емес, «басы істейтін, жүрегінің түгі бар» адамдар емес пе, әттең бұл адамдардың батылдығы, ержүректілігі жамандыққа бағытталған. «Бір құмалақ бір құмыра алтынды шірітеді» демекші Тауағаштықтардың жағымсыз атын шығарған осындай «ақылды-батырсымақтар» еді. Сол ауылдың баукеспе ұрысы Қожық (XIX ғасырдың орта шенінде Сегіз сері заманында өмір сүрген атақты баукеспе ұры Қожықпен шатастырмау керек, онымен аттас, бірақ бертінде өмір сүрген атағы жер жарған Қожыққа ұқсауға тырысқан жергілікті ұры) тапал түсте бақташыны ұрып жығып, Бостандық ауылының бір табын қойын айдап алып кеткен екен. Осы жағдайды естіген Сәтпай атамыз жалғыз өзі атына жайдақ міне сала, он екі өрім дырау қамшысын білегіне білеп, баукеспенің ізіне түседі. Тауағаш ауылына жеткізбей, орта жолдан аса ұры Қожықты қуып жетеді. «Маған қарсы шыққан, бұл жүрек жұтқан кім дейсің?» - деп қасқая қарсы тұрып, атының басын бұра бергенше, Сәтпай әбден кәнікен әдісіне басып, шапшаңдықпен дырау қамшысымен менменсіген дәудей атышулы Қожықты осып өткенде, ол өкіре аттың жалын құшып қала береді. Бір қора қойымыз аман - есен иелеріне қайтады. «Шағалақтықтар» енді қарай біздің ел жаққа ұрыларын аттандырмайтын болған деп көне көз қарияларымыз айтып отырушы еді. Неғылғанмен, Сәтпай атамыздың ерліктерін ауылдастары әсерлеулері де

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Жолдасы қайтыс болған соң Мәриям апамыз Сауыттың Әшкәрінің баласы Еркін және 1941 туған Айман деген апайымыз бар.**

мүмкін, бірақ та, ол сол кездегі біз сияқты ауыл балаларына нағыз әділдікті жақтаушы, әлсіздерді қорғаушы, туған ауылының қамқоршысы болған Сәтпай есімізде осы күнге дейін сақталып қалды. Өкінішке орай, осындай батыр атамыздың кіндігінен тараған тікелей ер баладан ұрпақ болған жоқ, тек Мәриям деген жалғыз қызы болғаның жоғарыда айтып кеттік. Одан қалған жиені - Талапкердегі Сауыттың Әшкәрінің баласы Еркін және 1941 туған Айман деген апайымыз бар.

Сәтпайдың қызы Мәриямның ең алғашқы тұрмыс құрған жолдасы Қажығали соғыста қайтыс болған, ол кісіден Айман деген қыз туған екен. Жолдасы қайтыс болған соң Мәриям апамыз Сауыттың Әшкәріне тұрмысқа шығып, Еркінді дүниеге әкеледі. Айман мен Еркіннің анасы бір. Біздің ауылға Еркін әрі жиен, әрі күйеу болып келеді. Нұртаев Божанның үлкен қызы Жұпарға үйленген, қанатын кең жайған жанұяның иесі. Жұпар біздермен құрдас, ауылда жетіжылдықты бірге бітірген соң, көп жыл сауыншы болып жұмыс істеді, тұрмысқа шыққаннан кейін де Талапкерде сауыншылығын тастаған жоқ, көп балалы - шағалы болса да, жұмыстан қол



**Сәтпай атамыздың  
жиені Айман**

үзген жоқ. Қазіргі заманның келіндері ғой, бір - екі балалы болған соң аналық міндеттен құтылдым деп шыға келеді, әрі балалы болған сайын екі - үш жылдай демалыста отырып қалады. Жұпар сияқты біздің замандастар батыр ана атанса да, зейнеткерлікке шыққанға дейін үкіметтің жұмысынан да қалмай, әрі үйдегі қарт ата - енесін асты- үстіне түсіп күтетін. Қайран бұрынғы заманның келіндері – ай.

Айман жиен апамызбен бертінде 2012 жылы ғана таныстым. Сәтпай атамызға тартқанын бірден байқадым, «Тегіне тартпай тумайды» дейді ғой қазекем, Сәтпай атамыздың батыл көзқарасы, тайсалмай тура сөйлейтін әдетін Айманның бет - әлпет жүзінен көруге болады. Көп жыл бойы Аққайың ауданының Қанжығалы ауылында кітапханашы болып, ауданның мәдени өмірінің дамуына өз үлесін қосқан екен. Жолдасы ерте дүние салып, жалғыз қызынан оқыста айырылып, өмірде қаншама қиындық көрсе де мойымаған, Алланың жазғанына көне білген. Бүгіндері Бескөл селосында қызының артында қалған балаларын тәрбиелеп отыр. Жиендерінің алды жоғарғы оқу орындарын бітіріп, жұмыс істеуде. Айман апайымыз шығармашылыққа үйір, қолына қалам алып, жастар тәрбиесі тақырыбына арналған мақалалары, Сәбит Мұқанов туралы естеліктері аудандық және облыстық баспасөз беттерінде жарық көрген.



Сәтпай атамның өмірінің соңғы жылдарында оның қамқорлығын көрген Ахмадидың Нояны мен Ермек деген қыз бала. Олар Сәтпайдың ең соңғы алған әйелі Көкенің тәрбиесінде болған еді. Ермек бізбен бірге бірінші сыныптан жетінші сыныпқа дейін бірге оқыды, тегі Сәтпаева болып жазылатын. Аққұба өнді, өзін кербез, тәккаппар ұстайтын Ермек сыныптастарымыздың ішіндегі ең көркемі еді, түбі Сарман ауылының жігіті Амангелді деген көрнекті азаматқа ерте тұрмысқа шығып кетті, қазір Шал ақын ауданында тұрады, ер жеткен ұл - қыздары бар.

Ноян тумасынан өте қарапайым, қой аузынан шөп алмайтын, еңбекқор адал азамат болатын. Көп жыл бойы Бостандық ауылында малшы, механизатор болды, зейнеткерлікке шыққаннан кейін қайтыс болды. Құдайға шүкір артында ұрпақтары бар. Мәлік деген баласы шаңырағын ұстап отыр.

## 6. Бостандық ауылының негізін қалаушылар



*1931 – 1935 жылдары  
алғашқы колхоздың негізін  
қалаған Оралдыұлы Жәкулә*

Бостандық ауылының дамуы мен өрлеуіне өзіндік үлес қосқан, оның бастауында тұрған елеулі азаматтарымыз бар. Соның бірі Төлеп ауылының тумасы **Оралдыұлы Жәкулә**.

**Төлеп ауылы** қазіргі Бостандық ауылынан шығысқа қарай 5 - 6 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Төлеп тұқымының шежіресін жазып қалдырған қарт ұстаз Сәуменов Болаттың атасы Мұсабектің айтуы бойынша Төлеп деген кісі қалың қабақты, аққұба өнді, сары шашты, тез ашуланып, тез қайтатын мінезді кісі болған екен. Оның Шыбық палуан деген інісі жайлы ел ішінде мынадай әңгіме бар: Шыбық палуан айттырған қызына ұрын барып, ауылына қайтып келе жатқанда, жолда кездескен бір үлкен көлдің жағасында аттарын шалдырып, дем алып, суға түспек болады. Көлдің ортасында жұбын жазбай екі аққу жүзіп жүреді. Жолдастарының айтқанына қарамастан Шыбық палуан өзінің суға жақсы малтып, сүнгітінін көрсеткісі келді ме, терең көлдің ортасынан аса жүзіп, аралды шыр айналып, жанұшырып қаңқылдап ұшқан аққуларға қарамастан, қамыс арасындағы ұяны тауып алады. Ұядағы жұмыртқаларды алып, кері қайтып келе жатқанда, Шыбық жағаға жете алмай суға кетіп өледі. Батып бара жатқан Шыбыққа жолдастары көмек беруге үлгере алмайды. «Аққудың киесі ұрады, оның ұясын бұзуға және жұмыртқасын алуға болмайды» деген халық арасында айтылатын нанымның шын екенін Төлеп тұқымы ұрпақтан -

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**Қолжазбалық**

ұрпаққа осы күнге дейін Шыбық аталарының қайғылы оқиғасымен байланыстырып айтып келеді.

Төлеп ауылы Болат ағамыздың айтуы бойынша өздерін өспеген тұқым деп есептейді, олар ең көп болғанда 20 - 25 отадан әрі өрбімеген.

**1929 жылдың күзінде** Оралдин Жәкулә ең бірінші болып Мырзаға қарайтын Төлеп ауылы орналасқан қыстауда ең алғашқы «Бостандық» ауыл шаруашылық артелін ұйымдастырды. Отаршылдықтың ауыр азабынан, тіршілік өмірдің сол кезеңдегі қиындығынан толық босауды аңсаған аталарымыз жаңа өмір бастау мақсатында өздерінің ұжымына «Бостандық» атауын берді. Нағыз бостандыққа жетудің ауылы әлі де алыс 62 жыл бар екенін ол кезеңде болжау мүмкін болмады. Сол кезеңдегі ұжымдастыру саясаты бойынша ең алдымен ұжымдастырудың қарапайым түрлеріне (ТОЗ - бірігіп жер өңдеу серіктестігі, артель) шаруаларды енгізіп үйрету арқылы ұжымдастырудың жоғары түріне (колхозға) бірте – бірте көшіру болған еді.



***1929 жылы алғашқы ескі Бостандықтың орналасқан жері, су жинау үшін қолмен арнайы қазылған қазаншұңқырдың орны осы күнге дейін сақталған***

«Бостандық» артеліне алғашқыда 10 - 15 жанұя кірді, көпшілік ағайын ұжымдастыруға сақтықпен қарады, жекеменшіктік психологияның рухы күшті еді. Оралдин Жәкулә өзі кедей, сол кезеңдегі көзқарас бойынша кеңес үкіметінің нағыз жанашыры болатын. Жеке - жеке қыстауларда отырған түбі бір қандас ағайындарын жаңа заман талабына сай біріктіру жұмысы оған оңайға түскен жоқ. Кейбір ауылдастарын күштеп, қорқытып та артельге сүйреуге тура келді.

Ел басына түскен қиын - қыстау жауапты тарихи кезеңде, ауыр жүкті арқалау ерекше талантты, ақылды, халықты соңынан ерте алатын, жүрегінде оты бар, жігерлі жеке тұлғалардың пешенесіне бұйыратыны белгілі ғой. Оралдин Жәкулә өзі оқымаса да, немере туысы болып келетін көзі ашық ағалары Оранкин Нұғыман мен Ғали Мусиндердің ықпалында болған, саяси

**ЖАҒАНАН АМАНАТ**

сауатты, біртуар азамат болған. Ауылдастарын жаңа өмірге бетбұру жолында аянбай еңбек етті. Кеңес заманының ағымын түсіне отырып, елдің халқын қайткен күнде де аман сақтау мақсатында ұжымдастыру жұмысына белсене кірісті. Саяси - қуғын сүргін басталған кезеңде өзі де оның құрбаны бола жаздады, себебі ағалары Нұғыман мен Ғалиды кеңес үкіметі қыспаққа ала бастаған еді. Тек нағыз сіңірі шыққан кедейден болғандықтан және Петропавл уезі аймағында ұжымдастыру жұмысындағы еңбегінің арқасында ғана аман қалған еді. Оралдин Жәкулә біздің Бостандық колхозын ұйымдастырған соң, «Өрнек» деген жерде аудандық кооперация ұйымының төрағасы болады (Қызылжар ауданына қарайтын Новоникольскі ауылдық округі аумағында, қазір орны ғана бар). Жаңа қоғамға риясыз еңбек еткен Жәкулә облыс көлемінде кедей - кеңес үкіметінің белсенді, сенімді азаматтардың қатарында аты шыға бастады.

Жәкулә сол кезеңдегі саяси көзқарас бойынша нағыз кедей табынан шықса да, елдегі бірте - бірте белең алып бара жатқан кеңес үкіметінің қыспағын сезіне бастады. Бірақ саяси жүйе Жәкулә сияқты азаматтардың көзін толық ашуға мүмкіндік бермеді, уысынан да шығармады, кеңестік басып-жаншу құралы талай адамдардың сағын сындырды.

1937 – 1938 жылдардағы саяси - қуғын сүргін жайлы 2008 жылы «Память» қоры шығарған «Ақталған есімдер» естелігінде Оралдин Жәкуләнің адамгершілік бейнесін сомдай түсетін деректер бар. Өңірімізге белгілі азамат, «халық жауы» атанып атылған Жамбылов Аушақманның жанұясына қол ұшын берген де осы Оралдин Жәкулә ағамыз екен.

1934 жылы Петропавл комсомол ұйымының екінші хатшысы болып, кезінде Шығыс халықтары еңбекшілеріне арналған Москва коммунистік университетін бітірген Жамбылов Аушақыман деген азамат нақақтан сотталып, әйелі Рабиға азапты «Алжир» лагерінде үш жыл отырған. Балалар үйіне берілген бір жасар Диас деген баласын біреулер асырап алып, көп уақыт бойы оның қайда кеткені белгісіз болады. Көп іздеудің арқасында анасы Диасын кімнің асырап алғанын анықтайды, бірақ оған халық жауының әйелі, пәлесі жұғады деп ешкімнің көмек бергісі келмейді.

Міне, осындай тығырыққа тірелген Рабиға апамыз Оралдин Жәкуләға барып мұңын шағуды ойлайды. Өңірге белгілі азаматтың жан жолдасы жан айқайымен келіп тұрғанда, қалай қол ұшын бермеске, Жәкулә қолын созады. «Халық жауына» көмектесті деген сөздің келетінін білсе де, қорықпастан Рабиғаны алып, тез жолға шығады. Жәкулә мен Рабиға жол қиыншылығына қарамастан, Тайынша станциясы жақтағы Жаңажол ауылына барып, баланың Жамбылов Диас екенін дәлелдеп, асырап алған адамның «баланы бермеймін, бұл менің балам», - деп айқай шығарып, қолына пышақ алып «баланың да, сендердің де қандарыңды ішемін», - деп ашынғанына қарамастан, оны ақылмен, байыппен сөзге тоқтатып, (Диастың кішкене кезіндегі денесінде, қолтығының астында меңі барын анасы біледі екен) туған анасына Диасты алып береді. Өңірімізге белгілі біртуар азамат Аушақыман Жамбыловтың ұрпағын біздің атамыз осылай сақтап қалған екен.

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

Сонау 1962 - 1965 жылдар аралығында сол Диас Жамбылов тағдырдың жазуы ма, әлде өзі әдейі біздің ауылға келіп өзін туған анасымен қауыштырған Жәкулә атасының аруағына бас иіп, оның еліне тағзым еткісі келді ме, педагогикалық институтты бітірген соң, алғашқы ұстаздық қызметін біздің Бостандық ауылынан бастаған еді. Ауыл жастары Диастың ауыл мәдениетін дамытуға бағытталған іс - шараларын ризашылықпен жиі айтып отыратын. Сол уақытта бесінші сыныптарда оның алдынан дәріс алған Нұрсайын Шәріпов: «Диас ағай бізге сабақ берген, оның өткізетін сабағы әрқашанда қызықты болғандықтан біз асыға күтетінбіз. Диас мұғалім Қасымов Жанбота ағамның үйінде тұрды», - деп еске түсіреді. Жанботаның әкесі Қасым Жәкуләмен бір туысқан ағалы - інілер болатын. Кейіннен Диас ғылым жолын қуып, кандидаттық диссертация қорғады, Алматы ауылшаруашылық институтының саясаттану кафедрасының меңгерушісі болып көп жылдар қызмет етті.

Жәкулә сияқты абзал азаматтың бейнесін көрсететін осы бір ғана оқиға Қилаж Мағазов ағамыздың «Ананың батырлығы» атты естелігінде жақсы баяндалған («Ақталған есімдер» 319 - 323 бет, Петропавл 2008 жыл)

Жаппай ұжымдастыруды бастамас бұрын 1929 жылдары ірі бай – кулактарды тап ретінде жою мақсатында кәмпескелеу басталған болатын. Ауқатты ағайындар мал - мүліктерінен айырылып қалмау мақсатында жасырын (көрші Қорған, Түмен облыстарының тайга - ну ормандарының алыс түкпіріне) көшіп кетті. Оларды ағайындар «іш жаққа» көшті, «іштің қазақтары» деп атап кетті.

Мырза табынан тараған бес ауылдың ішінде өте бай азаматтар болмаған, көбі орташа ауқатты адамдар болса керек, тек «шаш ал десе, бас алатын», шолақ белсенділердің күштеп ұжымдастыруынан қорыққан халық жан-жаққа бытырап кетті.

Бірақ та, кәмпескеге іліккендердің қатарында ірі бай болмаса да, Балғабек ауылынан Беккене қажының туыстары, Самай тұқымынан Маңабаевтардың жанұялары жер аударылғаны жөнінде көне көз қарттардан естігенбіз. Маңабайдың Сүттібайынан тараған Сыздықтың Қажымолдасының баласы Айбастың айтуы бойынша, анасы туыстарымен бірге кәмпескеленіп, Арал теңізі маңына жер аударылса керек, ол жақты жергілікті халық «Көк арал» деп атағаны белгілі.

1932 жылы Қазақстанда жаппай ұжымдастыру аяқталуға тиіс болатын. «Бостандық» артеліне жергілікті ағайындар біртіндеп болса да үйренген соң, 1931 жылы жаңа қоныста, қазіргі «Бостандық» ауылының орналасқан жерінде «Бостандық» колхозын құрды. Бұл жерді таңдап алудың себебі: біріншіден, Нұрабай, Апақ, Төлеп, Балғабек, Махамбет қыстауларының барлығына ортақ жақын орналасқан жер еді. Екіншіден олардың көшіп келуіне де ыңғайлы, көрші орыс селоларына бірдей қашықтықта еді. Тек бір ыңғайсыздығы мал - құсқа су көзінің (көлдердің) болмауы қиыншылық тудырды, ауыз - су көзін құдық қазу арқылы жер астынан алды. Бұған дейін артельге кірмей отырған ағайындар кеңес үкіметінің ұжымдастыру





# Нәсиев Қажымұрат

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ ҚОҒАМЫ

СӨЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ММ МАМЛҮТ АУДАНДЫҚ АРХИВІ



ГУ МАМЛЮТСКИЙ РАЙОННЫЙ АРХИВ

СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Тел.: 21803 факс: 21803

150900, Мамлют қаласы Абай Құнанбаев көшесі, 5  
150900, г.Мамлют, ул.Абай Құнанбаева, 5

2006 ж. 12.06.

№02-07/3-Т/з

12.06.2006г.

## АРХИВНАЯ СПРАВКА

На Ваш запрос от 09.06.2006г. сообщаем, что колхоз «Бостандық» с.Бостандық Приишимского района образован в 1931г.

18 апреля 1957 года передан в совхоз «Ново-Михайловский»,

Указом президиума Верховного Совета Казахской ССР от 30 июля 1957г. упразднен Андреевский сельский Совет с передачей населенного пункта Бостандық в состав Ново-Михайловского сельского Совета Приишимского района.

Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР от 2 января 1963г. Ново-Михайловский сельский Совет с упразднением Приишимского района передан в Мамлютский район.

Решением Облисполкома от 19.05.1969г. №5-156 образован Андреевский сельский Совет, центр с. Андреевка Бишкульского района Северо-Казakhstanской области. В состав сельского Совета входит населенный пункт с. Бостандық.

Основание: 1.Справочник истории колхозов и совхозов Северо-Казakhstanской области.


2.Исторические справки Андреевского и Ново-Михайловского сельских советов.

Директор

О.Н.Рогачева

Архивист

Л. Н. Луканина



Жеке - жеке тұрған шағын ауылдар біріге отырып, өзінің тұрмыс - тіршілігін аз да болсын жақсартып бастады, ауыл мәдениетінің алғашқы қадамдары басталды. Колхоз кеңсесінің, дүкеннің салынуы (Жүністің Тақыры деген кісі алғашқы дүкенші болды, Аскандиров Нұржанның ағайындары, Алма Тастанбекованың нағашылары) және 1933 жылы бастауыш мектептің ашылуы ауыл өміріне жаңа бір леп әкелді. Ауыл адамдарының қуанышында шек болған жоқ. Сол кезеңде алыс жерлерге барып, бірен - сараң оқыған азаматтар болмаса, жаңаша хат танытын адамдар аз болды, оның да көпшілігі



**ҚЫЗЫЛ ОТАУДЫҢ ШАЛА - ШАРПЫ САУАТТАНУЫНАН ӨТКЕНДЕР БОЛАТЫН.**

қысқаша сауатсыздықты жою оқуларынан, яғни «Қызыл отаудың» шала - шарпы сауаттануынан өткендер болатын.

Бостандық бастауыш мектебін алғаш ашып, ұйымдастырушылардың қатарында **Ғали Мусин, Оранкин Нұғыман, Шоқаев Ғабдолла** есімді азаматтар болды. Сол заманда қазақ зиялыларының білім алған ордасы Ресейдің Троискідегі «**Уазифа**» медресесін Төлеп ауылының тумасы Оранкин Нұғыман мен Ғабдолла Шоқаев та бітірген болатын. Олар жөнінде кейіннен ауыл мектебі туралы айтқан кезде толығырақ тоқталамыз.

«Бостандық» колхозы еліміздің басқа өңіріндегі колхоздары сияқты бірден аяғынан тік тұрып кете қоймады. Техникасы жоқ, өгіз бен аттың күшіне сүйенген колхозшылар өлместің күнін көрді. 1930 - 1932 жылдардағы елімізде «голощекиншілердің» қолдан жасаған қазақ жерін қоғадай жапырған аштығы біздің ауылға онша әсер ете қоймаған. Сол кезеңде ауылға жақын орналасқан тұзды көл «Мәңгісордың» («Менгесер»)деп жергілікті тұрғындар айтады) тұзын өндіріп, сату және көлі мен өзені көп сібір ормандарының жеміс - жидектері мен балығы, тамыр орыстармен жасаған азын – аулақ тауар айырбасы ауыл тұрғындарын аштықтан құтқарып қалса керек. **Әжем, Мырзагелді қызы Күлшайдың** айтуы бойынша біздің ауылдың үстімен аштыққа ұшыраған еліміздің орталық өңірлерінен, Ресейге «ішкі жаққа» ағылған адамдарда есеп болмаған. Бостандық ауылының тұрғындары өздері жартылай аштықта отырса да, оларға қолындағы бір жұтым суымен бір үзім нанын беріп шығарып салады екен. Ауыл арқылы өткен аштықтан шұбырған халықтың жүре алмай өліп қалғандары да болған, олардың кейбіреулері ауылдастарымыздың үрейін ұшырып, жан түршігерлік оқиғаларды айтып келетін, аштықтан жынданып кеткен кейбіреулер жәндіктермен қатар ит - мысық етін, тіпті адам етін жеген жағдайлар да кездескен екен.

Ардагер ағамыз Мағазов Қилаж сол аштықты жылдар туралы көп зерттеу жүргізіп, архив материалының негізінде 1990 жылдың 1 - ші тамызында шыққан облыстық «Ленин туы» газетінің №146 санында «Кіші Октябрьдің» зардаптары деген мақала жазған болатын. Мақалада: 1925-1933 жылдары қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болған Ф.И. Голощекин қызметін бастаған соң В. Сталингебылай деп хат жолдаған: «я утверждаю, чтобы казахском ауле нужно пройтись с «Маленьким Октябрем» экономические условия в ауле надо изменить, если это гражданская война, мы за нее.. Надо идти на жертвы, не боясь крови». Оның бұл ұсынысын Кремльдегі аға жендет мақұлдайды. Күштеп ұжымдастыру, бай - кедей деп қазақ халқын бір - біріне атыстырып, мындаған адамдар жер аударылып, мал - мүлікі тартылып алынды. Сүйтіп жаппай аштықтың алғышарты жасалынады. 1931 - 1932 жылдардағы қолдан жасалынған аштық қазақ халқын қалай қырғынға ұшыратқаны жөнінде Қилаж ағамыздың мақаласындағы бір ғана архив дерегін келтіріп көрейік: «ескі Көшербай

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қолжазба*

ауылындағы Әміровтардың семьясында 9 жан бар. Өзі ақпан айында үйден кетіп қалған, қайда екені белгісіз. 22 жасар ұлы Қали 10 мамырда аштан өлді, 4 жасар Ахметхан 16 сәуірде, Ахметолла 17 сәуірде өлді. Әйелі мен қызы өлім алдында, 7 жасар ұлы Әсеттің шығар - шықпас жаны бар, келіні кетіп қалған, қайда екені белгісіз», - деп сол уақыттағы арнайы тексеру жұмысын жүргізген комиссия мүшелерінің актілерін келтіреді. (1932 ж 17 мамыр , 22 қор, 1 тізбе, 17 іс, 201 - 202 бет)

Рузаев ауданында аштықтың кесірінен бандалық топтар құрылып, кісі өлтірумен айналысып, өлтірген кісі етін сатқан оқиғалар болған. Осындай жантүршігерлік оқиғаларды естіген ауыл азаматтары күні - түні күзетте болып, ауыл адамдарын қорқынышты жағдайлардан сақтап қалуға бар күшін салған.

Соғысқа дейінгі ауыл тарихының ауыр кезеңінде, ауылды бытыратпай елге басшылық жасаған абзал азаматтарды еске алғанда, Оралдин Жәкуләдан басқа бірінші болып аузымызға оралатын есімдер: Әшетов Мұхамедия, Қуандықов Мизами, Қарабатыров Қалимолда, Тоқмейлов Топыш, Жамбылов Әбікей, Баяхмет сынды абзал азаматтар (соңғы екеуінің қай елдің азаматы екені белгісіз). Олар соғыс басталғанға дейін және соғыстың адам төзгісіз ауыр жылдарында ауылды басқарды.

Колхоз құрылысы кезінде мал фермасында, дала қосында, егіс алқаптарында бригадир, звеновой сияқты сол заманның атауымен атағанда, әртүрлі колхоз жұмысын атқарған ауыл тарихының бастауында тұрған аға буын аталарымыз Хасенұлы Сердалы (балалары: ағайынды Хасенов Серік, Қайырбай), Көшімбайұлы Жахия ( кітап авторының атасы), Мизамиев Есмағзи, Естеков Сарсен (ағайынды Нұртаев Аманжол, Құрмантай Шалекеұлдарының ағалары), Мұқаметқали (Қайырнасөв Тілеужан, Медебай, Мұхиттардың бабасы), Жайлаукенің Дүйсегі, Дүйсенбісі және Малбағы (балалары Дүйсеков Аманбай, Дюсенбин Мейрам, тек Малбақтан ер бала ұрпақ жоқ, тек қызы Шәмшия, одан туған жиендері бар), Шаяхыұлы Қауаш (балалары Мәлкен, Сәлкен, Кәрібай), Сағындықтың ұлдары: Мағаз (балалары Қилаж бен Болат), Есмұқан (балалары Мәжен, Көлден, Бәшір, Ғазез), Ақынның Хамзасы (балалары Нұрғали, Әбуғали, Мейірман, Ерғали), Малдыбайдың Нұртайы (баласы Божан, немерелері: Темірболат, Мәлғаждар) мен Уашке (ұрпақ жоқ, Петухово деген станциясында тұратын Күлсінай деген жалғыз қызы бар), Жанғұлдың Сақиығы (баласы Мереке, немересі Жақан, Шоқан), ағайынды Мәнтай, Даян (Мантаев Еркебұлан, немересі Шыңғыс), Даян (қыздары Дәрлана, Бәдина, Сұмағұлдың Танқабайы (ұрпақ жоқ), Майлының Бекпені (баласы Дәуренбек, немересі Өмірзақ), ағайынды Смағұлов Кәкім, Кәкен ( балалары Асылболат пен Едрес, немересі Байбол), Мейрамғалимов Ғалым ( баласы Сайран, немересі Жандос) және Көшімбаев Құрманғали (ауылда аттас үш кісі болғандықтан жеңгелері патефон



Құрманғали деп кеткен, негізінен шешен-сөзуар кісі болса керек, баласы Серікбай ағамыз әкесіне тартқан, сөздің түбін түсіретін, өткен тарихтың білгірі, шежіреші кісі), Батыршаның Құрманғали (жеңгелері айтқанынан қайтпайтын болғандықтан, ол кісіні Қайқыбас Құрманғали деп атаса керек), шын мәнінде де, ол атамыз өте турашыл, «ағайын» деген кісілерге көмек қолын созуға даяр тұратын адам болған. Біз бала болсақ та, ол кісінің осы қасиетін көргенбіз, артында Үмітжан деген қызы бар, Шал ақын ауданында тұрады, Әскендір (балалары Ерден, Берден, немерелері Нұржан мен Бауыржан), Есентемір (балалары: Қабдолла, Баймолда, Жақсылық, немерелері: Сапар, Жандос, Сабыр, Абзал), Ережеп (баласы Кәдірбай, немерелері: Тілеуқабыл, Жанқабыл), Ношан (баласы Кеңес), Бәйзібек (Сәтенов Ерсіннің нағашы атасы, ашаршылық жылдары Ақтөбе жақтан біздің ауылға көшіп келген) сияқты аталарымыздың таңның сәріден күн батқанға дейін бір тостаған айран мен бір үзім қара нанды талшық қылып, қол айырмен колхоздың мая - мая шөбін үюі, атқа жегілген лабогрейкамен егін бастырулары, ерен еңбектің үлгісін көрсетуі біз үшін ертегі сияқты.

Міне, соғысқа дейін ауылдастарымыз өзінің қажырлы еңбегі мен күреске толы өмірін социализмнің ірге тасын қалауға жұмсаса да, оның жарты ғасырға жуық қана өмір сүретінін білген жоқ, сол социализм үшін жанын қан майданда пидә еткендердің, өзі жақында оның құрбаны болатынын сезбеді.

## **8. «Бұғауланған Бостандық»**

Өткен ғасырдағы саяси қуғын - сүргіннің себептері туралы аз жазылған жоқ. Солай бола тұрса да, тарихи тағылым үшін жас ұрпақ мұны білуі қажет. Кеңестік дәуірдің 30 жылға жуығын басқарған И.В. Сталиннің саяси, әскери билікті өз қолына жинақтай отырып, XX ғасырдың 20 жылдарының аяқ кезінде «Кеңес үкіметі социализмге ілгері басқан сайын таптық күрес күшейе түседі», - деген қате теориясы саяси қуғын - сүргін жүргізуге негіз болды. Бұл теория кеңес үкіметінің құрамына күшпен енгізілген ұлттардың озық ойлы, алдыңғы қатарлы көшбастар ұлдарын қырғынға ұшыратуға, бас көтерер азаматтарынан айрылған халықты оңай басқаруына мүмкіндік берді. «Халық жауларына» қарсы күрес ашу, оларды анықтау, іздестіру жұмыстары Қазақстанда ерекше жағдайда жүргізілді. «Атқа мінерлерлер», «шолақ белсенділерден» ауыл - ауылда, «шаш ал десе, бас алатын» тыңшы топтарға еркіндік берілді.

1934 жылғы 10 шілдедегі Орталық Атқару Комитетінің шешімдеріне сәйкес «Ерекше кеңестер» құрылып, жаппай қырғын - сүргінді жүргізуге «үштік», «екілік» деп аталатын қауіпсіздік комитетінің тікелей ықпалында болған жазалау ұйымдары қатысты, олар сол кездің заңдарын белшесінен

## *Нәсиев Қажымұрат*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Ұлттық орталығына

басып, әшкерлеу шараларын жүргізе бастады. Қуғын - сүргіннің шарықтау шегі 1937 - 1938 жылдарда өз межесіне жетті.

1937 - 1938 жылдың қара - түнек зобалаңы Бостандық ауылына қыркүйектің 20 - сында келді. Ең бірінші болып, Сағындықов Мағаз тұтқындалса (балалары Қилаж бен Болат), 25 қыркүйекте Бостандық ауылдық кеңесінің төрағасы Қарабатыров Қалимолла тұтқындалды.

Соғыс және еңбек ардагері Мағазов Қилаж ағамыз 1953 жылдан кейін нақақтан жала жабылған өз әкесін және ауылдастарын ақтап алу мақсатында көп қиындықтарды басынан кешіре, кезінде «жеті бүктеліп, жеті рет мөрленген», көп уақыт бойы құпия болған архив материалдарын зерттей отырып, өткен ғасырдың 90 жылдарында облыстық «Ленин туы» газетінде **«Қара таңба кімдерге басылды?»** атты көлемді зерттеу мақала жариялап, саяси - қуғын көрген аталарымыздың ақталып шығуына көп еңбек сіңірді.

Тарихи зерттеу мақаласында Қилаж ағамыз тебірене былай деп жазған еді: «Мен ол кезде 10 жасар бала едім. Сол қаралы 37 жыл менің балалық жадымда күні кешегідей мәңгіге сақталып қалыпты. Көктемге қарай ауылдағы шағын мектептің бір үлкенірек бөлмесінде колхозшылардың жиналысы болды. Халыққа лық толы бөлменің есігінен ауданнан келген уәкілдің: **«Халық жаулары толық әшкерленіп болған жоқ, олар біздің арамызда қаптап жүр. Сондықтан революциялық қырағылық керек»**, - деген сөзін есіктен сығалап тұрған балалар анық естідік. Жиналғандар бұл сөздердің соңынан бір сұмдықтың басталғанын сезгендей уәкілдің қаһарлы сөздерін үнсіз тыңдады. Ауылда НКВД - ның жасырын тыңшылары пайда болды. Ертеректе оларды сыртай ғана топшылаушы едік, енді архив материалдарын көтере отырып, сол тыңшылардың арам істерінен жиіркене, олардың кімдер екендіктері анықталды, бірақ та кейінгі жас буын ауылдастардың бір - бірінен өш алуына жол бермеу мақсатында олардың аты - жөнін атауды қажет деп таппадық», - деп жазған еді.

«... Архивте өз әкемнің, Қарабатыровтың, Махамбетовтың, Әшетовтың «істерін» қарап отырғанда көздерім бұлдырап, буындарым дірілдеп, оқып отырғанымнан түңілгендей болдым. Айыптау қортындысында олардың бәріне «контрреволюциялық ұйымның мүшелері, Жапония шпиондары, кеңес үкіметіне, колхоз құрлысына қарсы әрекет жасаған», - деген жалалар жабылған. Бірақ қандай дұшпандық әрекет жасағаны, Жапонияға қандай құпияларды сатқаны туралы, олардың қылмыстарын дәлелдейтін бірде бір деректі архив материалдарынан таба алмадым.

Тек НКВД тыңшысының Бостандық ауылдық кеңесінің төрағасы Қарабатыров Қалимолла туралы жала - арызы (донос) сақталыпты. Онда: «1937 жылғы 12 тамызда біздің дала бригадасында Қарабатыров Қазақ ССР Халық комиссарлары Советі председателінің орынбасары болған, қазір халық жауы ретінде ұсталған Құлымбетов туралы әңгіме қозғады. Құлымбетов

жақсы адам еді, бірақ қолға түсті, жақында Қазақстанның барлық

басшыларын «троцкиші» деп айыптайтын шығар деді ол», - деп НКВД - ға жазылған жала хатты ғана таба алдым» - деп Қилаж ағамыз өзінің естелігінде жазған еді.

Сол кезеңдегі «халық жауы» болып, НКВД - нің түрмесіне түскен кез келген апталдай қайсар азаматтар жендеттердің адам түршігерлік және төзгісіз қинау әдістері мен айла - шарқына ұзақ уақыт төзгенімен, аштық пен ауыр дене жарақатын алғаннан кейін, ессіз - түссіз жағдайда, кеңес үкіметінің жауымын, колхоз құрлысына қарсы әрекет еттім, «Жапонияның шпионымын» деген айыптауларға қол қоюға мәжүбір болды. Осылай күштеу әдісімен Қарабатырұлы Қалимолланы, Сағындықұлы Мағазды, Махамбетов Әбікейді 2 - 3 ай түрмеде ұстап, «жапон шпионы, кеңес үкіметіне қарсы болғандары жөніндегі айыптарын» мойындатқан.

Осыдан кейін аудандық НКВД аудандық партия комитетіне, облыстық НКВД - ге ақпарат жіберген: «Бостандық колхозының председателі Әшетов Мұқанмедия, ауылдық кеңестің төрағасы Қарабатыровпен келісіп, Кемерово қаласында тұратын 8 ірі байды колхозға алған. Контрреволюциялық топтың басшысы, Жапония барлау қызыметімен байланысы бар, бұрынғы ірі бай Әбікей Махамбетов тұтқынға алынды.

Әшетов пен Қарабатыров бұрынғы бай Беккенин Ескендірді, бұрынғы молда Айтқожин Құсайынды, атқамінер Жақыпов Жақияны колхозда ұстап отыр. Бұрынғы байлар Махамбетов Әбілмәжінге, Мұстафин Кәрімге, Жүсіпов Әубәкірге, Рахметовке жалған анықтама берген. Әшетовтың өзі де бай баласы» ( **Қ.Мағазовтың архивтен алған материалдарынан**).

Бұл жерде келтірілген архив құжаттарын кеңірек түсіндіре кететін болсақ, **Әшетов Мұқанмедия** біздің ауылдың тумасы емес, көрші Талапкер ауылының азаматы болса керек, шамамен 1936 - 1937 жылдары ең қауіпті жылдары «Бостандық» колхозын басқарған. **Махамбетов Әбікей, Сағындықов Мағаз және Қарабатыров Калимолла** ұсталған соң, М. Әшетовты партиядан шығарып, басқармалықтан түсірген. Өзіне жабылған жаланың өтірік екендігін дәлелдеу және партияға қайта кіру мақсатында Мұқанмедия Әшетов облыстық партия комитетіне шағым түсіреді. **1938 жылы 7 наурызда** шағымын қараған облыстық партия комитетінің отырысында Әшетовты ақтаудың орнына, қайтадан айыптап, контрреволюциялық әрекеті үшін сол жерде тұтқындайды. Сөйтіп, 1938 жылы 30 қыркүйекте небары 30 жасында атылып кете барады (келтірілген деректер Қ. Мағазовтың архив құжаттарына негізделген газет мақаласынан алынған).

Нақақтан жазаланған **Қарабатыров Калимолла** менің әкем Нәсидің ағасы. Қарабатыр атамыздың кіндігінен үш ұл, бір қызы тараған екен. Үлкені Калимолла, одан кейінгі Қайролла және Зейнеп апамыз, ең кенжесі әкей Нәси

## *Нәсиев Қажымұрат*

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі

1910 жылы туған (шын аты Нәсифолла). Атамыз Қарабатыр орта бойлы, қарапайым, ағалары Қуандық пен Ыбрайға еркелеп өскен, момын адам болса керек. Әжем Әнәпия Үшкөл ауылының Самай тұқымының Бұқар – Жантөле – Күнту - Сабаған деген тармағының Шымыр деген кісіден туған екен. Оның Бөкенбай, Шөкенбай, Бораншы деген үш інісі болған. (Бөкенбай деген інісінің баласы Қайырбай біздің өңірден шыққан алғашқы математика ғылымдарының кандидаты, СКМУ - дің профессоры, ұзақ уақыт Петропавл пединститутында, университетте жұмыс істеді). Шөкенбай деген інісінен Сыздық деген баласы, Бағым деген қыз болған, кейіннен Бағым нағашы апамыз Аппақ ауылының тумасы Жайлаукенің Малбағына тұрмысқа шықты.

Нағашы аталарымыз жас кездерінде өте қызу қанды, батыл адамдар болса керек. Сол кезеңде ру, ауыл арасында, келімсек орыстар тарапынан болатын қақтығыстарда ел намысын қорғауда олар алдына жан салмаған. Олардың қызу қандылығын көрсететін кейбір оқиғаларды аталарымыз қызықтап айтып отыратын. (олардың жас кезіндегі тентектігі сондай, ауылдарынан танымайтын жолаушы кісі өткенде, оларды жекпе - жек күресіп белдесуге, не шоқпарласуға шақырады екен, өздері жеңіліп қалған жағдайда жолаушыларды құрметтеп, сыйлы қонақ ретінде шығарып салады екен, егер ешкім ауылдарына келмеген жағдайда, бастарына қалың орамал байлап, тымақ киіп, бір - бірімен жекпе - жекке шығып, іштегі қайнап бара жатқан жастық жалынды шығарады. Мұндай жағдай нағашыларымыздың қияңқылығы емес, бойға біткен энергияны - қуатты шығарудың бір әдісі болса керек). Атам Қарабатырға қарағанда, әжемнің мінезі ашық, тура айтатын, шапшаң кісі болған. Ал әжемнің ағасы Қайролла болса нағашыларына тартқан, батыр тұлғалы еңгезердей денелі, ақ сары кісі болыпты. 1941 жылғы соғысқа дейінгі шыққан кішкентай ХТЗ - ЧТЗ тракторлардың шынжыр табанды доңғалағы сынып қалғанда, көтергіштің орнына, екі қолын сыбанып жіберіп, трактордың алдын бір өзі көтеріп, тіреуіш қойғызады екен, «Қарабатырдың Қайролласына донкрат - көтергіш керегі жоқ» деп құрдастары қылжыңдайтын көрінеді. Әттең не керек, артында ұрпақ қалған жоқ, Москва үшін болған шайқаста ерлікпен қаза болды. Бір арманым Қайролла ағамның басына туып өскен жерінен топырақ салып қайту, ЕНШАЛЛА сол күнге жеткізегер деп тілейміз.

Қалимолла атамыз **1891 жылы туған**. Арабша, орысша хат таныған, сол кезеңдегі түсінікпен көзі ашық, жаңа заманның ағымын ауқымдайтын, ауылдастарына сөйлесе сөзі өтетін, айтқанын екі етпейтін, халықты соңынан ерте алатын азамат болғандықтан, жергілікті кеңес үкіметін басқаруға Қалимолла сияқты адамдар қойылған. Коммунистік партияның сол кездегі кадрлық саясатының ұстанымы еді. Бірақ та қазақтың көзі ашық көрнекті интеллегенция өкілдерінің көзін жою басталған уақытта, олардың

Қарабатыров Қалимолла



Қарабатыров  
Қалимолла  
(1891-1937)

көзқарасына жақын болған ауылдағы қарапайым, бас көтерер, көзі ашық деген азаматтарға тоталитарлық жүйе қырғидай тиді.

1937 жылдың 25 қыркүйегінде нақақтан жала жабылып, НКВД - нің үштігінің шешімімен тұтқын - далып, атылды. Қайран ағамыздың сүйегінің қай жерде жатқанын осы күнге дейін біле алмадық, жаны жәннәтта болсын. 1958 жылы ғана Калимолла ақталды. Балалары: Калимулин Мұханмадия, қызы Дүйсембина Дарифадан тараған немерелері мен жиендері Қызылжар қаласында тұрады.

«Үндеместердің» архив құжаттарында «Бостандық» колхозындағы «халық жауларын» іздестіру барысында табылған 8 ірі бай деп отырғаны, байлар емес, ұжымдастыру жұмысының алғашқы кезеңі, яғни күштеп артельдерге, ТОЗ - дарға (бірігіп жер өңдеу серіктестігіне) кіргізу басталған уақытта, әрі ұжымдастырудың мәнін түсінбеген және оған шын мәнінде кіргісі келмеген Махамбет ауылының ауқатты ғана шаруалары еді. Олар өзінің аздаған ұсақ малдары мен жылқыларын айдап тез арада «ішке» Россияның Кемерово облысына қоныс аударады.

Қазақ жерінде «**Кіші Қазан төңкерісін**» жасау мақсатында Голощекин «аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген ұранмен жар салса да, жергілікті шала сауатты «атқамінерлер» халықтың қолынан күшпен, азғантай малдарын сыпырып ала бастады, керісінше асыра сілтеу шектен шықты. Бұл көрсоқыр саясат Қазақстанда жаппай аштықтың басталуына себеп болды. Аштық зардабын тартып көшкен қазақтарды көрші Ресейдің жергілікті өкімет органдары кері қайтаруға күш салды, себебі жергілікті халықтардың өзі де аштықтың зардабын тартып, көрші Ресей облыстарының басшылықтарына қосымша қиындықтар тудырғаны тарихтан белгілі. Махамбет ауылының тұрғындарының көпшілігі барған жерлерінде көп тұрақтай алмай елге оралып, туыстарына қосылуға бекінді.

Елге ашып - арып келген ағайындардың жағдайын көрген ауылдық кеңестің төрағасы **Қарабатыров Қайролла** колхоз басқармасы **М.Әшетовпен** келісе отырып, колхозшылардың жалпы жиналысында оларды бірауыздан «Бостандық» колхозына мүшелікке алған. Қолдарында қалған азын - аулақ малын ортақ колхоз малына қосқан. Колхоздың материалдық базасын нығайтуға бағытталған және ағайындарға жасаған қамқорлықтары үшін «халық жауы» ретінде жазаланатынын қайран аталарымыз қайдан білсін.

Саяси қуғын - сүргін жылдары жоғарыдан арнаулы тапсырма болды ма, «халық жауын» жергілікті НКВД адамдары қолдан да құрастыра бастады.







Серікбай біздерден бірнеше жас үлкен болса да, бізбен бірге ойнап, ауыл балаларының атаманы болатын. Тәшенов Әскер екеуі «атамандыққа» таласып, талай төбелесті ұйымдастырушы болғандардың бірі еді. Сонымен қатар Серікбай бала кезінен атасының жолын қуып «жас молда» атанып, қасиетті Құран хадистерін жатқа айтушы еді. Әңгімешіл, өте зерек болатын, бізді жинап алып құран хикаяларынан Дәуіт, Сүлеймен пайғамбарлар туралы әңгімелер айтқанда ауызымыздың суы құрып, таңдана тыңдайтынбыз, бірақ Серікбай ілгері оқи алмады. Кейін елден Павлодар жаққа көшіп кетті, артында қалған ұрпақтары сол жақта орналасып қалды.

Керісінше, Серікбайдың әкесі Ғалымжан өте қарапайым, еңбекқор, қой аузынан шөп алмайтын, аңқаулау, момын адам болатын. Ауыл арасында ол ағамыздың аңқаулығын аңғартатын әңгімені бала кезден естіп өстік. 1941 - 1945 жылдары Отан соғысына қатысып, жаралы болғаннан кейін елге оралған Ғалекене ауылдастарының «...соғыста қалай жараландыңыз, елге тез оралдыңыз ғой?» - деген сұрағына, « Е... оның себебі де бар, ол былай болды, соғыс уақытында шабуылға шығар алдында окопта жатқан біздерге немістер автоматтарынан оқты аямай шытыр-бытыр атып жатыр, бір аяқ, бір қолды көтеріп біз жатырмыз, ебін тапқандар келіп, ебін таппағандар соғыста қалып жатыр» - деп, бүкіл жұрттың көзінше айтатын көрінеді. Сонда жақын жеңгелерінің бірі - Жаңыл әжей (Хасенов Мұраттың әжесі) «Обай, соғысқа қайта алып кетеді, үндеме, үндеме, үнінді шығарма, аузыңды жап», - десе де, әлгі айтқанын қайталай беретін көрінеді. Кейіннен қылжақпас құрдастары Ғалымжан ағамызға «шытыр - бытыр» деп ат қойған көрінеді.

Приишим аудандық НКВД - нің 1937 жылы «халық жауларын» іздестіру барысында Қарабатыров Қайролланың ісі бойынша облыстық басшыларға жіберген жала ақпаратта Қарабатыров **атқамінер Жақыпов Жақияны колхозға алды деген дерек келтірген, бірақ бұл дерек нақты емес сияқты.** Біздің ауылда сол қуғын - сүргін оқиға кезінде Жақия деген менің атам ғана Бостандықта тұрды. Оның аты - жөні **Көшімбаев Жақия** еді, оның **Шәріп және Тоқаш** деген немере ағайындарының фамилиясы **Жақыпов** болатын. Қарабатыров Қайролланың қарындасы Зейнеп апамыз Жақия атамның жиені Құлатаев Есентемірге тұрмысқа шыққан еді. «Шолақ белсенділер» Қарабатыровтардың Жақия атама құда болып келетін біле отыра, содан ілгек тауып, қайткен күнде де Қарабатыров Қалимолланы «халық жауы» деп, қаралауға күш салады.

Шын мәнінде, Жақия атам кеңес үкіметі орнағанға дейін және «жаңа экономикалық саясаттың» жылымық кезінде, ағасы Қасейінмен бірге сауда - саттық жасап, жанұясын, жетім - жесір ағайындарын асырау үшін Қызылжар Қорған, Түмен, Омбы қалаларына дейін, сол кезеңдегі аты шығып тұрған Қоянды, жақын маңда орналасқан Болотнай жәрменкелеріне кіре тартып, сауда керуендерімен қатынасқан. Ағасы Қасейін атамыздан осы күні артында

## **Нәсиев Қажымұрат**

қалған ұрпақтан тек қыздары: Мағрипа, Күлпан, Гүлмәдияннан жиендері бар.

Олардың бірі: Нұртаев Аманжол Алматы ауылшаруашылық институтын бітірген, мамандығы зоотехник, көп жылдар бойы кеңшар, аудандық деңгейде шаруашылықтарды басқарды. Қазір зейнеткер, ал Құрмантай көп жыл бойы Бостандық ауылында механизатор болып еңбек еткен, қазір Қызылжар қаласында тұрады. Екеуінің де ұл - қыздары бар.



**Көшімбайұлы  
Жақия (1884-1965)**

***Бостандық колхозының ең алғашқы мүшелерінің бірі, колхоздың дала жұмыстарына, егін егін себуге және жинауға жауапты бригадирі болған (алғашқы агрономның қызметін атқарған).***

Кеңес үкіметі тұсында сауда - саттыққа тиым салынғаннан кейін, алғашқы артель, ТОЗ (жерді бірігіп өңдеу бірлестігі) ұйымдастыру, одан кейін «Бостандық» колхозы құрылған кезде арнаулы білімі болмаса да, көргені көп, тоқығаны мол, атамыз Бостандық колхозының жерін жырту, егін егу жұмыстарын басқарған ( агрономдық қызмет). Соғыстан кейін көп жылдар бойы ауылға почта

тасыды.

Сонымен қатар, соғысқа дейін де, соғыстан кейін де өмірінің соңғы кезеңіне дейін (Құсайын молда қайтыс болған соң) атам ауыл молдасы болды. Ораза, айт кезінде атамның кішкентай екі бөлмелі үйіне кешкілік намазға, тарауыққа жиналған аталарымыз бен әжелеріміз симай кететін. Біз балалар есіктен сығалап, алыстан Жақия атамның қоңырқай құлаққа жағымды, әсем әндетіп айтқан «Әлбидағын» тыңдайтынбыз. Атамның «Әлбидақты» айтқан әсем үні осы күнге дейін жадымда сақталған. Аталарымыз Айт намазын ауыл маңындағы зиратқа жақын орналасқан ағаштың жанындағы көк майса жайқалған шөпке жайнамаздарын төсеп жіберіп, салтанатты түрде өткізетін. Жақия атам қатар - қатар сап түзеген аталарымыз бен әжелеріміздің ең алдында қол бастаған командир сияқты саптың алдында тұратын, балалық көңілмен оған мен басқа балалардың алдында масаттанып қалатынмын. «Жауынгерлік атеизм» қаһарына мініп тұрған заманда қасиетті дінімізді уағыздап, ауылдастарымыздың үмітін өшірмей халқымыздың болашақта ата - баба ділі мен діні және тілімен толық қауышатынына сенім ұялатқан абзал аталарымызды неге ұмытамыз.

Атамның бірнеше ер балалары жас кезінде қайтыс болған екен, тек қыздары **Бәдіғұлжамал (Бәткен)** мен Орынбасар ғана тірі қалған. Ержетіп қалған қызы Орынбасар 1946 жылы көрші Қосағаш (Новомихайловка)

**ЖАЛМАҚА**

селосында орысша оқып жүргенде, кенеттен қайтыс болады, жылап еңіреп отырған **Күлшай** әжемнің етегіне он айлық болған мені салған екен.

Жетінші сыныпты бітіргенше, мен атамның атында Жахин болып, әке - шешені ата - ана деп есептемедім. Атам мен әжем мені өте еркелетіп өсірді. Әжем түбі Атығай руы, қазіргі Шал ақын ауданындағы Мектеп ауылынан. Туыстан інісінің балалары Бопанов Мейрам мен Мейманның ұрпақтары Шал ақын ауданындағы Приишим кеңшарында қоныстанған, екінші інісінің қызы Гүлзайра тәтемнің балалары Аққайың ауданының Ленино ауылында тұрады. «Ұлы Отан соғысы кезінде танкист болған екі інімнің екеуі бірдей 1943 жылы Курскі түбіндегі Прохоровка селосының маңында болған танк шайқасына қатысты. Екі жақтан 1,5 мыңдай танк қатысқан осы аса ауыр шайқаста інілерім жау танкісі «Тигрді» тарандап, ерлікпен танктің ішінде күйіп кеткен еді», - деп әжем көзіне жас алып, еске түсіріп отырушы еді. Әжем талдырмаш келген, көркем, аққұба өнді, көзі көк болатын, басынан ақ бәтестен тігілген орамалы мен кимешегін тастамаушы еді. Мен бет әлпетім жағынан ( көк көз, сарылығым) әжеме тартқанмын. Ауыл балалары мені кішкентай кезімде «көккөз» деп мазақтайтын, бірақ та оларға мен бой бермей «нағыз қазақтар сары, көккөз болған, мен нағыз қазақпын, ал сендер қайдағы бір моңғол мен қалмақтың араласуынан пайда болғансыңдар» деп өздеріне қарсы пікір айтатынмын. Кей кезде немерелеріммен отырып, оларға қайран балалық шағым туралы естелік айтқанда, әжемнің ересек балалардан мені қалай қорғағаны (әсіресе өзіммен тетелес бөлем Аманжол Нұртаевпен жиі шекісетінмін, оның менен бірер жас үлкен болғандықтан ба, әрі ірілеу, қара күші көп болды ма, жекпе - жек тайталасқа келгенде мені жеңіп кететін, бірақ та мен бойымның кішілігіне қарамай өте шақар болдым, аянбай төбелесетінмін, көбіне қолыма не түссе сонымен ұрып, оны қан қақсатып жеңетін уақыттарым да болатын), еркелеу болғандықтан ба, көбіне онша таяқ жемесем де «Аманжол ұрды» деп жыламсырап үйге келем. Балалық құлығымды онша түсінбеген әжемнің «Қажентайыма қайсың тидіндер, сен бе Аманжол, бәлем қолыма түсерсің» деп ұмтылған әжемді көре сала батырсынған дәу Аманжол зәре - құты қалмай қаша жөнелетін. «Ана - күрке тауықтай шырылдап, балапанын қорғаған» әжемнің бейнесі осы күнге дейін көз алдымнан кетпейді, жиі есіме аламын, өз - өзімнен босандық та танытып, көзіме жас үйіре жыламсырай күлімсірегенімде немерелерім қызық көріп, кейде аң - таң болады. Немере үшін ата - әженің орны бөлек қой, әкесі және шешесімен қатар ата - әжесінің үйлескен тәрбиесін көрген ұрпақ нағыз адам болатындығын, шіркін бүгінгі келін - балалар түсінсе, нұр үстіне нұр болар еді. Бүгінгі күні өз қарақан басын күйттеп, «шудан басым ауырады» деп немерелерінен аулақ тұратын, анда - санда ғана немерелерін көретін ата - әжені ата - әже деуге бола ма? Немесе, ата - анасынан бөлек тұруға бекінген келін - бала болашақта ұрпақ тәрбиелеуде ұтыларын білер ме екен. Қазіргі

## *Нәсиев Қажымұрат*

жаһандану заманында, ата - баба дәстүрін ұмытып, мәңгүрттікке бой алдыра

жаздаған ұрпаққа бұлай айтуым жарамас та, бірақ ата - әже деген қасиетті ұғымды бойына сіңірген біздер үшін ата - әженің орны бөлек қой.

Менің Жақия атам ұзын бойлы, кең иықты, қапсағай денелі ірі адам болған, түбі Балтаның Бексейіт - Маман тармағы, одан Тұрлығұл, Жанторы, Байторы тараған. Тұрлығылдан Баянды одан Көшімбай, Көшімбайдан нағашы аталарым Қасейін, Жақия туған. Ет жақындары Тұрлығылдан тараған Дубровино селосындағы Жүсіпов Омардың балалары, Арқалық селосындағы Нұрқанның баласы Елеместің Аманайы және Бексейт ауылында тұратын Жанторыдан тараған Жантастың баласы Қаһарманның Ерсайыны. Кезінде шын мәнінде кіре тартып, керуен айдағаннан ба, әлде арабша хат танып, молдалық құрып, өңірдегі белгілі көзі ашық, сол кезеңдегі біздің өңірдегі оқымысты адамдармен көп араласқандықтан ба (**Шоқаев Ғабдолла, Үмітбай молла, Ахметжан молла**) 1950 - 1960 жылдары облыс көлеміндегі қазақ ауылдарына атамның есімі жақсы таныс болды. Алыс ауылдардың қарт кісілерімен кездесіп, өзімді таныстырғанда әкемнің атын атамай, тек атамның атын атайтынмын, сонда әлгі қарттар «.. иә білеміз, Бостандықтағы молда



*Құлатаев  
Есентемір (Жақия  
атамның жиені)*

**Көшімбайдың Жақиясының баласысың ғой**, атаңа тартсаң кісіге жақын, қайырымды боласың, атаң сияқты үлкен молда бол», - деп атамды ілтипатпен еске түсіретін. Үлкен қариялардың айтқаны келді ғой, мен жаңа заманның молдасы болдым, бүкіл 46 жылдық өмірімді ұстаздық қызметке арнадым.

Атам қазақтың дәстүрі мен дінін қандай қиын уақыттар болса да сақтап, халық арасында, ағайын арасында туыстық қатынастарды берік сақтауға барынша күш салған. Қасиетті Құран – Кәрімді бірнеше аударған, құран хикаяларын оқығанда, беріле жылап отырғанын, талай көретінмін.

Көксау еліндегі жездесі Құлатай қайтыс болып, жиені Есентемір жетім қалғанда елге көшіріп әкеліп оларды тәрбиелеп өсірді, үйлендіріп, үй қылды.

Ер баласы болмағандықтан жиені Есентемірдің ең кіші баласы Жақсылықты 7 - 8 жасқа келіп қалса да, баурына басып менімен бірге тәрбиеледі, үйлендіріп ел қатарына қосты. Әттең не керек, ағам Жақсылық мүшел жасы қырқ тоғызында, ерте о дүниелік болып кетті, көп жыл бойы Бостандық ауылында белді механизатор болып, еліне еңбегі сіңген еңбекқор ағам еді. Мінезі өте жуас, қарапайым, кішіпейіл адал адам еді, маған ағалық қамқорлығын аямайтын. Құдай қосқан жары Раушан жеңгеміз ағамыздың шаңырағын сақтап, ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере сүйіп отыр, оған да шүкіршілік етеміз.

Ағайындары Жақыпов Тоқаш және Шәріп 1941 - 1945 жылғы соғыста хабар – ошарсыз кеткен уақытында Жақия атам келіні Уәзипаны қамқор -



лығына алды, біз қалқиып ер жете бастағанда бізге де Уәзипа апаның үй шаруашылығына көмектесуді қатты тапсыратын. Жиені Есентемірдің баласы Баймолдаға Уазипа апаның немере сіңілісі Сағынайды арнайы айттырған, атамның сондағы мақсаты - жалғыз қалған Уазипа келініне сіңлісін жақындату, Түшке Бірлікпен (Уазипа апамыз Есіл бойындағы Бірліктен болатын) қайтадан сүйек жаңғырту болды. Жиені Баймолда үй болғанда, соғыстан кейінгі жылдардағы тұрмыстың ауыртпалығына қарамастан, жас шаңырақтың босағасына жалғыз сиырының төлі (ол кезеңде бір үйде бір сиырдың болуы қалыпты жағдай еді) ұрғашы тайшаны бізге жетектетіп апарып байлатып, жас отаудың іргесін қалаудың рәсімін жасауы менің осы күнге дейін көз алдымда. Шіркін, сол кездегі ауылдағы атадан қалған дәстүрлі ағайыншылықты айтсаңшы, өзіндегі аз дүниені ағайынмен бөлісу, бірінің қуанышы мен қайғысына ортақтасу – үлкен адамгершілікті көрсететін көрсеткіштер еді. Ағайындардың бірінің үйі бірімен, ортақ қора - қопсы арқылы жалғасып жататын. Кілт деген үйге салынбайтын. Кейде өткенді еске түсіріп, қайран сол ағайыншылық, жанашырлық бүгінде тұрмысымыз түзелген, тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк, уаймымыз жоқ, жайма - шуақ заманда қайда кеткен, ата - бабамыздың сан ғасырлар бойы ұрпақтан – ұрпаққа беріліп, ұлттық бірлігіміздің нығаюының басты тірегі – салт - дәстүріміз бен ұлттық қасиеттерімізден мынау жаһандану заманында біртіндеп айырылып қаламыз ба деген қорқыныш - үрей де туғызады.

Атам Жақияның адамгершілік қасиеттерін, заманның қиындығына қарамастан дін жолын берік ұстап, көрші - қолаңға, ағайын - жұртқа қамқор болған өнегелі дәстүрін өзім де жалғастыра, өсіп келе жатқан балаларым мен немерелерімнің бойына сіңдіруге тырыстым. Атамның өнегелі өмірін жалғастырсын деп, әрі мен кезінде, қолында тәрбиеленсем де, атын ала алмағандықтан (жетінші сыныпты бітіргенше Жахин болып жүрген едім, кейіннен тууы туралы куәлікте Нәсиев болып жазылғандықтан атамның атына түсе алмадым), сол кемшілігімнің орнын толтыру үшін немереме, кіші балам Сырымның ұлына қасиетті Жақия есімін бердім.

Жақия атам сияқты ауылымызда қазақтың аса құнды ағайыншылық дәстүрін сақтаған аталарымыз көп еді. Алыс та болсын аталас ағайындарына қамқорлық жасап, жетім қалған ағайындарын асырап өсірген Малдыбаев Нұртай (Аманжол мен Құрмантайдың атасы), Жанғұлдың Сақиғы (Мереке), Сүттібайдың Уәліі (Уәлиев Жақсылық Сәтенұлы) сияқты қамқор аталарымыз болған.

Біздің ауылға қатысты тарихи мұрағатта сақталған құжаттарда аты аталған тағы бір есімдер: **Махамбет ауылының азаматтары Мұстафин Кәрім, Махамбетов Әбілмәжін және Әбікей**. Махамбет балалары кезінде өсіп - өнген тұқым болғандықтан ауылдың аты солай аталған. Орыс патшасы билеп тұрған заманда рулар арасында болатын жер дауы бойынша, ауылдың намысын қорғау жолында Махамбеттің немере туысы Байзақ намысшылдығымен, батылдығымен көзге түссе керек. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде Атығай – Қарауыл руларына үстемдігі жүріп

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Тұрғындар және Мемлекеттік Ішкі Істері*

тұрған, патша үкіметінен подполковник атағы мен оқалы шен-шекпен киген Зілғараның Әлібегі мен Тұрлыбегі Керей балтаның Мырза балаларының қоныстанған жерлерін тарылтып, Есіл өзені жағалауынан мал жайлымын шектей бастаған. Мыңыраған бай, бір өздеріне 1,5 мың жылқы біткен Зілғара тұқымы шөбі шүйгін мал жайлымы үшін маңайындағы елдерге үнемі қоқан - лоқы көрсетіп отыруы сол заманның қоғамдық - экономикалық қажеттілігінен туындайтындығы белгілі.

Зілғараның Әлібегі жөнінде әртүрлі тарихи пікір баспасөз бетінде айтылып та жүр. Әлібектің батырлығы, шешендігі, кісілігі жөнінде кезінде Шоқан, Біржан, Ақан серілер де айтқан екен. Ал атақты Орынбай ақы Әлібек туралы «Атығай, Қарауылды жауға бермей, намысын алып жүрдің талай жерден» деп жырлаған. Белгілі музыка зерттеушісі, композитор Ілия Жақанов Әлібек пен Біржан салдың достығы туралы зерттеу еңбегінде «ол бедел мен сұсты, кісілік пен рақымшылықты, кеңдік пен тәкәппарлықты қатар ұстаған», - деп жазған екен.

1994 жылы Көкшетау өңіріндегі Рузаев аудандық мамандандырылған шаруашылығына Әлібек батырдың аты беріліпті. Осындай даңқы бар, батыр да беделді, төрт момын деп аталатын Атығай, Қарауыл, Керей, Уаққа аты жайылған Әлібекке қарсы тұра білген, оның тәкәппарлығы мен менмендігін басып және ақылдылығы мен кеңдігін пайдалана, қандас - ауылдастарының жоғын жоқтаған Байзақ атамыз туралы кейінгі ұрпағына жеткізу біз үшін парыз. Қазақтың талай батыр да асыл тұлғалы ұлдарының есімі тарих қойнауының терең шыңырауында жатыр, тек сол тарих шыңырауынан олардың есімін алып шығып, тек бір - біріне қарсы қоймай және де кемітпей, олардың асыл қасиеттерін жас ұрпақ бойына сіңіру қажет.

Орыс патшасының үкіметі қазақ қауымының арасындағы талас - тартысты өршітіп, ұшықтырып отырған. Міне, осындай жер үшін болған бір таластан кейін Байзақ бабамыз Зілқара балаларынан өш алып, мұқату үшін олардың сол өңірде алдына жылқы салмайтын, атақты бәйге атын қолға түсіруді ойлайды. Қазіргі жастар бәйге атты ұрлағанда не түседі, солай мұқатуға бола ма деп ойлауы мүмкін. Бірақ та ол заманда қазақтың кең даласында «аузымен құс тістеген» жүйрік жылқы десе ішкен асын жерге қоятын, жылына 60 түлкі ұстайтын қыран бүркіті бар, құралайды көзден ататын берен мылтық ұстайтынын нағыз сал - сері саятшыны мұқатудың бірден - бір жолы - олардың маңдай алды ең жүйрік бәйге атын алып кету еді. Ауылдастарын жинап, атты кім алып кетуге барады дегенде, Айтқұл деген атамыз сұранып шығады. Айтқұл барымташылықпен айналысып жүретін, ел мен ел арасында болған қақтығыстарға қатысып жүрген, жүрек жұтқан әккі адам болса керек, ол аса шебер ептілікпен, бір түнде бәйге атты алып шығады. Айтқұлдың айтуы бойынша Зілғара балалары бәйге атын түнде кісендеулі, кісі көзінен жасырын ұстайды екен. Кеш болғанда Айтқұл жалғыз



өзі, ешкімді ертпестен, іңір қарағысында ауыл адамдары малдарын жайлап, абыр-сабыр болып, ірілі - ұсақты малдарын қотанға кіргізген уақытта, бәйге аттың қауіпсіздігіне жауапты болатын Тұрлыбектің үй ішіне байқатпай кіріп кетеді. Жасырына отырып, үйдегі әңгімелерді естиді. Тұрлыбек жатардағы әдетінше бәйге атқа салатын кісен кілт қоятын орнына қойылды ма, жоқ па деп бәйбішесінен сұрайды. Көктен тілегенін жерден бергеніне қуанған Айтқұл түннің біраз уағы болып, үй иесі қалың ұйқыға кеткеннен кейін, жасырынған кілтті әккілікпен білдіртпей алып шығады. Кілт қолға тиген соң, жылқы қорасынан бәйге атты алып шығып, ел қайдасың деп, тартып отырады. Қандай ептілік десеңші, ауылдың бір итін де үргізбей, шу шығармай, қарсыластарын тақырға отырғызып кеткен екен. Таңертең бәйге аттың жоқ болғанын көрген жылқышы, үй иесін шошытып оятады. Намысы тапталып, қаһарына мінген Зілқара тұқымдары бәйге атты кім алып кеткенін білмей аң - таң болады.

Арада көп уақыт өтпей, бәйге атының қайда екендігі жөнінде, кешегі жер - шабындық үшін таласып жүрген көрші Керей - балтаның Мырза ауылынан хабар келеді. Келісімге келейік, жер үшін таласты қояйық, бәйге атын алып кетсін деп хабарлайды. Артынан бас болып Тұрлыбектің өзі бірнеше шабармандарымен келіп, күшпен бәйге атты алмақшы болады. Бірақ, тентек, батырсынған Тұрлыбектің өзін қақтығыста Байзақ аттан аударып, байлап тастайды. Бірнеше күн байлауда отырған Тұрлыбекті іздеп Әлібек келеді. Қақтығыстың шиленісіп бара жатқанын түсінген ақылды Әлібек, Байзақтан күшпен туысын, бәйге атын ала алмайтынын білген соң, жер дауын шешуге уәде береді. Байлаудағы Тұрлыбекті босатып және бәйге атын алып қантөгіске бармай, Әлібек еліне қайтады. Қанша аты - шулы болса да Зілғара тұқымы Байзақ атамыздың қаһарынан тайсалды ма, әлде сол кезеңдегі алдағы болатын болыстық сайлау алды таласта бұл қақтығыстың әсері өздеріне ұпай бермейтінін түсінді ме, тез бітімге келген дейді көне көз қарттарымыз.

Байзақ атамыз батыр тұлғалы, өте ірі кісі болған, таңдап мінген ең ірі жылқыға жайдақ отырғанда екі аяғы жерге азақ тимей салбырап тұратын болған. Қолына ұстаған құрығын кейбір әлжуаз жылқышылар көтере алмайтын, онымен асау жылқыны өзі ғана құрықтайды екен.

Байзақтың немере інілерінің бірі **Мұстафин Кәрім** кезінде тәркілеуден қорқып өз ағайындарымен, інісі Кәкіммен «ішкі» жаққа Ресейдің Кемерово, Барнаул, Белоярскі қалаларына қоныс аударған болатын. Олармен бірге көрші ауылдардан түбі Бексейіт руының Маңыбайұлы Мұқаметқалиінің ұрпақтары (Мәжит, Уәлит, Қабдірәшит), Атығай руынан Құлым қажының Сәдриі, Алаз қажының Есләмбегі бірге болған екен. Кемерово қаласында туысы Махамбетов Әбікейді «халық жауы» деп тұтқындағаннан кейін бірден ел жаққа қайтқан жоқ, зобалаң уақыттың жалыны бәсеңсіген соң Қызылжар

## *Нәсиев Қажымұрат*

~~ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ АЛМАНАХЫ~~

қаласына басқа да ағайындарымен 1950 жылдары сонау Барнаул жақтан зор қиыншылық көріп, ат - арбамен Мәжиттің баласы Бексұлтан, Уәлиттің баласы Зияда және Қабдрәшиттің Сапарбегімен, жиырма күнде екі мың шақырым жүріп аман - есен Қызылжарға келеді. Тек өткен ғасырдың алпысыншы жылдардың аяғында ғана туған ауылы Бостандыққа көшіп келді. Кәрім атамыз өте зерек, арабша оқыған, ауылға көшіп келген соң ауыл молдасының міндетін атқарды. Қызылжар қаласында тұрған кезінде Кәрім атамыздың үйі Бостандық ауылының қонақ үйі сияқты болды. Қызылжарға барған ауылдың адамдары бала - шағасымен үйді босатпайтын («постоялый двор сияқты») Қаншама кісілер қонаға келсе де, үй иесі Кәрім атамыз бен Майра апамыз бір қабақ шытпайтын (Майра Самай тұқымы Дөкетбайдың қызы, Нұғыманов Серіктің нағашы әжесі), жайдары ықыласпен қарсы алып, қою шайын құйып, дастарханында не бар, бәрін де алдымызға тосатын. «Халық жауының баласы» деген айдар таққан немере ағам Мұқанмадияны (Көкүді) сол кездегі жалғыз қазақ мектеп - интернатына қабылдамаған кезде, Кәрім атамыз үйіне қойып оқытқызды. Ағайынның қамқорлығы деген осы. Майра апайымыз сондай сұлу, өте таза, әрдайым ақ бәтестен тігілген кіршіксіз ақ жаулығын басынан бір тастамайтын адам еді. Тіпті басына киген кимешегі де өзін ерекше бір сұлуландырып тұратын. Өте шебер, ісмер еді, ауылдастарымыздың сәнді киімдерін сол кісі тігетін.

Мұстапин Кәрімнің балалары: Нұрқожа (ертеректе қайтыс болған), Нұрқисса көп жыл бойы жүргізуші болып еңбек еткен, қазір зейнеткер, Бикамал жеңгемізбен немерелерін бағып, олардың қызығын көруде. Бір кезде біздермен бірге жеті жылдықты бірге бітірген, кезінде атақты әнші болар ма еді деп үміттенген Бикамал, бүгіндері батыр ана, әже атанды. Анасының әншілік дарыны баласы Қайдарға, қызы Шынарға берілген. Қайдар Астана қаласындағы Күләш Байсейітов атындағы опера және балет театрының белді әншісі, ауылымыздың мақтанышы болса, Шынар Астананың Евразия университетін жақсы бітіріп, магистратурасында оқиды, болашағынан үміт күттіретін ақын қызымыз.

1937 - 1938 жылдардың қанды шеңгеліне жазықсыз ұшыраған ауылдастарымыздың бірі, Төлеп ауылының тумасы - Нұғыман Оранкин болды. Ол 1890 жылы туған, 1937 жылдың 26 шілдесінде Октябрь мектебінің директоры болып жұмыс атқарып жүрген жерінде тұтқындалып, 1938 жылдың 27 шілдесіне дейін бір жыл толық тергеуде жатқан. НКВД - нің үштігінің шешімі бойынша қылмыстық кодекстің 58 - 10 және 58 - 11 баптары бойынша айып тағылған.

Қазан төңкерісіне дейін талай қазақ балаларының білім алған Троицкі қаласындағы «Уазифа» медресесінде оқыған, жан - жақты білім алып, озық ойдың иесі болған Нұғыман, «Алаш» партиясының белді мүшелері болған алдыңғы қатарлы қазақ интеллегенциясы Міржақып Дулатов, Ахмет



Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі

Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев сынды қазақтың сол кезеңдегі бетке ұстар азаматтарымен араласқан болуы керек. Бостандық мектебінде көп жыл ұстаздық еткен ол кісінің қызы Нұғыманова Шайзада тәтейіміз «әкемнің жазған еңбектері «Айқап» журналдарында шықты», - деп отыратын. Солтүстік өңірдің білім саласын дамытуға өзіндік үлес қосқаны үшін алғашқылардың бірі болып кеңес үкіметінің ең жоғарғы марапаттарына ие болған. Нұғыман атамыздың алдынан қазақтың талай оқымысты баласы білім алды.

**2002 жылдың 15 қарашасында шыққан «Солтүстік Қазақстан»** газетінің №96 санында, солтүстік өңірге ғана емес, бүкіл Қазақстанға белгілі журналист - жазушы, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі **Жақсыбай Самрат** «Тұңғыш философ - ғалым» атты мақаласында Тауағаш ауылының тумасы, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби философ Үмітбай Балқашов туралы жазды. Мақаласында осы тұңғыш қазақ философы Үмбітайдың көзқарасының қалыптасуына оның мұғалімі Нұғыман Оранкиннің тікелей ықпалы болғанын айтады Тілеп ауылындағы (қазіргі Есіл ауданындағы Мәдениет ауылы) мектепте сабақ берген ұстазы Нұғыман Оранкин туралы Үмітбай Балқашов өз қолымен жазған орысша өмірбаянында: «... в этом мектебе я проучился четыре года у одного молодого мугалима с прогрессивными идеями», - деген жолдарды кездестіруге болады.

Кеңес үкіметінің болашағы - жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, жан-тәнімен жаңа үкіметке қызмет етсе де, Нұғыман Оранкин «Алаш» қозғалысымен байланысы болғандықтан «халық жауы» атанып, жазықсыз жазаға ұшырады.

Бостандық ауылы бойынша НКВД - нің архив материалдарында қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың қатарында Рахметов Емьяман да бар. 1870 жылы Бостандық ауылында туған, Үшкөл ауылында жұмыс істеген азамат. 1937 жылы қарашаның 4 күні тұтқындалған екен. НКВД үштігі Е. Рахметовтың ісін Қ. Қарабатыров пен Әшетовтарды айыптаумен тікелей байланыстырған.

Бүгінгі күні Рахметов Емьяманның туыстары Бексейіт ауылында, Қызылжар қаласында ішкі істер саласында көп жыл қызмет атқарған Бопаш деген немересі тұрады.

«37 жылдың қаһарына» іліккендердің бірі - Тілегенов Сұлтан. Бостандық ауылының тумасы, ол 1891 жылы дүниеге келген екен. 1937 жылдың 27 тамызында НКВД - нің жемдеттері тұтқындап, 1937 жылдың 13 қыркүйегінде ату жазасына кесілген. Артында Тілегенова Шолпан, Тілегенов Есләм деген балалары қалған. 1989 жылдың 27 сәуірінде ақталған деп жазылған. Бұл азамат Аппақ ауылынан Бекбауов Тілеген деген кісінің баласы, ет - жақын туыстары жоқ, тек Ережепов Кәдірбайға бірнеше атадан қосылады.

1937 жылғы саяси қуғынның жалғасы Бостандық ауылының тұрғындарын Ұлы Отан соғысынан кейін де шырмады.

## *Нәсиев Қажымұрат*

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің құрметіне

Мүрсәлімов Хамит деген ағамызды соғыстан оралғаннан кейін, ауылда есепші болып жұмыс істеп жүрген кезінде 1947 жылдың 28 маусымында Солтүстік Қазақстан облыстық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері тұтқындаған, 1948 жылдың 25 мамырында сотталып, бас бостандығынан айырылған. Сондағы айып, немістердің соғыс тұтқынында болуы. Соғыстың алғашқа кезеңінде қаншама кеңес жауынгерлері немістің тұтқынына түсіп, адам айтқысыз азап шексе, елге оралғаннан соң тағы да өз туған жерінде тұтқындалып, екінші рет азап шекті. Фашистік Германиямен соғысқан елдердің соғыс тұтқындары мұндай азапты көрген жоқ, оларды соғыс тұтқыны ретінде құқығы қорғалып, тұтқыннан босатылған соң қайта қамқорлық жасалынды. Тек бізде ғана кеңестік саяси жүйе тұтқындарға қатаң болды.



*Мүрсәлімов Хамит  
(1921-2002)*

1941 - 1945 жылғы Ұлы отан соғысына қатысады. Соғыстың ең ауыр алғашқы 1941 - 42 жылдарында техника күшінің жетіспегенін, батыс аймақтардағы қалаларымызды жаудың басым күші бірінен соң бірін басып алып жатты. Осындай соғыстың қиын кезінде Хамит ағамыз 6 - шы атты кавалерия корпусының құрамында соғысады. Бірде қоршауда қалып, жау қолына тұтқынға түседі. Соғыстан кейін тұтқында болғаны үшін 1947 жылдың 28 маусымында Түркістан әскери округ сотының шешімімен 58 - 1 бап бойынша сотталады. Көп жыл бойы ауылда есепші, ағаш ұстасы болып, зейнеткерлікке шықты. Балалары Рәшид, Шархан, Екпін және одан басқа екі ұл, екі қызынан тараған

ұрпақтары ауылда, Корнеевка, Бескөл селоларында тұрады.

Хамит ағамыз көп қиындықты көре отырып, тек 1999 жылдың 11 қаңтарында ғана ақталды. Оған дейін ол кісіге кеңестік қоғам тарапынан моральді түрде қысым жасалынды. Соғысқа қатысқан майдангер аталарымызға жасалынып жатқан кейбір кішігірім қамқорлық ол кісіге жасалынбады, әртүрлі жүргізілетін салтанатты шерулер мен бас қосулардан шеттеу қалды. Әрине, ауылдастарының бірде біреуі Хамит ағамызға неміс тұтқынында болғаны жөнінде бір ауыз сөз айтып көрмесе де, ағай тұйықталып, соғыстағы өз тағдыры жөнінде көп айта бермейтін. Хамит ағамыз өте қарапайым, адал, тура кісі еді, бір кісімен сөзге келгенін байқамадық. Еңбекқор ағамыз қандай жұмысқа болсын тиянақты, ауылымызда көбіне ағаш шеберлігі бойынша әртүрлі құрылыстар салуға қатысты. Ауылымызда салынған клуб, сегізжылдық мектептің ғимаратында, ағаш үйлердің құрылысында Хамит ағамыздың қолының ізі бар. Кеңес

## *Ауылым – алтын бесігім*

**XX**

үкіметінің саясатынан қаншама зардап шексе де, сол құрлыққа аянбай қызмет етті, зайыбы Зәйкөш апайымызбен бірнеше ұл-қызды дүниеге әкеліп, өсіріп өндірді, немерелерінің қызығын көрді, қартайып барып дүниеден өтті.

Бостандық ауылы өз ұлдарының сталиндік жапа шегу құрбаны болғанын ғана көріп қоймай, сонау ызғарлы соғыс жылдары Шешенстаннан ауылымызға 1944 жылы тағдыр айдап, жер аударылған Израпилов Хамзаттың жан ұясының да көз жасын көрді. Екінші рет репрессияға ұшыраған. Хамзат сол кезде 58 жаста, егде тартып қалған артында Хабибулла, Джавзан, Омар деген балалары болған. Омар деген баласы біздің мектептің төртінші сыныбында оқыған кезде мен екінші сыныпта оқыған едім. 24. 01 1946 жылы сотталып кеткен Хамзат туған елінің топрағына қайта оралмады.

«Халық жауы» атанған ауылдастарымыздың тікелей туыстары қаратүнек кезеңнің зобалаңын қалай бастарынан өткізгенін талай рет әкелеріміз бен ағаларымыздан естіп өстік. Қуғын - сүргіннің негізгі идеологы И. В. Сталин «Әкесі үшін баласы жауап бермейді», - деп ұран тастаса да, «халық жауларының» бала - шағалары ғана емес, алыс - жақын туыстары да беттеріне қара күйе жағылып, қорлықпен, зорлықтан зәбір шекті.

Қарабатыров Қалимолланың екі інісі Қайролла және Нәсиге «халық жауының туысы» деген айдар тағылып, қайда барса да кемісітуге ұшырады, күндіз - түні тыңшылардың назарында болды. Жұрт оларға сенімсіздік көрсетіп, үрке қарады. Сол жылдардағы оқиғаларды әкеміз Нәси: «...жұмыстың ауыры да, қит етсе «жаусың» деген «шолақ белсенділердің» жекуі де, жәбірлеуі де ағайынды Қайролла екеуіміздің жүрегімізге шаншудай қадалатын. Қанша жанымызды салып жұмыс істесек те, оқуға деген ынтамыз болса да, оған қабылданбадық. 1941 жылы соғыс басталғанда «Отанымыздың жауы емеспіз, қан майданда елімізді қорғаймыз», - деп ағайынды екеуіміз майданға аттандық. Ағам Қайролла 1942 жылы Москваны қорғауда ерлікпен қаза тапты. Мен болсам Балтық жағалауындағы Кенигсберг қаласына дейін жеттім. Жеңіс күнін Балтық аралдарының бірінде қарсы алдым. 1945 жылы күзде елге оралсам, әке - шешем, екі жеңгем ауыртпалық пен қайғыны көтере алмай қайтыс болып кетіпті. Соғысқа кеткенде үйде қалған әйелім мен 1940 жылы туып қалған балам Мұқажан нағашыларының қолына барған. Айдалып кеткен Қалимолла ағамнан қалған екі бала Мұқанмадия (Көку) мен Дариха жетім қалған соң ағайындардың есігін паналап жүр екен. 1937 - ші жылдың қуғын - сүргінінен басталған қайғы, соғыс қасіреті, екі ағамнан бірдей айырылу жалғыз қалған маған үлкен соққы болды. Соғыс бітіп, 1958 жылдың 9 қарашасында облыстық сот президиумының қаулысымен ағам заңды түрде ақталса да, 1960 жылдарға дейін қудалаудың, сенімсіздік көрсетудің лебі сезіліп тұрды, ағамның баласы Көкуді облыстық мектеп - интернатына тұл жетім болса да, «әкең халық жауының баласы», - деп қабылдамады, бірақ

## *Нәсиев Қажымұрат*

**Қазақстанның тәуелсіздігі үшін еңбектенгендерге арнайы марапат**

оқуға талпынған баланы қиындыққа қарамастан пәтерге қойып оқыттық», - деп әкей күрсіне есіне алатын.

Көку ағамыз қиындықты көре отырып, онжылдықты бітіріп, әскер қатарында азаматтық борышын өтегеннен кейін жұмыс істей жүре, Орал политехникалық институтын сырттай бітірді, кейіннен Куйбышев атындағы машина жасау зауытында қауіпсіздік техникасы бойынша инженер болды. 1964 жылы Ұмсын жеңгем екеуі отау тікті. Енді бір - екі ауыз сөз Ұмсын жеңгем жөнінде. Жеңгемнің түбі Қыпшақ руынан, Есіл бойындағы Ильинка орыс селосында туса да, бірақ та қазақтың салт - дәстүрін жақсы біліп сақтайтын, өте инабатты кісі, келбетті, қараторының әдемісі дер едім. Қарақаттай қара көзі үнемі күлімсіреп тұратын, бетінде ерекше меңі бар, қолаң шашы тізесінен асып түсетін жеңгемді алғаш көргенімде, ағама жеңгем адал жар болатынын жас болсам да түсінген едім, оным расталды да. Ағам жеңгемізді елге алып келіп, туыстардың көптен күткен арманын орындады, ағасының құлаған шаңырағының қайтадан түтінін түтетіп, жас отау көтерілгеніне әкеміз қатты қуанып, той жасап, үлкен - кішінің батасын алды.

Біздің шаңыраққа алғаш келін болып түскен Ұмсын жеңгемізді барлығымыз да өте жақсы көреміз. Өте сабырлы, қандай қиыншылықты бастан өткерсе де, мойымады, ешкімге дауыс көтермейтін, «үлкенді - үлкен, кішіні - кіші» ретінде сыйлайтын, адамгершілігі мол, қарапайым жеңгем 38 жасында жесір қалса да, ағамды жоқтатпай, шаңырағына ие болып отыр. Көку ағам жастай өмірден озса да, артында қалған екі ұл, үш қызын «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» өсірді. Жеңгемнің бізді бір тамсандыратын қасиеті үйге келген қонақты күтуде алдына жан салмайтын, оның пісірген неше түрлі бауырсағы мен тоқашы, қазы - қартасы, жал-жаясының тұздалуы, жалпы ет тағамдарын баптауы ерекше, ол кісінің қолынан ішкен астың дәмі көпке дейін ауыздан кетпейтін, дастархан жасау мәзірі қазіргі жоғарғы санатты аспазшылардан бірде - бір кем емес еді. Жеңгеміздің қою шайын ішуге бәрімізде ынтық болатынбыз. Үлкен қызы Гүлнәр мен ортаншы қызы Әлиясы жоғарғы білімді педагогтар, үлкен ұлы Марат механик - автотехник мамандығы бар және ең кіші қызы Айгүл әкесі жұмыс істеген Куйбышев зауытында экономист болып еңбек етеді. Ең ерке кенже ұлы Қанаты құрылыс саласында кәсіпкерлікпен айналысады. «Орнында қалған оңалар» деген осы, кешегі жетім қалған «халық жауының балаларының тұқымы» құдайға шүкір, сталиндік озбыр саясаттың салған «ауыр жарасынан» жазылды, ендігі тілегіміз қайтып үрім - бұтағымыз қуғын сүргін заманын бастан кешпесін дейміз.

10 жасынан әкеден жетім қалып, «халық жауының баласы» деген айдардың қиындығын мол көрген **Қилаж Мағазов** ағамыз өзінің сол зұламат кезең туралы «**Тарихты шымқай қара сиямен жазбайық**» деген мақаласында: «... әкем тұтқындалған күні, менің де балалық шағым бітті. Тап



сол күні әділетсіздіктің не екенін түсінгендей болдым. Шешемді колхоз басшылары өзгелер баруға бас тартқан ең ауыр, лас жұмыстарға жіберетін. Өзгелердей бас тартуға ол байғұстың шамасы бар ма, бар ерікті көздің жасына беретін. Ауыр жұмыстан сілесі қатып келген шешемнің пеш алдында екі бүйірін таянып, өз тағдырына өзі налып, еңіреп жылап отырғанын талай көрдім.



*Магазов Қилаж  
Магазұлы*

1940 жылы комсомолға өтуге арыз берсем де, «халық жауының» баласы ретінде оған қабыл - данбадым. Жасым толмай, Ұлы Отан соғысына өз еркіммен бардым, талай рет жауынгерлік медаль, ордендермен марапатталдым, бірақ соғыстан кейін де әділетсіздіктің зардабын тарттым. Әрине, мен қызметімнің өспей қалғанына емес, маған деген әділетсіздіктің қыр соңымнан қалмай қойғанына ренжідім. Өзім сүйіп өскен үкімет тарапынан осындай сенімсіздік анық сезілетін, бұл менің жас өмірімді улап

бітті», - деп жаза отыра, дәл осы мақаласында кеңес дәуірінің халқымызға берген оң өзгерістерін мақтап, «ішіне кек сақтамай» кеңес үкіметін нығайтуға, дамуына белсене ат салысады «тарихты шымқай қара сиямен жазбайық» деген ойды басқаларға айтады.

Қилаж ағамыз Нұрабай ауылы, Мырза Балуан - Барлығының Жанұзақ атасынан тараған, көп жылдар бойы ұстаздық және аудандық, облыстық кеңес, партия ұйымдарының басшылық қызметтерінде болып, құрметті демалысына шықаннан кейін, облыстық «Парыз» клубын басқарды. НКВД - нің архив материалдарын көз майын тауыса отырып, «халық жауы» атанған өз әкесі мен ауылдарыстарын ғана емес, солтүстік өңірдің қаншама азаматтарының ақталуына жағдай жасады. Қилаждың өзінің туған інісі **Сағындықов Болат пен немере інісі Есмұқанов Ғазиздің** жоғарғы білім алып, кеңшар, аудан, облыс, тіпті республика көлемінде партия, кеңес ұйымдарын басқаруға дейін тәрбиелеп өсіргенін ауылдастары жақсы біледі.

Облыстағы жалғыз қазақ мектеп - интернатын бітірген соң, екеуі бірден екінің бірі түсе бермейтін Омбының ауылшаруашылық институтына оқуға түсіп, оны жақсы бітіріп шықты.

Есмұқанов Ғазез ағамыз Соколов аудандық атқару комитетін басқарып, кейін Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы болды. Ғазездің ұйымдастырушылық қабілетінің деңгейін байқаған республика басшылығы оны Қазақстан Республикасының Коммунистік партиясы Орталық комитетінің ауылшаруашылық бөлім меңгерушілігіне, одан кейін

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қызылжар қаласындағы жаңа мешіттің салынуына арнаулы қомақты қаржы бөліп, мұсылман қауымының алғысын, «Қызылжар» мешітінің бас имамы Жахия қажы Ысмайылдан бата алды.**

Көші - қон комитетінің төрағасы қызметіне дейін көтерді. Ел басшылығы Ғазездің елге сіңірген еңбектерін бағалап, қатарынан **төрт дүркін «Құрмет белгісі» ордендерімен** марапаттады. Қазір құрметті демалысқа шықты, еліміздің әсем қаласы Алматыда тұрады.

Ғазездің Серік деген баласы Алматы қаласында құрылыс ісімен айналысатын ірі компанияның бас директоры, **Қызылжар қаласындағы жаңа мешіттің салынуына арнаулы қомақты қаржы бөліп**, мұсылман қауымының алғысын, «Қызылжар» мешітінің бас имамы **Жахия қажы Ысмайылдан** бата алды.

**Сағындықов Болат** ауылымыздың жоғары оқу орындарын алғашқы болып бітіргендердің бірі, Ғазиз екеуі егіз қозыдай бірге жүріп оқыды, бір уақытта үйленді, бір кезеңде туған өлкесінің шаруашылығын көтеруге ат салысты. Болат партия, шаруашылықтың басшы қызметтерінде, Булаев, Бескөл аудандарының партия комитетінің екінші хатшылығын және Солтүстік Қазақстан облыстық ауыл шаруашылық басқармасының орынбасары қызметтерін атқарған. Өте нәзік, ақынжанды бүгінгі күннің сал - серісі десеңіз болады. «Ауыл жыры» деген атпен өлеңдер жинағы жарық көрді. Жуырда 75 жылдық мерейтойын осы солтүстік өңірге белгілі азаматтармен қатар ағайын - туыстарының басын қосып атап өтті. «Дала жыры» деген екінші жыр жинағымен ауылдастарын ғана емес, жыр сүйер қалың қауымды тағы да бір қуантып тастады.

Болат ағамыз Қилаж ағасының еңбегін жалғастырып, саяси қуғын - сүргін көрген азаматтарды ақтауға көп еңбек сіңірді. Оларға арнап қойылған Қызылжар қаласындағы ескерткіш - монументінің орнатылуына көп күш салды, саяси - қуғын көрген азаматтар жөнінде жазылған «Зерде» кітабының бас авторларының бірі.

Осы күнге дейін нақақтан жала жабылып, сотталған, атылып кеткен аталарымыздың сүйегінің қайда екенін білмесек те, олардың есімінің кейінгі ұрпаққа жетуіне көп жұмыстар атқарылды.

Бүгінгі күні Қызылжар қаласының қақ төрінде, бұрынғы НКВД - нің түрмесі болып талай жазықсыз азаматтардың қаны төгілген ескі ғимараттың орнына ескерткіш - монумент қойылды. Осы аса маңызды саяси - тәрбиелік жұмыстың басы - қасында жүрген ағамыз Болат екенін кейінгі жас ұрпақ ауылдастары білген жөн. Қалалық ішкі саясат бөлімінде қызмет атқару кезінде саяси - қуғын сүрген көрген азаматтардың туыстарын іздеп, олар жөнінде құжаттар мен деректер жинап, осы маңызды жұмысқа аз да болсын қол ұшын тигізгенімді осы күндері мен де көңіліме медеу тұтамын.

Саяси жүйенің құрбандары болған аталарымызды еске түсіруге арналып тұрғызылған Қызылжар қаласындағы монумент - ескерткішке жыл сайын мамыр айының аяғында өскелең ұрпақ тағызым жасап, сол зұлыматтың енді елімізде қайталанбауына ант береді.



*Ортада Петропавл қаласы әкімінің әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары Тотыкамал Ниязқызы Құлжанова, қала әкімі аппаратының жеткішісі Исманов Бейбіт Қайырқешұлы (әжен, Есмұқанова Бақытжанның кіші ұлы) . Оң жақ шетте қала әкімдігінің әлеуметтік мәселелер бойынша бөлім бастығы В. Лопатко және сол жақ шетте қалалық ішкі саясат бөлімінің бастығы Қ. Нәсиев саяси қуғын - сүргіннің құрбандарын еске алу күніне арналған салтанатты жиын кезінде*

Құдайға шүкір «халық жауларының» балалары, інілері мен туыстары өткен ғасырдың 60 жылдарына дейін жағылған бұл қара күйені арқалауына тура келсе де, өздерін жау еткен кеңес үкіметіне, оның идеясына жан - тәнімен қызмет етіп, өмірден өз орнын тауып, мойымай, ұрпағын таратып, өніп - өсті. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанымыздың саяси - экономикасы және әлеуметтік дамуына өз үлестерін қосып келеді.

## **9. Болашаққа үмітпен қараған «Бостандық» (соғыстан кейінгі жылдар)**

Аштық пен жалаңаштықты, тоталитарлық режімнің қуғын - сүргінін қаншама басынан кешірсе де, ауылдастарымыз болашаққа үмітпен қарап, сенімінен айрылмады.

1941 жылы 22 маусымда еңселерін енді ғана түзей бастаған ауыл - дастарымыздың басына герман фашизмінің кенеттен бастаған, 1418 күнге созылған басқыншылық соғысының қара түнек зобалаңы түсті. Елімізге түскен осындай ауыр зұлаMATты одақтас басқа халықтармен бірге ауылдастарымыз да қасқая қарсы алды. Ұлы Отан соғысының сұрапыл шайқастарында да, тылдағы адам төзгісіз ауыр еңбекте де Бостандық ауылының азаматтары ерлік пен төзімділіктің үлгісін көрсетті.



## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілді Елшісі*

Соғыстың алғашқы күнінде - ақ Бостандық ауылында туған **76 азамат майданға аттанды**. Оның тең жартысы майданда, соғыс лагерлерінде қайтыс болды, тек олардың **38 - і ғана** елге оралды.

Отан үшін шейіт болғандардың арасында взвод командирі болған, Төлеп ауылының тумасы Мусин Ақжан, Смағұлов Ләйіс, Нұрабай ауылының тумасы Қарабатыров Қайролла, Әйіпов Көкен, Балғабек тұқымынан Хасенов Қадыр, Токмейілов Топыш, Әскендір (Ерденнің әкесі, Нұржанның атасы), Сәрсебеков Есімбет, Керей - Балтаның Бексейіт ұрпағынан тараған, біздің ауылға көшіп келген ағайынды Жақыпов Тоқаш пен Шәріп те болды. Қазақстаннан, оның ішінде біздің өңірден барған жауынгерлер 314 - ші және 316 – шы атқыштар дивизиясы құрамында Ленинград пен Мәскеу қалаларын жаудан қорғаған. Менің әкемнің ағасы Қарабатыров Қайролла Мәскеу қаласын қорғауда ерлікпен қаза тауып, сол жерде бауырластар зиратында жерленген екен. Көп жылдар бойы қайда жерленгенін біле алмаушы едік, жақында нақты деректер табылғаннан кейін ғана марқұмның жерленген жерін білетін болдық.

1980 жылы соғыс және еңбек ардагері Мағазов Қилаж ағамыздың тікелей бас болып ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының қан майданында қаза тапқан ауылдастарымызға мәдениет үйінің қарсы алдында ескерткіш ашылды. Біздің тәуелсіздігіміз бен бейбіт өміріміз үшін, болашағымыздың жарқын болуы жолында жанын пида еткен аталарымызға артында қалған ұрпақтары бас иіп, арнайы құран оқытты.

Жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күні барлық ауылдастарымыз бен мектеп оқушылары ескерткіш жанына жиналады, салтанатты саптүзеу ұйым - дастырылып, сол сұрапыл соғыста жанын қиған және соғыстан кейін елге оралып қайтыс болған әкелері мен аталарының ерлігіне тағызым етеді, аруақтарына құран бағыштайды.



*Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш*



*Ауылым – алтын бесігім*

*Ауылым – алтын бесігім*



*1982-83 жылдардағы бейнесурет, сол жылдары мамыр айында кенеттен қар жауып, суық болған еді.*

*Алдыңғы қатарда, сол жақта венюк ұстаған Мүрсәлімов Хамит пен Әділшин Ғалымжан, артында Мүрсәлімов Мәжит, ең алдында Мұхамеджанов Төшкен.*

## **Нәсиев Қажымұрат**

Қазақстан Республикасының Тарихи және Мәдени Ескерткіштерінің Қоры



*1986 жылдың 9 мамыры. Соғыс және тыл еңбеккерлері Жеңіс күніне арналған салтанатты жиында.*

*Солдан оңға қарай: Сәуменов Болат, Мүрсәлімов Хамит, Нүсіпов Тұғанбайдың әкесі, Қарабатыров Нәси, Қасымов Жанбота, Есмұқанов Көлден, Сәдуақасов Қалихан, Мүрсәлімов Уахит, Нұртаев Божан.*

*Артқы қатарда: бөлімше басқарушысы Сыздықов Айбас, Латыпов Еркін, Сәлменов Амангелді, Сәдуақасов Жабай, Дүйсенбин Өмір, Садуақасов Абай, Сәтенов Еркін, Нұрмұқанов Орынбай, Шаяхин Мәлғаждар, Мақсұтов Шәріп, Шаяхин Серік, Харипова Баян.*

## **Мұхамеджанов Төшкен**



**Мұхамеджанов  
Төшкен (Таштит)  
(1919-1983)**

Майданда ерлігімен ерекше көзге түскен ауылдастарымыздың қатарында Мұхамеджанов Төшкен болды.

Төшкен ағамыз Нұрабай ауылы Мырза – Балуан - Барлығының Жанұзақ атасынан тараған. 1939 жылы әскер қатарына алынып, неміс фашистерімен алғашқы ұрысын 1941 жылдың шілдесінде Смоленск түбінде бастаған. Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып, взвод командирі болды.

Белоруссия, Польша, Дания жерлерін фашистер - ден азат етуге қатысты.

Ұрыс кезінде командир оққа ұшқанда, оның орнын басып, жауынгерлерді шабуылға шығарған, сөйтіп берілген тапсырманы орындаған. Аға лейтенант, кіші командир ретінде Төшкен соғыс қимылы кезінде қарамағындағы жауынгерлерге ұтымды басшылық жасап, неміс фашистеріне тұтқиылдан соққы бергені үшін «Александр Невский» орденімен

## *Ауылым – алтын бесігім*

марапатталды. Сол кезеңде «Александр Невский» ордені санаулы ғана командирлерге берілген.

Балалары: Айсабек Мәуліт қаласында, Серігі Қызылжарда, Айтмаған - беті Бостандықта тұрады. Қанатын кеңге жайған Төшкен ағамыздың немерелері республикамыздың жоғары оқу орындарын бітіріп, әр салада жұмыс істеуде.

Отан соғысының кескілескен майдан шебінде болып, жоғарғы жауынгерлік марапаттауға ие болған ауылдасымыз **Уәлиев Нұғыманды ерекше атауға болады.** Түбі Тарышы - Самай тұқымынан тарайды, Айтбай батырдың бесінші ұрпағы. Ауылдастарымыздың ішінен ол алғашқы **«Қызыл Жұлдыз» орденіне ие болған майдангер.**

Нұғыман ағамызға соғыс кезінде табыс етілмеген кейбір марапаттары көп жылдар өткен соң, бертінде 2000 жылдары баласы Қайырбайдың қолына табыс етілді. Әкеміз Нәси өзінің замандастары жөнінде: «Нұғыман мен Қуан соғыстың басынан аяғына дейін үнемі ауыр «Максимка» пулеметін арқалап, соғысты аяқтады ғой», - деп отыратын.

### *Уәлиев Нұғыман*



*Уәлиев Нұғыман  
(1911-1975)*

Майдангер Нұғыман ағамыз Тарышы - Самай ұрпағына жатады, соғыстың бірінші күнінен майданға аттанып, ірі соғыс қимылдарына Мәскеу, Курск түбіндегі шешуші шайқастарда пулеметші ретінде қатысады. Соғыс кезінде көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Жауынгерлік Даңқ», «Ұлы Отан соғысы» ордендерінің, бірнеше медальдардың иегері. Соғыстан алған жарақатына қарамастан, елге оралған соң бірден еліміздің тоқырап қалған шаруашылығын көтеруге белсене араласты. Бағыла тәтемізбен жанұя құрды. Артында қалған балалары Қайырбай, Есілбай, Орынбай, Өмірбайдан тараған немере ұрпақтары Бостандық ауылы мен Қызылжар қаласында тұрады.



*Естеков Шалеке*

**Естеков Шалеке.** Жоғарғы жауынгерлік марапаттауға ие болғандардың қатарына ауылдасымыз Естеков Шалекені жатқызуға болады.

Бізге жездей болып келетін Шалеке ағамыз Керей - Балтаның Тәңірберді – Елке - Мұрат тармағына жатады. Соғыстан аман - есен келсе де, алған ауыр жарақатынан оңала алмады, елуінші жылдардың аяғына таман қайтыс болды. Артында қалған жас балаларын Нұртай атамыз - дың көмегімен Күлпан апамыз (Жақия атамның ағасы

## **Нәсиев Қажымұрат**

Қасейіннің қызы) қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіп жеткізді ғой. Ұлдары Аманжол, Құрмантайдан тараған ұрпақтары Қызылжар қаласында тұрады, қызы Күләш Ресейдің Қорған облысында, кіші қызы Сара Қостомар ауылында тұрады.



**Қуандықов Мизами**  
(1880 – 1948)

**Қуандықов Мизами.** Ұлы Отан соғысының нағыз ауыр жылдарында Бостандық колхозын басқарған Қуандықов Мизами атамызды көне көз қариялар бертінге дейін ауыздарынан тастамай отыратын. Мизами атамыз Керей - Балтаның Мырза табы, Балуан - Барлығының Өмірзағынан тарайды. Әкесі Қуандық менің атам Қарабатырдың ағасы.

Мизами колхозды 1937 жылдан 1946 жылға дейін басқарған. Саяси қуғын – сүргін заманы ел басына адам айтқысыз ауыртпалық түсірген кезеңде ел басқару оңай болмағанын бәріміз де білеміз. Отан соғысы жылдарында елді бытыратпай, ауыл тұрғындарына қамқор бола білген Мизами атамыз броньмен қалған бірен - саран егде тартып қалған ер кісілерден басқа, бала - шаға, шал - кемпірлердің тілін тауып, колхоз жұмысына тарта білген. Соғысқа қажетті азық - түлік, киім - кешекті үкімет тапсырмасына сай уақытында орындап отырған. Майданнан келген үшбу хаттардың уақытында елге жетуін қадағалап, үрейлі қарақағаз келген үйдің ауыртпалығын барынша ауыл болып көтеруге жұмылдырған, талай жаны жаралы азаматтарға тірек болған, ауылымыздың жүдеушілік жүгін барынша азайтуға тырысқан атамыздың жанқиярлық еңбегі ұрпақтан - ұрпаққа айтылып келеді.

Елімізге сыйлы, ардақты болған аталарымыздың артында қалған ұрпақтары олардың өнегелі өмірін жалғастырса игі еді.

Бүгіндері өсіп өнген шөбере - шөпшектерінің арасынан ұлы бабала - рының асыл қасиеттерін бойына дарытатын ұрпағы шығады деп үміттенеміз. Балалары Мизамиев Шаймолда мен Мизамиев Шаймұрат және одан тараған ұрпақтары Бостандық ауылында, Бескөл селосы мен Ресейдің Түмен облысында тұрады.

Мизами атамыздың үлкен ұлы Шаймолда әкесінің беделіне сүйеніп, ерке өскен, ауылдағы өз замандастарына қарағанда оқуға мүмкіншілігі болғанымен оқу оқымады, жетіжылдық қана білім алды. Еркеліктің салдарынан мүгедек болып, бір көзінің жанарынан айырылды да. Есейе келе еркелігін қойып, мүгедектігіне қарамастан, колхоз, совхоз шаруашылығына араласты, қолынан түйін түйген ағаш шебері болды. Ауылымызда салынған көптеген құрлысқа Шаймолда ағамыздың қолы тиді. Ағамыздың тағы бір ерекшелігі әдеби кітаптарды көп оқитындығы, әсіресе өткен ғасырдың 70 - 80 жылдары халқымыздың сүйікті әдеби журналы болған «Жұлдыз» қолынан түспейтін еді.



## *Ауылым – алтын бесігім*

**Қазақстан Республикасының Тұрғын және Қоныс Аудару және Халықаралық Қатынастар Бюроһы**

Өттең не керек, қара жер айтып бармасын ағамыз «ашы судың» әлегінен өмірін қор қылды. Әйтпесе адамгершілігі мол, бауырмал адам еді. Кеңестік заманның біздің ұлтымызға тигізген көптеген кесірлерінің болғанын қазір айтып та жүрміз. Сондай зиянын тигізген кеселдердің бірі - «арақ - шарап ішуді» дәріптеу болды, қаншама ағаларымыз бен апаларымыздың өміріне балта шабылды. Араққа құмарлық қазаққа біздің жерге қоныс аударған орыс мұжықтарынан жұқты десек өтірік айтпағанымыз. Осы күнгі Ресейде шығарылған кинофильмдерді теледидардан көрсеніз, кейіпкерлерінің барлығы да ішімдік ішетіндер, арақ - шарап орыс ұлтының ұлттық ішімдігі ме дерсің.

Әрине, ішімдікке әуестік әркімнің ерік - жігеріне байланысты ғой дейсіз, бірақ сонау өткен ғасырдың 60 - 80 жылдары ауыл өміріне көз салсақ, қазақ ауылдарының арақ - шарапқа әуестігі қазақ ұлтын бірте - бірте жоюдағы кеңестік жүйенің жүргізген құйтырқы саясатының бірі ме деп ойлап қаласың. Сібірдегі ұсақ халықтардың орыстанып қана емес, сан жағынан азайып, азып - тозып кеткенін кейбіреулеріміз білмейтін де шығармыз. Тәубе, әйтеуір тәуелсіздіктің арқасында, бұл кеселден аман қалдық қой.

Бір Алладан тілейтініміз, кімнің болсын артында адамгершілігі мол, саналы да сауатты, қайырымды, қандай қиыншылық болса да жеңіп шығатын, ата - бабалардың жақсы өнегесінен үлгі алып, жіберген қателіктерінен сабақ алатын, елін, жерін, туған тілін, дінін, ділін сүйетін ұрпақ қалсын дейміз.

Мына төмендегі ескі суретті кітапқа кіргізіп отырмын, себебі ауылымыздың негізін қалап, оның өркендеуіне белсене ат салысқан ардақты да абзал азаматтардың ұрпақтарының сонау 1950 жылдары түскен суреттері еді. Мизами атамның кіші ұлы Шаймұрат кезінде Қызылжар қаласында бухгалтерлік курсты Оранкин Нұғыманның ұлы Арыстанмен бірге оқыды, ал Мұқанмадия ол кезде Қызылжардағы қазақ интернатында оқыған болатын.



*Мизамиев Шаймұрат, Калимуллин Мұқанмадия  
Нұғыманов Арыстан*



## Ауылым – алтын бесігім

Келген жауынгер ауылдастарын зарыға күткен ел - іші оларды зор сағынышпен қарсы алды. Қолда бар азын - аулақ азығын олардың аузына тосып, кішігірім той - домалақ жасап, ауыл іші абыр - сабыр болып жататын. Әсіресе, соғыстан келмей қалған ауылдастарымыздың туыстарының көздерінде аз да болсын үміт оты жанып, қолдарындағы «қара қағаздарына» сенбей, майданда оларды көрген көрмегендерін сұрастырып, «мүмкін, олар да келіп қалар» деген дәмелі ой қылаң беретін.

Майдан даласынан оралмаған жолдасы мен қайнысын **40 жылға** жуық уақыт бойы зарығып күткен, кешегі көзіміз көрген **Уәзипа әжеміз**. Соғыста жүрген сүйген жары Тақырынан кенеттен қара қағаз алып, жан - жарасы жазылмай, соғыс біткенде жалғыз ұлы Серіктен кенеттен айырылған Алтын апамыздың өмірі кімді болсын таңдандырмай қоймайды. Орны толмас қасірет тартып, шошып жалғыз қалса да, тағдырдың жазуына көніп, қайсар төзімділікпен, елдің бейбіт өмірге тез көшуіне жан аямай еңбек еткен абзал жандарды біз қалайша ұмыта аламыз.

Соғыс басталмастан сәл жарты жыл ғана қосылған аяулы жан жары Шәріп пен қайнысы Тоқашты майданға аттандырған Уәзипа апамыз, жалғыздыққа мойымай, соғысқа қажетті азық - түлік өндіруде басқалармен бірге аянбай жұмыс істеді. Бір соққының үстіне соққы болып, жайдан-жай көре алмаушылықтан пәле - жала жабылып, соғыстың қатал заңымен уақытша болсын түрмеге де отырған, кейіннен кінәлі болмағандықтан босап шыққан Уәзипа апамыз тағдырдың жазғанына көніп бақты. Соғыс аяқталған соң жұмыстан бір күнде қалмай, ауыл шаруашылығын қалпына келтіруге ат салысты.



*Жақыпова Уәзипа*

**Жақыпова Уәзипа.** 40 жыл бойы соғыстан қайтпаған жары Жақып пен қайнысы Тоқаштың оралуын зарыға күткен Уәзипа сияқты апаларымыздың жарына деген адал махаббатын, тылдағы ересен еңбектің үлгісін көрсетіп, халқымыздың жеңісін қамтамасыз еткендерін кейінгі ұрпаққа жыр қылып айтып отырамыз.

«**Бостандықтың қара кемпірі**» атанған Несібелді әжей де Мәнәп баласын тосып, өмірден зарығып өтті.

Соғысқа қанша рет сұранса да, «сен тылға керексің, бізге механизатор кадрлар ауадай қажет, тылды әлсіретпеуіміз керек», - деп жергілікті басшылар бронь (соғысқа жібермеу туралы шешімді) беріп, **Ыбраев Сәлмен атамызды** алып қалды. Сол кезеңде ұжымдастыру кезінен ауылымызда қалған аздаған жеңіл (ХТЗ, ЧТЗ) темір тұлпарларға негізінен өзі ие болса, кейбір тракторларға әйелдерді үйретіп отырғызғанын, тынымсыз еңбек еткенін ауыл қарияларының аузынан талай естігенбіз. Сәлмен атамыздың жұмысқа

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қолжазбалық**

ерінбейтіндігін, бойының аласалау болғанына қарамастан, өте шымыр, тарамыс, қуатты кісі болғанын естідік. Бір ерекшелігі қолмен шөп шапқанда құлаштап шалғы шабуының өзіндік әдісі болған (шалғысының адымы 2,5 метрге дейін, шабылған шөбінің жол болып қалған кіресінің өзін қол тырнауышпен аудару анау - мынау кісіге қиынға соғатынын осы кезге дейін үлкен кісілер жыр қылып айтып отыратын). Біз бала кезімізде қолмен шөп шабуға барғанда жарысып, «Сәлмен атамыздың құлашындай» шалғымызды сермеуге тырысатынбыз.

Аянбай тылда еңбек еткен **Смағұлов Таңқабай** (Керей - Балтаның Мырзасының Балғабек тармағынан) атамызды қалай ұмытамыз, соғыстан кейінгі жылдары кішкентай бала болсақ та, атамыздың кейбір «аңқау батыр» кейпіндегі күлкілі де қызықты қылықтары есімізде сақталып қалыпты. Таңқабай атамыздың әйелі Мәржапия әжей біздің Уәзипа апамызға немерелес сіңілісі болып келетін, екеуі де Атығай руы, Бірлік ауылынан болатын, сондықтан атамның үйіне жиі келетін.

Өткен ғасырдың 50 жылдары соғыстан кейін тұрмыс өте жұпыны болса да, ауылдастарымыз жиі - жиі бірін - бірі қонаққа шақыратын, ақ дастарқандары кемшін болса да, туысқандық қонақжай пейілдері мол шақырыстарда қызу әңгіме жүретін. Әңгімені қыздыратын да Таңқабай атамыз. Ол өзінің соғыс уақытында еңбек армиясында, Челябинскінің танк шығаратын зауытында қалай жұмыс істегенін, одан тайгада аңға шыққан кездегі хикаяларын беріліп айтқаны сонша, дастархан басында отырғанын ұмытып кететін. Челябының түнгі көшелерінде бандиттермен қалай төбелескенін, алдына келген жауын қалай алқымынан алып жыққанын көрсетем деп, жанындағы отырған ауылдастарын төмпештейтін, дастарқандағы тұрған кесе - меселерді жанына қойған тымығымен бір періп сындырғанын байқамай қалатын Таңқабайды құрдастары одан сайын қыздырып, «тағы да айтшының» астына алатын. Таңқабай атамыз өте ұзын бойлы, шапшаң қимылдайтын, тарамыс кісі болатын, бетінің терісі танк жасайтын ыстық цехтарда жұмыс істегендіктен ағарып кеткендіктен бе, теңбіл - теңбіл еді. Өзіндік ерекше тұлғалы, Қожанасыр қылықтас, қонақта қызу әңгіме айтысы кезінде сындарған ыдыс – аяқтардың орнына үй иесіне Мәржәпия апамызға өзіндегі санаулы ыдысын апартқызатын.

Соғыс аяқталып елге қайтқан кезде, Таңқабай жұртты тандандырып, үстіне ақ шалбар, «бабочки» таққан ақ көйлек киіп, сол кезеңде елдегі кісілерге таңсық ақ туфли - ботинка киіп, нағыз «фрайер» болып келгенін құрдастары күліп айтып отыратын. Таңқабай атамыздан әттең, ұрпақ қалмады.

Аталарымызбен қатар білегін сыбанып шөп тырмалауға, егістіктің масағын теру, бидай ұшыру сияқты сол кезеңдегі қолмен істелетін ауыр жұмыстардан шып - шып тершіген мандайларын бір сүртіп тастап, тоқтаусыз



## Ауылым – алтын бесігім

жұмыс істейтін Несібелді (немересі Жұбаныш Талапкер ауылында тұрады),

Мәкен (қызы Биғайша, жиендері Нұрмұқанов Орынбай, Марат), Зейнеп (жиені Нұртаев Темірболат), Кәмәш (Болат ағамыздың анасы), Сыздықова Қанапия (Тасболат, Мәроннің анасы), Жаңыл (Хасенов Мұраттың әжесі), Күлшай (Қажымұраттың әжесі), Күли (Шаяхин Кәпкеннің әжесі), Көке (Ахмадиевтердің әжесі), Құлатаева Зейнеп, Жақыпова Уазипа әжелеріміздің қайран еңбегі бүгінгі бақытты өміріміздің негізін қалады десем артық кетпегенім.

Соғыстың тылдағы нағыз ауыртпалығын біздің әжелеріміз бен апаларымыздың мойнына қалай түскенін бір ғана төмендегі деректен көруге болады. Сағындықов Болат ағамыздың айтуы бойынша, Бостандық ауылында майданға арнайы элеваторға астық таситын бригада құрылып, оның **бригадирі Бейсенбин Омар болған** (Омаров Қадыр, Шаяхина Дәмөшке - Дәметкеннің әкесі). Омардың қарамағында Сыздықова Қанапия, Мәнтаева Зейнеп, Кәмәш Бәймішқызы және Күли Шаяхина болған екен. Бригадир соғыс заңы бойынша өте қаталдау болса керек. Бригада мүшелерін таң сәриден тұрғызып, ат - өгіз жегілген бірішкеге (бір тоннаға дейін астық артылатын жүк арба) тиелген астықты Мәуліт станциясындағы элеваторға жеткізетін, кейде өгіз жеккен арбалармен жолда бір қонып баратын. Онда барған соң азаптың көкесін көретін, элеватордың астық қоймаларына астықты апару үшін көлбей орналастырылған бірнеше метрге созыла жоғары көтерілетін сатымен жүру бір азап болатын. Жоғары көтерілген сайын арқалаған қапшықтардың салмағы бірнеше еселеніп артатынын білсек, әжелеріміздің нәзік арқасы мен беліне қаншама салмақ түсетініне қайран қаласың. Сатымен көтеріліп келе жатқан уақытта тоқтамай, бір деммен қапшықты қоймаға жеткізу керек. Осындай адам төзгісіз ауыртпалықты көтерген әжелеріміз, «Бәрі де майдан, бәрі де жеңіс үшін!», - деп іштерінен дұға еткен. Болат Мағазұлы тылда, ауыр еңбекке жегілген аналарымыз туралы ФЗО «фабрика- завод» оқу деген өлең жазды.

ФЗО – бұл жалғанның бір елесі,  
Өңсіз өткен өмірдің бір белесі.  
Қабырға қайысатын қара жұмыс,  
Жастардың еншіге алған пешенесі

Қорғансыз жетімдерді сүзіп алып,  
Қыз бозбала бір тобын тізіп алып,  
Еріксіз жер аударып, айдауменен.  
Талайды әкетті ғой тізгін салып.

Биғайша апам солардың бірі болды,  
Қыздар тобы ішінде ірі болды  
Төзді де ауырлықты жеңе білді,  
Өйткені еті оның тірі болды,



жасалған шағын шілдеханалар мен сүндет тойлар соғыстан кейінгі жүдеу ауылдың өміріне бір қуаныш сыйлады.

Соғыстан кейінгі 1945 - 1950 жылдары халықтың тұрмысы әлі де нашар еді, азық - түлік жетіспеді. Осыны ескерген Кеңес үкіметі Қазақстанда және Сібірде бос жатқан жерлерді игеріп, елімізде астық мәселесін толық шешуді жоспарлады.

**1954 - 1956 жылдар «Тың көтеру»** жылдары деген атпен тарихымызға енгенін бәріміз білеміз. Бостандық ауылының айналасында жыртылмай жатқан тың жерлерге соқа түрені тие бастады. Сол жылдары Ресей, Украина, Кубань жақтан қазақ жеріне көптеген славян халқы өкілдерін, тракторист - механизаторлар жетіспеді деген желеумен молынан жібере бастады. Тың игеру жылдарында жергілікті халықтардың саны азайып, орыс ұлтының үлес салмағының күрт өсуіне әкеп соқты.

Біздің жерге алғашқы тың игерушілердің қатарында Петро Осадчий, Гончаров, Ткаля сияқты орыс ағайындар келді. Өзіміздің ауылдастар арасынан ағайынды Латыпов Мағыпор, Мансор, Қазыкенов Баян, Сәдуақасов Шаймолда, Сақиқов Мереке, Ақынов Үкімет, Дүйсенбин Амантай, Құлатаев Баймолда, Құсайынов Бексұлтан, Сарбасов Молдахмет, Сәлменов Жоламан, Омаров Қадыр, Майлин Дәуренбек, Уәлиев Назар, ағайынды Сыздықов Тасболат, Мәрөндер қысқа мерзімдегі механизаторлар курстарында бұрыннан алған білімдерін кеңейте оқи отыра, жаңадан келген техника тілін тез меңгеріп, тыңға бірінші болып түрен салушылардың қатарында болды.

1950 - 1960 жылдары қиындыққа толы қолхоз құрлысының мал шаруа - шылығын дамытуға өз еңбектерін қосқан сауыншы апаларымыз: Сәдуова Күлшат, Нұрмұқанова Биғайша, Қарабатырова Бәткен, Сағындықова Қапура; бұзаушылар: Нұртаева Күлпан, Құсайынова Күлзипа, Әскендірова Күлзипа, Қойшыбаева Күлжиян, Сыздықова Бикештің ерен еңбектерін қалай ұмытамыз.

Өткен ғасырдың 50 - 60 жылдарына тән бір ерекшелік - жергілікті жердің табиғи жағдайына қарамастан, шаруашылықты дамытуға жоғары жақтан нұсқау беретін. Сондай олқылықтардың бірі - біздің ауылға қой шаруа - шылығын дамытуға нұсқау беріліп, басқа жақтан отар - отар қойлар әкелінді, соның салдарынан жергілікті тұрғындардың жеке меншік малдарын өсіруге жайылым тарылып кетті. Қытай мен Моңғолияда тұратын қазақтарды елге қайтару жұмысының ең алғашқы толқыны басталғанда, біздің ауылымызға ораламандардың алғашқы легі келіп, олар негізінен сол қой шаруашылығын бағуға жұмылдырды. Бірақ көп уақыт өтпей, олар біздің суық ауа райымызға көндіге алмай, оңтүстік жаққа қайтадан қоныс аударды. Ауылдаста - рымыздың көпшілігінің баспанасы кішкентай ғана шым үй болса да, шеттен келген қандастарымызды уақытша болсын орналастыратын. Бізге көрші Сәлмен атамыз бен Уазипа апамыздың біреуінің үйіне Құлжадан



## Ауылым – алтын бесігім

Колхоздардағы ауыл шаруашылық мерекелерінде, сабантойларда

кейін ұйымдастырылатын ауыл шаруашылық мерекелерінде, сабантойларда бәйгеге қатысып, алдына жылқы салмай келуші еді.

Ерте кезеңде «Сүлікті» көлінің маңында шағын ауыл болған, онда Хасенов Сердалы деген ағайындар қоныстанса керек, бүгіндері қоныс жұртының аздаған төмпешіктері байқалады.

Екінші бір жол «Жалтыр» көлі (орыстар «Рябиновка» деп атаған) арқылы немесе «Қабан» селосын басып өтетін жолмен Боголюбовоға жетуші едік. Бүгіндері «Қабан», «Рябиновка» селолары болашағы жоқ елді мекендер қатарында таратылып, халқы басқа жерге қоныстанды. Бұл екі село қонысқа қолайлы, жері құнарлы, көлі бар, малға жайлым жетерлік, тамаша жерлер еді.

«Қабан» деген селода менің туыс аталарымның бірі - Нұрқан атам тұрды. Жалғыз ұлы Елеместен қалған немересі Аманай «Арқалық» кеңшарында тұрады.

Мусиннің тұсында «Победа» машинасы басқарманың өзінен қалмайтын, ал «полуторка» деген бір - екі машина болғанымен, өздері ескі болғандықтан, жүргенінен тұрғаны көп болатын. Колхозда арнаулы алыс жолға шығатын аттар жеке бағылып, басқармалардың өздері де атпен ауданға жиналыстарға баратын.



*Өткен ғасырдың елуінші жылдарының орта кезінде «Бостандық» колхозында болған «Победа» машинасы. Суретте: солдан оңға қарай Оспанов Оразбай (ауылдық кеңестің хатшысы), Шаяхин Жәуке (бухгалтер), Мұстафин Сәбит (Победа машинасының жүргізушісі).*

«Бостандық» колхозының егістік жерлері едәуір мол болғандықтан (шамамен 15000 гектардай болса керек) өз техника күшімен жерін жыртып, егін егуіне шамалары жетпейтін, сондықтан кеңес үкіметі арнаулы машина - трактор станцияларын (МТС) құрған болатын.

МТС деген құрылым (машина - трактор станциялары) колхоз құрлысын дамытуға, оның материалдық - техникалық базасын жақсарту мақсатында құрылған еді. МТС - тің өзінің жеке басқару жүйесі, директоры, партия ұйымының хатшысы сайланды, егін науқаны кезінде саяси - идеологиялық

## *Нәсиев Қажымұрат*

*жұмыстарды хатшылар қатар жүргізді. Аудандарда құрылған әрбір МТС - қа бірнеше колхоздар бекітіліп берілетін.*

жұмыстарды хатшылар қатар жүргізді. Аудандарда құрылған әрбір МТС - қа бірнеше колхоздар бекітіліп берілетін.

Біздің өңірдегі Новомихаловка МТС - і 7 колхозға техникалық қызмет көрсететін, қарамағындағы машина - трактор паркінің күшімен колхоздың егінін сеуіп, жинап беретін.

1954 - 1956 жылдары «Бостандық» колхозына 3 ауыл, Бостандық, Үшкөл, Бексейіт ауылдары біріккен еді.

1957 - 1958 жылдары кейбір колхоздарды ірілендіріп, олардың санын қысқарта отыра, кеңестік ауыл шаруашылығының жаңа түріне - совхоздарға айналдыру саясаты басталды. Көптеген колхоздар, оның ішінде біздің «Бостандық» колхозы таратылып, жаңадан № 3 бөлімше ретінде Новомихаловка совхозының құрамына енді.

Менің есімде қалғаны, «**Ново - Михайловский**» совхозына біздің қосылған кезімізде алғашқы директорлары **Павел Тимофеевич Супурнюк** болды, 1947 - 1950 жылдары Мәуліт ауданы атқару комитетінің төрағасы, 1952 - 1958 жылдары Ленин атындағы МТС - ның директоры болған, одан кейін Ново - Михайлов совхозының директоры болды. Кейіннен кеңшар басшылығына қазақ ұлтының өкілі Есенов келді, ал партия ұйымының хатшылары **болып Мырзасов Мүкәк, Байбатыров Мырзахмет** деген тамаша азаматтар жұмыс істеді. Кеңес үкіметі ол уақытта партия ұйымының жұмысына баса назар аударатын, себебі жоғарғы үкімет билігі коммунистік партияның қолында болғандықтан, партия ұйымдарының хатшылары саяси - тәрбие жұмысын ғана емес, өндіріс немесе ауылшаруашылығы болсын, оның барлық бағыттағы жұмысына араласып отырды. Шаруашылық басшылары партия ұйымының алдында әрқашанда есеп беріп отырды, кейбір мықты партия ұйымының хатшылары совхоз директорларын өз уысында ұстайтын. Мырзасов деген партия ұйымының хатшысы сондай адам еді.

Соғысқа дейінгі және соғыс жылдарындағы ауыр тұрмыстан ауылдастарымыз есін жинай бастаса да, халықтың тұрмысы әлі де ауыр болды. Соғыстан кейінгі жылдары ұжымдастыру саясатының басты бағыттарының бірі - ұжымдастырудың колхоздық түрінен оның анағұрлым жоғары түрі совхоздарға ауыстыру арқылы жекеменшіктік санасынан толық арылмаған шаруа - колхозшыны анағұрлым саналы совхоз - жұмысшыға айналдырып, кеңестік социалистік құрлысты дамытамыз, оның жоғарғы сатысы коммунизмге жақындай түсеміз деген идеологияны коммунистер халықтың миына ұялатты.

Сол жылдардағы колхозды совхоздарға көшіру саясаты тез қарқынмен, халықпен ақылдаспастан жоғарыдан түсірілген дерективалар арқылы жүрді. Халықтың көпшілігі жаңа өндірістік - ұжымдастырудың түріне өтуге даяр емес еді еді. «Шаш ал десе, бас алатын» кейбір дөрекі жергілікті басшылар, кеңес үкіметінің ұрда - жық саясатын тез қарқынмен жүргізді, бір - екі жылдың ішінде колхоздардың саны күрт азайып, совхоздардың саны өсіп

**Қолжазба**

кетті. Кейбір көрші ауылдар колхоздан совхозға айналғанда өздерінің ұжымдық жеке меншігі үшін жәрдем ақы алса (компенсация), біздің ауылда жәрдем ақыны ешкім де алмаған көрінеді. Бұл жерде жоғарыда отырған басшылардың ойланбай, ат үстіртін, бақылаусыз субъективті түрде жіберілген қателіктері деуге болады.

50 жылдардың аяғындағы совхоздандыру саясатында жіберілген сорақылық жағдайлардың бір көрнісі менің осы күге дейін көз алдымнан кетпейді.

Ұжымдастырудың ең жоғары түрі совхоздарға көшкеннен кейін кешегі шаруа - колхозшы ендігі совхоз жұмысшысы, барынша еңбек ету үшін жеке үй шаруашылығындағы мал - мүлікін қысқарту керек деген пікірді сол кезеңдегі социализмнің идеологтары халықтың миына сіңіре бастады. Осының арқасында сол жылдары колхозшыларға мал басын белгілі мөлшерде ғана ұстатты, артық малды ет комбинаттарына арзан бағамен жөнелтті. Не бір сиыр ұстайсың, не бір жылқы ұстайсың, екінің бірі болды. Азғана қой - ешкі, ұсақ мал, құсқа дейін белгіленген мөлшерде ұсталынды.

Нұртаев Темірболаттың тұрған үйінің бау - бақшасының артында, шығыс жағында «Қызыл сарай» деп атап кеткен астық қоймасы бар болатын, кей уақытта ауылымызға Қарағанды, Алматы сияқты ірі қалалардан артистер келгенде пьеса, концерт қоятын зал ретінде пайдаланушы едік. Мен алғаш рет сол сарайда Мұхтар Әуезовтың атақты «Еңгілік - Кебек» пьесасын Қарағанды театры артистерінің қойылымында көрген едім. Міне, бізге қойма да, мәдениет сарайы да болған астық қоймасының жанында ауылымыздың қаншама жылқы, қара малы сойылып, қан - жоса болғаны әлі күнге дейін көз алдымда. Ауыл балаларын ата - аналары сарай маңынан қаншама қуса да, олар күні бойы кетпей, кешегі астына мінген тай, байталдарының пышаққа ілігіп, жанталаса тұяқ серпігенін көріп, неге бұлай болып жатыр деген таңданыста болды. Тіршілік көзінің негізін тек мал деп есептейтін, бір бірімен амандасқанда бірінші болып «Мал - жан аман ба?» дейтін қазақтардың мал санын қысқартуы оңайға соқпаса да, сонау 37 жылдардың ызғары, тоталитарлық жүйенің құрсауынан қорқып қалған ата-бабаларымыз, ауылдастарымыз «Жан аман болсын, жұртпен көрген ұлы той», - деп тағы бір халықтың өміріне жүргізілген тәжірибе (экспериментке) мойын ұсынып, келешектен үмітін үзбеді.

Ауылдастарымыздың қорасындағы мал санының кемуі олардың тұрмыс жағдайын күрт төмендетіп жіберді.

Дәл осындай келеңсіз жағдайлар Кеңес одағы тарап, әр одақтас республикалар өз алдына дербес тәуелсіздік мемлекет құра бастаған кезде, жаңа экономикалық - нарықтық қатынастарға ауысқанда осы қателіктер бізде тағы да қайталанды. 70 жылдай кеңес дәуірінде ата - бабаларымыздың жинаған материалдық - техникалық базасы жеке меншікке таратылып, «тістегеннің аузында, уыстағанның қолында кетті». Қарапайым халыққа

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қолжазбалық**

қолына купондар, қарапайым құны жоқ қағаз беріліп, сендер де жекешелендірілген дүниеден инвестициялық пайда табасың деп сендірді. Кәне, қарапайым халықтың сол өндіріс орындарына инвестициялық қор арқылы салған купондарының қайырымы? Әрине, пайда тапқан инвестициялық жеке меншік қор иелері бар, бірақ олар осы 20 жылдың ішінде аттары мен мекен жайларын, қордың аты мен түрлерін мың рет өзгертіп жіберді, енді алатын дивиденттерді тауып көр.

«Бостандық» колхозы таратылып, «Новомихайловка» совхозының бір бөлімшесі болып ауысуына байланысты, Приишим ауданынан Мамлют ауданының аумағына қарайтын болды.

Бөлімше басқарушысы болып соғыс ардагері **Мұхамеджанов Төшкен** тағайындалды.

**Ол 1957 жылдан 1964 жылға дейін** бөлімше басқарушы ретінде жемісті еңбек етіп, ауылдастарының ықыласына бөленді. Төшкен ағамыз өте жігерлі, айтқанынан қайтпайтын, қайсар адам еді. Әскери тәртіпке үйренген ағамыз, ауылдастарынан қатаң еңбек тәртібін талап етті. Оқығаны көп болмаса да, өмірден тоқығаны көп, ұйымдастырушылық қасиетімен адамдарды шұғыл жұмыстарға тез жұмылдыратын ағамыз тұралап қалған ауылымыздың жағдайын барынша көтеріп алды.

Төшкен ағамыз Нұрабай ауылының тумасы еді. 1950 - 1970 жылдары Нұрабай ауылы бір - бірінен туыстық жағынан әрі кетсе үш атаға алыстаса да, бір кісінің балалары сияқты өте жақын болатын. Осы күндері балалық шақты, туған ауылда өткен күндерімді еске түсіргенде, Нұрабай ауылының адамдарының бір - біріне деген туыстық қарым - қатынастарының қандай берік болғандығы көз алдыма келіп, еріксіз сол күндерді қайта аңсаймын. Той - томалақ болсын, басқа түскен қайғылы оқиға болсын, бір кісідей бірігіп кететін. Мәжен, Сәлмен, Қарпа, Есмағзи, Ғалым, Құрманғали туыстықтың басы - қасында ұйтқы болатын. Әттең, Төшкен ағамыз жоғары немесе орта арнаулы білімі болғанда, аудан немесе облыс көлемінде талай қызметті үйіріп әкетер еді. Артында қалған балалары өзіне тартпаса да, немерелері Ерлік пен Дидар және басқа немерелері атасына тартар деген үміттеміз.

Төшкен ағамыз басқарып тұрған сол бір жылдары, дәлірек айтсақ 1958 жылы ескі жеті жылдық мектеп үйі күйіп кетіп еді. Соның артынша 1959 жылы жаңадан мектеп ғимараты бой көтеріп, онымен қоса ауылда мәдениет ошағы жаңа клуб салынды. Осы оң өзгерістер ауылдың оқу - мәдени өміріне үлкен септігін тигізді. Ауыл тұрғындарының әл - ауқаты жақсара түсті. Тұңғыш рет Төшкен ағамыз үйінде телевизор пайда болды. Сол кезеңде ол үлкен жаңалық еді.

**1965 - 1968 жылдар** аралығында Бостандық бөлімшесі жеке-жеке кешенді (комплекті) бригада ретінде үшке бөлінді. «Бостандық» кешенді бригадасын Садуақсұлы Қуан, «Бексейіт» кешенді бригадасын Ғабдулин





Рамазан, «Үшкөл» кешенді бригадасын Таласпаев Темірболат деген көрші ауылдың азаматтары басқарды. Совхоздандыру ауыл өміріне көптеген өзгерістер енгізіп, тұрғындардың саны өсті, халықтың әл - ауқаты артты. Ауылымыздың мәдени өмірі жанданып, ауыл жастары көркемөнерпаздар, домбыра үйірмесін құрып, аудандық, облыстық мәдени шараларға белсене қатыса бастады. Бұл кез Есентемірова Күләш екеуіміздің педучилище бітіріп, ауылға оралған кезіміз, аз да болсын педучилищеде алған алғашқы музыкалық біліміміз және көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысқанымыз кәдеге асты. Ауылдық клубта жиі - жиі пьесалар қойып, кештер ұйымдастырып, жұртшылықтың көңілінен шығуға тырысатынбыз.

Сол кезеңде клуб жұмысын жандандыруға барынша ат салысқан **Аскандиров Берден және Жұмаш Байқонақов** ағаларымыз болды. Жұмаш ағамыз Бостандыққа күйеу болып келетін, Манабаев Кәкімнің апасына үйленіп, Бостандықта көп жыл кітапханашы болып жұмыс істеді, кейіннен Қызылжарға қоныс аударды. Баласы Серік облыс орталығында тұрады

Арнаулы оқыған оқуы болмаса да, Берден ағамыз өте зерек, сол кезеңдегі ауылдағы көкірегі ояу азаматтың бірі еді. Басқарушылық қабілеті бар Берден ауыл мәдениетін дамытуға өз үлесін қосты. Оның осы ұйымдастырушылық қасиеті баласы Нұржанына берілген.



**Әскендіров Берден**  
(1939-1988)

**Берден ағамыз** түбі Махамбет ауылы, Керей - Балтаның Мырзасынан тарайтын Айжан тармағына жатады. 1960 жылдары ауыл клубының меңгерушісі болды. Берден Әскендіров туралы айтқан уақытта, онымен қоян - қолтық бірлесе жұмыс істеген, музыкалық табиғи дарын иесі Ғаббасов Сәбит ( Керей - Балтаның Мырза - Төлеп ауылынан) ағаның есімін еске түсіреміз, кәсіпқой музыкант болмаса да, баянда өте шебер ойнайтын. Оның баянда сүйемелдеуімен қарапайым ауыл клубында әншілеріміз өздерін үлкен сахна төріндегідей сезінетін. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында ауылдың көркемөнерпаздар ұйымының белді мүшелері болған: Ташенов Әскер, Мұстапин Нұрғиса, Есмұқанова Бикамал, Сәтпаева Ермек,

Нұртаева Жұпар, Садуова Раушан, Есентемірова Күләш, Ережепова Көкіш, Аюпова Зураш, Уашкина Күлсінай, Сейдахметова Күлпариза, Кәкімов Ерсайын, Сәуменова Ұмсынтай, Жайлаукина Шәмшия, Құрманғалиева Арман ауыл сахнасында қаншама пьесалық рольдерді сомдады, сонымен қатар олардың бәрі де тамаша ән айтуларымен жұртты тамсандыратын. Әсіресе Ташенов Әскер мен Есмұқанова Бикамалдың дауыстары кәсіпқой әншінің дауысынан бірде - бір кем емес еді. Кезінде Есмұқанова Бикамалды Алматыға музыкалық училищеге түсуге шақырған болатын, бірақ та тұрмыстың қиыншылығы қол байлау болып, Бикамал өнер жолына түсе алмады.

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және Спорт Министрлігінің құрамында*

50 - 60 жылдардағы ауылдың мәдени өмірінің бір ерекшелігі, ауыл жастарының бос уақытын өткізетін жері тек клуб болатын, ауылда телевизор деген некен - саяқ, киноны арнайы тапсырыспен айына екі - үш рет қана клубқа киномеханик әкелетін, сондықтан да ауыл жастары клубта көбірек мәдени шараларға қатысуды қалайтын, тіпті ересек ағаларымыз мектеп мұғалімдері: Макентаев Сұлтан, Сауменов Болат, Мүрсәлімов Мажит, Есмұқанов Рәш домбыра ансамблі құрамында күй ойнап, ән салатын.



*1966 жыл. Бостандық ауылының бишілер тобы «Қамажай» биі»*

*Суретте солдан оңға қарай: Сәуменова Ұ, Нұртаева Ж, Жайлаукина Ш., Сәтпаева Е., Көшімбаева А., Уашикина К., ортада Сейдахметова К. (Калибекова)*

Ауылдың алғашқы киномеханигі болып 1955 - 1960 жылдар аралығында **Мейрамғалиев Рүстем** жұмыс істеген еді, киноны көбіне далада, ескі мектептің аядай дәлізінде қоятын, үлкендерге орындықтардың өзі әзер жететін, балалар орындығы жоқ, жалаңаш сәкіде отырып, киносын көретін. Арнаулы ақ матадан экран қойылып, кешке күн әбден батып, қараңғылағанда ғана кино көретінбіз. Жұмасына бір рет кино әкелсе, ауыл балалары жерден жеті қоян тапқандай мәз болатынбыз. Кішкентай ғана электр қуатын беретін моторды қолмен бұрап от алдырған Рүстемге балалар қолымызды шапалақтап, риза болатынбыз, тез киносын жібергенін тағатсыздана күтіп, шүберек экранға мөлііп отыратынбыз.



О заман - ай, қазіргі балаларға жабайы болып көрінетін сол уақыт-тардағы фильмдер, ондағы отан соғысы туралы, пионер, комсомолдар жөніндегі деректі, көркем фильмдер бізді отансүйгіш - тікке тәрбиеледі, қайрым -

## *Ауылым – алтын бесігім*

*жауапкершілікке, ізеттілікке, өмірге деген құлшынысқа жетеледі.*



### *1960-65 жылдардағы Бостандық ауыл клубының көркемөнерпаздары*

*Бірінші қатарда: Сәуменов Болат, Мүрсәлімов Мәжит - мектеп ұстаздары, баянда ойнаушы Ғаббасов Сәбит, Есмұқанов Рәш.*

*Екінші қатарда: Әскендірова Құмашай, Сыздыкова К, Есмұқанова Бикамал, Сәтпаева Ермек, Ғалымова Айман, Топышева Үмітжан, Ескендірова Жібек.*

*Үшінші қатарда: Сыздыков Мәрон, Хамзин Әбугали, Ташенов Әскер, Карпин Қайырбек, Мусин Амангелді.*

1960 - 1970 жылдары ұзақ уақыт киномеханик болған Рүстем ағамыз басқа жаққа көшкеннен кейін, оның орнына **Қабдолов Мағаз** болды, оның киноларын, әсіресе, үнді киноларын жұрт тағатсыздана күтетін, киномеханик Мағаз өзі бір сондай әзілкеш, мысқылдап, әрі тауып сөйлейтін еді, оның қазаққа ғана тән өткір әзіл - оспағын тыңдаудың өзі бір кино болатын, оның әзіліне ауылда ешкім де өкпелемейтін, әсіресе **Тәшенов Әскер** мен Мағаз қатты қалжындасатын. Көрші ауылдарға өнерпаздарымыз мәдени шаралармен жиі шығып жүрді.



## Нәсиев Қажымұрат



### 1975-80 жылдардағы ауыл көрінісі

*Суретте: ауыл тұрғындарын тасушы «хозяйка» машинасының жүргізуші Сәлменов Еламан балалары Амангелді және Жеңіспен бірге, ортада тұрған киномеханик Қабдоллов Мағаз және кинотасушы Ботаиш Қосманұлы.*

1968 жылы облысымызда жаңадан Бескөл ауданы құрылып, оның қарамағына Новомихайловка совхозынан бөлінген Бостандық бөлімшесі берілді, ол жаңадан құрылған «Андреев» кеңшарының қарамағына өтті.. Жаңадан құрылған «Андреев» совхозының алғашқы директоры **В.А.Веников** болды.

Бұл жерде айта кететін мәселе, сол кезеңде Бостандық ауылының совхоз орталығы болуға барлық мүмкіндігі болды, яғни халқының саны жағынан, жерінің құнарлығы және географиялық орны жағынан болсын келіп тұрды, бірақ сол кезеңдегі саяси жүйенің, идеялогияның ықпалы оған мүмкіндік бермеді. Біздің Бостандық ауылынан халқының саны жағынан да аз, орналасқан жері сортаң, батпақты болса да, шағын орыс селосы Андреевка совхоз орталығы болып таңдалды.

Қазақ ауылының дамуының болашағына балта шабылды. Жаңадан құрылған совхоз орталығы болғандықтан Андреевка селосына көптеген жаңа құрылыстар: машина - трактор шеберханасы, бірнеше кешенді мал базасы, құрылыс бөлімі салынып, онда тақтай тілетін пилорама орнатылды, бірнеше жаңадан үйлер салынды. Жаңадан сауда үйі, дәрігерлік пункт, 3 қабатты 420 орындық жаңа үлгідегі мектеп үйі салынды. Жан - жақтан адамдар Андреевка селосына көшіп келе бастады, халқының саны тез өсті. Село тұрғындары избушкаларын тастап, жаңадан салынған жылы ағаш үйлерге және екі жанұялық панельді үйлерге көшті.



*Сарбасов Молдахмет  
(1931 ж. туған)*

**Сарбасов Молдахмет.** 1970 жылдан 1976 жылға дейін Бостандық бөлімшесін Сарбасов Молдахмет басқарды, тұқымы Керей-Тарышының Самайына жатады. Мамандығы - мал дәрігері болатын.

Білімі орта арнаулы болса да, ауылша - руашылық саласында жинақтаған тәжірибесі мол, өте қарапайым, адамдармен тез тіл табысатын ағамыз 70 - ші жылдары ауылдың өркендеп дамуына мол үлесін қосты. Ағасы Сарбасов Көшеннің соғыстан кейін ауылдың шаруашылығын басқарғанын айтқан болатынбыз, ағасының ақыл кеңесін тыңдай жүріп, Бостандықты басқаруда «ақырын жүріп», анық басты. Бүгіндері зейнетке шыққан ағамыз, еңбегінің зейнетін



көрген, ұл - қызын қанаттандырып ұшырған, құрметті ата.

Ауылшаруашылығы саласындағы еңбегі еленбей қалған жоқ. Молдахмет «Құрмет белгісі» ордені, «Тың және тынайған жерлерді игерген еңбегі» үшін медальдар және облыстық басшылардан алған марапаттау қағаздары бар. Балалары Ержан, Ерлан, Ертайынан тараған ұрпақтары Бостандық ауылында тұрады.

Сарбасов Молдахметтің басқару тұсында бөлімше өзінің экономикалық – әлеуметтік дамуы жағынан барынша өркендеді. 7200 гектардай жерге дәнді - дақылдар егіліп, 2700 - дей қара мал, 4000 - дай қой ұстайтын ірі шаруашылық бөлімшесі болды.

Сол жылдары егін шаруашылығын өркендету жағынан ауылымыз облыс көлемінде көзге түсіп, мол өнім алды.

Бес жыл қатарынан астық өндіруде бөлімшенің астық өндіруден жоғары көрсеткішке жетуіне мұрындық болған бөлімше агрономы **Шаяхин Бекеннің** еңбегін ерекше атауға болады. Түбі Керейдің Тарышы - Самайынан тараған ұрпақтан.



*Ш. Б. Шаяхыұлы  
(1927-1997)*

Жас кезінен бастап еңбекке араласқан, ауылдық кеңестің хатшысы болып, кейін Қызылжар қаласындағы агрономдар даярлай - тын қысқа курсты бітірген ағамыз Бостандық колхозында, одан кейін колхоздарды совхоз - дарға ауыстырған кезде №3 бөлімше болып, қайта құрылған Бостандық ауылында зейнет - керлікке шыққанша агроном болып қызмет істеді. 1975 - 1980 жылдары егін шаруашылығын дамытуда жеткен жетістіктері үшін (ол уақытта гектар басына Бостандық ауылы 20 центнерден кем өнім алмайтын) және көп жылғы еңбегі үшін Шаяхин Бекен «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Омарқызы Дәмөшке апайымыз екеуі екі ұл, төрт қыз өсіріп тәрбиеледі. Үлкен ұлы Зәпкен әке жолын жалғастырып, агроном мамандығын таңдап алды, зейнеткерлікке шыққан әкесінің орнында Бостандықта агроном, бөлімше басқармасы одан кейін «Андреев» кең - шарында бас агроном болып қызмет атқарды.

Бүгінгі күні Зәпкен Бекенұлы Бостандық ауылының негізгі бөлігін біріктіріп, «Сенім» ЖШС - ті басқарады.

Кіші ұлы Серік ауылда механизатор болып жұмыс істеген, қазір ағасымен бірге ЖШС - тің жұмысымен айналысады.

Бостандық ауылының тарихының жарқын беттерінің бірі болып саналатын тың және тынайған жерлерді игеру жылдары ауылымыздың атағын өңірімізге паш еткен қарапайым ауыл механизаторлары Хасенов Серік 1971 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1973 жылы Дүйсенбин

## *Нәсиев Қажымұрат*

Амантай «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Трактористер

Сәдуақасов Шаймолда, Қазыкенов Баян, Хамзин Үкімет, Сыздықов Мәрен, Құлатаев Баймолда, Оразов Саян, Құлатаев Жақсылық, Қазимов Шора, Қарпин Майдан, Шаяхин Мәлғаждар аянбай Бостандық ауылының егіншілік шаруашылығының өркендеуіне өз үлестерін қосты.



*Хасенов Серік жолдасымен*

Жастайынан еңбекке араласып, еңбегімен көзге түскен **Серік Сердалы** ұлы Бостандық ауылының жастарына өнеге боларлық тұлға. Аталарымыздың айтуы бойынша әкесі Сердалы өте еңбекқор адам болса керек, ерте кезде Сүлікті көлінің жағасында өз қыстаулары болған, бүгіндері ескі жұртының орны жыртылып, егін егілген. Өткен ғасырдың 30 - 40 жылдары біздің ауылдың адамдары Қызылжарға тура бару үшін сүрлеу жолмен ескі Бостандық ауылынан шығысқа қарай

3 - 4 шақырым жерде орналасқан Сүлікті көлін басып, аттарын шалдыру үшін Сердалы үйіне түседі екен. Аздап аттарының терін алдырған ауылдас - тарымыз Трудовое, бұрын Алматы деп аталатын село арқылы Боголюбово, одан ары Архангелька селосы маңындағы ағаш көпірден өтіп, тікелей Қызылжарға жететін. Кері қайтар жолда тағы да ауылдастарымыз Сүліктідегі қонақжай Сердалының үйіне соғатын. Кейіннен Сердалы үйі Бостандық ауылына 1940 жылы көшіп келеді, сол көктемнің алғашқы айы науырыздың оныншы жұлдызында Сердалының отбасы қуанышқа бөленеді, Серік атты ұл бала дүниеге келді. Серік 1947 жылы ауылдағы бастауыш мектептің үш сыныбын бітіргеннен кейін, 1950 - 1956 жылдары Андреев селосында оқуын орысша жалғастырады. Әкеден ерте айрылған Серік оқуын бітірген соң, 1957 жылы бірден жұмысқа араласты, мал да бақты, трактор рөліне де отырды. Алғашқы ауыл жастарының бірі болып, механизаторлық курсты бітірген соң К - 700 тракторына ие болды, өзіне жүктелген жер жырту тапсырысын артығымен орындағаны үшін «Коммунистік еңбектің екпіндісі» атанып, озат механизатор болды. Ол уақытта әрбір трактористке жер жыртудың біржылдық жеке тапсырмасын беретін.

**1970 жылы «Ерен еңбегі үшін»** медалімен, ал 1972 жылы кеңес заманының ең жоғарғы марапаттарының бірі - « **Еңбек Қызыл Ту»** орденін төсіне қадаса, 1987 жылы « **Еңбек ардагері»** медалімен марапатталды.

1964 жылы Серік ағамыз үйленіп, өз кіндігінен тараған бір ұл, төрт қызына жоғары білім әперді. Бүгінгі күні олардан тараған немерелері мен жиендерінің қызығына тоймаған қадірменді ата болып, Бескөл кентінде

## Ауылым – алтын бесігім

Құрметті ағамыз, ауыл басшыларымыз, құрметті балаларымыз!

тұрады. Қарындасы Қайыржан көп жыл ұстаздық еткен, зейнеткер, жанында тұрады, інісі Ақылбай Қызылжарда көп жыл бойы құрлыс саласында басшылық қызметте. Бір өкініштісі, бес саусағынан өнер тамған, көп жыл Бостандықта еңбек еткен, қарапайым да қайырымды, адамгершілігі мол Қайырбай деген інісі ерте дүниеден өтіп кетті. Оның артында қалған үлкен баласы Бостандықта, кішісі Астана қаласында тұрады.

Жоғарғы марапаттарға ие болғандардың бірі - егіс- трактор бригадасының бригадирі **Смаилов Әзімкен** еді. Түбі Керей – Балтаның Мырза тармағының Балғабек тұқымынан.

Бостандық бөлімшесінде механизатор, егіс - дала бригадасының жетекшісі болып ұзақ еңбек етті. Ауыл шаруашылығында жеткен жетістіктері үшін және елеулі еңбегі бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Зерен Қауашқызымен жастайынан жанұя құрды. Балалары Жанайдар, Жамбыл, Алтынай, Айманнан тараған ұрпақтары ауылда, Қызылжарда тұрады. Зерен тәтеміз өте қарапайым, ауылдастарымыздың жасы болсын, кәрісі болсын барлығымен де тіл табысатын жан еді, өте бауырмал болатын. Хамза атамыздың шаңырағына құтты келін болып, өрісін кеңейтті, оқығаны болмаса да, тоқығаны көп, өз құрбыларының алды болды,



*Смаилов Әзімкен  
жиені Айдарханмен  
бірге*

әттең не керек дүниеден ерте кетті, ұрпақтарының қызығын көре алмады. Топырағы торқа болсын!

**1963 жылдары** әскерден келген соң шопырлық мамандықты бірден игерген **Сәлменов Еламан, Мұстапин Нұрғиса** зейнеткерлікке дейін машина рөлінен айрылған жоқ. Олардан кейінгі ізбасар - інілері 70 - 90 жылдары машина рөліне отырған Қапсалямов Елеусіз, Қазыкенов Асылхан, Латыпов Берік, Мұқанов Сансызбайлар күні - түні егін орағы кезінде дамыл таппай, бөлімшенің бітік егінін өсіріп, астық сақтайтын элеваторларға жеткізуде күш - жігерлерін аямады.

1945 жылы дүниеге келген Еламан ағамыз (Керей - Балтаның Мырза тармағы, Нұрабай ауылы, Балуан - Барлығының Өмірзағынан) жасынан техникаға құмар болды. Жетінші сыныпты бітіргеннен кейін жүргізушілер курсына барып куәлік алған соң, бірден еңбекке араласты. 40 жылдан астам жүргізуші болды, жеңгем Нүрилә екеуі алты ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді, немерелерінің қызығын көрген зейнеткерлер.

Нұрғиса ағамыз 1940 жылы дүниеге келген, Керей - Балтаның Мырза тармағы, Махамбет ауылына жатады. Нүрекең 40 жылдан астам жүргізуші болып, миллиондаған шақырым жер жүрді, жүк тасыды. Бикамал апамызбен жанұя құрып, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты зейнеткерлер.

## Нәсиев Қажымұрат

Аманбайлардың өмірі соған мысал болады.



Сәлменов Еламан



Мұстапин Нұргисса

1941 - 45 жылдардағы соғыс зардабынан ауылдастарымыз көп уақытқа дейін айыққан жоқ. Қанша ма майдангер елге оралып, ауыр жарақаттан және майдан даласындағы суық оқпанада жатып, бойға сіңген аурудан жазыла алмай о дүниеге аттанды. Осындай жанұядан шыққан менің құрдастарымның көпшілігі қанша қиындық көрсе де мойымады. Әкелерінен ерте айрылған Абдрахманов Асылбек, Ережепов Кәдірбай, Нұртаев Құрмантай, Дүйсеков Аманбайлардың өмірі соған мысал болады.

Ағайын - туғандардың көмегі, сол уақыттарда жетімдерге берілетін қамқорлықтың арқасында ауылдастарымыз Надежка селосындағы екі жылдық кәсіптік - техникалық училищені бітірді. Жастайынан еңбекке ерте араласқан олар, сол кезеңдегі дала алыбы атанған ауылшаруашылық жаңа техниканы К - 700, МТЗ «Беларусь» тракторларының рөліне бірінші болып отырды. Жаңа техниканы игеру ауыл жастары үшін үлкен жаңалық, табыс еді. Әсіресе, комсомолдық - жастар бригадасын басқарған Абдрахманов Асылбектің мерейі үстем болды (Нұрабай ауылы, Жанұзақ тұқымынан).

**Әбдірахманов Асылбек** қатарынан аудандық, облыстық комсомол комитетінің бюролығына мүше болып, мадақтауларға ие болды. Арнаулы жолдамамен Кеңес Одағы бойынша туристік саяхатқа шықты. Оның өзі сол кезеңдегі жастар үшін үлкен мәртебе еді.

Мал шаруашылығын дамытуда өз үлесін қосқан, көп жылдар бойы бригадир болған Топышев Баян, Мүрсәлімова Зайкөш, Мейрамғалиев Сайран, техника жоқ уақыттарда қолмен малдың қиын шығарып, бірнеше мезгіл шөбін салған, күннің ыстық аптабына, күздегі үзілмейтін жауын - шашынға қарамай мал баққан Есмұқанов Бәшір, Мөлгаждаров Сәбді, Сапаров Әміржан, Кәкімов Ерсияндардың еңбегін қалай айтпасқа...

Аудан бойынша әр сиырдан сүт сауудан жақсы көрсеткіштерге жеткен Әскендірова Зура, Мейрамғалиева Зәуреш, Уашкина Күлсінай, Мүрсәлімова Тоты, Мүрсәлімова Гүлімай, Аюпова Зураш сияқты сауыншы қарындастарымыздың еңбектері аудан бойынша алдыңғы сапта тұрды.

Әскендірова Зура аудандық еңбекшілер кеңесінің депутаты, Мүрсәлімова Тоты аудандық комсомол комитетінің мүшелігіне сайланды.





*Әбдірахманов  
Асылбек  
(1947-2006)*

Мүрсәлімова Гүлімай аудан басшылары тарапынан бірнеше дүркін бағалы сыйлықтармен марапатталған болатын.

Кеңестік дәуірдің бір ерекшелігі - жұмысшы мен шаруа - колхозшы табының үкіметі болғандықтан жұмысшы - шаруға, еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетілетін. Бір ауысымда жақсы еңбек өнімін беріп, яғни мол астық өсірген агрономға, әрбір сиырдан мол сүт сауған сауыншыға, немесе жер өндеуде гектарына жоғары көрсеткіштерге жеткен трактористке жыл қортындысы бойынша үкіметтік марапаттау берілетін, сыйлыққа екінің бірінің қолы жетпейтін жеңіл көлік машинасы «Москвич», «ИЖ» мотоцикл мінгендерінің мерейі тіпті үстем болатын.

Керісінше, ауыл интеллегенциясы болып табылатын мұғалімдер ешбір тапқа жатпағандықтан, аралық топ болып есептелетін, сондықтан мадақтауға олар онша ұсыныла қоймайтын. Өткен ғасырдың 50 жылдарынан кейін ұстаздар қауымын марапаттау рәсімінде салқындық байқалды.

Кеңестік дәуірдің шарықтау шегінде, яғни 60 - 80 жылдары «дамыған социализм» орнату, одан коммунистік қоғамға бірте - бірте көшу идеясы қатты насихатталды. Сол кезеңде үстемдік құрып тұрған бір партиялық, яғни коммунистік партиялық жүйеде, партияның қатарына негізінен жұмысшы және колхозшы табынан шыққан азаматтарды іріктеп алу бел алды. Коммунист болу ол кезде зор мәртебе де, әрі белгілі бір жағдайда коммунист болған адам артықшылық жағдайға ие болатын. Тәртібінде бір кінәрат табылған, сотталған, тап жауларының, саяси репрессияға ұшырағандардың тұқымдары бертінге дейін партияға өтуі қиын болды.

Менің әкем Нәсиді кезінде соғыста, қан майданда болып келсе де, «сен халық жауының баласысың» деп, ауылдағы әлі де болсын қалмай келе жатқан «шолақ белсенділер» коммунистер қатарына өткізбеген, мұндай жағдай басқа жерлерде «халық жауының» тұқымдары мен туыстарының басына молынан түскен жағдай еді. Кеңес заманында партия қатарына «сүзгімен» өткізетін, таптық көзқарас тұрғысынан қарайтын.

Мұғалім немесе оқыған дипломы бар ауылшаруашылық маманы коммунистік партияға өту үшін, екі бірдей жұмысшы мен колхозшыны жан-жақты дайындағанда ғана қана партия қатарына алынатын еді. Бұндай тәсіл арқылы қарапайым жұмысшы-шаруадан шыққан азаматтардың саяси сана сезімін жоғарғы білімді интеллегенция өкілдерімен көтеруге бағыттады.

Сол кезеңдегі коммунистік партияның кейбір кемшіліктеріне қарамастан оның қатаң тәртібі, әсіресе өз қатарын толықтыру, мүшелікке алу тәртібін бүгінгі еліміздің бас партиясы болып саналатын «Нұр Отан»

## **Нәсиев Қажымұрат**

**жылдары**

партиясы өз тәжірибесінде қолданса құба - құп болар еді. Партия қатарына еш дайындықсыз, саны көп болсын деп, тіпті өткісі келмеген адамдарды «Нұр Отан» партиясы қатарына алған жағдайлардың болғанын байқадық. Түгелдей ұжым болып өткен мұғалімдер мен дәрігерлер соның куәсі. Одан кейін партияға өтсе де, жылына бір де бір партия жиналысына қатыспаған партия мүшелерінен не қайыр, не пайда. Осы жағдайды көбіне жасайтын баяғы «шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенділер», ал жоғарыда отыратын басшылар осы жағдайды білмеуі де мүмкін. Содан барып, партияның құны кетіп, атқарған жұмысы қағаз жүзінде еселене есептеліп, халықтың көңілінен шықпай жататыны сондықтан.

Елімізде соңғы кезеңде партиялық жұмыстағы жіберілген қателіктерді түзету мақсатында біраз істер атқарылып жатыр, ел өмірін басқаруда, заң шығаруда көп партиялық парламенттік жүйені енгізу арқылы нақты демократияны орнату мәселесі күн тәртібіне қатаң қойылуда.

Аз да болсын тақырыптан ауытқып кетсек те, партия құрлысы жөнінде өткен тарихи кезеңдегі іс - тәжірибені жоққа шығармай, өскелең ұрпақ бұл бағытта не болғанын білгендері жөн.

Енді ауыл жағдайына қайта оралайық. **1970 - 1985 жылдары** Бостандық ауылында өз ісінің білгірі - агроном Шаяхин Бекеннің басқаруымен жер өңдеу технологиясы жоғарғы деңгейде болғанын айтқан едік. Бірақ та, астық өнімін молайту мақсатында егіс егетін жерлердің көлемін ұлғайту үшін мал жайылымдары жыртылып, ауыл төңірегіндегі бұзау бағатын жерге дейін, орманды ағаштардың түбіне дейін, соқа тілгіледі, бұның бәрі жердің құнарлығын азайтып, экологиялық кері әсері болғаны кейіннен байқалды .

Сол жылдары ауыл тұрғындары мал жаятын жерлерінің тапшылығынан малдары ауылға жақын орналасқан егіс алқаптарына түсіп, талай рет «потрава» айыппұл тартып улап - шулап жатқаны, қиындық көргендері әлі есімізде. Темір есікті мал қораларында құлыпталған жылқыларымыз бен ұсақ төлдерімізді құтқарамыз деп талай рет баздың есігінен сығалаушы едік.

**1980 жылдары** ауылымыздың көркі болған шағын типті **150 орындық ауыл клубы** салынды. Сол кезеңде совхоз басшылығының **тізгінін Амантай Бөкелбайұлы Құдасбаев басқарған еді**. Ол өте іскер, шапшаң сөйлеп, шапшаң қимылдайтын, екпінді, айтқанын орындайтын жігерлі азамат еді. Амантай Құдасбаев тез арада біздің ауылымыздың экономикалық - мәдени дамуын жақсартуға бағытталған бірқатар жұмыстар атқарды, бірақ қызметі тез жоғарлап, жаңадан құрылған Жамбыл ауданына ауысып кетті, күні бүгінге дейін ауыл тұрғындары Амантай Бүкілбайұлының басқару кезеңін жақсы лебізбен еске алады.



Жаңадан салынған ауыл клубының жанданып, нағыз мәдениет орталығына айналуына көп еңбек сіңірген мектеп түлегі **Жанболатова Сұлушаш** деген қарындасымыздың және **Мұқанов Қайыргелдінің** еңбегін атаған жөн. Арнаулы музыкалық білімі болмаса да, музыкалық табиғи дарыны бар Қайыргелді жаңа инструментальды музыкалық аспаптардың құлағында ойнап, ауыл клубын жастардың нағыз мәдениет ошағына айналдырды.



*Жанболатова Сұлушаш*

Жасынан зерек, оқу озаты болған, өлеңге, музыкаға жаны құмар Сұлушаш біздегі қазақша оқуын орысша оқуымен жалғастырып, мәдени - ағарту техникумын бітірген соң, ауылға келіп, ауыл жастарының нағыз ұйтқысы болды. Сұлушаштың әншілік өнері анасы Жұпардан, туған нағашысы Ташенов Әскерден дарыған болуы керек.

Айтпақшы, Әскердің даусының қуаттылығы туралы өз алдын бір әңгіме. Өткен ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдардың басында үйлерімізде кешкі уақытта теледидар түгіл радиоқабылдағыштың өзі некен-саяқ болған кезеңде, жастардың баратын жері ауылды айнала қоршап өскен, кілең қайыңды кең алқаптың ортасында орналасқан алтыбақан алаңы болатын. Бүгіндері алыстан көздің жауын алып, ауылды құлпыртып, мен мұңдалап тұратын аққайыңды, әсем ауылымыз сәнінен айырылып, жалаңаштанып қалды. Кейінгі ұрпақ табиғатты аялап, ауылдың көркеюін ойласа, шіркін дейміз.

Табиғаттың сол әсемдігін байқап өскен біздер алтыбақан алаңында құрбы - құрдастарымызбен ақсүйек ойынын ойнап, ән шырқап, абыр- сабыр болушы едік. Сондай кештердің көркі әрине, Ташенов Әскер болатын, біз

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қолжазбаларының табиғи талантты өнерлі азаматтар болды ғой.**

оған қолқалап ән айтқызатынбыз. Оның даусының тембрінің күштілігі сондай, жазғы тымық кештерде, бізден жеті шақырымдай жердегі Бексейіт ауылының біздің ауыл жақ беттегі орналасқан мал фермасының малшылары оның шырқаған әнін бізбен кездескенде естілетіндігін айтатын. «Ауыл іші өнер кеніші» деп бекер айтпаған ғой, ауылымызда қаншама табиғи талантты өнерлі азаматтар болды ғой.

**Сұлушаштың әкесі Темірғали - Тепе ағамыздың да бір қағар**, өзіне ғана тән өнері бар еді, ерекше мақаммен домбыраға қосып, ескі термелерді айтқанда ауыл ақсақаларының рахметіне бөленетін. Әкесінің інісі Ардақ та жастайынан аздаған өлең жазатын, жолдастары қылжындап оны «ауыл ақыны» атаған еді. Жолдастары қаншама қалжыңдағанымен Ардақтың өлең шығаруға деген таланты бар еді, бірақ та дарынын дамытуға мүмкіндігі болмады.

Ауылдың табиғи таланттары (Бикамал, Әскер, Жұпар тәтей сияқты) соғыстан кейінгі ауыр жылдардағы өмір тіршілігінің тауқыметі, қолдың қысқалығы, үлкен аға қолдаушыларының болмауына байланысты олардың арнаулы музыкалық білім алуға мүмкіндіктері болмады, үлкен сахна төріне шыға алмады.

Ауылымыздың табиғи таланттарын ауызға алғанда бірден аузымызға түсетін есім - **Нұрабай ауылының тумасы Бейсенбай ақын**. Дер кезінде қолдаушысы болып, ауруға ұшырамағанда Бейсенбай ағамыз да республикаға танымал Бостандықтан шыққан жыр дүлділі болар ма еді?. Көп жыл өткен соң елімізге танымал қоғам қайраткері, жазушы Кәкімбек Салықовтың тікелей көмегімен Ғазез ағасы Бейсенбайдың артында қалған мұрасын жинақтап, «Аманат» атты жинақ шығарды.

«Аманат» жинағындағы Бейсенбайдың өршіл, лирикаға толы өлеңдеріне қарап, оның талантына тәнті боласың. Әттең ерте қыршын кеткеніне өкініш білдіресің. «Артында қалған оңалар» дегендей, Бейсенбайдай біртуар таланттың философияға толы, патриоттық рухтағы жырларын Ғазез інісі, туыстық парызын орындап, кейінгі жас ұрпаққа таныстырды, бұған да шүкіршілік дейміз.

1930-1960 жылдары біздің Бостандықтан шыққан оқыған азаматтар саусақпен санарлық болды, оның өзінде де олардың көпшілігі саяси - қуғын сүргінге ұшырап, «халық жауы» атанып кеткендігін жоғары да айтқан едік.

Тек біреу - сараң азаматтар ғана, оның ішінде біз білетін Сағындықов Болат пен Есмұқанов Ғазез ауылдан бірінші болып жоғарғы оқу орнына түсуге мүмкіндік алды. Олар Қилаж ағаларының тікелей қолдауымен, әрі өздеріне берілген табиғи таланттары мен жігерлерінің арқасында мақсатарына жетті.

Жаппай жоғарғы оқу орындарына түсу ауылдастарымызға тек 1970 - 1980 жылдары ғана мүмкін бола бастады. Олар ауылдық сегізжылдық

## Ауылым – алтын бесігім

Қолжазбалық

мектепті аяқтап, кейіннен облыстағы жалғыз қазақ мектеп - интернатын бітірген соң, институттарға түсуге жолдама алатын.

Ашығын айтсақ ауылдық жердегі таланттардың өсіп шығуы үшін белгілі бір жағдай керек еді. Орысша оқыған немесе қолдаушы аға буын өкілдері бар қазақ ауылдарының жастарының оқу оқуына, қызмет бабымен ілгері жылжуына мүмкіндіктері анағұрлым көп болатын.

Бұл жерде мысалға келтірейін деп отырғаным, өткен ғасырдың 30-60 жылдары Сергеев, Жамбыл, Преснов ауданындағы, тіпті Қостанай облысының бізге жақын орналасқан ауылдарындағы қазақ жастары жерлестері Сәбит, Ғабит, Евней сияқты танымал адамдарының көмегінің, олардың бір ауыз сөзінің арқасында шетінен сол кездегі астанамыз әсем Алматының жоғарғы оқу орындарына көптеп түскенін несіне жасырамыз. Сонымен қатар қазіргі Шал ақын ауданында Алматы немесе басқа қалаларда жоғарғы оқу орнын бітірген, қызмет істеп жүрген алдыңғы буын өкілдері де көп болғанын білеміз. Олар өз ауылдарынан шыққан кейінгі ұрпақтың оқу оқуына, олардың таланттарының өсуіне аз да болсын қол ұштарын берді. Жерлестіктің әсері талантты жастармен оқуға ұмтылған жеткіншектерге белгілі бір жағдайда көмек болғанын ешкім де бүгіндері жоққа шығармайды.

Біздің ауыл жастарының ондай сүйенетіндері болған жоқ. Бүгінгі күндері де қолдаушысы жоқ ауылдың жас таланттарының да творчестволық биікке көтерілуі әлі де қиынға соғуда, олардың ілуде біреулері ғана, яғни қалтасы мен «үлкен көкесі» барлары ғана жылы - жұмсақ жерлерден өз орнын табуда. Ауылымыздың табиғи таланттары жөніндегі әңгімеміз азда болсын ауыл тарихының хронологиясынан ауытқып кетті білем, енді қайтадан құрамына Бостандық ауылы кірген « Андреев» кеңшары туралы әңгімемізді өзгертсек.

Жаңадан құрылған «Андреев» кеңшарының тізгінін қолына алған жас жалындаған басшы А.Б. Құдасбаев кадр мәселесіне қатты көңіл аударатын, кеңшарға біліктілігі мен тәжірибесі мол бас мамандар және келешегінен мол үміт күтетін жас кадрларды шақырды. **Кеңшардың бас бухгалтері болып Біләлов Сұлтанғазы, зоотехник қызметін Қазыбеков Жасұлан, агроном болып Жұнысов Жасұлан, инженер- механик болып Шаяхин Сәлкен тағайындалды.**



Сұлтанғазы ағамыз бен Әлима апамыз



## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1000-ші туғанына арнап жазылған мақалалар жинағы*

Ауылымыздың дамуына өз үлесін қосқан кеңшардың бас мамандарын айтқан кезде олардың арасынан бас мал дәрігері Мадияровты, бас бухгалтер Біләлов Сұлтанғазыны атауға болады. Көп жыл бойы «Андреевский» кеңшарында бас есепші болып істеген Сұлтанғазы кеңшардың экономикасы - ның дамуына зор үлесін қосты. Сол кезеңде жаңа кеңшар «Андреевский» аудан орталығынан алыс шалғайда орналасқандықтан бас мамандар көп тұрақтамайтын. «Андреевский» кеңшары құрылғаннан бері төрт басқарушы директор ауысқанда табжылмастан жауапты қызметінде ұзақ отырған да бас бухгалтер Сұлтанғазы Біләлұлы еді.

Қандай ғана шаруашылықтың түрі болмасын, оның экономикасының ілгері басуы, пайда табуы үшін әрбір тиынды үнемдеу арқылы жететінін біз кейде біле бермейміз. Қатаң есп жүргізу арқылы, әрбір тиынды есептеп, үнемдеп жұмсау арқылы, тиынға - тиын қосып, кеңшар экономикасын пайдамен жүргізуге себепкер болатын есепшілер еді. Сұлтанғазы ағамыздың осындай қатаң талабының арқасында В.Вениковтың тұсында тұралап қалған кеңшардың экономикасының көрсеткіштері көтеріле бастады. Кеңшар директорының өздері де Амантай Бүкілбайұлы, одан кейін директор болған Естай Алпысбайұлы Сұлтанғазы Біләлұлынсыз есеп - қисап мәселесінде бір қадам баса алмайтын.

Сұлтанғазы өте кішіпейіл, артық сөзі жоқ, қысқа да тиянақты тапсырма беретін, қарамағындарға ізетпен қарайтын өте мәдениетті азамат еді. Ұзын бойлы, бұйра, толқындалған ақ шашын үнемі артқа қайыратын. Мен өзім неге екенін білмеймін, ол кісіні қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевқа ұқсастығына қайран қалатынмын, себебі бет әлпеті мен толқындалып артқа қайырған бұйра шашы Мағжан ақынның портретіндегі суретінен айны - майтын. Сұлтанғазы ағамыздың Мағжан Жұмабаевқа жақын туыс екенін кейіннен білдім.

Қазақтың ақиық ақыны, ұлтымыздың бостандығы үшін жалындаған жырлар жазған, сол үшін құрбан болған Мағжан Жұмабаев көп уақыт бойы халыққа танысырылмады, ақталғаннан кейін де біраз уақыт халыққа оның жалындаған отты жырлары жетіңкіремеді. Сол кезеңде Сұлтанғазы Біләлұлы Ғаділше Қаһарманұлымен бас болып, Мағжанның творчествосын жас ұрпақ арасында жан - жақты насихаттауға кірісті. Міне, осындай ұлы ақынның шығармашылығымен қауышу жылдарында біздің Бостандық орта мектебіне Ғаділше Қаһарманұлы мен Сұлтанғазы оқушылармен кездесуге келді. Қадірлі қонақтарды мектеп оқушылары қуанышпен қарсы алды. Біз сол кезеңде ғана Ғаділше Қаһарманұлынан Сұлтанғазының Мағжанға туыс екенін білдік.

Бұл жылдары Мағжан толық ақталып, қазақ поэзиясы көгінде өз орнын алған, еңбектері зерттеле бастады. Кейбір алыс туыстарының өзі Мағжан ақынның туысы екенін білдіріп, газет беттерінде таласа жаза бастады. Мағжанның творчествосын насихаттаудың басында тұрған жақын

туыстарының бірі бола тұрса да, Сұлтанғазы Біләлұлы оны ашық көрсетпей,

ақын ағасының мұрасын насихаттауда барынша ат салысты.

«Халық жауының тұқымы» деген атпен кеңес үкіметі тұсында, сонау 1937 - 1938 жылдардан бастап, бертінге дейін ата - бабасының көрген қиыншылықтары мен қорлығын бір рет те болса тілге тиек етіп, айтқанын көрген жоқпыз.

«**Асылдың сынығын қанша дегенмен тот баспайды**» деуші еді қазағым. Сұлтанғазы Біләлұлы қаншама қиындық көрсе де, мойымады, кек сақтамады, туыстарын репрессияға ұшыратқан кеңес үкіметіне адал қызмет етті. Бұл қасиетінің арқасында кіндігінен тараған ұлдары мен қыздарына жақсы білім және тәрбие беріп, балаларының ақылмен, еңбексүйгіштігімен ел алғысын алуға, ересен еңбектің қызығын көруге үйреткен еді, соның арқасында балаларының барлығы да әкесінің үмітін ақтап, үлкен қызметтер биігіне көтерілді, әттең олардың қызығын Сұлтанғазы ағамыз көре алмай, оқыс машина апатынан қайтыс болды.

Сұлтанғазы Біләлұлының үлкен баласы **Серік Сұлтанғазыұлы** бүгінгі күні Солтүстік Қазақстан облысының әкімі, екінші ұлы **Ерік** Бескөл құс фермасының бас директоры, ортаншы ұлы **Берік Сұлтанғазыұлы** - милиция полковнигі, Қазақстан Республикасының криминалды полициясының төрағасы қызметінде.

Сұлтанғазы Біләловтың балаларының барлығы да өте қарапайым, өз ісіне адал, еліне жан тәнімен қызмет істеп жатқан азаматтар.

Біздер қарапайым ауыл адамдары төменгі буында халыққа қызмет етіп жүрсек те, ілуде бір рет болсын өңір басшыларымен кездесіп қалатын уақытар болды. Бостандықта өткізген 58 жылдай өмірімде ауылға аттың басын бұрып, «ей, қазағым, қалай тұрасың, немен тыныс аласың, ауылдың жағдайы қалай, неге мұқтажсың?», - деп келген облыс басшылары некен - саяқ болды. Ауылға жақын келсе де, арнаулы жоспарланған, алдын-ала дайындалған жолдармен жүріп, жазып берген сөзді ғана айтатын жұмысшы тобымен ғана кездесетін.

Басшылар алдында арнайы жазылған қағазға сүйеніп сөйлеген жұмыскерлер: «тұрмыс та, өміріміз де, бәрі де жақсы» деген соң басшы - ларымыз шындықты біле тұрса да, ауылдың бетке айтар ақсақалдары мен жастарымен кездеспестен орталыққа тартатын. Сонымен жоғарғы басшылар нақты ауыл өмірінің бүкпесін біле алмағандықтан, өзіне қажетті мағлұматты ала алмайтын, сондықтан да болар өзекті мәселелер шешілмей қордаланып, бірте - бірте ел бойынша экономикалық дағдарысқа, құлдырауға, тіпті бүкіл бір саяси жүйенің құлауына әкелгенінің басты себептерінің бірі емес пе? Кеңес Үкіметінің басқару жүйесінің басты кемшіліктерінің бірі еді Ауыл жағдайының жаңа нарықтық кезеңге аяқ басқан кезде тұралап қалуының басты себептерінің бірі де еді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде басталған оң өзгерістердің бірі жергілікті басшылықта болсын, жоғарғы буында болсын өзіміздің қазақ

## **Нәсиев Қажымұрат**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАУЛЫҚ АКАДЕМИЯСЫ**

ұлтынан шыққан, жергілікті жас іскер басшылар басқару жүйесіне келе бастады. Жаңа даму тарихын бастаған Қазақ елі кадр мәселесіне қатты көңіл аударды. Бұрынғыдай облыс, аудан басшылығына кімді жылжыту керектігін енді Москва емес өзіміздің жергілікті басшылар шешетін жағдайға жетіп, өз елімізді өзіміз билейтін заманға жеттік. Тәуелсіздікке жетудің басты белгісі осы емес пе?

Бұрынғы өткен бірінші басшылардың еңбегінің жемісін бір түйірін болса да кемітпей, ел дамуының өтпелі қиын кезеңінде оларың солтүстік өңірімізді дамытуға өзіндік үлес қосқанын білеміз.

Кеңестік дәуірде облыс басшылығы славян халықтары өкілдерінен болатынына ешкім де қарсы келе алмайтын, саясат солай. Басшылықта ұзақ уақыт болған **В.П.Демиденконың (1965 - 1981 ж.ж.басқарды)** елеулі еңбегі жұртшылық есінде.

Ал аз ғана уақыт облысты басқарып, атқарған істері халықтың есінде анық қалмаған **С. А. Медведев (1988 - 1991 ж.ж.), А. В. Смирнов (2002 - 2003 ж.ж.) және «аты - шулы» В. К. Гартман (1995 - 1997ж.ж.)** сияқтылар қазақ елінің, халықтың мұңын жоқтады деп тағы да айта алмаймыз, мансап үшін ғана жүргендері көрінген болатын. «Аты шулы Гартман» дейтін себебім, ол басқарып тұрған жылдары біздің өңірде тіл мәселесі, ұлтаралық қатынастар мәселесі шиленісіп тұрған еді, сол жылдары солтүстік өңірдің «мен қазақпын» деген көзі ашық азаматтары, жергілікті журналист **Мәлік Мұқанов бастаған Өмір Есқали, Сабыр Сенкібаев, Жақсыбай Самрат** сияқты ұлтжандылар биік мінбелерден, баспасөз беттерінде ұлттық тіліміздің мемлекеттік мәртебесін көтеру, қазақ мектептерінің жайы туралы ащы шындықтың бетін ашып, сол кезеңдегі облыс әкімі Гартманға талай сын айтқан болатын. Осындай тартыспен өткен уақытта жоғарыдағы аталған басқа ұлт өкілдерінен болған басшыларымыздың бүйрегі бізге бұрмады, қанына тартты, оны несіне бүгін жасырамыз.

Өткен ғасырдың 90 жылдарындағы мына оқиға әлі есімде. Бір күні ауылымызға облыс әкімі Медведев келеді деген хабар келді, нарықтық қатынастардың қалыптасуының өтпелі кезеңінде қордаланып қалған мәселелердің шешімін табуға бірінші басшының келуі септігін тигізер деген үмітпен, ауыл тұрғындары облыс басшысы Медведев келеді деп апыр - топыр дайындалды, бірақ не керек, үмітіміз ақталмай, әкім қарасын да көрсетпеді. Төменгі бұқара халықпен кейбір бірінші басшылардың арнайы кездесуден қашқақтайтыны, әсіресе, қазақ ауылдарының жай - күйі оларды қатты толғандырмайтынын, олардың сөзі мен ісінің арасындағы алшақтығын төменгі бұқара халық анық сезініп, ашық айта бастаған кез еді.

Әрине, тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін, өзіміздің ұлтымыздан болған облыс басшылары Даниял Кенжетайұлы Ахметов (1997 – 1999 ж.ж.), одан кейінгі әкім болған Қажымұрат Ыбрайұлы Нағманов (1999 – 2002 ж.ж.), Тайыр Аймұхаметұлы Мансұровтардың (2003 - 2007 ж.ж) атқарған істері бір төбе, қанша дегенмен олар өз ұлтымыздың жанашырлары емес пе?

Ең бірінші рет біздің ауылымызда облыс әкімінен Қ. Нағыманов болғанын, оны қалай қарсы алып, кездескеніміз жөнінде мектеп тарихына



**Ауыл шаруашылығының дамуы мен қорғанысы**

айтқан кезде тоқталамын, сонда ол азаматтың нағыз қазақы, ұлт мүддесін қатты ескеретін, ысылған басшы, халыққа етене жақын екендігін байқаған болатынмын.

Облыс басшыларының ішінен ең ауыр өтпелі кезеңде, В. Гартманнан кейін облыс экономикасының аяғынан тікелей тұруына, халықтың электр жарығының болмай, маңдай терін төгіп істеген еңбегіне еңбек ақысы төленбей зар жылаған кезеңде, халықтың көкірегіне аз да болсын үміт отын жаққан **Даниал Кенжетайұлы Ахметовты** жұртшылық әлі аузынан тастамайды. Бұл кезеңде тоқтап қалған өндіріс орындары таратылып, жекешелендіріле бастаған, ауылшаруашылық кеңшарлар ұсақ шаруа қожалықтарына бөлінген, мұғалімдердің еңбек ақыны тауарлармен, арақпен алып, содан кейін сатып немесе оны айырбастап өзіне қажетті киім-кешек алған аласапыран «тағы» нарықтық қатынастардың орнаған уақыты еді. «Әрбір ауыл, әрбір азамат өз бетінше күн көрісін» деген психология қалыптасты. «Ертеңгі күнім не болады ойланбаған, бәрін үкімет жоспарлап, барлық жағдайды үкімет жасайды» деп үйреніп қалған қазекеме бұндай жағдай төбеден түскен жай оғындай болып, абдырап қалды.

Міне, осындай жағдайда Бостандық ауылының азаматтары өз бетімен жеке шаруашылық құруға бет алды, бірақ «Андреевский» кеңшарының бұрынғы басшылығы тарапынан бөлініп шығуға көп кедергі келтіріле бастады, ол заңды да еді, себебі бірінші олар өз жағдайын, өз мүддесін ойлады. «Бостандық» шаруа қожалығының мәселесі бойынша ауыл ақсақалдары және шаруа қожалығының басшысы **Айбас Сыздықовпен облыс әкімі Даниял Ахметовтың** тікелей қабылдауында болдық. Д. Ахметов алғашқыда делегацияның құрамындағы 5 адамды көріп, «о, көп кісі келіп қалған екенсіңдер, отырыңыздар» деп, өзі креслосынан тұрып, бізге арнаулы үстелге жайғасуды ұсынды. Ақсақалымыз **Топышев Баян** сөзді бірінші болып бастап, әкімге қабылдағанына рахметін айта отыра, келген мақсатымызды қысқаша түсіндірді. Одан кейін сөз алған шаруа қожалығының басшысы Айбас Сыздықов нарықтық қатынастарға көшу, жаңа шаруашылық бөлімдерін ауылдық жерде қиындыққа тап болып, жергілікті басшылардың тарапынан қолдау таппай отырғандығын жеткізді. Маған сөз кезегі келгенде: «Құрметті Даниал Кенжетайұлы, біз сияқты қазақ ауылының бүгінгі тоқырауы, оның болашақ тағдыры ұстаздар қауымын қатты толғандырады. Ауылдағы мәдени - ағарту орындарының жекешелендіре бастауы, мәдени жұмыстарды жүргізуде қиындықтар тудырып отыр, аудандағы жалғыз қазақ мектебінің жай - күйінің мәз еместігі, бүгінгі күні туған тіліміздің мәртебесін көтеруде, қазақ ұлтының қайнар көзі ауыл екендігін, сондықтан біздің Бостандық ауылы сияқты қазақ ауылдарының экономикалық дамуына көңіл бөлу керек», - деп бастаған сөзімді күрт тоқтатып тастады. Мен ыңғайсыздансам да, әдеп сақтап бірінші басшыға қарсы пікір айтпадым. Әкімнің сонда айтқаны: «Бұл жерде ұлттық мәселелерді ауылдың шаруашылық мәселелерімен қабаттастыруға болмайды». Әкімнің қаттылау тентектеу, тік мінезін байқаған мен сол кезеңде жоғары басшылар тарапынан айтыла бастаған «ең бірінші

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**экономикаға көңіл бөлуіміз керек, содан кейін саясатқа (идеологияға), саясатты бірінші кезекке қоюға болмайды» деген сөздері есіме түсіп, сабама түстім. Бірақ та, Даниял Ахметовтың қазақы, ұлттық тілдің нағыз жанашары емес екені бірден байқап, көңіліме кірбің ұялады.**

Облыстың өміріне елеулі үлес қосқан келесі әкім Тайыр Мансұров туралы, оның іскерлігі, тіл жанашыры болғандығы жөнінде аз жазылған жоқ. Облыста ғана емес, республика көлемінде бірінші болып қазақ тілі мұғалімдерінің беделін көтеруге бағытталған қадам жасады, еңбек ақысына үстеме қосты. Ол туралы республикаға танымал жерлес жазушы - журналист, Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменовтың естеліктерінде жан - жақты жазылған.

«Өзінді өзің батыр деп мақтамасаң, батырлар қайдан шығады», «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», «Туған жердің топырағы үшін басын тауға да, тасқа да соқты», «Арысымызды ардақтап, мәртебесін өсірейік», - деген сөздер халық арасында жиі айтылатын сөздер ғой.

«Өзінді өзің батыр деп мақтамасаң, батырлар қайдан шығады», «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын», «Туған жердің топырағы үшін басын тауға да, тасқа да соқты», «Арысымызды ардақтап, мәртебесін өсірейік», - деген сөздер халық арасында жиі айтылатын сөздер ғой.



***Солтүстік Қазақстан  
облысының  
2007 – 2012  
жылдардағы әкімі***

## ***Білалов Серік Сұлтанғазыұлы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі, 2013 жылы Сенат депутаты болып сайланды***

Бостандық ауылының тарихына қысқаша шолу жасағанда алты жылдан астам облыс әкімі болып жемісті еңбек еткен Серік Сұлтанғазыұлы Білалов туралы бір - екі ауыз шындық сөз қозғамау, ауыл тарихының бетерін толық парақтамағанымыз, шындыққа жасаған қиянатымыз болар еді. Алғашқы еңбек жылдарын Серік Сұлтанғазыұлының Бостандық ауылының мал фермасында бастағанын кейбіреулер біле бермейді, сондықтан да Бостандықтың қасиетті топырағынан Серіктің болашақтағы өсу жолына қадам басқанын айтқым келді.

Серік Сұлтанғазыұлы іскер танымал басшы ретінде республика көлеміне танылып, облыстың экономикалық - әлеуметтік, мәдени дамуына қосқан еңбегі үшін 2001 жылы «Құрмет», 2009 жылы Елбасының қолынан екінші дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталуы соның куәсі.

Ол қарапайым жұмысшыдан бастап, барлық басшылық сатысының қиын сынынан сүрінбей сұрыпталып өткен кәсіпқой, білімді басшы тұлға ретінде үкімет басшыларына, ең бастысы Елбасымыздың көзіне түсті.

Солтүстік өңірдің табиғатына сай ауылшаруашылығы басым экономикалық бағытқа бейімделген өлкені, Тайыр Мансуровтан кейін кімге тізгінді ұстату сөз болғанда осы салада мол тәжірибе жинақтаған Серік Білаловтің

**ҚАҒАНА**

басқа үміткерлерден шоқтығы биік тұрды. 2007 жылы Елбасының сеніміне кіріп, ел үмітін ақтауға бата алған Серік Сұлтанғазыұлына жерлестерінің қуанышында шек болмады. Оның қарапайымдығы, нағыз өмірдің өзінен шыққан, еңбек адамдарымен күнделікті араласып жүргенде қалыптасқан адамгершілік қасиеттері оны басқалардан ерекшелендіріп биіктетеді. Ауылдастары оның ізеттілік мәдениеттілігіне таңдана баға береді, тікелей халықтың ішінен шыққан, оның мұң - мұқтажын білетін, өз өңірімізден болған басшымыз деп сүйсінеді.

Қатардағы зоотехниктен бастап бас зоотехник, кеңшар директоры, облыстағы ірі Бескөл құс фабрикасының директоры, Мағжан Жұмабаев, Есіл, Бескөл аудандарының әкімі болып, қызмет сатысының жоғарғы басбалдағына көтерілсе де, сол адамгершілік қасиеттерінен бірде бір айныған емес. Пендешілікпен кейбір басшылар бастық болғанда күрт өзгеріп, бірге өскен құрбы - құрдастарын, тіпті туыстарын да танымай жат болады.

Серік туралы жағымпаздықтан айтып отырған жоқпын, мен оның тікелей көмегін көрмесем де, жерлес ретінде өңіріміздегі атқарған еңбегін, адамгершілігін бағалап, сөз қозғап отырмын. Серіктің тұлғасы басқалардан ерекше, ол нағыз қазақтың дәстүр - салтын молынан білетін қарапайым елдің ұлы, еңбекқор халықтың, ел азаматының қасиетін бойына жинай отырып, қазіргі заман талабына сай, ел басқару тәсілін меңгерген саясаткер. Тәуелсіз елімізді дүниежүзілік алдыңғы қатарлы 50 озық елдердің қатарына қосатын, халқының үмітін ақтайтын басшылардың бірі екеніне сенімдіміз.

Бостандық ауылының тарихында өзіндік орын алған бөлімше басқарушысы **Кәкен Омаров**. Амантай Құдасбаев «Андреев» кеңшарына директор болып келгенде өзімен бірге ерте келген азамат еді, (түбі Омбы облысының «Қасқат» деген қазақ ауылынан ) біздің ауылымызға бөлімше басқарушысы етіп тағайындады. Неге екені белгісіз өз ауылымыздың азаматтары арасынан бөлімше басқаратын адам табылмағаны ма, әлде ауылдастарымыздың арасында бірлік болмады ма, әйтеуір бейтаныс Кәкен Омарұлы бөлімше басқарушысы болып шыға келді. Бірақ сол жылдары, аудан, облыс басшылығы ғана емес, совхоз басшылығы ауысқан жағдайда өзімен бірге өз командасын алып жүру үрдісі толық өмірге енген еді. Обалы нешік, Кәкен Омарұлы өте сыпайы, қарапайым, адамдармен тіл табыса білетін, бөлімше шаруашылығын құлдыратқан жоқ, керісінше жоғарғы басшылықтардың нақты тапсырмасын уақытында орындап, бөлімшенің білім, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелерімен тығыз байланыс орната, келісіп жұмыс атқарды. Бостандық мектебі ұжымымын үнемі қолдап отырды.

Сексенінші жылдардың басында кеңес үкімет тарапынан мал шаруа - шылығын дамытуға көп көңіл бөлінген еді. Бөлімшелер арнаулы мал шаруашылығына қажетті техникамен жабдықталып, мал азығын өсіруге арналған шабындық, жүгері егілетін жерлер кеңейтілді. Жүгері егумен

## *Нәсиев Қажымұрат*

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі**

айналысатын егіс - трактор бригадасының бригадирі Смайлов Әзімкен, мал фермасының бригадирлері Топышев Баян, Мүрсәлімова Зайкөш, сүт фермасының меңгерушісі Мейрамғалиев Сайран сол жылдары еліміздің азық - түлік қорының еселенуіне өз үлестерін қосты.

Мектеп оқушыларының еңбек сабағында алған білімдерін өндірісте ұштастыру мақсатында оқушылардың өндірістік бригадаларын құру да осы уақытта пайда болды. Бостандық мектебіне бекітілген арнаулы мал базы болды, мамандар бекітіліп, әрбір мал басынан қанша салмақ алғанымыз тоқсан сайын қортындыланып отырды. Бұл да бір білім саласындағы көп сынақтардың бірі еді, балалардың сапалы білім алуына зияны болса да, екінші жағынан аз да болсын оқушылардың сабақта алған білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыруға бағытталған еді, әйтеуір көпке созылған жоқ, пайдасынан зияны көп болғандықтан тоқтатылды.

А.Б. Құдасбаевтан кейін «Андреев» кеңшарының басшылығына көрші Жекекөл ауылының тумасы **Естай Алпысбайұлы Алпысбаев директор болып тағайындалды**. Кезінде Соколов ауданында Ғазез Есмұқанов ағамыз аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеген уақытта, ауыл шаруашылығы басқармасын басқарған тәжірибелі басшы екен, ол кісі өзімен бірге Хамзин Сәттар деген азаматты Бостандық ауылының басқармалығына тағайындады. Бұрынғы басшымыз Кәкен өз еліне кеткен еді. Сәттар түбі біздің Төлеп ауылының тумасы екен, оны кейін білдік, кішкентай кезінен басқа жақта, Жекекөл ауылында тәрбиеленген болса керек. Қасымов Жанбота, Шәріпов Нұрсайындардың жақын туысы екен. Сәттардың тұсында ауыл өмірінде сондай өзгеріс бола қойған жоқ, бірақ та ауылдасы кеңшар директоры Е. А. Алпысбаев оны тез арада бөлімше басшылығынан жоғарылатып, өзінің жанына кеңшардың кәсіподақ ұйымын басқаруға алып кетті. Бүгіндері Сәттар зейнеткерлікке шыққан, Арқалық ауылында тұрады.

Естай Алпысбаевтың басқару уақыты кеңестік жүйенің тоқырауға ұшырап, шайқала бастаған жылдары еді. Кеңестер Одағының басшылығы осы қиыншылықтан шығу мақсатында елде өзгерістер енгізу туралы айта бастады. Бірақ та тоқыраудан шығудың нақты жолын көрсете алмаған кеңестік жүйе, әсіресе ауыл өмірінде айта қаларлықтай ілгері басушылық өзгерістер жасай қойған жоқ. Керісінше, есте қалғаны, осы жылдары негізгі жергілікті ұлт өкілдері тұратын ауылдар сияқты Бостандық ауылы да әлеуметтік жағынан орыс тұрғындары қоныстанған басқа бөлімшелерден артта қала бастады. Мектеп үйі ескі, тар болып, оқушыларға сапалы білім мен тәрбие беруге жағдайдың болмауы, монша, дәрігерлік пункттің жұмысы әсіресе, тұрғын үй салу мәселелерінде шешілмей қордаланып қалған сұрақтар ауылдастарымыздың наразылығын тудырып, кеңшар басшылығына реніш тудырған жағдайлар болды.



*1959-1990 жылдардағы ескі мектеп ғимараты*

Мектеп ұжымы қандай уақытта болмасын қордаланып қалған әлеуметтік мәселелер жөнінде үн көтеретін, бірінші дабыл беруші екендігін жұртшылық әрқашанда біледі. Міне, осындай жауапты кезеңде аудан бойынша жалғыз қазақ ауылының аянышты жағдайы туралы аудан, облыс басшылығының назарына хаттар жолданып, ақпарат құралдары арқылы ауыл мәселесін көтерген Бостандық мектебінің ұжымы болатын.

Бұл кезең халықтың саяси белсенділігінің өсіп, ұлттық сана сезімінің өрлеген уақыты болатын, оның қозғаушы күші сол кезеңде КСРО - ны басқарып тұрған **М. С. Горбачевтың «социализмді қайта құру идеясы»** туралы бастамасы еді.

Бұл «қайта құру кезеңінде» ауылдық жерлерде ұлттық сана сезімнің өсуіне, қазақ ауылдарының аянышты жағдайы туралы өзекті мәселелерді ауыл мұғалімдері ғана көтеруші еді, ол өзінен - өзі түсінікті еді, себебі мұғалім ауылдағы бірден - бір көзі ашық, бас көтерер саяси жетекші болған десем артық айтпағанмын.

Сонымен қатар, Бостандық мектебі басқа ауылдық білім ошақтары сияқты өтпелі қиын кезеңде, тәуелсіздіктің туы тігілген алғашқы жылдары ауылдың бытырамауына, ауылдастарымыздың жаппай жұмыссыздыққа ұшыраған кезінде бірден - бір жұмыс орны болған мекеме еді. Себебі мемлекеттік мекемелер совхоздар мен кеңестік ұжымдық колхоз шаруа - шылықтары тарап кетсе де, бастауыш және орта білім беру мекемелерін мемлекет қаншама қиын болса да сақтаған еді, тек ауылдағы балабақшалар толық қысқартылып, қалалық жердегі бүлдіршіндер мекемелері көптеп қысқартылды. Осылайша жұмыс орындары ауылдық жерде қысқартылған жағдайда жұмыс орны тек ауылдық мектепте ғана болды. Бүгінгі күнге дейін қаншама ауылдастарымыз мектептің болуының арқасында (50 шақты азаматтар) тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілді. Зейнеткерлікке шығар уақытында жұмыс орындарының қысқартылуы, әсіресе жасы келген азаматтарға өте қиын соқты. Сол уақытта жұмыссыз қалғандар ауыл

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

мектебіне келетін. Техникалық қызметкерлердің нақты саны бекітіліп берілуіне қарамастан, қысыла отырып, апайларымызды зейнеткерлікке қиналмай шықсын деп, жұмысқа орналастыратынбыз. Есмұқанова Жанбике, Сәдуова Күлшәт, Уалиева Қорлығайың, Мұқанова Әпия, Топышева Күлзипа, Сыздыкова Іңкәр, Аскандирова Күлзипа апайларымыздың мектеп ұжымынан зейнеткерлікке шыққанын бүгіндері қуана еске алып отырамыз.

**Бостандық орта мектебінің сол бір қиын кезеңде ауылдың оқу - тәрбие орталығы ғана емес, ауылдың қиындықты жеңе отырып, ілгері дамуының барлық бағыттарында идеологиялық орталығы болды десем, артық айтпағаным.** Мектеп ұжымы өтпелі кезеңде қордаланып қалған ауыл мәселелерінің шешілуіне септігін тигізгенін айтамыз.

Елімізде басталған «қайта құру» кезеңінде, әрі демократияландыру шараларының тереңдетілуіне байланысты сайлау заңдарына өзгерістер енгізілген еді. Қайта құруға дейін сайлау жүйесі «халық атынан сөйлейтін депутаттарды» алдын - ала дайындап, жоғарғы басшылар бір - бірімен келісіп қойып, бір округтен бір кандидатты өткізе беретін. «Альтернативті» сайлау жүйесі болмаған еді. Енді жаңа жүйе бойынша сайлауға бірнеше азаматтар ұсынылып, немесе өзін-өзі жылжытқан кандидаттар жарысқа түсетін болды. Осындай кезде ауылдастарым мені Бескөл ауданы халық депутаттары кеңесінің депутаттығына ұсынып, жоғарғы басшылардың ұсынған адамы өте алмай, тайталаста маған берілген дауыс басым түсіп, екі жылдай аудандық депутат болдым. Бұл оқиға ауылдық жердегі білім мекемесінің басшысының аз да болсын беделінің бар екенін көрсетті, ауылдық жерлерде демократияның исі сезіле бастады, түсінген адамға бұл үлкен жаңалық еді.

Бірақ та, кейіннен жекешелендіру кезінде жіберілген қателіктердің нәтижесінде, ауылдың бірнеше жеке - жеке шаруа қожалығына бөлінуі, ауылымыздың дамуын кері кетірді, ол жөнінде әңгіме кейінірек.

Бескөл ауданыны құрамында сол кезеңде үш қазақ ауылы Бостандық, Бексейіт және Үшкөл ауылы болған еді. Солақай оңтайландырудан Бостандық пен Бексейіт аман қалды.

**Кеңес Одағының Батыры Әбу Досмұқанбетовтың туған ауылы - Үшкөл** болашағы жоқ ауылдардың қатарына жатқызылып, оңтайландыру кезеңінде халқы жан - жаққа көшіріліп, ыдыратылды, 1976 жылы ауылдың ең соңғы үміті бастауыш мектеп жабылғаннан кейін теріскейдегі қазақ ұлтының алтын бесіктерінің бірі - Үшкөл ауылы да тарих саханасының картасынан өшірілді. Кейіннен кітабымыздың соңында Үшкөл ауылының тарихы мен шежіресіне толық тоқталамыз.

Білдей бір аудан көлемінде Бостандық ауылында ғана орта мектеп амалсыздан сақталды, оның өзі «орыстандыру саясатын» шегіне жеткізбей, сақтықпен, халықтың ашу - ызасын тудырмаудан болған әрекеті еді. Бексейіт

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРХИВ АЛМАНАХЫ**

ауылындағы сегізжылдық мектептің және Үшкөлдегі бастауыш мектептің балалары Бостандыққа көлікпен қатынап оқыды, кейіннен асығыс 75 оқушыға интернат үйі салынды.

Бостандық орта мектебі жалғыз болғанмен аудан көлемінде қазақтың ұлттық рухының сақталуына, тілі мен ділінің берік қалыптасуына зор ықпал етті.

**90 жылдары тілге байланысты** ұлттық сана - сезімнің оянуына сәйкес, «Мемлекеттік тіл туралы» ең алғашқы заң қабылданар кезінде мемлекеттік тілдің беделін көтеру жөнінде алғашқы үн көтеріп, мақалалар жазып, пікір айтқан аудан бойынша жалғыз ғана Бостандық ауылының мұғалімдері болды. Сол кезеңде Бескөл аудандық газет беттерінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алу қажеттігі жөнінде және оның беделін көтеруге байланысты менің жазған мақалаларыма қарсы, орыс азаматтары - ның мақалалары әдейі жарыстыра орналастырған кездер де қылаң беретін. Бізді «ұлт саясатына ірткі салушы құбыжық» ретінде көрсетуге тырысқан Андреевка, Владимировка селоларының шовинистік пиғылдағы орыс жұртшылығы ғана емес, өзіміздің «мәңгірт» қаракөз қандастарымыздың кейбіреуі біздерге қырын қарай бастаған жағдайлар орын алды. Соның бәріне көндік қой, бүгіндері осының бәрі көрген түс сияқты, ұмытыла бастады.

Қазақ тілі, қазақ ауылының мәселелері жөніндегі газет беттерінде көтерген мәселелерімізді аудан мен облыстың идеологияға жауап беретін басшылары да ұнатыңқырамай бізді қысымға ала бастады.

Сол кезеңдегі облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болған Н. А. Иванованың 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысушыларға қарсы жазылған мақаласында: «Бостандық мектебі ұжымында мектеп директорының бас болуымен ұлтшылдық пиғылдағы көзқарастар орын алуда», - деп облыстық «Ленин туы» газетінің бірінші бетінде жазылғанын архивтегі газет беттерінен көруге болады. Бұл кезең 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысына қатысушыларға жала жабылып, оларды «нашақорлар мен араққұмарлар, қоғамға жат элементтер» деп, әрі оларды жақтап пікір білдіргендердің өзін де қатты сынап-мінеп және қудалап жатқан кез болатын.

Не дегенмен, желтоқсан қозғалысының әсерін қаншама әлсіретпек болғанымен, 1987 - 1990 жылдар ауыл тұрғындарының саяси белсенділіктері кемімеді, керісінше бұл жылдары ауыл тұрғындарының саяси көзқарасының шарықтау шегі болғандығын байқадық. Ашық түрде ауылдастарымыз көптен бері қордаланып қалған мәселелер туралы сол кезеңдегі партия жиналыстарында, ауылдағы жиналыстарда (сход граждан) ашық айта отыра, ескіше өмір сүруге болмайтындығын, ұлттық мәселелерді, тіл, қазіргі жаһандану кезеңінде салт - дәстүрімізді қалай сақтау жөнінде батыл әңгімелер қозғалатын.

## *Нәсиев Қажымұрат*

**Қазақстан Республикасының Ауыл және Қыстақ Қорғаныс және Даму Министрлігі**

Бостандық ауылының тұрғындары көтерген мәселелер аудан басшылары мен облыс басшыларының назарына легіп, бірнеше рет ауыл клубында Бостандық ауылының әлеуметтік - экономикалық дамуына байланысты мәселелерді талқылаған жиналыстар өткізілді. Ауылдың қоңырқай тіршілігі бір серпіліп, қазанда қайнап, бұрқыраған будай ауыл өмірін өзгерту жөніндегі ұсыныстар мен пікірлер, шешілмей жатқан көптеген мәселелерді шешуге себеп болғанын бүгінде ілтипатпен еске түсіреміз.

Сол кезеңде қоғамдағы түбірлі өзгерістердің аңдысын алдын - ала байқайтын, тың жаңашыл ой - пікірлер, ауыл мектебі ұжымының тарапынан туындап жататын. Ауыл ақсақалдары: Жанболатов Темірғали, Сарбасов Молдахмет, Шаяхин Бекен, Топышев Баян, Құрманғалиев Серікбай сынды ардагерлеріміз өткір де нақты, ақылды ұсыныстарымен көзге түсуші еді. Әсіресе тура да шындықты бетке айтатын, ешкімнен қаймықпайтын, жалтақтау дегенді білмейтін Темірғали (ауылдастары еркелетіп Тепе дейтін) ағамыздың белсенділігін ерекше атар едім.

Жігіт ағасы болып қалған Ережепов Кәдірбай, Мейрамғалиев Сайран, Шаяхин Мөлгаждар, Мұстафин Нұрғисалар өтпелі кезеңнің қиын уақытында өзінен кейінгі жастарға ақыл кеңестер айтып, жігіт ағасына сай бас бола білді.

Қазақ «ебепке себеп» дейді ғой, көп жыл бойы жаңа мектеп салу мәселесі күн тәртібінде тұрғанда аудан, облыс, тіпті республика басшылығына дейін хаттар көптеп жазылған еді. Тіпті, сол кезеңдегі республиканы басқарып тұрған, қазақтың аяулы ұлдарының бірі, Қазақстан коммунистік партиясының бірінші хатшысы **Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа дейін өзіміздің мұңымызды айтып, хат жазуды ұйымдастырған едік.** Ауыл тұрғындары атынан жазылған хаттың мәтінін ақсақалдармен келісе отырып құрастырдық. Сәті келгені сол, көптен жоспарлап жүрген жұмыстарымыздың бірі, Алматы қаласына Бостандық мектебінің оқушы - ларын саяхатқа апаруға мүмкіндік туып, оқушыларды сапарға даярлай бастадық. Оқушыларды бастап апаруға келіскен еңбек пәнінің мұғалімі Мүрсәлімов Рашитке арнайы тапсырыс беріліп, ол хатты республика басшылығы аппаратының хат бөліміне тапсырған болатын. Орталық аппараттың хат бөліміне түскен арыз - хатты, белгілі тәртіпке байланысты, республика басшылығы оны жергілікті облыс басшылығына жіберіп, хатта көтерілген ауыл мәселелерін шешуді тапсырған болатын. Кейін облыстан, ауданнан арнаулы комиссия шығып, ауылдағы қордаланып қалған мәселелерді зерттеп, қорытындылады. Осы жағдайдың өзі ауыл өмірін өзгертуге басталған алғашқы қадам болды.

Зерттеу қортындысына байланысты ауыл клубында облыс, аудан басшыларының барлық тұрғындардың қатысуымен қызу пікірталас болған жиналыс өтті. Ауылдастарымыздың жиналыста көтерген өткір мәселелері



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҒАШЫ АУЫЛ МӘСЕЛЕСІН**

орынды деп танылды, жергілікті басшыларға да қатаң ескертулер айтылып, нақты істерге көшуді межеледі.

Бүгінгі күннің биігінен қарап сараласақ, сол кезеңдегі мүлгуде, ұйқыда болған жұртшылықтың ұлттық сана-сезімін оятқан оқиғалар - елімізде басталған «горбачевтік қайта құру» идеясынан, ең бастысы бүкіл дүниежүзін дүр сілкіндірген **1986 жылғы желтоқсан** көтерілісінің қуатты жаңғырығынан басталды. Осы тарихи оқиғалардан рухтанған біз, батыл түрде ауыл мәселелерін республикалық деңгейде жария етпесек, облыс, аудан тіпті кеңшар басшылары бізге көңіл аударар ма еді, қазақ ауылының жағдайына, оның тұрғындарының тұрмысына алаңдар ма еді?...

Жаңа типті орта мектеп, ауыл тұрғындарына жаңа баспана салу, Новомихайловка, Андреевка селолары арасындағы жол қатынасын түзеу мәселелері ең басты міндеттер болған еді. Ең бастысы жаңа мектеп ғимаратын салуға тапсырыс, құжаттар даярлау жұмысы тез арада басталып кетті. Сол кезеңдегі аудан, әсіресе кеңшар басшылығы Естай ағамыз тарапынан алғашқыда біздің ауыл жігіттеріне, ауыл мәселесін облыс, республика көлеміне дейін көтергенге реніш те айтылды, бірақ та Естай ағамыз кейіннен біздің ащы жан айқаймыздың дұрыстығын түсініп, сын ескертпелерде айтылған міндеттерді батыл орындауға көшті. Қазекем айтады ғой «жай жатқан тастың астына су бармайды» дегендей, төменгі халық бұқарасы тарапынан келелі, маңызды істерді ауыл болсын, бүкіл ел көлемінде болсын көтермесе, маңызды мәселелер өзінен-өзі шешілмейді. Жоғарыда отырған басшылар кей жағдайда төменгі жақта не болып жатқанын нақты біле бермейді. Төменгі және ортаңғы буында отырған «бастықсымақтар» өз жұмысындағы кемшіліктерді көрсетпес үшін, жоғарғы басшылыққа бұрмаланған, «боямалы» ақпараттар берген кездері болады. Халық әрқашанда сыншы ғой, ал халықтың үнін жоғарғы жаққа жеткізуші – ауыл интеллигенциясының өкілдері.

1985 - 1987 жылдары, 2 - 3 жылдың ішінде Бостандық ауылында оншақты шпалдан жеке тұрғын үйлер салынып, монша, медпункт үйлері күрделі жөндеуден өтіп, әлеуметтік жағдайлары жақсара бастады. Ауыл мектебі ұжымының осындай келелі мәселелердің көшбасшысы болуы заңды да.

Е. А. Алпыспаев зейнеткерлікке шыққаннан кейін оның орнына **Барлыбаев Нағашыбай** «Андреевский» кеңшарын басқаруға келді. «Жас келсе іске» демекші, Нағашыбай негізгі мамандығы мұғалім болғанымен, екінші қосымша мамандығы агроном екен, қос дипломды жас маман шаруашылықты бірден дөңгелетіп әкетті.

Өздері бірнеше ағайынды, арғы бабалары (Тәштит Тәбейұлы Барлыбаев) атағы жайылған адамның нәсілі болғандықтан ба, бәрі де сайдың тасындай, бір-біріне қол ұшын беретін, бірі аудан басшылығында қызмет істесе, бірі облыс көлемінде кеңшарды басқарған жан - жақты ағайынды жігіттер болды, бір сөзбен айтсақ, қамқор ағалары бар Нағашыбайдың тұсында Бостандық ауылы өзінің даму деңгейінің шарықтау шегіне жетті.

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі*



*Суретте кеңшар директоры Нағашыбай Барлыбаевтың жаңа мектеп кілтін табыс ету сәті*

Нағашыбай қазақ ауылының даму кезеңі уақыт күттірмейтін екенін түсініп, біздің ауылды назардан тыс қалдырмады. Жас мамандардың арасынан Бостандық ауылын басқаруға өз ісін жетік білетін Сыздықов Айбас деген өз ауылымыздың тумасы тағайындалды. Айбастың мамандығы механик, ең алдымен механик болып жақсы жұмысымен көзге түскендіктен, басшылыққа тез арада жылжытылды.

Нағашыбайдың тұсында 1991 жылы жаңа типті 165 орындық орта мектептің құрлысы аяқталып, ауылдастарымыз үлкен қуанышқа бөленді.



### *1991 жылы жаңа оқу жылында мектептің ашылу салтанаты*

*Солдан оңға қарай: мектеп директоры Қ.Нәсиев, кеңшар партия ұйымының хатшысы М.Шаяхин, ПМК басшысы Қ.Жақсылықов, «Андреевский» кеңшарының директоры Н. Барлыбаев, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары Л.Денисенко, аудандық оқу бөлімінің бастығы А. Хомутовский, ауылдық кеңестің төрағасы Н.Шарипов, Андреевка мектебінің директоры Л. Черемисина, бас экономист Э.В.Функнер, бөлімше агрономы Б.Шахин, жұмысшы комитетінің басшысы С. Хамзин, соғыс ардагері Х. Мұрсәлімов, зейнеткер М. Сарбасов.*



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының берген жемісі еді, қазағыма еркіндік тие бастады. Біздің мектебіміз салына бастағанда онымен қатар «Новоникольский» кеңшарының Ново-александоровка деген бөлімшесінде үш қабатты мектеп үйінің қабырғасы тұрғызылып қойылған еді, бірақ та атақты директор, бүгіндері беделі республикаға жайылған Г.В. Зенченко сол кезеңде мектепті аяғына дейін салдыра алмады, мектеп үйінің ғимараты көп уақыт қаңырап бос тұрды, құрылысы аяқталмады.

**1991 жылы** Қазақстан өз алдына тәуелсіздік алуына байланысты ұзақ уақыт қордаланып қалған ұлттық мәселелер республикамызда шешіле бастады, әсіресе ұлт мектептерінің жағдайы өзгере бастады. Аудандық оқу бөлімі аудандағы жалғыз қазақ мектебіне бұрынғыдай немқұрайлы қарамай, «сендерге не қажет, материалдық базаларыңды қалай жақсартамыз», - деп өздері бізге сұрау салып, өтініш беретін жағдай қалыптасты. Аудандық оқу бөлімінің бастығы **А. А. Хомутовскидің** қазақ мектебіне деген ой пікірі сырттай болсын өзгере бастады. Бостандық ауылы мен негізі немістер қоныстанған Ново - Андреевка селосында типтік екі жаңа ұлттық мектептер ашылды, сонымен қатар облыс көлемінде бірнеше жаңа типті қазақ мектептері бой көтеруі осыған дәлел еді. Бұл тәуелсіздіктің арқасында қоғамда басталған зор өзгерістердің басы еді.

**10. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында,  
«Бостандық» шаруа қожалығының құрылуы  
(қиыншылығы мол нарықтық экономикаға өту кезеңі)**

Кеңес одағы ыдырап, әр ұлттық мемлекет жарыса тәуелсіздік декларациясын жариялап жатқанда, біздің қазақ елі де 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялаған еді. Мүлдем бір - біріне кереғар кеңестік құрлыстан капиталистік құрылысқа қайта көшу қиындықпен жүрді. Бір экономикалық құрылыстан екінші экономикалық құрылысқа көшу Бостандық ауылының тұрғындарына оңай болған жоқ, олар өтпелі кезеңнің ауыртпалығын елмен бірге толықтай бастан кешірді.

Ауылдық жерде жекешелендірудің басталуымен ауылдың экономикалық және әлеуметтік құлдырауы басталды. Уақытында жекешелендіру мәселелері туралы, ауыл шаруашылығының кеңес заманынан қалған материалдық базасын қалай сақтаудың механизмдері алдын - ала қарастырылмады, халыққа жекешелендіру тәртібі, жекешелендірудің қандай түрлері бар, оның қайсысы тиімді болатындығы түсінікті тілмен түсіндірілмегендіктен, қарапайым ауыл адамдары жоғарғы тұрған басшылық нені айтса, соған көне берді. Жекешелендіру процесі кеңес дәуірінде билікте отырған немесе билік басында туған - туыстары отырғандары ғана ұтты, олар кеңшардың материалдық – техникалық базасын бөліп алды, қалалық

## *Нәсиев Қажымұрат*

XX

жерлердегі өндіріс орындары мен шағын цехтар, балабақша, спорт кешендері кім көрінгеннің қолында кетіп жекешелендірілді, кейіннен өз бағытында жұмыс істей алмады, қаншама бүлдіршіндр балабақшаға бара алмай, қанша ма мәдениет нысандары жабылып қалды, завод, фабрикалар жұмысын тоқтатып, халық жұмыссыз сандалды, ала дорба арқалап, базар жағалап кеткен халық аңтарылып қалған кездері болды. Бұл жіберілген қателіктер көп уақытқа дейін түзетілмеді.

Ауылымыз бытырамай бір ұйым болып тұрған кезде, өтпелі кезеңнің ауыртпалығы қанша ауыр болғанмен ауылдастарымыз көндікті, оны көтере білді. Бұрынғы әдет - ғұрпынан, қазақы салтынан қалған емес.

Бюджеттен қаржыланатын мұғалімдер мен дәрігерлер еңбекақының орнына азақ - түлік, шаруашылық тауарларын алып, оны ақшаға айырбастады, ауылдастар қолында өсірген малдарын бартерге (колма - қол айырбасқа), немесе арзан бағаға алыпсатарларға өткізіп, ұтылып жатса да амал жоқ оған көнді, көнбеске амал жоқ, қазағым қандай қиын заман болса да ойын - тойынан, жора - жолғысынан қалған жоқ.

Заманның өзгеруіне байланысты, өтпелі кезеңде құрдымға кеткен марксиз - ленинизм идеологиясының орнына әртүрлі ағымдар мен өз бас пайдасын көздеген пысықсымақ философиялық ілімдер, әртүрлі «қияли шектен шыққан пікір айтушы «қасиетті адамдар» ауыл аралап кетті. Сондай көріністі басқа қазақ ауылдары сияқты Бостандық ауылы да бастан кешірді. Ел аралаған «халық емшілерінің» жаппай тұрағына айналуы, Кашпировский, Чумак, «Фархат ата» іліміне сенушілердің көптеп шығуы, әсіресе мектеп мұғалімдерінің арасында «фархатшылардың» болуы елең етер оқиға болды. Кейбір халық емшілерінен шын мәнінде, ауылдастарымыздың санаулысы емделіп сауыққандары да болса керек, бірақ халық емшілерінің атын пайдаланып, **«Фархат ата» жақтаушылары** Алматы маңындағы орналасқан **ұйғыр ұлтшылдарының** өзіне болашақта көптеп жақтастар табуға бағытталған ұйым екенін ауылдастар білмеді және сезген жоқ. Болашақта еліміздің бірлігіне қарсы және тұрақтылығына зиян тигізетін жат ағым екенін айтқанымызбен, кейбір ұстаздарымыздың өздері де сенбеді, тіпті сонау Алматы маңындағы елді мекен «фархатовшылардың» негізгі тұрағы Шоңжыға дейін барған ауылдастарымыз болды.

Осындай жағдайда мектеп басшылығы жергілікті «Арқалық» ауылдық әкімдігінің төрағасы Шаяхин Мұхамедиярмен бірлесе отырып, «Қызылжар» орталық мешітінен арнаулы дін өкілін шақырып, ауылдастарымызбен және ұстаздар қауымымен түсінік жұмысын жүргіздік. Соның арқасында мұсылман дінімізге ғана емес, қоғамның тұрақтылығына зиян тигізетін жат ағымның таралмауына тосқауыл қойылды. Бірақ та, «Фархатшылар» іліміне сенетін бірлі - жарымды ауылдастарымыз қалып қойғанымен, оның өршуіне жол берілген жоқ.

**ЖАҒАМАҒА ҚАРАЙ**

Өтпелі кезеңнің қиындығының бірі, қоғамымызға, дінімізге, тілімізге жат жаппай әртүрлі ағымдар мен қозғалыстардың қаптап кетуімен бірге қоғамдық тәртіптің әлсіздігі, ұры - қараның көбеюі байқалды.

Жаңа мектеп салынған кезде техникалық құрал - жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, алғашқы рет «Корвет» компьютерлерінің болуы оқушылар мен ұстаздар қауымын қуанышқа бөлеген еді, бірақ та қуанышымыз ұзаққа бармады. Бір түннің ішінде жаңа компьютерлеріміз қолды болды. Бескөл мектебінде күзетшіні өлтіріп, олардың да компьютерін ұрлаған қанды қарақшылар біздің де мектепке түскен екен. Ол кезеңде күзетші деген мектепке берілмеген еді.

Сонымен қатар, Бостандық ауылының беделіне нұсқан келген жағдай ауылда және ауыл маңында ұрлық қарлықтың өршуі болды. Бұрын аталарымыз «Ұры шағалақ, тауағаштықтар» деп айтып, тауағаштықтарды мысқылдап күліп отырушы еді, енді өз басымызға келді, «күлме досқа, келер басқа демекші» Бостандық ауылының жағымсыз аты шықты.

Қазақ жылқы десе ішкен асын жерге қояды, «жылқы ер қанаты» дейді де, мінсе көлігі болып, ішсе қымызы сусын, жесе еті майлы, дәмді, шипалы болатын жануар кімді қызықтырмайды. Ерте заман да қазекем «барымта» дегенді сылтау етіп, бір - бірінің жылқысын күштілер мен ептілер алып кетуші еді. Енді өтпелі, аласапыран кезеңде осы «барымта» біреудің қорадағы жалғыз жылқысын, даладағы табын - табын үйіріне қол сала бастады. Бірі де қатаң тәртіптің жоқтығынан, немесе ішкі орган қызметкерлерінің жең ұшынан жалғасқан әрекеттерінен болса керек. Оны өмір дәлелдеп отыр.

Мен өзім өмірі жылқы ұстап көрген жоқ едім, қазақтың абыройын көтеретін де, құртатын да жылда соятын соғым ғой. Неге жыл сайын маған інім Мұрат соғым семіртіп береді, енді өзім өмірімде бір рет семіртіп көрейінші деп, ірі бір жылқыны сатып алып, қорада семіртіп отырғанмын. Сояр күннің алдында, соғымды далаға аунатып, терін шығарайын деп жүргізіп әкеп, қайтадан қораға қамағанбыз.

Ертеңіне ерте тұрған балам Мүсілім ат қораға барса, есігі ашық, соғым жоқ. Ентігіп жеткен баламның соңынан жүгіре қораға кірсем, шын мәнінде соғым жоқ, санымды соғып, жүремнен отыр қалдым. Менің қорамнан мал ұрлайды деп үш ұйықтасам түсіме кірмес еді, амал нешік ұры ұстазсың ба, әлде қарапайым жалғызбасты жетім жесірсің бе, оған мал болса болды, адамгершілік, ұят деген қалтада.

Не керек, соғым соятын уақыт асып кетті, етсіз қалай отырам, ұрғашы тайшам бар еді, амалсыздан соны сойдым, обал болды ішінен бұзау шықты, «обалың ұрыларға» деп тайшаның етін бір айдай қаужаладық. Әйтеуір іздеудің нәтижесі ме, әлде «ұрылар ұялды ма» бір күні далаға шықсақ, соғымым қорада байлаулы тұр, өз көзімізге өзіміз сенбей, шошып кеттік.

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Жалы күдірейген, жаясының үстіне бір шелек су қойсаң шайқалып төгілмейтін жылқым арыған, бұрынғыдай күйі жоқ, құр сұлдері ғана. Қайтадан семіртуге тура келді.**

Жалы күдірейген, жаясының үстіне бір шелек су қойсаң шайқалып төгілмейтін жылқым арыған, бұрынғыдай күйі жоқ, құр сұлдері ғана. Қайтадан семіртуге тура келді.

Осы жағдайды облыстық «Ленин туының» тілшісі, өңірімізге белгілі танымал журналист **Өмір Есқали естіп, газетке «Қайтып оралған малдың қайыры бар» деген қысқа хабарлама беріпті.**

Міне, өтпелі кезеңнің сипаты осындай, күлерсің бе, жыларсың ба, кешірімді халықпыз ғой, өкпеміз бір насыбай атқанша, бәрін ұмыттық.

Өтпелі кезеңде, соңғы он бес жылда қаншама ауылдар қаңырап босап қалды. Қазақ ауылдары зейнеткерлікке шыққан адамдар тұратын мекенге айнала бастады. Осындай жағдай біздің туған Бостандығымыздың тағдырынан көруге болатын еді.

Жекешелендіру басталған кезде Бостандық ауылы өз алдына жеке шаруашылық болуға бекінді. Сол кезеңде кеңшарлар жекеменшік құрлымдарға айналдырыла бастаған еді, жоғарыдағы басшылықтың берген нұсқаулары кеңес дәуіріндегі қалыптасқан шаруашылық түрлерін тез арада көрсоқырлықпен жоюды көздеді, артынан бұл тез жекешелендіру халыққа тиімді бола ма, жоқ па оны кейбір басшылар болжағысы да келмеді, қоғамдық меншікті тезірек жекешелендіру саясаты үстемдік құрды.

Ауылдың бас көтерер азаматтары, әсіресе сол кездегі ел басқарған азаматтарымыздың өзі де жекешелендіруді қалай жүргізуді дұрыс түсінбегені байқалды. Бірден жеке шаруашылықтың қандай түрін (формасын) таңдап алуға білімдері жетпеді ме, әлде арғы түбінде өз жеке бас пайдасын ойлады ма, Бостандық ауылы жеке шаруа қожалығын құруға бет алды.

Барлық ауылдастарымыздың мүддесінен шығатын, ата - бабаларымыздың **70 жыл бойы бір ұжым болып жиналған материалдық базасын, кейіннен ешкім жеке қарақан басына пайдалана алмайтындай шаруашылық түрін құру идеясын айтқанымызбен** (жауапкершілігі шектеулі серіктестік немесе акционерлік ұжым), ешкім оны жақтамады. Кейбір азаматтардың көңілінде бір кірбің болса да, жаңашыл ойды тез қабылдамай, кешігіп артта қалатын қазақылығымызға басып, «ол қалай болады», «жеккөрнішті бола бермейік» «бұрынғы шаруашылық басшылары не айтты, сол болсын», « мұғалімдер білгішсіне береді, олардың қолында не тұр, ертең бірдеңе болса басқармаға бармағанда қайда барамыз ғой» деген пікірлер басым болды.

Жекешелендіру механизмінің дұрыс болмауынан кеңшардан бөліну ұзаққа созылып, арты даулы мәселелерге айналды, сотқа дейін шағым - дандық. Бұл жағдай жалғыз бізде ғана емес, басқа да жекешелендірілген қазақ ауылдарына тән болған еді.

«Бостандық» шаруа қожалығының басшылығына бұрынға бөлімше басқарушысы болған Сыздықов Айбас інімізді ұсындық. Айбас Қажымолдаұлы түбі Керей - Тарышының Самайы, Айтбай батырдың Есенгелді тармағынан. Ауылдың бас көтерер азаматтарының негізгі бөлігі бірауыздан оның шаруа қожалығының басшысы болуын жақтап келісті.

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Ауылдастары келісім бергеннен кейін Айбас өз атына шаруа қожалығын заңды түрде бекітіп алды. Ауылдастары*



*Сыздықов Айбас Қажымолдаұлы  
Бостандық бөлімшесінің  
басқармасы, жекешелендіру кезінде  
«Бостандық» шаруа қожалығын  
басқарды*

**Сыздықов Айбас.** Оған жер үлестерімен, техникаларын келісім - шартпен сеніп тапсырған еді. Үлкен бір ауылдың жеке бір кісінің шаруа қожалығы негізінде құрылуы о бастан - ақ қате болатын, бұл жөнінде сол кезеңде айтылды да, бірақ ондай айтушылар азшылық болғандықтан, олардың ұсынысы өтпеді. Көпшілік ауылдастарымыз ол кезеңде жекешелендіруді түсінбеді, жекешелендірудің басқа түрі, яғни жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ТОО) құруға болатын кейіннен бірақ білді. Әрине жекешелендірудің ЖШС

(ТОО) түрінің де өзіндік кемшіліктері болса да, жеке шаруа қожалығынан қарағанда анағұрлым тиімді еді, бірнеше адамнан құралған басқару жүйесін енгізу арқылы басшылықтың жұмысын бақылауға, бухгалтерлік жұмысты, түскен пайданың мөлшерін білу, жариялылықтың болуына жағдай жасалынатын еді.

Әттең, сол кезеңдегі ел басқарған азаматтардың санасы мен ой өрісінің, тәжірибе жоқтығынан заман талабынан көріне алмауы кейіннен ауыл өміріне кері әсерін тигізгенін көріп отырмыз. Тәуелсіздігіміздің 20 жылы өтсе де, қазақтың бесігі - ауыл бұрынғы өз дәрежесіне әлі де көтеріле алған жоқ.

Сыздықов Айбастың ең алғашқы жоспарлауы бойынша ауылда жеке шаруа қожалығын құрып, оның экономикасын нығайтқаннан кейін, анағұрлым тиімді, ұжымдасудың демократиялық түріне көшеміз деген ойын іске асыруға мүмкіндік болмады. Сеңдей соғылысып, бұрынғы бағыт - бағдарынан айырылып қалған елдің есеңгіреген сәтін аңдай қойғандар ауылды бөлшектеп әкетті. Есеңгіреген ей немене кейбір ауылдастарымыз бір жылдың ішінде жерін біресе бір шаруа қожалығына, біресе екінші, үшінші шаруа қожалықтарына беріп дауласып жатты. Олардың сондағы айтатын уәжі «анау жер үлесіме көп пайыз береді, ақшаға кенде болмаймыз» дейді



## Нәсиев Қажымұрат

жазылған

жігіт атасы болып қалған тәп - тәуір «оқымысты» ауылдасымыз. «Ой, оның не? Бүгін жерінді анаған бересің, келесіде жерімді ал деп, басқа ауылдағы қожалық иесіне жалынасың, жерінді қайтарып бермей ұзақ уақыт алғашқымен жанжалдасасың» түрін өзгерте беретін «хамелеон» сияқты болу осы саған керек пе?», - десең, «біз қазақ айнығыш, әрі тез жалыққышпыз» - деп миығынан күледі. Өзімшіл, есепшіл пиғылдан гөрі, елдің бірлігін сақтауға қажетті жағдайды жасауға миы жетпегенін өзі де таразыламаған ауылдастарымызға өкпеміз әлі де тарқаған жоқ.

Обалы не керек, «жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» дегенге саятын болсақ және шындықты айтсақ, Айбас басқарған «Бостандық» шаруа қожалығы өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына қарамастан, алғашқы бесжылдықта тез арада аяғынан тұрып кетті. «Андреев» кеңшарынан өз үлесін толық алмаса да, айналадағы жекешелендірілген ауыл мен селоларға қарағанда, ауыл тұрғындарының тұрмысы жүдеушілікке ұрынған жоқ. Үлеске бөлінген техниканың арқасында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту деңгейін бұрынғы кеңес дәуіріндегі мөлшеріне жетпесе де, ауыл тұрғындарының қажеттілігіне толық жеткілікті болды. Көрші ауылдарда білім және мәдениет нысандарының орталықтандырылған жылыту жүйесі тоқтап, әрбір білім, мәдениет мекемелері қара пеш орнатып, өткен ғасырдың 50 - 60 жылдардағы күндеріне кері кетсе, тіпті біздің бұрынғы кеңшар орталығымыз «Андреев» селосындағы типтік үш қабатты мектеп үйі орталық жылу жүйесінен ағытылып, мектеп ғимаратының жарты бөлігі жабылды, тек әрбір қабатта орнатылған пешпен жағылатын мектептің жарты бөлігінде оқу оқытылды. Мектептің табалдырығынан бастап үшінші қабатқа дейін көмір шашылғанын, қара - күйе түтінге толы мектепте оқыған балалар мен оларға күйелеш- күйелеш болып сабақ берген мұғалімдерді көру сондай аянышты болды.





Міне, осындай қиын жағдайға ұшыраған мектептермен салыстырғанда, Бостандық мектебі ондай қиындықты көрген жоқ. Қысқы жылу жүйесін толықтай шаруа қожалығы өзінің қамқорлығына алды. Айбас Қажимолдаұлы «Бостандық» шаруа қожалығы есебінен жылына 500 000 теңгедей қаражатты мектептің жылу жүйесін ұстауға жұмсады. Сол кезеңде электр қуаты мезгіл-мезгіл тоқтап, жылу қазандықтарын жағу мүмкін болмай қалатын. Мектептің жылыту орталығында қосымша электр қуатын беретін дизельді қондырғы қойылды.

Сонымен қатар, білім мекемелерінің қызметкерлеріне еңбек ақы бюджет тапшылығына байланысты төленбеген уақытта, заттай тауар есебінде төлем жүргізуді шаруа қожалығы мойнына алған болатын, оны «крилинг» жүйесі деп атағанын білеміз. Бір сөзбен айтқанда, «Бостандық» шаруа қожалығы облыс, аудан бойынша жекешелендіру уақытында жаңаша шаруашылық құрудың үлгісін көрсетті. Жағалай қай ауылға барсаң да, Бостандық ауылының сол кезеңдегі ұйымшылдығының арқасында тұрмыстарының жүдемей отырғандығы, ауылдағы барлық әлеуметтік-тұрмыстық нысандарының жұмыс істейтіндігі үлгі тұтылатын. Қыстың күні көшесінің қары тазалаулы, грейдер жолдары ашулы, обылыс, аудан орталықтарына автобус қатынастары ұйымдастырылған болатын. Тіпті кей жылдары қыстың қақаған сары аязында көрші ауылдар той - домалақ, өлім - жітік бола қалған жағдайда жол ашуға біздің ауылдан техника сұрап алатын. Ауылдастарымыз өздері өндірген артық сүт, ет, жұмыртқа өнімдерін сатуды ұйымдастыра бастады. Әрбір үйде бір - бір көліктен мотоцикл, жеңіл автокөліктердің болуы тұрғындардың тұрмыс жағдайының түзелгендігін көрсетті.

Ауыл жаңа экономикалық нарықтық қатынастарды меңгеріп, үйрене бастады. Басқа жұртшылық ауылымызды мақтап жатқанда, біз оған балаша қуанып қалушы едік.

Бостандық ауылының жаңа экономикалық жүйеге ауырсынбай өту тәжірибесін байқап көру мақсатында облыстан арнаулы комиссия шықты. Комиссияны бастап келген облыс әкімі Қажымұрат Нағыманов, аудан әкімі М. С. Юрков (1995 - 2000 ж. ж. ауданды басқарды) болатын. Сол кезеңде облыс басшылығының тікелей жеке ауылдарды аралауы сирек болатын құбылыс еді.

Облыс әкімі Қ. Нағманов ауылдағы барлық нысандарды аралап болған соң, арнаулы түрде Бостандық орта мектебіне соққан кездегі қызықты жайды еске түсіргім келеді. Облыс басшысы мектепке соғады деген соң, оқушыларды фойеде сапқа тұрғызып қарсы алдық. Қажымұрат Нағыманов өте қарапайым, әкіммін деп кекірейіп тұрған жоқ, қазақы кісі екен, мектеп фойесінде сап түзеп тұрған балаларды көріп, сәлемдескен соң оқушылардан: «Кім «4 пен 5» - ке оқиды, кәне, қолдарыңды көтерші», - дегенде, алғашқыда

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі*

ешкім де қолдарын көтере қойған жоқ еді, бірақ та байқаймын аздаған минуттардан кейін, мен жақсы оқимын деп саңқылдаған баланың даусы шықты, қарасам 2 сыныпта оқитын көршім Нұржанның баласы, Нұрболат екен. Нұрболат өзі сондай сүйкімді, сап - сары ботақан сияқты «мен, мен, өте жақсы оқимын» деп әкімнің алдына суырылып жетіп барғанда, әкіміміз қалтасынан бес мыңдық ақшаның біреуін Нұрболаттың қолына ұстата салды. Сол мезетте бастауыш сынып оқушылары жапа-тармағай мен жақсы оқимын деп, әкімнің алдына ұмтылып, сарнай жөнелгенде, мұндай жағдайды күтпеген облыс әкімі қалтасынан тағы да 4 - 5 балаға ақша үлестіріп үлгерді. Біз шұғыл арада аңтарылып, қысылғаннан сынып жетекшілеріне ишрат - ыммен «тоқтат» деп белгі бердік. Сол кезеңде аудан әкімі Юрков мырза облыс әкімі көз алдында жомарттық танытып жатқанда, ыңғайсызданды ма, күмәжінегіне қол салып, бір мыңдықтарды қол көтерген оқушыларымызға байпаздана ұстатты. Біз болсақ, бір жағынан ыңғайсыздансақ та, оқушыларымыздың тапқырлығының арқасында әкімдердің қалтасын қаққанына риза болып қалдық. Аз да болсын оқушыларымыздың оқудағы алғашқы еңбегінің жемісіне әкімдер тарапынан берілген баға деп есептедік.

«Бостандық» шаруа қожалығының табысты жылдары ұзаққа бармады. Нарықтық қатынастар ақшаға, баюға, капитал жинауға негізделген ғой. Өтпелі кезеңде яғни, кейде халық арасында «жабайы капитализм кезеңі» деп сипаттаған нарықтық қатынастардың алғашқы баспалдағына аттау кезеңінде қоғамдық қатынастарда зор өзгерістер болғанын байқадық, адамгершілік қатынастардың, ізгілік пен сыйластықтың орнына, ақшамен өлшенетін қарым-қатынастар орнады. Барлық мәселені ақшаның күшімен шешетін жағдайлар орныға бастады. Өмір есепке айналды, саулық та, сәлем де есеп, байлық та барлық та есеп, көмек пен демеу де есеп, көру мен күлу де есеп болып қалды. Міне, қорғасындай берік, ұйымшыл болған ауылдастарым ақшаның буына балқыды ма, әлде жағалай мақтаған жұрттың көзі тиді ме, бірте - бірте жеке бөлініп, әркімнің өз алдына шаруашылық құру идеясы белең ала бастады. Осынау тіршілік математикасын жетік меңгерген, бақай есепті дұрыс құра білген барынша ұтарына сенген ауылдастарымыз шыға бастады.

**«Бөлінгенді бөрі жейді» дейді атам қазақ, соның кері 2000 - 2001 жылдары біздің ауылдың басына келді. Сүттей ұйып отырған ауыл бір - екі жылдың ішінде жеке - жеке төрт шаруа қожалығына бөлініп кетті.**

Сыздықов Айбастың өтпелі кезеңде ауылдың ауыртпалығын көтерудегі, білім ошағына жан - жақты көмек берудегі еңбегін ауылдастары, ұстаздар қауымы ұмытуға болмайды. «Қиын кезде бөлісіп жеген құйқаның дәмі тәтті» демекші «Бостандық» шаруа қожалығының басшысы Сыздықов Айбастың жіберген қателіктеріне қарамастан, өтпелі кезеңнің нағыз ауыр

**Ауылдастарымыздың жаңа экономикалық қатынастарға көшу кезіндегі жіберген қателіктері олардың еркінен тыс, объективті себептерге байланысты болса, субъективті, яғни олардың тікелей өздеріне қатысты қателіктері болғанын да айтуымыз қажет. Оның ішіндегі ең басты қателік – пайдаға құнығу, жеке бастың қамын ауыл мүдесінен жоғары қою; екінші ауылдастарымыздан ауыз біршіліктің кетуі, жікшілдік, көре алмаушылық сияқты қасиеттер.**

кезіндегі жұмысын мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Заманның сол кезеңіндегі талабына сай Айбас жұмыс істеді.

Бүгінгі күні өткен өмірге көз салсақ, ауылдастарымыздың жаңа экономикалық қатынастарға көшу кезіндегі жіберген қателіктері олардың еркінен тыс, объективті себептерге байланысты болса, субъективті, яғни олардың тікелей өздеріне қатысты қателіктері болғанын да айтуымыз қажет. Оның ішіндегі ең басты қателік – пайдаға құнығу, жеке бастың қамын ауыл мүдесінен жоғары қою; екінші ауылдастарымыздан ауыз біршіліктің кетуі, жікшілдік, көре алмаушылық сияқты қасиеттер.

Алла Тағалам бүгінгі ел басқарып отырған басшыларды және кейінгі ұрпақты осы кемшіліктерден ада етсін.

«Бостандық» шаруа қожалығы ыдырап, оның орына Есмұқанов Бауыржан, Хамзин Біржан басқарған шаруа қожалықтары құрылса, ауылдастарымыздың көпшілігі Нағашыбай Барлыбаев басқарған «Арқалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылды. Айбас Сыздықовтың шаруа қожалығы кейіннен тағы да бөлшектеніп, Зәпкен Шаяхиннің құрған шаруа қожалығына оның негізгі бөлігі өтіп кетті. Тек қана ақша, жекеменшік қатынастарына негізделген нарықтық заманда ауылдағы көптен бері сақта - лып келе жатқан ұжымдық - кеңестік, жақын - туыстық қатынастар осылай ыдырады.

Ірі шаруа қожалығының ұсақ шаруашылыққа бөлінуі біздің ауыл үшін өте ауыр кезең болды. Жеке - жеке топ болып жиналыстар өткізу, бірін-бірі жазықсыз кінәлау, талас - тартыс адамдарды мезі қылды. Бөлінген ағайындар бірінің үйіне бірі қонаққа барудан қалған кезі болып, көршісі - көршісіне кіре алмайтындай жағдай қалыптасты. Сендей соғылысып, бұрынғы бағыт бағдарынан айырыла бастаған ауылдастарым мәңгүрт сияқты кейіпке түсті, бірінің сөзін бірі тыңдамайтын халге жетті.



**«Ақ ниет» ЖШС-тің басшысы  
Бауыржан Есмұқанов жұбайы Әлиямен**

Әсіресе, білім мен мәдениеттің негізгі ошағы болып отырған Бостандық орта мектебіне қиын бола бастады. Үкімет тарапынан бұл кезеңде уақытылы мұғалімдердің еңбек ақысы беріліп тұрса да, бюджет тарапынан мектептің материал – дық - техникалық базасын жақсартуға қаржы мардымсыз болды. Ең қиыны, сол кезеңде

мектептің орталық жылыту қазандығын күтіп ұстау мәселесі

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақстан Республикасының Қорғаныс және Қорғаныс Ісін Министрі**

болды. Күніне бірнеше мәрте жылыту қазандығын суға толтыру үшін трактормен ауыл сыртындағы су құбырынан бірнеше бөшке су тасу, мектеп ішін санитарлық талаптарға сай жылу деңгейлерін ұстап отыру - ұстаздар қауымына қосымша салмақ салды. Бөлініп кеткен жеке - жеке шаруа қожалықтары бұрынғы «Бостандық» шаруа қожалығы атқарған жұмыстарды бірлесіп атқарғысы келмеді. Айбас болса: «бірнеше жыл сендерге жағдай жасап тұрдым, мектептің жылыту жүйесін енді өз мойныма арта алмаймын, жаңадан құрылған шаруа қожалығынан көмек сұра», - деді. Жаңадан құрылған шаруа қожалықтары: «біз жаңадан құрылды, бізде шама жоқ», - деп олар да сылтау тапты. Бұл жерде айта кететінім, тек аз уақыт болса да Есмұқанов Бауыржанның шаруа қожалығы бірнеше рет мектептің электр жарығы бойынша қарыздарын төледі, кейін әрі қарай көмектесе алмайтынын айтты.

Сол қиын - қыстауы мол, өтпелі кезеңдегі кейбір келеңсіз, көңілге қият түсірген, кейбір ауылдастарыма ұнамайтын жәйттерді неге тәпіштеп отыр дейсіз ғой, енді мұндай жағдай қайталанбасын, ауылдастарым арасында ақшаға құнығып, туыстықты, адамгершілікті сатып, өз қара басын күйттеу болмасын деп жазып отырмын. Ауылда жаңа буын қалыптасты, кешегі бала, жасөспірімдер бүгін жігіт болып өсіп отыр, көп нәрсені олар сол кезеңде балалықпен байқамаған болар, енді өткеннен сабақ алсын деп, сол бір қиын кезеңнің кейбір оқиғаларын айтып отырмын.



**Шаяхин Зәпкен  
Бекенұлы**  
**«Сенім» ЖШС - тің  
басшысы, Мамлют  
аудандық мәслиха -  
тының депутаты**

Бұл кезеңде ауылдық жердің әлеуметтік - экономикалық жағдайын көтеру мәселесі әлі қолға алынған жоқ еді.

Елбасының қолдауымен 2003 жылы «Ауыл жылы» бағдарламасын іске асыру басталды, міне осыдан кейін ғана ауыл өміріне аздаған тыныс біте бастады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бірінші экономика, содан кейін саясат деген бағытының дұрыс екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Ел экономика - қасына, оның ішінде ауыл шаруашылығына инвестиция салу арқылы орасан қаржы құйылып, шаруа қожалықтары мен басқа да ауыл шаруашылық құрылымдарына тікелей көмек бергеннің арқасында Бостандық ауылы қайтадан жандана бастады.

Көптеген ауылдастарым өткеннен сабақ алып, қоғамда болып жатқан шұғыл оң өзгерістерге байланысты ой пікірлерін өзгертті.

Бүгіндері жалпы еліміздегі оң өзгерістерге байланысты ауылдастарымыздың сана сезімі, тұрмысы жақсара бастады, ел ағасы болып қалған өзіміздің мектеп түлектері Шаяхин Зәпкен және Есмұқанов Бауыржан інілеріміз Бостандық ауылының тізгінін қатар ұстауда.

## *Ауылым – алтын бесігім*

**Жылдан жылға үкімет тарапынан ауылшаруашылығына көмектің ұлғаюына байланысты егін шаруашылығына қажетті жер көлемі ұлғайып, өнім шығымдылығы артып, жаңа техниканың үлесі көбеюде. Сыздықов Айбас басқарған өте қиын кезге қарағанда, қазіргі ауылымызды басқарып тұрған ЖШС - тің басшыларына кейбір шамалы қиыншылықтарға қарамастан елді басқару біршама жеңіл болды, бұл шындық ақиқат. Ауылдың тұрмысы түзеле бастады, бірақ та ауылдастарымыздың қалаға көшу үрдісі тоқтаған жоқ. Ауылға бара қалғанда, үңірейіп тұрған қаншама жанұялардың үйінің орнын көргенде, жүрегіміз қапаланады, соңғы он жылдың ішінде 30 шақты, негізінен көпшілігі жас жанұялар басқа жаққа қоныс аударды, мектепте бала саны азайды.**

Жылдан жылға үкімет тарапынан ауылшаруашылығына көмектің ұлғаюына байланысты егін шаруашылығына қажетті жер көлемі ұлғайып, өнім шығымдылығы артып, жаңа техниканың үлесі көбеюде. Сыздықов Айбас басқарған өте қиын кезге қарағанда, қазіргі ауылымызды басқарып тұрған ЖШС - тің басшыларына кейбір шамалы қиыншылықтарға қарамастан елді басқару біршама жеңіл болды, бұл шындық ақиқат. Ауылдың тұрмысы түзеле бастады, бірақ та ауылдастарымыздың қалаға көшу үрдісі тоқтаған жоқ. Ауылға бара қалғанда, үңірейіп тұрған қаншама жанұялардың үйінің орнын көргенде, жүрегіміз қапаланады, соңғы он жылдың ішінде 30 шақты, негізінен көпшілігі жас жанұялар басқа жаққа қоныс аударды, мектепте бала саны азайды.

Бұл үрдіс бір жағынан жаһандануға байланысты болса керек. Ауылдан қалаға көшу жаңа даму жолына түскен елдердегі болатын құбылыс.

Ауылдың білім, мәдениет ошақтары толықтай жұмыс істейді, мемлекет тарапынан қаржылай көмек толықтай беріліп, қосалқы техникалық қызметкерлердің саны жеткілікті қамтамасыз етіліп отыр, өтпелі кезеңдегі біз көрген қиыншылықтарды бүгінгі мектеп, мәдениет нысандарының басшылары көрген жоқ.

Сол ауыр кезеңнің ауыртпалығын бірге өткізіп, аман-сау білім ошағының оқу - тәрбие жұмысын бір сәтте да ақсатпаған ұстаздар қауымына әсіресе, Әскендіров Нұржанға, Уәлиева Қимақасқа, Топышев Толқынға, Қатираға, Оспанов Ерсайынға, Мүрсәлімов Рашидке, Қарабатыров Мұратқа, техникалық қызметкерлер: Есмұқанова Жанбике, Ақынова Баян (марқұм болып кетті), Махмутова Бағдадқа, Құлатаева Әлияларға бүгіндері ішімнен рахметімді айтып отырамын. Талай рет электр жүйесі істен шыққанда, жарық болмай, жылу жүйесін қатырмау мақсатында күні - түні көз ілместен кезекшілікте болған күндерді еске аламын. Бүгіндері зейнеткерлікке шыққан мен үшін 46 жыл ұстаздық, оның ішінде 28 жылы туған мектебімді басқаруға кеткен қиыншылығы мол жылдарға қарамастан, сол кезеңді ең бақытты жылдарым деп есептеймін. Кейіннен Қызылжар қаласында қалалық әкімдікте, одан кейін Астана қаласының Білім департаментіндегі еңбек жолым қуанышқа толы қызықты жылдар болса да, ауылдағы қарапайым еңбегімнің маңызы ерекше еді. Себебі өзіңнің туған еліңе ұзақ уақыт қызмет істеуден артық бақыт жоқ екен.

Бүгінгі ел тізгінін ұстап отырған азаматтарымызға Алла жар болсын дейміз. Бірлікпен, ынтымағымызды қайта түлете отырып, туған ауылымыз Бостандықтың даңқын арттыра береріне біз, аға буын сенімдіміз. «Ақ ниет», «Сенім» деп аталған ЖШС (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) атына сай ауылдастарымыздың сенімі мен ақ ниетін ақтап, басқа ұсақ шаруа қожалықтарымен ынтымақтаса, Бостандық ауылының бытырамауына бірлесіп жұмыс істейтініне нық сенімдеміз.

## **11. Алтын ұя – мектебім**

1931 жылы жаңа қонысқа көшкен Бостандық ауылында қоныс тоймен қатар, алғашқы бастауыш мектептің ашылуы – «қараңғылықтан» шығуға ұмтылған ауылдастарымыз үшін баға жетпес оқиға болды. Алғашқы сауаттарын «Қызыл отау» деп аталатын қысқаша оқу мен жазуға ғана үйрететін курстардан хат таныған жастар енді мектепке баруға ұмтылды. Алғашқы ашылған бастауыш мектепте жас балалармен қатар жасы оқу жасынан асып кеткен ересектер де оқи бастады.

Алғашқы мектептің табалдырығын 15 оқушы бірінші болып аттады. Олар: Есембаева Гауһар, Дүйсекова Қайни, Сарсебеков Еслям, Қасеинова Шотни, Қарабатыров Қайролла, Жахина Бәткен, Сарсекеев Қуан, Сауменов Болат, Қасымов Жанбота, Барақов Сәбит, Нұртаев Божан, Жанболатов Ахметжан, Кәкиев Кажыяхмет, Әбілова Мәну (Асылболаттың анасы), Сәлемова Қапура (Өзбектің енесі).

Ұлы Отан соғысы басталған кезде Бостандық мектебінің оқушылары ата - әжелерімен, аналарымен бірге майданға кеткен әкелері мен ағаларының орнына соғысқа қажетті азық - түлік дайындауға ат салысты. «Берік тыл болмайынша, майданда жеңіс бомайтындығын» жас та болса жүрегімен сезінген оқушы бүлдіршіндер түске дейін оқу оқып, түстен кейін далаға жұмысқа, бидай масағын теруге шығатын. Сондағы күні бойы жүріп, бір дорба бидай терулері жеңіске қосқан зор үлестері еді.

Бостандық мектебінің негізін қалаған алғашқы ұстаздарымыздың қатарында **Оранкин Нұғыман, Ғали Мусин, Шоқаев Ғабдолла** сияқты аяулы азаматтарымыз болды. Оранкин Нұғыман, Ғали Мусин өзіміздің Төлеп ауылының тумасы болса, Шоқаев Ғабдолла Өрнек ауылының тумасы, Атығай руының Жанатай тұқымына жатады. Бостандық ауылында және кейіннен көрші Бексейт ауылында 1955 жылға дейін мұғалім болды, 8 - 9 жасар бала кезімде Ғабдолла мұғалімнің үйіне, Бексейт ауылына атам Жақиямен бірнеше рет барғаным есімде. Көбіне атам ауыл имамы болғандықтан дін мәселелері жөнінде ол кісімен пікірлесуге баратын.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ жерінің солтүстік өңірінен оқуға ұмтылған жастар көбіне Ресейдің Троицкі қаласындағы «Уазифа», Уфаның «Ғалия» медреселеріне оқуға баратын. Солардың қатарында біздің өңірден шыққан Ғабдолла мен Нұғыман, Ғали аталарымыз да болған екен. Бұл жоғарыдағы оқу орнында сол кезеңдегі озық ойлы, азаттық қозғалысының алдыңғы қатарында болған, «Алаш» қозғалысы мен Алаш үкіметінің негізін құрған азаматтар оқыды. Арабша, орысша да білім алған қазақ азаматтары кейінен қазақ зиялыларының қатарын толықтырып, білім мен мәдениеттің дамуына қаншама үлес қосқанын біз бүгіндері жақсы білеміз. Сондықтан да, біздің екі жерлесіміз де «Алаш» қозғалысы өкілдерімен тікелей байланыста



## Ауылым – алтын бесігім

болғанын болжау қиын емес, кейіннен Оранкин Нұғыманды «халық жауы»

ретінде, алаш арыстарымен байланысы болғандығы үшін ату жазасына кескен болатын.

Ғабдолла ұстаз орысша да, төте оқуды да, араб тілін жақсы білетін, қасиетті құран сөзін қазақшаға аударып алатын, өте білімді ғұлама адам болған. Сонымен қатар, ол аңшылықты өте жақсы көрген екен, бірде оқыстан аң атуға шыққанда жараланып қалады, сол жараланудың әсерінен көзінің көруі нашарлап қалған екен.



### Ғабдолла Шоқаев

Ғ.Шоқаев 1955 жылы Бексейіт ауылынан өзінің елі Өрнекке қоныс аударады, бірақ көп ұзамай 1956 жылы 73 жасқа келгенде қайтыс болады. Ғабдолла ұстазымыздың үлкен ұлы Нұри да біздің Бостандық мектебінде, одан кейін «Қызыләскер» кеңшарында мұғалім болыпты.

### Нұри Шоқаев



Бұдан басқа Ғабдолла ұстаздың Гүлнәз деген қызы бар, ол 1937 жылы туған, қазір Қызылжар қаласында тұрады, зейнеткер, көп жыл «Казсельхозтехника» мекемесінде есепші болып жұмыс істеген, ал Бақытжан деген ер баласы Павлодар қаласында тұрады.

Оранкин Нұғыман мен Шоқаев Ғабдолла оқу - ағарту саласында елеулі еңбек ете жүріп, сол кезеңдегі әлеуметтік көкейтесті мәселелерге баса назар аударады, қоғам өміріндегі жаңалықтарға талдау жасаған мақалалары сол кезеңдегі қазақ зиялыларының төл газеті «**Айқап**», «**Қазақ**» газеттерінде жарияланған.

«Айқап» журналы 1911-1915 жылдары Троицк қаласында, ал «Қазақ» газеті 1913 - 1917 Орынборда шығып тұрған.

Оранкин Нұғыман ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосқан, осы баспамен үзбей байланыс жасап отырған. Оған дәлел, сол жылдардағы «Айқап» журналының 1911 - 1914 жылғы №3, 9, 12, 22, 23 кезекті санындарында жарияланған мақалалары куә. Мысалы: «**Отырықшы қазақтар**» деген мақаласына тоқталсақ, онда Петропавл уезіндегі қазақтардың отырықшылыққа көше бастағынына тоқталып, экономикалық - әлеуметтік мәселелерді қозғаса, «**От басындағы шалдың зары**» деген өлеңінде қоғамның кемшіліктерін сынап, әлеуметтік тақырыпқа қалам тартады.

## *Нәсиев Қажымұрат*

XX

Өлең жазумен қатар, Нұғман атамыз сол кезеңдегі жарық көріп тұрған қазақ газеттеріне шолу жасай отыра, оларға сыншы ретінде талдау жасап, баға да берген, біздегі газет ісіміздің нашарлығын, кеміш тұстарын қалай жөндеуге болатындығына тоқталған. Ресейде шығатын газеттермен салыстырған («Айқап» 1913 ж. №6, 123 бет).

«Қазақ» газетінің 1915 ж. 31 наурыздағы №115 санында **«Халық тұрмысын жақсарту үшін түрлі ұйымдар мен серіктестіктер ашу»** керектігін сөз етсе, «Қазақ» газетінің 1916 ж. 29 ақпандағы № 171 санында Ақмола облысындағы қазақ ауылдары орыс шаруаларымен біріге **«Уақ – қарыз» серіктестігін ұйымдастырылуы»** туралы мақаласында өзінің өте сауатты, нағыз саяси-экономист ретінде өз білімінің барын көрсетеді. Осы аз ғана мақалаларының өзінен ғана біз, Нұғыманның ұстаздық қызметпен қатар, ақындық өнерден де кенде емесін, қоғамдық - саяси жұмыстарға белсене араласқан қоғам қайраткерінің сомдалған тұлғасын көреміз.

**Шоқаев Ғабдолла атамыздың** шығармашылығының негізгі тақырыбы: «Қазақтың білім - өнермен жұрт қатарына кіруі турасынан бір - екі ауыз сөз» («Айқап» 1913 ж. №18. 395 - 396 беттер) мақалаларында оқу-ағарту тақырыбына қалам тартса, **«Дәрігер емінің пайдалы екендігі, алғашқа дәрігер Алдияровтың халықты емдеп жүргеніне рахмет білдіреміз»** («Айқап» 1913 ж. №8 185бет) атты мақалалары сол кезеңде қазақ ауылдарындағы басты мәселелердің бірі – денсаулықты сақтау, арнаулы маман дәрігерлерге көрінудің пайдасы, бақсы - балгерлер емшілерге онша сене бермеуге арналған.

Ғабдолла ұстаз «Қазақ» газетінің 1913 ж. 16 қарашада шыққан № 38 санында **«Қазақ мұғалімдері, қазақ шәкірттері!»** мақаласында мұғалімдерге арнап сабақ беру әдістері бойынша, сол уақытта шыққан оқулық кітаптарға талдау жасап, өзінің іс- тәжірибесімен бөліседі. Ғабдолла ұстаз ғана емес, сол заманның жаңашыл әдіскері десек артық кетпегеніміз.

Шоқаев Ғабдолла өз замандастары - алаштың арыстары сияқты жан - жақты болғандығы көрініп тұр. Оның бір дәлелі «Қазақ» газетінің 1913 ж. 3 мамырдағы шыққан №16 санындағы **« Жазғы дауыл» атты өлеңінде** туған жердің табиғатын тамаша суреттей отыра, табиғат апатының болатындығынан сақтандыруға тоқталады, сол кезеңдегі бейшара қазақ ауылының дауыл соққаннан кейінгі аянышты сиқын, бай ауылының көрнісімен салыстыра суреттейді.

XX ғасырдың басында Нұғыман, Ғали, Ғабдолла аталарымыз «Қазақ елінің көгіне күн болып шығамын» деген біздің Бостандық елінен шыққан, еліне рухани байлықтың шуағын қанатымен сепкен алғашқы қарлығаш арыстарымыз. Олардың артында қалған, біз біле бермейтін шығармалары әлі де табылып қалар, заманның қиын кезінде көптеген мұралары жоғалды,

жойылды ғой, аз да болсын іздеп тапқан осындай деректерді жариялап отырмыз.

Кеңес үкіметін кейде қаншама жамандасақ та, оның негізін қалаған Владимир Ильич Лениннің «ең әділетті қоғам құрамын, адамдарды барлық жағынан жан - жақты дамытуға күш саламыз, адамдар барлық жағынан тең болады, бай - кедей болып бөлінген қоғамды келмеске кетіреміз» деген идеясы жанымызға жағатын. Бірақ Лениннің «коммунистік қоғам құру» идеясын ол кісі өмірден озған соң, оның ізбасарлары қалай іске асыруды біле алмай, XX ғасырдың 80 - 90 жылдарында қоғамды тоқырауға алып келді.

Менің айтайын дегенім, В.И.Ленин кеңестік дәуірде ұстаздар қауымын қоғамның ең жоғарға сатысына көтерем деген ұран тастай отыра, ұстаз беделін көтеретін біраз қадамдар жасады. Соның бір дәлелі, өткен ғасырдың 30 - 40 жылдары 25 жыл үзбей ұзақ ұстаздық қызмет істеген мұғалімдер Ленин орденімен марапатталатын болған. Соған дәлел, біздің ата ұстаздарымыз Ғали Мусин және Шоқаев Ғабдолланың көпжылғы ұстаздық қызметтері үшін Ленин орденімен марапатталуы болды.

Одан кейін 1980 жылдарға дейін кем дегенде зейнеткерлікке шыққан әрбір мұғалім «Еңбек ардагері» медалімен марапатталатын. Бүгінгі күні мұғалімдер марапатсыз қалып жатыр демейміз, бірақ та басқа мамандықтарға қарағанда ұстаздар еңбегі өз дәрежесінде марапатталмайтындығы екіншісі біріне белгілі.

Міне, ұстаз деген қасиетті мамандықты кеңес заманының өзінде қалай қадірлеген. Біз бала кезімізде ұстаз деген ауылдағы ең беделді адам болатын, қонаққа шақырса, төрге озатын, жиналыс болса, бірінші сөз кезегі ұстазға берілетін, көшеде, алыстан ұстаз келе жатқанда ол өтіп кеткенше, бас киіміңді қандай суық болса да шешіп, тосып тұратынсың, сонау ауылдың шетінен көрінген мұғалімді күтіп, оған сәлемдесуді сол заманның оқушылары міндет деп есептейтін. Ауылда бірін - бірі қонаққа шақырғанда, жасына қарамастан төрдегі қадірлі қонағы да, ақылгөйі де – ұстаз болатын. Мектеп білім беретін отау ғана емес, ауылдың мәдени ошағы, рухани өмірінің қайнар көзі іспеттес еді. Ауыл балаларынан ол кезеңде «өскенде кім боласың», - деп сұрасаң, «мұғалім боламын» деген жауап алатынсың. Бүгінгі күні «е, шіркін, сол күндер қайда, неге мұғалім беделі қазіргі қоғамда өз дәрежесінде емес», - деп қарт ұстаздар кейде күрсінеміз.

Соғысқа дейін және соғыстан кейінгі 1950 жылдарға дейін Бостандықта бастауыш қана мектеп болды. Ауыл балалары оқуын көрші Өрнек, Октябрь ауылдарындағы жетіжылдық мектептерде жалғастырып, одан әрі оқуға шамасы келетіндер Қызылжар қаласындағы жалғыз қазақ орта мектеп-интернатында жалғастыратын.

Октябрь ауылы қазіргі Есіл ауданына қарасты Талапкер мен Аманкелді ауылының арасында «Алуа» көлі маңына жақын орналасқан, қазір жұрты да

## **Нәсиев Қажымұрат**

және жеті жылдық мектепті оқып бітіріп, Қызылжар қаласына интернатқа баратын.

жоқ. Бостандық ауылының балалары аттылы - жаяу шұбырып, күздегі батпақта, қысты күнгі қарлы боранға қарамастан интернатта жұмалап жатып, кейбіреулері үй жалдап қатынап оқыған екен. Жұма сайын үйлеріне баратын себебі, бір жұмаға жететін нан пісіріп әкелу арқылы келесі жұмаға дейін күндерін көру, дорбалап әкелген тамақтары бірде жетсе, бірде жетпей, бірде аш, бірде тоқ болған ауыл балалары соншалықты қиыншылыққа қарамастан білім алуға құлшына кірісетін. Ауылда сол кезеңдегі жетіжылдық орта мектептің болмауы қаншалықты азап екенін осы күнгі балалар біле ме екен? Сол кезеңдегі ауылдың жасөспірім балалары Уәлиев Назар, Хасенов Қани, Сағындықов Болат, Есмұқанов Ғазез, Калимуллин Мұқанмедия, Құрманғалиев Серікбай, Аскандиров Ердендер қандай қиыншылықтарды көргенін өздерінен кіші біздерге жыр қылып айтып отыратын.

Октябрь мектеп – интернатындағы осы ауыр жылдардағы оқушылық өмірді басынан кешірген Ғазез Есмұқанов өзінің «**Қимас қия жолдарым**» атты ғұмырнамасында сол кезеңді былай суреттейді: «... тамағымыз тойымсыз, қара нанды саусақпен бассан суы шығады, шикі, шайнасаң ауызға жабысады. Тамақ жетіспегендіктен ауылдан айына бір-екі рет нан, май әкелеміз, не шешелеріміз біреулерден беріп жіберіп тұрады. Оларды фанер жәшікте, кілттеулі, кереуеттің астында сақтаймыз. Кейде көгеріп, қоқауланып кетеді, сондықтан сабақтан келген соң, көгерген жерлерін қырып, кептіреміз. Ауылы алыс, жетім балалар «бір тістетші», - деп жалынады, амал жоқ, қолыңмен ұстап тұрып тістетесің, қолыңды бірге тістеген соң саусағыңды кейін тартасың, сол кезде ондап мол тістеп алады. Шіркін жоқшылық - ай, сол балалар бір тістем нанды нәр қылып жүрді ғой... Интернатта жатар орнымыз суық, бір кісілік екі кереуетті қосарлап, тақтай төсеп, көлденеңінен алты бала ұялас күшіктер құсап бірге, бір көрпенің астына түнейміз. Астымызда, басымызда сабан тығындалған төсек пен жастық, бір бөлмеде жиырма - отыз бала жатамыз, ортада темір пеш, кезекпен тал - отын әкеп кезекпен жағып, оған шешініп қыздырынамыз, көбіміз қотыр, пеш маңында дәрі жағамыз, монша жоқ. Демалыс күндері кір көрпелерімізді қарға қағамыз, жаямыз, сонда» «ақ жорға паразиттер» өріп кетеді...». Міне, осындай қиын жағдайда біздің ауылдың балалары шеттен жетіжылдық мектепті оқып бітіріп, Қызылжар қаласына интернатқа баратын.

Өттең, кол қысқалығынан, тұрмыс жағдайы жібермегендіктен ауылдастарымыздың көпшілігі оқуын әрі қарай жалғастыра алмады. Соғыстан шыңдалып келген, алғыр майдангер ағамыз Қилаждың арқасында Ғазез бен Болат қана оқуын Қызылжардағы Калинин атындағы № 5 мектеп – интернатында жалғастырып, жоғарғы оқу орнына түсті.

Октябрь ауылындағы интернатты бітірген Уәлиев Назар ағамыз көп жыл бойы механизатор – тракторист болып ауылдың дамуына өз үлесін қосты, ал Хасенов Қани ағамыз есеп жағына сондай зерек еді, көп жылдар



**Құрманғалиев  
Серікбай**

**Бостандық мектебінде  
1960 жылдары еңбек  
пәнінің мұғалімі  
болған, көнекөз  
шежіреші**

бой есепші және радиомонтер қызыметін аброймен атқарып, зейнеткерлікке шықты. 1941 – 1945 - ші соғыс жылдарындағы оқудың қиындықтарын мольнан көрген ауылдастарымыздан тек бүгінгі күні Құрманғалиев Серікбай ақсақалымыз ғана қалды. Әттең, Секең де қолының қысқалығынан оқи алмады, әкеден ерте айырылып, шиттей балаларымен қалған шешесіне көмектесем деп оқуын жалғастыра алмады. Жас кезінде өте зерек, зейін - түйсігі мол, әсіресе, математика, тарих пәндерін өте жақсы оқыған ол мүмкіндігі болғанда көрнекті адам болар еді. Оқи алмаса да жастайынан еңбекке араласып, ағаштан түйін түйді, ауылдағы жаңа құрлыс нысандарын тұрғызу жұмыстарын атқарған бригаданың құрамында жұмыс істеді, кейіннен арнаулы оқуы болмаса да есепке жүйрік

Секең көп жыл бөлімшеде есепшілік қызмет атқарды.

60 - 70 жылдары Серікбай Бостандық сегізжылдық мектебінде еңбек сабағынан сабақ берді. 70 жастан асып кетсе де, өткен тарихи оқиғаларды, әсіресе ауылдың ғана емес, маңайдағы ауылдардың шежіресін жақсы біледі.

Осы күнгі Керей руының кіші ұрпағы Тарышыдан тарайтын Самай тарамағы туралы жазылып жатқан шежіре осы Серікбай ақсақалдың аузынан шыққан деректер бойынша келтірілген. Кейбір шежіре деректерін ол кісіден жазып алып, басқа жұрт сұраған соң, кішіпейілдік танытып беріп қойып едім, осы күні сол шежіре деректерін кейбіреулер пайдаланып, өздерінің құрастырған шежіресі ретінде кітап қылып шығаруда.

Міне, біздің ауылдың соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі білімге ұмтылған жастары қаншама қиындықтарға қарамастан білім алуға сондай құштар болғандығын байқадық. Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақтар, олардың немерелері мен шөберелері аталары мен әжелерінің өткен өмірі туралы, білім алудың бұрынғы уақытта қалай қиынға түскенін, оқудың қадірін аға буын өкілдері қалай бағалағанын білуі керек.

Аға буын өкілдерінің қатары күннен күнге сиреуде, бүгінгі күні олардың азшылығы немере-шөбере көрген ата - әже болса, көпшілігі (Көку, Қани, Назар ағаларымыз) өмірден ерте озып кетті.

Бүгінгі жастарға оқу оқуына, қазіргі заман талабына сәйкес барлық жағдай жасалынған. Өткен ғасырда ата - бабаларының қандай жағдайда білім алуға мүмкіндіктері болмағанын, болған жағдайда қандай қиыншылықтар болғанын ескере отырып, олар қазіргі заманда нағыз бақытты ұрпақ екенін сезінуі керек.

## **Нәсиев Қажымұрат**

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі

Ауылымыздан шыққан алғашқы ұстаздарымыз туралы сөз қозғағанда, бірінші кезекте тілімізге **Мәжит Мүрсәлімов, Сауменов Болат ағайларымыздың және Нұғыманова Шәйзада апайымыздың** есімдері оралатыны заңды, себебі бұл абзал жандар бастауыш сынып мұғалімдері еді.



**Мүрсәлімов  
Мәжит**

«Білім негізі бастауышта» деп тегін айтылмаған ғой, өткен ғасырдың сексенінші жылдарына дейін Бостандық ауылының оқушы атанғандары осы асыл азаматтарымыздың алдынан өтпегені жоқ шығар.

Бостандық мектебінде жарты ғасырға жуық бастауыш сыныптың мұғалімі болып, зейнеткерлікке шыққан Мәжит ағаны ұстаздың ұстазы дейміз. Мектебіміздің бүгінгі құрамы түгелдей Мәжит ағамыздың шәкірттері, осы жолдардың авторы менің өзім де бастауышта ағайдың алдынан өткенмін. Институт бітіріп, жолдасым Нағимамен туған ауылыма қызмет етуге келгенде, одан кейін мектеп директоры болып тағайындалғанда құшағына алып, мені бірінші болып құттықтаған Мәжит ағамыз еді. Кейіннен бірге жұмыс істегенде маған ақыл кеңесін үнемі айтып жүретін. «Менің тәрбиелеп өсірген оқушыларымның арасынан шыққан бірінші мектеп директоры сенсің, бұған дейін мектеп басқарушылары басқа жақтан болатын, сондықтан да аянбай өз туған ауылыңның мектебіне қызмет ет, мектептің мәртебесін көтер», - деген алғашқы ұстазымның ұлағатты сөзін жадымда үнемі ұстайтынмын, табжылмастан ауылда 28 жыл үзбей мектепті басқарғанымның себебі содан да болар.

## **Сауменов Болат**



40 жылға жуық Бостандық мектебінде бастауыш сыныпқа сабақ берген Бөкең, сонымен қатар домбыра мен мондалина аспаптарында ойнайтын ағамыз жоғары сыныптарға ән - күй сабағын жүргізді. Ауыл балаларына алғашқы музыка әліппесін үйреткен Болат ұстаз, немере інісі, әрі баласындай болған, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Асылболат Кәкенұлының үлкен өнер жолына түсуіне себеп болды.

Өңірімізден шыққан санаулы генералдардың бірі Мажитов Марат та Болат ағаның шәкірті, Бостандық мектебінің мақтанышы.



*Н. Шәйзада апай бостандықтан шыққан алғашқы мұғалім қызымыз*

**Нұғыманова Шәйзада.** Әкесі Оранкин Нұғыманнан бастау алатын ұстаздық мамандыққа деген сүйіспеншілік Шәйзада тәтейді мектепке алып келді. Онжылдықты жаңа ғана бітірген жас қыз баланың ұстаздыққа бейімділігін байқаған ұстаздары оны аудандық оқу бөліміне ұсыныс ретінде берді, себебі ол кезде мұғалім мамандар жетіспейтін, онжылдық бітірген мектеп бітірушілердің жақсы оқығандарын мұғалімдікке таңдайтын. Шәйке тәтей бастауыш сыныптарға мұғалім болып, Бостандық мектебінде зейнеткерлікке шыққанға дейін 40 жылдан астам еңбек етті.



*Оқу жылы Шәйзада Нұғыманова немере қызы Алқамен және өзі оқытқан 4 сынып оқушыларымен бірге*

*Бірінші қатарда оқушы Оспанов Ерсаян, Шәріпов Нұрсаян, Әдильшин Ағыбай және Нұртаев Темірболат.*

*Екінші қатарда: Есмұқанова Тыныштық, Сарыбасова Алтынай, Мүрсәлімова Гүлістан, Әбдрахманова Мәрзия, Шаяхин Мұхамедияр.*



## **Нәсиев Қажымұрат**

**ҚАЖЫМҰРАТ НӘСИЕВ**

*Үшінші қатарда: Нұртазина Жаңыл, Елубай Мұхамеджанов, Нұртаева Күләш, Хасенова Қайыржан, Хамзин Оразалы.*

Бостандық ауылының төл презенттері, ең алғашқы үш арысы-ұстаздары туралы кеңірек тоқталайық.

**Мәжит ағамыз** 1919 жылы дүниеге келген, түбі Керей-Балтаның Мырзасының Балғабек тұқымынан. Орта мектепті 1937 жылдары бітіре салысымен, 1938 жылы Карелия жерінде әскери борышын өтеді. Кенеттен басталған Фин соғысына қатысады. Аман - есен елге ораламын деп жүргенінде, сұрапыл Ұлы Отан соғысы басталып кетеді, сөйтіп Мәжит ағамыз екі бірдей соғысты басынан аман - есен өткізеді.

Ал, **Болат ағамыз** (1924 жылы 27 қаңтарда Төлеп қыстауында «Кіндікті ас берген» деген шоқтың бауырында туған) соғыс басталғанда 17 жасар, онжылдықты жаңа ғана бітірген жасөспірім болатын, жастығына қарамастан бірнеше рет өз еркімен соғысқа сұранған соң, ақыры оны 1942 жылы әскери кіші командирлер даярлайтын курстарға жіберіледі, 1943 жылдың басынан бастап сұрапыл соғыстың адам айтқысыз ауыртпалығын бастан кешіре отырып, жеңісті 1945 жылы Чехословакия жерінде қарсы алады.

Екі ұстазымыз аман - есен елге оралғаннан соң, қызығы мен қиындығы бірей, дүниедегі ең қасиетті мамандықтардың бірі – ұстаздық мамандықты таңдап алып, жалықпастан - талмастан мектепте 35-40 жылдай еңбек етті.

Мәжит ағамыз өте қарапайым, қой аузынан шөп алмайтын момын, өте адал, артық сөзі жоқ, оқушы ғана емес, ересек бір адамға да артық сөз айтқан кісі емес, қандай тапсырыс болса да үн - түнсіз жұмысын атқаратын ұстаз еді. Зейнеткерлікке шыққанға дейін бастауыш сыныптарда сабақ берді, кей жылдары жоғарғы сынып оқушыларына дене шынықтыру сабақтарын жүргізетін. Біреуге «сен олайсың, бұлайсың» деп сөз айтқанын, кісіні ренжіткенін көрген емеспіз. Зейнеткерлікке шыққан соң, алланың бергені жасымен ұзақ өмір сүріп, жолдасы Күлшәт Сәдуқызымен ұлын ұяға, қызын-қияға ұшырған, немерелерінің де молынан қызығын көрген, нағыз бақытты адам еді. Күлшәт апамыз Мәжит ағамыздың барлық балаларын өзінің туған балаларындай тәрбиелеп өсіріп, барлығын құтты орындарына қондырған абзал ана болды, Мәжит ағаның ең кіші ұлы Самат Күлшат апамызды өзінің туған анам деп түсінген, өзі де апасын туған шешесіндей ардақтап өтті. Мәкеннің балаларының барлығы да өте қарапайым, қайрымды, тәрбиелі болды. Қызы Гүлжан, немересі Мақсат аталарының жолын қуып, ұстаздық жолға түсті.

Болат ағай сөзге шешен, тез қимылдайтын, шапшаң кісі еді. Өте көңілді, жүрген жері думан болатын, халық әндерін айтуды жақсы көретін, бастауыш сыныптарда және жоғары сыныптарға ән-күй, сурет сабағынан берді.

Екі ағамыз да музыкалық аспаптарда домбыра, мондалина, гармонда жақсы ойнайтын. Біздің ауылдың 50 - 70 жылдардағы мектепте оқыған

## *Ауылым – алтын бесігім*

балаларының музыкаға әуестігі осы ұстаздардың ықпалы болғанын айту керек.

Болат ағамыз зейнеткерлікке шыққан соң, соғыстан алған контузиясының әсерінен бе, көп ұзамай қайтыс болды, көп жылғы бейнетінің зейнетін Қырмызы тәтейімізбен бірге көре алмағаны өкінішті-ақ. Қырмызы тәтеміз құрдастарының айтуы бойынша жас кезінде сұңғақ бойлы, үріп ауызға салғандай, әйел затының көркемдерінің бірі болған. Бөкең апайымызбен бақытты өмір сүргенін көзіміз көрді. Қырмызы апай өте таза, кірпияз кісі еді, Болат ағамызды қуыршақ сияқты киіндіріп қоятын. Болат ағамыздың артында жасынан тәрбиелеп өсірген екі қызы Ұмсынтай мен Бақытжаны қалды. Ұмсынтай Болат ағаның немере інісі Жанботаның қызы болатын. Өзінен тумаса да (Болаттың інісі Мәдидің қызын Бақытжанды Қырмызы туғанынан етегіне салған еді, біз қазақтар інісі мен ағаларының балаларын өзінен туғандай көретін, баласы жоқтары бірінің баласын біріне беретін, ол туыстықтың бұлжымас заңы еді) ағай мен апамыз Ұмсынтай мен Бақытжанын жанындай жақсы көрді.

Ең алғашқы ұстаздарымыздың бірі және қыздардан бірінші болып ұстаздық мамандықты игерген Нұғыманова Шайзада тәтей болды, (біздің ауылдың балалары мұғалімді «тәтей» деп атайтын) оның өзіндік себебі де бар. Шәйке тәтей ауылымыздың алғашқы ұстазы Оранкин Нұғыманның қызы болғандықтан әке жолын қуды. Бір жылдары Шайзаданың сіңілісі Құсайынова Күлзипа да мұғалім болған екен, бірақ та Бексұлтан ағамызға тұрмысқа шыққаннан кейін ұстаздық жолды жалғастыра алмаған. Ағаларымыз бен апамыздың орта ғана білімдері болды. 1940 - 50 жылдары орта білімі бар адамдар сирек те еді және олардың білімі жоғарғы оқумен пара - пар болып саналатын. Арнаулы білімі болмаса да, Шайзада тәтейдің бойындағы ұстаздық қасиет әкесі Нұғыманнан берілген.

1977 жылы Шәйке тәтейімізді құрметті демалысқа шығарып салдық, бірақ көп ұзамай ол кісі қайтыс болды, артында өзінің туған баласындай тәрбиелеген інісі Арыстанның баласы Серік тәтейдің шаңырағының түтінін түтетіп отыр.

Ауылдағы бастауыш және жетіжылдық мектепті бітірген талай ауыл бүлдіршіндердің тілін сындырған, олардың оқуға, білімге деген талпынысын ашқан қайран ұстаздарымызды бүгінгі күні құрметпен еске алып, балаларымыз бен немелерімізге сарғайған альбомдағы фотобейнелерден көрсетіп, жылы лебізбен еске түсіреміз. Осы күнгі ата сақалы аузына біткен азаматтардың барлығы да Мәжит, Болат ағайлар мен Шәйзада тәтейдің оқушылары.

Бостандық ауылында арнайы мұғалімдік білімі бар адамдар болмағандықтан, ауыл мектебін әр кезеңде басқа елден келген азаматтар басқарды. Соғысқа дейін Сүгіров Қажен, соғыстан кейінгі жылдары Мәдиев Шәйкен

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**XX**

(Талапкер ауылының тумасы), Хамзин Шаяхмет, Қадыров Жасұлан, Мажитов Әлімжан, Уалиев Нұрахмет, Кажеков Кәкітай әр жылдары мектеп директорлары болып қызмет атқарды.

Жоғарыда аты аталған мектеп директорларына қысқаша тоқталып өтсек, **Сүгіров Қажен** деген мектеп директоры соғысқа аттанып, елге қайтып оралмаған, соғыста қаза тапқан. Ол кісі туралы бір ғана дерек, баласы - **Сүгіров Ұлан** облыс көлемінде көп жыл бойы ауылшаруашылық саласында басшы қызмет атқарды.

Соғыстан кейінгі 50 - жылдары Бостандық мектебін басқарған азамат **Хамзин Шаяхмет** болды. Өте білімді, мәдениетті азамат еді, біздер өте жас болсақ та оның асыл қасиеттерін сезінетінбіз. Директор ағайдың жолдасы да мұғалім болатын, біз Лиза тәтей (шын аты есімде жоқ) деп атап кеттік, өте нәзік, талдырмаш келген, дауысы сыңғырлап, сөйлеген үні құлаққа сондай жағымды естілетін, өте биязы кісі еді, бізге бастауыш сыныпта сабақ берді. Сабақ басталарда: «ал балалар, қатып қалайық» деп, сабақта тыныш отыруға шақыратын.



***Хамзин Шаяхмет ағамыз соғыстан кейінгі  
1950 жылдардағы мектеп директоры***

1950 - 55 жылдары ерекше есімде қалған мұғалімдердің бірі - Қыздарбеков деген ағай болды. Соғысқа қатысқан, бірнеше ордендер мен медальдардың иегері, жараланған, бір аяғы жоқ болса да, парадта жүргендей бойын үнемі тік ұстайтын, үстінде әскери киімін бір тастамайтын адам еді. Ол уақытта аяққа протез ағаштан жасалатын болғандықтан, ағаш аяғы үнемі сықырлап жүретін. Әскери тәртіпті қатаң сақтайтын ағамыздың сабағында шыбынның ызыңы естілмейтін, бір дыбыс шыға қалса, ағаш аяғымен ақырын тарс еткізгенде жым бола қоятынбыз. Кешке қарай күндіз оқытқан балаларының қалай сабаққа дайындығын тексеру мақсатында, үй-үйді аралайтын, ол кісінің пілтелі шамның жарығымен сабаққа шұқшиып отырғанымызды көрсе, «о, молодец, сабаққа дайындалып отыр екенсің ғой»-,

**ЖАЛҒАМАН**

деп жымиятын. Ағайымыздың кешке үй аралайтын уақытын білугетырысып, аралаған кезде үйде болуға, көзіне түсуге тырысатынбыз. Ол кісі кейде кенеттен байқатпай, әккі барлаушы сияқты үйге кіріп келетін, кей уақыттарда кешқұрым керосині немесе пілтесі бітуге жақын, түтіндене иіс шығара бастаған пұзырлы шамның әлсіз жарығында ағайымыздың кіргенін байқай да алмай, шошып кететін кездеріміз де болатын. Бірде осындай қараңғылықта, байқаусызда келген ағайымыздан менің Күлшай әжем де шошып кеткен. Кешкі алакеуімде, шамның әлсіз жарығынан ағайдың қатаң қалың қабағының өзі зорайып қорқынышты болып көрінетін. Атамыз бен әжеміз ағайдың үнемі кешке оқушылардың үй аралауын онша құптай қоймаса да, немересі үшін бәйек болып, тез шай қоятын. Ағайымыздың мақсаты бір жағынан оқушының сабаққа дайындығын тексеру болса, екінші жағынан атамның әңгімесін тыңдағысы келетін болуы керек. Әжемнің қою шайын ішіп, атамның әңгімелерін тыңдай отыра, қыртыстанған қабағын терлеткен соң, рахметін айтып кетіп қалатын. Біз болсақ келесі күні үзіліс арасында ағайдың біздің үйге келгенін балаларға айтып, еркінсіген қалпы сабаққа белсене қатысып, ағайдан «бестік» баға алуға тырысатынбыз. Қабағы өте сұсты болса да, ағамыз адам жанын тез ұғатын, кешірімді болатын. Балалық кезде не болмайды, білместікпен тәртіпсіздікте жасалынатын. Бізден үлкен ағаларымыз, жоғары сыныпта оқитын ересек балалар, бір күні ағайдың жүретін жолына су құйып, әдейі мұз қылып қатырған екен, содан аяғы тайып, қатты құлаған, қатты ауырсынса да, ешкімге сыр бермеген ағай артынан анықтай келе, кімдердің бұл іске қатысы барын біле отыра, оларды кешірген болатын. Балалық кезде көп нәрсенің қадірін білдік пе, сол майдангер ұстаздарға жасалынған қисынсыз қиянқылдықтарға ес білген соң бетімізден от шығып ұялатынбыз. Қайран қапысыз, балалық - ай!

Соғыстан кейінгі 50 - жылдары біздің ауыл мектебінде арнаулы оқу орнын бітірген мұғалімдер орыс тілінен сабақ берген Гүлбарам тәтей (ата-тегін ұмытып отырмын, Батыршин Құрманғалидың үйінде тұрды), дене шынықтыру пәнінен сабақ берген Қуандықов Шаяхмет деген мұғалімдер болды. Орысшаға шорқақ, орыс десе шошитын кішкентай біздерге Гүлбарам тәтейіміз орысшаны барынша үйретіп бақты, орысша білсек адам болатынымызды, орыс тілі арқылы дүниежүзілік мәдениеттің есігін ашатынымызды құлағымызға сіңірген алғашқы ұстазымыз еді.

Шаяхмет ағамыз ауыл балаларын сол кезеңде дене тәрбиесіне, спортпен айналысуға қызықтыра білген талантты мұғалім еді, гимнастикалық ойындарға, оның ішінде «пирамида» жасау қызықты болатын. Бірақ не керек, өзі оқытқан, бірақ та, сол уақытта ер жетіп қалған, мектепте оқып жүрген Үмітжан деген апамызды оқуын бітірген соң еліне алып кетіп, ауылымызды бір дүрліктіріп еді. Ауылымыздағы бұл оқиға, сол кезеңдегі біздер балалар үшін оқыс оқиға болып көрінді, бірақ ол кезеңде соғыс уақытында оқи

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**ЖАЛПАҚ АМАНАТ**

алмаған, оқу жасынан асып кеткен оқушылар соғыстан кейін жас балалармен оқитын. Тоғыз жасар біз екінші сыныпта оқығанда, бізбен бірге он тоғыз жасар апаларымыз төртінші сыныпта бізбен қатарлас мектепте оқыды. Жасы келіп қалған апаларымыздың оқып жүріп, тұрмысқа кетіп жататынына бойымыз үйренген болатын.

Үмітжанның әкесі Құрманғали мінезі қатты кісі болғандықтан, қызының ертерек тұрмыс құрғанына, әрі ересек кісіге шыққанына қатты ренжіді. Ер баласы болмағандықтан, Үмітжанын өте еркелетіп ұстайтын еді. Көп уақытқа дейін өз қолынан ұзата алмағанына қатты ренжіп жүрсе де, жиендері дүниеге келген соң, қыз - күйеу баласымен татуласып кетті.

Құдайға шүкір, Үмітжан апамыз балаларымен Шал ақын ауданындағы Ыбраев атындағы кеңшарда тұрады.



**Бостандық мектебінің қызыл галстукті пионерлері**

**Суретте:** денешынықтыру пәнінің мұғалімі Қуандықов Шаяхмет ортада, оның сол жағында Көшімова Қымбат, оң жағында Батыршина Үмітжан.

**Артқы жақта солдан оңға қарай:** Сәдуақасова - Нұртаева Жақсықыз, Дюсенбаева - Ғабдуллина Гүлбаршын, Шаяхин Кәпкен, Ережепова Көкіш.

Бүгінгі күндері кезінде октябрат (бастауыш сыныптағы оқушылардың ұйымы), пионер (4 - 7 сынып оқушыларының ұйымы), комсомол (коммунистік жастардың одағы 8 - 10 сынып оқушылары мен 29 жасқа дейінгі жастардың ұйымы) қатарында болған оқушыларымыз бүгінгі күні зейнеткерлер.

1960 жылдардағы жастар ұйымы (октябрат, пионер, комсомол) оқушы жастардың патриоттық сезімін тәрбиелеуге үлкен әсері болғанын айтпасқа



болмайды. Өзінің жарғысы, атрибутикасы бар бұл жастар ұйымы қаншама елжанды азаматтарды тәрбиелеп өсіруге септігін тигізді.

Елімізге төнген 1941 - 1945 Отан соғысының ауыр жылдары Әлиядай, Мәншүктей батыр қыздарымыз, Сұлтан Баймағанбетовтай жау дзотын кеудесімен жапқан, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінде тоталитарлық жүйеге қасқая қарсы тұрған Қайрат пен Ләззаттардың отансүйгіш батыл рухтары сол жастар ұйымында қалыптасқан еді.

1950 жылдары Бостандық мектебі математика пәні бойынша аудан, облыс көлемінде оқушыларының білімділігімен аты шығып жүрді. Біздің мектепті бітіріп, басқа ауылдарға оқуын жалғастыруға барған балаларымыз математика пәнінен ерекше көзге түсетін еді, оның басты себебі математика пәнін сол кезеңде **Қылышбаев Қабі** деген ұстаз берген болатын.

### **Қылышбаев Қабі**



Қабі аға шамамен 1907 жылдары туған, сексен жастан аса қайтыс болды. Үшкөл ауылының тумасы, руы Самай. Бостандық мектебінде ұзақ уақыт математика пәнінен сабақ берді. Қабі ағайдың алдын көрген шәкірттер математикадан қандай мектепке ауысып барсын, оқуға түссін, сүрініп көрген жоқ. Қарағанды мұғалімдер институтын бітірген, «Қазақ ССР оқу ісінің үздігі» белгісімен марапатталған Қабі аға Бостандық сегізжылдық мектебінен зейнеткерлікке шықты. Екі ұлы Файзолла, Емел техника ғылымдарының кандидаты атағын алса, Ерік және Марат деген ұлдары жоғары білімді заңгер, инженер мамандықтарын игерді. Бүгіндері ұрпақтары Көкшетау мен Алматы қалаларында тұрады.

Ерік юрист - адвокат, Марат жылу жүйелерінің инженері болды, көп жылдар бойы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жауапты қызметінде істеді. Өмір деген Алланың жазуымен біреуге ұзақ, біреуге қысқа беріледі ғой, бүгіндері ағайынды Қабиевтардан тек Емел ініміз ғана қалды. Ол Көкшетау қаласында тұрады, бүгінгі көкейкесті шаруалардың бірі - республиканың ауыл - селоларын ауыз сумен жабдықтау мәселесімен айналысады. Мараттың артында Елжас деген жалғыз ұлы қалды.

Бостандық мектебінің тарихында ерекше атайтын ұстаздардың бірі - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс берген **Мәкентаев Сұлтан**. Сұлтан ағайымыз, түбі Көксау елінен.

«Ұстаз – жаратылысынан жаны жайсаң, жинақылыққа құштар, мейілінше шешен, өнер - білімге іңкәр, аса қанағатшыл, жақындарына да,

## Нәсиев Қажымұрат

жазғандарының бірі. Оның «Қазақ тілі мен салт - дәстүрін, мәдениет өнерін насихат - таған біздің өңірдің абзал азаматтарының бірі десем артық кетпегенім. Сәнді киінетін, өте көркем, аққұба өңді, толқындай қара шашын үнемі артына қарай қайыратын, үстіне бір тал қылшық жұқтырмайтын, нағыз сал - серілер сияқты жүретін. Жолдасы Бикамал тәтеміз (Бексейіт ауылындағы Әбдіқасымов Шамғанның қарындасы, Балатайдың апасы) ағамыздың осындай мұнтазадай болып жүруіне бар жанын салатын. Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтты өте жақсы бітірген. Өзім де қаншама жыл педагогикалық қызметте болсам да, бүгінгі күнге дейін ол кісідей сабақты түрлендіріп, оқушыға түсінікті тілмен жеткізе білетін нағыз ұстазды көп көре алмадым. Сұлтан ағайдың сабағын әрқашанда асыға күтетінбіз, 45 минуттың қалай өткенін байқамайтынбыз. Жазған жазудың өзі тасқа басқандай ерекше еді, жазу каллиграфиясын мұқият сақтайтын, басқалардан таза, әдемі жазуды қатаң талап ететін. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Хасенова Қайыржан, Есмұқанова Гүлбаршын, журналист Нұрсайын Шәріп, Нұрмұқанов Орынбай, Шаяхина Алтынайлар Сұлтан ағаларының ісін жалғастырушылар.

жат адамдарға да барынша әділ, жұрттың бәріне де жақсылық пен ізгілік жасауға құлшынып тұратын жан», - деп қазақтың ұлы ойшыл философы, ғұлама ғалымы Әл - Фараби данамыз айтқан екен. Міне, осы бабамыздың ұстаз туралы айтқан асыл қасиеттерінің бәрі Сұлтан ағамыздың және онымен бірге істеген аға буын өкілдерінің бойынан табылатын еді.



Мәкентаев Сұлтан  
«Қазақ ССР-нің  
халық ағарту  
саласының үздігі»

1950 - 1980 жылдары Бостандық мектебінен оқып шыққан балалардың қазақша сауатты, әдебиетке деген қызығушылығын арттырған Сұлтан ағай қазақ ауыз әдебиетінің білгірі, жақсы домбырашы, терме - өлеңді де нақышына келтіріп айтатын қасиеттері бар болатын. Мәкентаев Сұлтан сол кезеңдегі Приишим ауданы (қазіргі Бескөл ауданы) орман шаруашылығын басқарған, облысқа аты шыққан, белгілі айтыскер - ақын Ахметжан Нұртазиннің жанында жүріп, облыстық ақындар айтысына қатысқан кездері болды. Мәуліт ауданының айтыскер-ақыны Уахит Темірбеков, Сергеев ауданынан (қазіргі Шал ақын ауданы) Игібай Әлібаев, көрші ауыл Бексейіттен шыққан айтыскер, әрі өзіндей ұстаз Қаһарман Жантасовтармен бірге жүріп, облысты аралап айтысқа қатысқаныны есімізде. Айтыс біздің ескі ауыл

клубында өткен кездері де болды. Өткен ғасырдың 60 жылдары қазағы аз солтүстік өңірде айтыс өнерінің жандануы сирек құбылыс болатын. Еліміз тәуелсіз алғанға дейін айтыс өнері көп уақытқа тоқтап қалды ғой, тек бүгінгі күні ешбір халықта жоқ бұл өнер, қазақтың айтысы өз тұғырына қонды.

Сұлтан ағамыз заманның қиын кезінде қазақтың тілі мен салт - дәстүрін, мәдениет өнерін насихат - таған біздің өңірдің абзал азаматтарының бірі десем артық кетпегенім. Сәнді киінетін, өте көркем, аққұба өңді, толқындай қара шашын үнемі артына қарай қайыратын, үстіне бір тал қылшық жұқтырмайтын, нағыз сал - серілер сияқты жүретін. Жолдасы Бикамал тәтеміз (Бексейіт ауылындағы Әбдіқасымов Шамғанның қарындасы, Балатайдың апасы) ағамыздың осындай мұнтазадай болып жүруіне бар жанын салатын. Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтты өте жақсы бітірген. Өзім де қаншама жыл педагогикалық қызметте болсам да, бүгінгі күнге дейін ол кісідей сабақты түрлендіріп, оқушыға түсінікті тілмен жеткізе білетін нағыз ұстазды көп көре алмадым. Сұлтан ағайдың сабағын әрқашанда асыға күтетінбіз, 45 минуттың қалай өткенін байқамайтынбыз. Жазған жазудың өзі тасқа басқандай ерекше еді, жазу каллиграфиясын мұқият сақтайтын, басқалардан таза, әдемі жазуды қатаң талап ететін. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Хасенова Қайыржан, Есмұқанова Гүлбаршын, журналист Нұрсайын Шәріп, Нұрмұқанов Орынбай, Шаяхина Алтынайлар Сұлтан ағаларының ісін жалғастырушылар.





1958 жылы ескі мектеп үйі (қазіргі мәдениет үйінің орнында болған) бір түннің ішінде күйіп кетті. Ол кезеңде мектеп үйін пешпен отын жағып жылтатын, бүгінгі күндей жеке жылыту қазандықтары болған емес, сонымен қатар, әрбір сыныптың өзі жеке орналасқан пешпен жағылатын. Таңертең сабақ басталмас бұрын мектеп күтушілері пешті жағып, сынып бөлмелерін жылытып қоятын. Кей уақыттарда пеш кеш жағылып, мектеп іші көк түтінге толып сабақ оқу қиынға соғатын.

1950 жылдары біздің ауылда жер аударылған шешендер, латыштар және литвалықтар тұратын. Шешендерді 1942 жылы соғыс басталғаннан кейін Сталиннің бұйрығымен «сенімсіз халықтар» есебінде қазақ жеріне жер аударған болатын, ал прибалтикалықтар соғыс аяқталған соң жер аударылған болуы керек. Ескі мектебімізде жер аударылған латыш әйелдері үйлері болмағандықтан, мектептің бір бөлмесіне қоныстанып, әрі мектепте күтуші болды. Абайсыздан болар пештен шыққан оттан түнде өрт болып, мектебіміз бір түнде күйді де кетті. Таңертең оқуға барайық деп тұрсақ, күлі ғана қалған мектебіміздің орнын сипап қалдық. Бейшара латыш әйелдерін НКВД - нің адамдары алып кетті ме, содан қайтып оларды көре алмадық. Ол уақытта мектеп директоры **Ешқатов Сұраған** еді, ол да көп тұрақтамай басқа елге көшіп кетті.

Мектеп үйі күйіп кеткеннен кейін, ауыл балалары оқу жылын колхоз канторасында, ескі клуб үйінде сығылыса, бірнеше ауысымда, қиыншылықты әбден көре отырып оқыдық, бірақ оқуға деген сағымыз сынбады. Сол бір қиыншылық кезде біз, яғни Нұртаев Аманжол, Әділшин Сақтаған, Ережепов Кәдірбай, Мейрамғалиев Сайран, Дүйсеков Аманбай, Есентемірова Күләш, Дүйсенбина Жұпар, Нұртаева Жұпар, Сатпаева Ермек, Ешқатов Қуанышпай, Кәкімов Ерсайын және мен 6 сыныпта ғана оқитын едік.

Сол жылдары Латчай, Омар, Зәузана деген шешен балалары да бізбен бірге оқығаны есімде. Шешен - ингуштарды Кеңес үкіметі 1944 жылы Отан соғысы басталғаннан кейін туған жерлерінен күшпен көшіріп, саяси - қуғын сүргінге ұшыратты, біздің ауылға сол соғыстың ауыр жылдарында бірнеше жанұя келген болатын. Өздері қиындықпен күн көріп отырса да, ауыл тұрғындары бір үзім нандарын бөлісіп, баспана тауып берді. Қайырнасөв Медебай отырған үйдің маңында олардың үйлері болды.

Ахмет деген шешен азаматы соғыс аяқталып, шешендерге өз жеріне баруға рұқсат етсе де, еліне бармай, 1960 жылдарға дейін Бостандықта тұрып қалда. Ингуш - шешендер өздері өте ірі болып келетін тау халықтары ғой, соның бір дәлелі «Мазлак» деген шешенді бала кезімдегі көрген бейнемен, кейде еміс - еміс есіме аламын, өте үлкен, ірі денелі, сұсты адам болатын. Ата-әжелеріміз әне Мазлак келеді, сендерді алып кетеді деп бізді қорқытатын. Анық білетін үлкендердің айтуы бойынша, ол кісі алып күштің иесі болған. Мазлак кішігірім шағын ағаштарды қолмен түбірімен жұлып

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

алып, үйіне отқа жағуға апарды екен. Шешен балалары өте зерек болды, әсіресе, Омар деген шешен баласы қазақша үздік оқыды. Олардың барлығы да қазақша жақсы сөйлеп, біздің салт - дәстүрімізді жақсы білсе де, өз халқының тілін, салт-дәстүрін, киім - киісін ешқашанда жоғалтпады, берік ұстанды. Балалықпен олардың үйлерінің жанына барып, кей кезде бау - бақшаларына түскен кездеріміз болды. Көбіне Кәпкен, Кәдірбай үшеуіміз бірге жүретінбіз. Шешендердің бау - бақшасына бізді байқатпай алып баратын, алдын ала жүретін жолдың картасын сызатын Мәуленнің Таужаны болатын. Бізді ақырын ғана шешеннің бау - бақшасына кіргізіп жіберіп, өзі ақырын ғана жылыстап, бізді тастап, үйіне барып тығылып қалатын. Оның сондағы ойы біздерді шешендерге ұстатып беріп, үшеуімізді мазақ ету. Бірақ, біз өте сақ болатынбыз, кейде ғана Кәдірбай ұсталып қалып, Таужанға ренжитін. Шешен балаларымен бірге асыр салып ойнаған уақытта, олардың ақырын ғана туған жұрты туралы тебірене айтқан әңгімелерін, елімізге қашан қайтамыз деп, аһ ұрып күрсінетіндерін жас жүрегімізбен сезінетінбіз, оларды қатты аяйтынбыз. Хамзат Израпилов деген шешен соғыстан кейін қуғын-сүргіннің құрбаны болды, туған жерінен қуылып, бір зардап шексе, соғыс аяқталып, бейбіт өмір орнаған тұста «халық жауы» ретінде 1946 жылы сотталып кетті.



***Қадыров Жасұлан 1957 - 62 жыл-дары  
Бостандық жетіжыл-дық мектебінің дирек-торы болды  
«Қазақ ССР-нің халық ағарту саласының үздігі»***

Бүгіндері сол балалық кезеңдегі шешен достарымыз қандай жағдайда екен, Ресейдің Шешенстандағы жүргізген соғыстары олардың тағдырына қалай әсер қылды екен деп кейде ойлап қоямын.

1959 жылы мектеп директоры болып Жасұлан Қадыров деген азамат тағайындалды. Түбі қазіргі Жамбыл ауданына қарайтын, атақты жазушы Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсреповтың туған ауылы - Жанажолдан еді. Өзімен бірге қарындасы Тәнзу бірге келді. «Жас келсе іске» дегендей, Тәнзу

**ЖАҒАШТАН ТҮЙІН ТҮЙЕТІН ӨТЕ ШЕБЕР АҒАЛАРЫМЫЗДЫҢ КӨП БОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БОЛДЫ.**

тәтейіміз бізге 7 сыныптың жетекшісі болды, әрі химия - биология пәнінен сабақ берді.

1959 жылы күйіп кеткен мектебіміздің орнына аулымызда жаңа жетіжылдық мектеп салынды. Оның тез салынуы біздің ауылымызда ұста, ағаштан түйін түйетін өте шебер ағаларымыздың көп болуына байланысты болды. Сол кезеңдегі ауыл өмірі кейбір керек - жаракты өз колхозында өндіруге қарай бейімдейтін. Ағаш шеберлері: Құлатаев Есентемір, оның ортаншы баласы Баймолда, Құрманғалиев Серікбай, Есмұқанов Рәш, Мизамиев Шаймолда, Шәріпов Әбу, Қойшыбаев Тұяқ (бала Тұяқ), Смағұлов Кәкім, Садвакасов Қалихандар мектеп құрлысының тез аяқталуына зор үлестерін қосты. Қысылып - қымтырылып әр жерде оқыған біздер, Аманжол Нұртаев, Сайран Мейрамғалиев және мен мектеп тез бітсін деп (сол жылы алтыншы сыныпты бітірген кезім), мектеп құрлысына көмектесу үшін атпен балшық басуға бардық, әрі тиын - тебен тауып, өзімізге керек дәптер, қарындаш алуға жетерлік ақша таптық. Алғаш рет өз еңбегіміздің дәмін таттық. Құрлыс материалдарына шым, қамыс, дәнді дақылдардың сабағы және сарыбалшықты пайдаланатын, балшықтың иін қандыра атпен немесе кейде жалаң аяқ кісілер өздері басып, қалыпқа салып, кептіріп кірпіш жасайтын.

Қазақ ауылдарының сол кезеңдегі көпшілігіне тән белгі ауыл көшелеріне, үй маңына бау - бақша, ағаш екпейтін, тек картоп салатын.

Міне, сол кемшілікті түзетуді бастаған жаңашыл ұстаз – Тәнзу болды. Жаңадан салынған жетіжылдық мектептің бау - бақшасының негізін салған, қазығын қаққан да Тәнзу болатын, 1959 - 60 оқу жылында жетінші сыныпты бітіруші біздерді күз және көктемде алғашқы ағаштарды отырғызуды, күтіп - баптауды дамыл таппай үйретті, әркімнің өзі еккен ағашы болды. Кейіннен ер жетіп, туған мектебіме ұстаз болып келген уақытта, біз екен ағаштар да биіктеп, жапырағын кеңге жайып, жаздың аптап ыстығында пана болуға, жайма - шуақ жұлдызды түндерінде бір - біріне ынтық болған жастардың сырласатын бағына айналды.

Мектеп жанындағы егілген ағаштар көп жыл бойы жайқалып өсіп, үлкен бақ болды, Арқалық селосынан келетін жолмен ауылға жақындағанда алыстан мен мұңдалап, бірден көзге шалынатын мектептің жасыл бағы еді. Мектебіміз бен ауылымызға көрік беріп тұратын. Бертінде, 1995 жылдары жаңа типті онжылдық мектеп ғимараты жаңа қонысқа көшкеннен кейін, сол мектеп бағының қоршауы бұзылып, қой - ешкі жайылғандықтан, ағаштар құрып кетті, әрине өкінішті-ақ, бірақ не істей аласың, сол өтпелі кезеңде ауылымыздағы миллиондаған қаржы тұратын шаруашылық нысандарының бұзылып, қаңқасы қалды емес пе?

Біздің балалық шағымыздағы қолымызбен егілген бау - бақша да көрген түстей, кеңестік дәуір сияқты бірден ғайып болды. Қайран есіл еңбек-

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

ай, жетпіс жыл бойы ата - бабаларымыздың тырнақтап жиған материалдық байлығы небары 1-2 жылдың ішінде талан - таражға түсіп, кім көрінгеннің қолында кетті ғой. Осындай жағдайдың болғанына бүгіндері қатты өкінеміз, амал нешік , мұндай тоқырау бүкіл ел бойынша болғандықтан, қарсы тұрар күш бізде болмады. Бүгінгі ұрпаққа айтарымыз, ата - бабаның жинақтаған еңбегін, материалдық байлығын талан - таражға түсірмеңдер, ақылмен ойластырып халық игілігіне жұмсандар.

Біздер сол кезеңдегі астанамыз – Алматыдан келген жас ұстаз Тәнзуге қатты қызығатынбыз. Сымбатты, көздің жауын алатын қолаң шашының өзі ажарын көркейте түсетін, әсіресе біздің сыныптас қыздарымыз барлық жағынан тәтейлеріне ұқсап бағатын, қызыға қарайтын.

Тәнзу тәтейдің мектепте жүргізілетін сыныптан тыс іс - шараларына белсене араласып, ауыл мәдениетін дамытуға бағытталған жұмыстарына көмекші болдық. Кейіннен Тәнзу тәтейіміз Қызылжардағы қазақ - мектеп интернатына мұғалім болып ауысты, біздің ауылдан барып оқуға түскен балаларды үнемі өз қамқорлығына алатын.



**Бірінші қатарда:** Ешқатов Қуанышбай, Ережепов Кәдірбай, Мейрамғалиев Сайран, Нұртаев Аманжол.

**Екінші қатарда:** Оспанова Жәнапия, Дүйсенбина Жұпар, сынып жетекшіміз Қадырова Тәнзу, Есмұқанова Бикамал, Сәтпаева Ермек

**Үшінші қатар:** Әділин Сақтаған, Жахин Қажымұрат, Әбдіқасымова Рысты, Есентемірова Күләш, Нұртаева Жұпар(Топанай), Қабиев Марат.

Қадыров Жасұлан ағайымыз кейіннен өз елінде Жаңажолда мектеп директоры, одан кейін Тимирязев ауданында аудандық оқу бөлімін басқарған. Көп жыл өткеннен кейін Жасұлан ағамызды қалаға жақын Бескөл ауданында Архангелька орта мектебінің директоры болып қызмет істеп жүргенінде кездестірдім. Мен ол кезде Бостандық орта мектебінің директоры болатынмын. Бостандық ауылының тұрмыс күйінің жақсы екенін, орта

## *Ауылым – алтын бесігім*

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

мектебіміздің ұжымының жеткен жетістіктерін, ауыл адамдарының амандығын біліп қатты қуанып қалды. «Бостандық мектебі менің алғашқы қызмет жолымның бастауы болған, тәжірибе жинақтаған өмір мектебім, сенің мектеп директоры болуыңа менің де әсерім болған шығар»,- деп күлімсіреп, ауылды жылы лебізбен еске алған болатын.



*1961 жылдардағы сурет.  
Бірінші қатарда ортада  
мектеп директоры Қадыров  
Жасұлан, оның сол жағында  
Қылышпаев Қабі, оң жағында  
Әлібеков Әнуарбек және  
Мәкентаев Сұлтан.  
Екінші қатарда Нұртазин  
Мағауия, Нұғыманова  
Шәйзада, Қадырова Тәнзу,  
Қадырова Дариха, Нұрахметов  
Уалиахмет.*

1960 - 70 жылдары ауылымызда жоғарғы, орта арнаулы оқу орындарын бітіргендер өте аз болатын. Ұмытпасам, 1960 жылдары біздің ауылымыздан сол кезеңдегі облыс орталығындағы жалғыз қазақ мектеп - интернатының түлегі Есмұқанова Бақытжан ғана Алматының қыздар педагогикалық институтын бітіріп, биолог мамандығын алып шыққан алғашқы жоғарғы, білім алған қызымыз еді. Бірақ та тұрмысқа шығуына байланысты елге келіп ұстаздық ете алмады. Бақытжан апамыз көп жылдар бойы Преснов, Жамбыл аудандарының мектептерінде, аудандық оқу бөлімдерінде инспекторлық қызмет атқарды. Кейіннен Петропавл педагогикалық колледжінде аброймен ұстаздық етіп, зейнеткерлікке шықты, «оқу ісінің үздігі», екі ұлынан екі келін ұстаған абройлы ене, құдай берген бірнеше немерелерін тәрбиелеп отырған асыл әже.

Ауылда Бақытжан апамыздан кейінгі қыз балалар арасында екінші болып ұстаздық жолды таңдаған Есентемір қызы Күләш еді, жетіжылдық мектепті бітірген соң, Петропавл педагогикалық училищесіне оқуға барды. Күләш екеуіміз 1961 жылдың күзінде педучилищеге емтиханды сәтті тапсырып студент атандық.

1960 жылдары облыс орталығында қазақ тілінде оқытатын бір ғана арнаулы оқу орны болды, ол педагогикалық училище еді. Онда бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын орыс бөлімімен қатар қазақ бөлімі болды. Облыстағы жетіжылдық қазақ мектептерін бітірген жасөспірімдердің көпшілігі кезінде өңірімізге белгілі талай атақты арыстарымыз оқып еңбек еткен осы педучилищенің қазақ бөліміне баратын. Бізбен бірге сол кезеңде



## *Нәсиев Қажымұрат*

Жолбарыс

Приишим ауданына (орталығы Боголюбово селосы) жататын көрші Бексейіт ауылынан Құсайынов Жанахмет, Ленин ауданына қарасты (қазіргі Есіл ауданы) Жекекөл ауылынан Құлымов Сайлау (бұрынғы тегі Искаков болатын), Тұрсынбаев Жоламан, Совет ауданынан (қазіргі Аққайың ауданы) Ташмағанбетов Игібай, Иманқұлова Ләззат, Сапура, Исмагулова Мәриям деген қыздар, Булаев ауданынан Жұнысов Ғалым, Шәрішов Тойлыбай, Ақпанбетов Жеңіс сияқты білім қуған жастар болды. Кейіннен бұлардың арасынан еліне еңбегі сіңген ұстаздар, қоғам қайреткерлері болды, солардың ішінен ерекше көзге түскені Жоламан еді.



*Есмұқанова - Есманова  
Бақытжан*

Тұрсынбаев Жоламан Кайменұлы Жекекөл ауылының тумасы, (бізге құда, менің Мүсілім деген баламның қайын ағасы) республикамызға танымал композитор, бірнеше өлеңдер жинағының авторы. Атақты жерлес жазушымыз Ғабит Мүсіреповтың «Қыз қарағай» өлеңіне

жазған музыкасы Жоламанды республика жұртшылығына бірден танымал қылды, Қазақ -станның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінде көп жыл жауапты қызметте болды, «Есіл ауданының құрметті азаматы».

Күләш туралы бір - екі ауыз сөз айтпай болмайды, әкемнің бірге туған Зейнеп деген апасының жалғыз қызы еді, екеуіміз егіз қозыдай бірге өсіп, бірге оқыдық, ұстаздық жолды да туған ауылымызда бір мезгілде бастадық. 5-6 айлық үлкендігін пайдаланып, маған ылғи қамқорлық жасайтын, шынында да қыз балалар ерте ер жетеді деуші еді, оның көмегін көп көрдім. Курстастарымыз «сары қыз» дейтін, шынында да алтындай жылтыраған сары шашы, мөлдіреген жанарынан, ақылға толы көзқарасынан әрқашанда мейрімділік, жылылық сезіліп тұратын. Үш ағасының ортасында еркелеп өскен еді.

1961 - 65 жылдары Қызылжар педучилищесінде бізге музыка пәнінен сабақ берген Қазақ ССР - нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, композитор - әнші Мәділхан Мұқанұлы Есмағанбетов жұмыс істеді. Атақты ағайынды Ришад және Мүсілім Абдуллиндермен Москва консерваториясында бірге оқыған, Алматыда олармен қатар жұмыс істеп, кейіннен белгісіз бір себептермен біздің өңірде жұмыс істеді. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары солтүстік өңірде қазақ музыкасының дамуына өзіндік үлес қосқан азамат.

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Жерлесіміз композитор Жоламан Тұрсынбаевты тәрбиелеп оның бойындағы музыкаға құштарлығын ұштаған да Мәділхан Мұқанұлы*

Жерлесіміз композитор Жоламан Тұрсынбаевты тәрбиелеп оның бойындағы музыкаға құштарлығын ұштаған да Мәділхан Мұқанұлы



*Күләшпен бірге, әскерден келген кезім  
Қызылжар, 1968 жыл.*

Есмағанбетов еді. Ағайымыз бізді жыл сайын ауылшаруашылық жұмыстарына басқарып баратын, ұмытпасам 1962 жыл болуы керек, Бостандық ауылына жазғы егін жинау науқанына Мәділхан ағамызбен бардық. Ауыл клубында ол кісінің бастауымен концерт қойып, жұртшылықтың ықыласына бөлендік. Мәділхан ағамыздың орындауында Абайдың «Қаламқасы», халық әні «Ақбақайды» тыңдаған ауылдастарымыз: «ескі ауыл клубында Алматы консерваториясының кең залында атақты күміс көмей әншілерді тыңдап отырғандай әсер алдық», - деп кейіннен көпке дейін ауыздарының су құрып мені көргенде айтып жүрді. Мәділхан аға шын мәнінде нағыз кәсіпқой әнші еді, сол кезеңдегі творчество адамдарының арасында болатын бәсекелестік пен қызғаншақтықтың салдарынан үлкен сахнаға шыға алмаған. Педучилище бітіргеннен кейін Мәділхан ағамызбен кездесіп жүрдік, ағайымыздың сондағы сұрайтыны «қамқоршы апаң қайда, неге бөлініп кеткенсіңдер», - деп Күләшті сұрайтын, себебі Күләштің маған үнемі қамқор болып, арамыздағы ажырамас туыстық қатынастарымызға таң қалушы еді.

Күләш Есентемір қызы туралы көп айтуға болады. Сақтаған екеуінің арасында басталған махаббаттың өзі, сол кезеңдегі біздер үшін Қозы-Көрпеш - Баянсұлу арасындағы пәк сезімдей деп бағалаушы едік. Біз шамалас сол кезеңдегі жас өспірімдер «Қозы - Көрпеш – Баянсұлу» көркемфильм кейіпкерлеріне ұқсап өстік.

Бүгінгі күндері жастарымыз қайдағы батыстың жеңілтек «Валентина күнін» - махаббат күні деп жариялап адасуда еді, тәубә жастар болашағын ойлайтын азаматтарымыз жастардың шынайы махаббат күні «Қозы - Көрпеш – Баянсұлу» күнін күнтізбеге енгізді.



## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі*

Күләш пен Сақтаған бір ауылдың түлегі, бір сыныпта оқыды. Мектепте оқыған кезінен басталған балалық достығы кейіннен үлкен махаббатқа ұласты. Ер жетіп, оқуларын бітіріп, мамандық алған соң, жанұя құрды. Жұрт сүйсінерлік үлгілі отбасы болды.

Сақтаған сол кезде Ресейдің Краснокут азаматтық авиациядағы ұшқыштар даярлайтын училищені бітірген, ауылдан шыққан тұңғыш ұшқышымыз еді.

Атақты ұшқыш, Ұлы Отан соғысы жылдары ерлігімен көзге түскен, қазақтың батыры Талғат Бигелдиновтің тікелей көмегін көрген және батасын алған Сақтаған 1967 жылы ұшқыштар училищесін бітіргеннен кейін 1998 жылға дейін Петропавл әуе жайында ұшқыш болып, содан зейнеткерлікке шықты. Күләш болса көп жыл бойы Қызылжар қаласындағы мектептерде, одан кейін өмірінің ақырына дейін Бескөл орта мектебінде қазақ тілі пәнінен ұстаздық етті, екі қызы ер жетіп, жоғарғы оқу орындарын бітірді. Дүниеге келген немерелерін енді - енді ғана искеп, өмірдің қызығын бастаған кезеңде, кенеттен болған жүрек талмасынан Күләш өмірден озды. Артында аңырап қыздары мен Сақтаған қалды. Тағдыр деген осы, өлім біреуге ерте, біреуге кеш келеді, тек тілейтініміз артында қалған қыздары Сәуле мен Шынарына, жиендеріне аманшылық, ғұмыр жас берсін. Өмір өз ағысымен зымырап өте береді ғой, «өлгеннің артынан өлмек жоқ» деп қазакем бекер айтпаған.



*Суретте Күләш пен Сақтаған.*

Бір басына осындай ауыртпалық түскендіктен Сақтағанға оңай соққан жоқ. Алданышы Күләштің көзі, артында қалған қыздары мен жиендері. Үлкен қызы Шынар жоғарғы білімді телекоммуникация саласының маманы болса, Сәуле анасының жолын қуып, ұстаздық мамандықты қалап алды, Бескөл орта мектебінде жұмыс істейді.

1961 - 1965 жылдар арлығында пед-училищені бітіріп, «бастауыш сыныптың мұғалімі» деген диплом алған ауылымыздың алғашқы қарлығаштары Күләш екеуіміз 1965 жылдың бірінші қыркүйегінен бастап ұстаздық жолымыз - ды бастап та кеттік. Біз мектепке келгенде жұмысқа алғаш қабылдаған Мәжитов Әлімжан ағамыз еді.

Сол жылдары өзіме сабақ берген ұстаздарымыз: Қаби аға, Сұлтан, Мәжит, Болат, Мағауия ағаларымыз және Шайке тәтемізбен бірге, бір ұжымда жұмыс істеу Күләш екеуімізге үлкен мәртебе, үлкен өмір мектебі болды. Күләш сондай еңбекқор, өте сәнді киініп, кербез жүретін. Үй - жиһаздарын жинастыру, қонақ күтуде өзіндік бір қонақжайлық, жомарттық байқалатын. Ағайын - туыс дегенде жаны қалмайтын. Ағасының балалары Өндіріс, Зәуреш, Бақыт пен Ұлболсындарға апалық қамқорлығы шексіз болды.

## Ауылым – алтын бесігім

Ауылым – алтын бесігім



1965 -66 оқу жылы

7 сынып оқушылары

**Бірінші қатарда:** Мейрамғалиев Мұқтар, Нұртаев Темірболат, Садуақасов Шаяхмет, Шаяхин Тіріжан, Қарабатыров Қалқаман

**Екінші қатарда:** Мүрсәлімова Гүлімай, Жуаспаева Мәрияш, Мәкентаева Марияш, Мәжитова Бақытжан, Әбдрахманова Марзия.

**Үшінші қатарда:** мұғалімдер Нәсиев Қажымұрат, Мәкентаев Сұлтан, Кәжесев Кәкім.

**Төртінші қатарда:** Шаяхин Сәлкен, Көнтаев Хамит, Оспанов Талғат, Сағитов Х., Мизамиев Талғат, Майлин Еркебай.

Бұл бейнесуреттегі жігіттер де алпысты алқымдап қалғандар, немерелі болып отырған аталар, кейбіреулері о дүниелік те болып кетті (Шаяхин Сәлкен, Майлин Еркебай, Мәкентаева Мәрияш).

**Шаяхин Сәлкен, Оспанов Талғат, Қарабатыров Қалқаман, Мейрамғалиев Мұқтар, Мәжитова Бақытжандар** өткен ғасырдың 70 - жылдары жоғарғы оқу орнын бітіріп, мектебіміздің мақтан тұтқан түлектеріне айналды.



**Нұртазин Мағауия**

Бостандық мектебінде көп жыл бастауыш сыныптарда ұстаздық еткен майдангер **Нұртазин Мағауия** ағайдың орны бөлек еді. Басқа елдің тумасы болса да, Бостандықтың туғанын азаматындай болды. Жұмысқа өте тиянақты, қатаң тәртіпті ұнататын адам еді. Мектеп интернатында меңгеруші болып, көрші Бексейіт, Үшкөл ауылдарынан келген оқушылардың тәрбиелеу жағдайына толық жауап беретін. Нұрзия тәтеміз екеуі бір ұл, бір қыз өсіріп тәрбиеледі. Сәулесі мұғалім, Өлмес деген ұлы автомеханик мамандығын алғаннан кейін мамандығы бойынша жұмыс істеді.

1965- 68 жылдары біздермен қатар еңбек пәні бойынша Құрманғалиев Серікбай, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен Ыбраев Қазыбек сабақ берді. Қазыбектің түбі өзіміздің Аппақ ауылының, Ережепов Кәдірбайдың туысы, Құрманғали деген кісінің інісі, көп уақыт бойы шетте орыс арасында өскен. Немере інісі Жақсылық екеуі ауылда біраз уақыт жұмыс істегеннен кейін, Қызылжар қаласына қайтадан қоныс аударды. Жақсылық ауылда механик

## Нәсиев Қажымұрат

XX



болып жұмыс істеді, содан кейін көп уақыт Соколов аудандық жол полициясын басқарды.

*Мәжитов Әлімжан (1929 жылы туған)  
1962-1969 жылдары Бостандық сегізжылдық мектебінің  
директоры болды. «Қазақ ССР-нің халық ағарту  
саласының үздігі»*

Мәжитов Әлімжан ағай бізге директор болып 1962 жылы келді. Әлімжан ағаның түбі Атығай руынан, қазіргі Шал ақын ауданындағы Жаңажол ауылының тумасы болатын, онымен бірге ауылдасы, тарих пәнінің маманы Кәжеков Кәкім де көшіп келді. Мәжитов Әлімжаннің мамандығы математик, бес жылдай Бостандықта директор болып жұмыс істеді. Әлімжан ағаның директорлық қызметі сол кезеңдегі білім саласында басталған реформамен тұспа - тұс келді. Осы кезеңде жетіжылдық мектептер сегізжылдық болып ауысып жатқан. Мектебімізді жаңа құрылымға көшіруге көп еңбек сіңірген Әлекең, кейіннен Қызылжар қаласында мұғалімдер білімін жетілдіру институтында ұзақ уақыт әдіскер болды.

Сонау 1960 жылдары Қазақ ССР-нің мұғалімдерінің екінші съезіне делегат болып, 1972 жылы Алматы қаласында өткен педагогикалық оқуға қатысқан. 1980 жылы

Ш. Айманов атындағы кинофильм студиясы Әлекеңнің қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарына математика пәнін оқытуы бойынша екі диафильм шығарды.

1985 жылы Орал қаласында өткен «Аз комплектілі мектептердің келешегі» атты республикалық кеңесте өзара тәжірибе бөлісуі Әлекеңнің мол тәжірибе жинауына жағдай жасады. Мол іс - тәжірибесінің арқасында Ә. Мәжитов облыс көлемінде бастауыш сыныптар - да математика пәнін беруге арналған бірнеше әдістемелік нұсқаулықтар жазуына, жас маман ұстаздардың өсуіне мол үлесін қосты.

Әлекеңнің өміріне, оның жанұясының тарихына көз салсаңыз, болашақ жас отау құрушыларға ұрпақ тәрбиелеуде ғибрат - үлгі аларлық өнеге көп. Өз ұрпағын тәрбиелеп, отанына қалтықсыз қызмет етудің үлгісін балаларының бойында тәрбиелеуде Әлекең жан жары Сапия жеңгеміздің ерен еңбегі деп біледі. Сапия жеңгеміз ата - баба дәстүріне сай бала тәрбиесіне аса көңіл бөлген бүгінгінің Ұлжаны мен Зересі дерсің. Жаһандану заманында гендерлік саясат әйелдерді толыққанды табиғат берген ең басты мамандықтары - бала тәрбиелеуге мүмкіндік бермей отыр, соның нәтижесінде қаншама жас ұрпағымыз өмірін «ащы су», «апиынмен» байланыстырып, адамдық қасиеттен жұрдай болуда. Жанұяда ата-анадан

**жақсы тәрбие берілмесе, жалғыз білім мекемелері болашақ ұрпақты толыққанды тәрбиелеуге қауқары жетпейтіндігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.**

Әлекеңнің үлкен қызы Бақытжан Бостандық мектебінің жетінші сыныбын бітіргеннен кейін, облыстағы қазақ мектеп - интернатында оқыды. Оны жақсы бітіріп, Алматының халық шаруашылық институтын тамамдады. Көп жыл Алматы, Көкшетау қалаларының өндіріс мекемелерінде бас экономист, бөлім бастығы болып қызмет істеген, Бақытжанның өзі де бақытты әже атанып, зейнеткерлікке шықты.

Әлімжан ағайдың Марат есімді баласының даңқы солтүстік өңірден асып, бүкіл Қазақстанға белгілі болды. Жасынан әскери адам болуды армандаған Марат, өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңе отырып, өз мақсатына тапжылмай жеткен азамат.

Марат Мәжитов бір әулеттің, бір ауылдың, бір ғана мектеп ұжымының мақтанышы емес, әрбір отан қорғаушы жас жеткіншектің мақтанышы.

Ауған жеріндегі өрімдей жастың отан алдындағы борышын аброймен орындауы соның айғағы. Арман қуған жастардың республикамыздағы ең жас генералдың бірі - Мараттың өткен өмір жолынан алатын үлгісі баршылық.

«Білім негізі - бастауышта» десек, Марат білім негізін біздің Бостандық мектебінде алғанын мақтанышпен айтамыз. Кейіннен ата-анасы Қызылжар қаласына қоныс аударғаннан кейін, қазақ мектеп - интернатын бітірсе де, «Марат Бостандықтағы бастауыш сынып мұғалімі - Болат Сәуменов ағайын жиі есіне алады», - деп Әлекең бүгіндері жиі айтып жүреді. Генерал-майор атағын алған Марат Астана қаласында орналасқан, Қазақстан Республикасы Шекара әскері штабы бастығының орынбасары қызметін аброймен атқарғаннан кейін, Москва қаласындағы Қазақстан Республикасының Әскери Атташесіне ауысты.

2009 жылы Астана қаласында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты әскери шеруде Қазақстан Республикасының шекарашылар әскерінің сапын басқарған бұрынғы мектебіміздің оқушысын көзіммен көріп, төбем көкке жеткендей қатты әсер алғаным бар. Жерлесіміз Николаевка орта мектебінің түлегі, Ұлттық Гвардияның қолбасшысы, генерал Абай Тасболатов сияқты Мараттың шығар биігі әлі алда.

Екінші ұлы Мәжитов Ерік 1964 жылды 2 қаңтарда Бостандық топырағында дүниеге келді, бүгінгі күні Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық - құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесінің басқарма бастығы, әскери шені - полковник.

Әлімжан аға зейнеткерлікке шықса да, орнында отыра алмайтын жандардың қатарына жатады, бүгіндері сексеннің сенгірінен асса да, үйде қол қусырып отырмайды, қоғамдық істерге белсене араласады. «Халықтық педагогика бойынша жасөспірімдерді тәрбиелеу негіздері», «Халық

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім Министрінің орынбасары**

даналығы» және математика пәндері бойынша бірнеше әдістемелік құралдардың авторы. 2004 жылы Шал ақын ауданындағы туған ауылы Жаңажол ауылының шежіресін жазып, ауыл тұрғындарының ықыласына бөленген де Әлекең ағамыз.

Әлімжан Мәжитовтың еңбектері елеусіз қалған жоқ, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері», «Ұлы Жеңістің 65 жылдығы» медалдарымен және «Қазақ ССР - нің халық ағарту ісінің озық қызметкері» төс белгісімен марапатталған. Бүгіндері Сапия жеңгей екеуі ұлдары мен қыздарын, немерелері мен шөберелерін жан - жақты тәрбиелеген бақытты ата-ана мен ұлы бабалар, Мәжитовтар әулетінің мәуелі бәйтерегі.

Мен 1966 жылы мен әскер қатарына шақырылып, 1968 жылдың желтоқсанына дейін Литваның Укмерге қаласында әскери борышымды өтедім. Әскерден келген соң 1969 жылдың қаңтарынан қайтадан туған мектебіме мұғалім болып қайтып келдім.

1969 жылы Мәжитов Әлімжан Қызылжар қаласына қызмет ауыстырғаннан кейін, оның орнына директор болып **Нұрахметов Уәлиахмет** тағайындалды.

*Ол 1969-71 жылдары мектеп басқарды. «Қазақ ССР-нің халық ағарту саласының үздігі». Мұсылманның бес парызының бірі – қажылыққа барып, Қажы атанып отырған ардагер ұстаз.*



Көрші Талапкер ауылының тумасы Уәли ағамыз сол кезеңде арнаулы ұстаздық білімі бар, тәжірибелі басшылардың бірі еді. Адамдармен тез тіл табысатын, шапшаң кісі еді. Солтүстік өңірдің көптеген білім мекемелерінде басшылық қызмет атқарды. Уәли ағамыз бізде көп тұрақтаған жоқ, кейіннен Баян орта мектебіне ауысты.



### **Кәжеков Кәкім Кәжекұлы** **1971-75 жылдары мектеп директоры болды**

1971 жылы мектеп директоры болып Қажеков Кәкім Кәжекұлы тағайындалды. Түбі Атығай - Қарауыл Шал ақын ауданы, Жаңажол ауылынан. Кәкім ағаның тұсында мектебіміздің материалдық базасы жетіле түсті, қосымша екі ғимарат салынды, бірі кірпіштен салынса, екіншісі құрастырмалы қабырғалары бар (щитовой) дайын бөлшектерден тұратын мектеп болып, қабырғасы тез көтерілді.



Бескөл ауданында аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып тұрған Болат Мағазұлының қосымша мектеп ғимаратын салуға көмектескенін айта кеткенім жөн, ағамыздың көмегі арқасында қосымша мектеп үйі тез салынды.

Кәкім ағамыз өте қарапайым, кішіпейіл, кешірімді басшы болатын.

Негізгі мамандығы тарихшы, кейіннен Меңгесер ауылдық кеңесінің хатшысы болып, зейнеткерлікке дейін сонда жұмыс істеді. Балалары біздің мектебімізді бітірген, Еркін деген баласы Меңгесер кеңшарында басшылық қызметте болса, Толқыны көп жылдар бойы ішкі істер саласында қызмет істеп, подполковник дәрежесіне жетті, қызы Сауле және немерелері Меңгесер мен Мәуліт кентінде тұрады.

**1972 жылы материалдық базаның жетілуіне байланысты Бостандық сегізжылдық мектебі онжылдық мектеп болып қайта құрылды.** Мектеп жанынан көрші ауылдың Бексейіт және Үшкөл ауылының балалары жатып оқитын интернат ашылып, онда 70 балаға дейін оқушы тәрбиеленді.

Кәжеков Кәкім ағайдың тұсында оқу ісінің меңгерушісі **Нұрғалиев Қаһарман** болған. Кезінде жоғарғы оқу орнында ұстаз болғандықтан орта мектептің оқу - тәрбие жұмысын басқару қиынға түсті ме, ағамыздың орнына **1974 жылдың күзінде жоғарғы оқу орнын бітіріп келген мені тағайындады,**себебі мен орта арнаулы білімнің жеткіліксіз болатындығын түсінгеннен кейін 1969 жылдың жазында алысқа бармай - ақ обылыс орталығы Қызылжар қаласындағы пединститутқа түскен болатынмын.

1974 жылы К. Д. Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институту - тының тарих - филология факультетінің тарих және педагогика бөлімін бітірген соң, еркін диплом алсам да (ол кезеңде үйленген студенттерге еркін диплом беретін, біз Нағима екеуіміз төртінші курста үйленген болатынбыз), туған ауылымның оқу-ағарту саласы мен мәдени өмірін дамытуға ат салысамын деген жалынды жігермен ауылға қайта келдім.

Нағима екеуіміз бір факультетте, бір курста оқыдық, мамандықтарымыз да бірдей – тарихшы.

Сол уақытта басқа жаққа баруға мүмкіншілік болса да, бармай қалдық. Сол кезеңдегі қазақ жастарының барлығының да патриоттық рухы жоғары болды, туған ауылы десе ішкен асын жерге қоятын, қайткен күнде ауылының көркейіп өсуіне, экономикалық-әлеуметтік дамуына барынша үлес қосуға тырысуды ойлайтын. Қазіргідей «Дипломмен – ауылға» деген ешқандай арнаулы бағдарлама болмаса да, патриотизмге берілген жастар ауылға өзінен - өзі ұмтылатын. Мен де сондай арманымды орындау мақсатында 1974 жылы туған ауылыма келдім.



## *Нәсиев Қажымұрат*

жауапкершілікпен қарайтын



*Мектеп директоры Кәжеков Кәкім, оқу ісінің меңгерушісі  
Нәсиев Қажымұрат*

1975 жылдың жазында Қызылжар қаласында жаңадан тағайындалған оқу ісінің меңгерушілерінің білімін жетілдіру курстарында жүргенде, сол кезеңдегі Бескөл ауданының оқу бөлімінің меңгерушісі **В.Н.Крайнов** шұғыл түрде шақырып алып, Бостандық орта мектебінің басшылығына ұсынатынын айтты. Мен басқару тәжірибемнің аздығын, мектеп ұжымындағы қалыптасқан қиын жағдайды айтсам да, аудан басшылығы жас кадрларға сенім білдіретінін алға тартты. Сонымен, 1975 жылдың тамыз айынан бастап мектеп директоры болып тағайындалдым, осы жауапты жұмысты табаны күректей 28 жыл, 2003 жылдың наурызына дейін атқардым. Қаншама қиындығы болса да, қасиетті де, қызығы мол жұмыспен жалынды жастық шақтың қалай өткенін байқамаппыз.



## *Ауылым – алтын бесігім*

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған зейнеткер ұстаз.*



***Нәсиев Қажымұрат**  
(1947 жылы туған)*

Кәжеков Кәкім ағайдың орнын басқан уақытта мен 28 жаста едім, әрине жас та емес едім, бірақ ол кезеңде басшылық қызметке көбіне үлкен жастағы, жұмыс тәжірибесі мол адамдарды көбірек тағайындайтын.

Менің аз да болсын институтқа дейінгі 1965 - 1966 жылдары педагогикалық училищені бітірген соң, Бостандық мектебінде мұғалім болғанымды және 1966 - 1968 жылдары әскери борышын өтеп келгеннен кейін 1968 - 1969 жылдары қайтадан туған мектебіме келіп, ұстаздық қызметімді жалғастырғанымды ескергендіктен бе ойлануыма мұрша берместен мектеп басшылығына жедел тағайындап тастады.

Міне, осылай 1975 - 2003 жылдар аралығында туған ауыл мектебін үзбей басқару менің үлесіме тиді.

Кейіннен 2003 - 2006 жылдары Қызылжар қалалық әкімдігінің ішкі саясат бөлімінде қызметке ауысқанның өзінде білім мекемелерімен, оқу-ағарту жұмыстарымен тығыз байланыста болдық.

2006 - 2011 жылдары Астана қаласының Білім басқармасында бас маман болып жұмысқа ауысып, жаңа астанамыздың білім жүйесінің қалыптасуына өз үлесімді қосып, сол жерден 2011 жылы зейнеткерлікке шықтым.



***Нәсиева Назима Хамитқызы**  
(1950 ж. туған)*

***Бостандық мектебінде 1974-2003 жылдары тарих пәнінің мұғалімі.  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен  
марапатталған зейнеткер ұстаз.***

## **Нәсиев Қажымұрат**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРДАҒЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМЫ



**Шаяхин**

**Мұхамедияр Жаукеұлы(1951 ж туған)**

Бұл кезең Бостандық орта мектебінің педагогикалық ұжымының қатарына қазақ тілі мен әдебиетінен Шәріпов Нұрсайын, математика пәнінен Шаяхин Мұхамедияр, денешынықтыру пәнінен Оспанов Ерсайын, бейнелеу өнері мен сызу және еңбек пәнінен Нұртаев Темірболаттың қосылуы ұстаздар қауымына жаңа тың педагогикалық идеялар мен жалынды жігер қосты.

Бір қуаныштысы, осы жас ұстаздар өзіміздің ауыл балалары, кезінде сегізжылдық мектепті бітірген соң, Қызылжар қаласындағы жалғыз қазақ мектеп-итернатын оқып, аяқтады. Еліміздің жоғарғы оқу орындарын бітіргеннен кейін елге оралып, туған ауылы алдындағы азаматтық борыштарын толық орындады.

Шаяхин Мұхамедияр ауылымыздың тумасы, Самай руынан. Ауылдық сегізжылдық мектебін бітірген соң, қаладағы мектеп интернаттың он жылдығын аяқтады. Петропавл педагогикалық институтының физика математика факультетін бітірді. Бостандық мектебінде 1977 жылдан бастап мектеп директорының оқу - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды, кейіннен Андреев орта мектебіне директор болып ауысты. Бірнеше жыл кеңшар партия ұйымына жетекшілік етті, кейіннен Арқалық ауылдық әкімдігін басқарды, қазір денсаулығына байла-нысты қайтадан Андреев мектебіне ауысып, өзінің сүйікті пәні - математикадан сабақ береді.

Мұхамедияр спорт ісімен де жақсы шұғылданған, бокстан облыстық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. «Қазақстанның тәуелсіздігіне - 10 жыл» медалімен марапатталған.



**Шәріпов  
Нұрсайын Әбуұлы  
(1951 жылы туған)**

**Шәріпов Нұрсайын Төлеп** ауылының тумасы. Ауылдық сегізжылдық мектеп, одан кейін қазақ интернатында он жылдықты бітірген соң Қарағанды пединститутының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсті, кейіннен институт университетке айналып, университет дипломын алды. 1976 жылдардан бастап Бостандық мектебінде директор - дың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды, бірақ жасынан шығармашылық жұмысқа жақын болғандықтан, ауылдағы ұстаздық қызметін тастап, Андреев ауылдық кеңесінің хатшысы, одан кейін Қызылжар қаласында Тіл комитетінде аздаған жұмыс

## *Ауылым – алтын бесігім*

**ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҰҒАЛІМ БОЛҒАН**

істегеннен кейін, өзінің сүйікті ісі – журналистика қызметіне ауысты, бүгіндері облыстық Солтүстік Қазақстан газетінің меншікті тілшісі, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

1974 жылы мектепке біздермен қатар орыс тілі мен әдебиеті пәнінен мұғалім болып Зира Базарбайқызы Қайырнасова келді. Ауылдасымыз Қайырнасов Таужанға (Тілеужан) тұрмысқа шыққан Зира Базарбайқызы жоғары оқу орнына түскенге дейін бір жылдай мектебімізде мұғалім болған екен (қыз кезіндегі тегі Қуандықова болатын).

Таужан Мауленұлының негізгі мамандығы мал дәрігері, сол кезеңдегі Покровка ауылшаруашылық техникумын бітірген, көп жылдар бойы ауданның шаруашылығында жұмыс істеді. XX ғасырдың 70 - 75 жылдары ауылдық жерлердегі келешегі жоқ ауылдар мен селоларды оңтайландыру жүргенін білеміз, сол уақытта біздің көрші Рябиновка селосы мен Үшкөл ауылы таратылды. Қазақ айтады ғой: «Ебепке себеп» деп, жұмыссыз қалған Таужан замандасымызға: «кәсібіңді өзгерт, мектепке жұмысқа кел, жолдасың Зирамен бірге жұмыс істе», - деген ақыл-кеңесім себеп болды ма, ол мектепке жұмысқа келді, артынан сырттай Петропавл институтының тарих факультетін бітіріп, ұстаздық қызметін осы күнге дейін жалғастыруда.

Он жылдай бірлесіп жұмыс істеген, оқу ісінің меңгерушісі болған Шаяхин Мұхамедияр Арқалық селосына жұмысқа ауысқаннан кейін, оның орнына Зира Базарбайқызы Қайырнасова оқу - тәрбие жұмысының меңгерушісі болды, жұмысы нәтижелі болып оқушыларымыздың білім сапасы жақсарды.



**«Қазақстан  
Республикасы білім  
беру ісінің үздігі»**

### *Қайырнасова Зира Базарбайқызы (1950 жылы туған)*

Зира Базарбайқызының оқушылары орыс тілі пәні бойынша облыстық, республикалық олимпиадалардың талай рет жүлдегерлері болды. Кеңес дәуірінің біз жұмыс істеген кезінде орыс тілін оқытуға өте көп көңіл бөлетін. Сондықтан да, орыс тілі бойынша аудандық, облыстық республикалық жарыстар ұдайы ұйымдастырылып отыратын, керісінше қазақ мектептері арасында басқа пәндерден, тіпті қазақ тілі бойынша пән олимпиадалары жүйелі өткізілмейтін. Орыс тілі мұғалімдері марапаттауға да бірінші кезекте болатын. Мектебіміздегі алғашқы ұстаздардың бірі болып, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» атағын Зира Базарбаевнаның алуы - соның айғағы.

## **Нәсиев Қажымұрат**

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі



**Оспанов  
Ерсайын разбайұлы  
(1951 ж туған)**

Ауылымыздың қос түлегі Оспанов Ерсайын мен Нұртаев Темірболат екеуі сонау 1972 жылдан бері үзбей Бостандық мектебінде жұмыс істеп келеді. Екеуі бір - бірін «нағашы – жиен» деп атайды, қазақта «нағашы – жиендер» арасында болатын бір - біріне айтатын әзіл оспақтарын аямайтын. Олардың бір - біріне айтқандары кейде біздің шексілемізді қатырып күлдірсе, кейде «ойындарының» қатты кеткен тұстары таң қалдыратын. Ерсайын болса, ауыл балаларының дене шынықтыруға, жас буынды спорт өнеріне баулумен айналысты, үздіксіз жүргізген жұмысы өз нәтижесін берді де. Қаншама ауыл баласы қазақша, классикалық күреспен айналысып, спортпен етене болды, аудан, облыс көлеміндегі күрес бәйгесінде

озып шығып, Бостандық мектебінің атын шығарды.

**Мүрсәлімов Мәлік** деген түлегіміз еркін күрестен республикалық жарыстарда аты шығып, бәйге алған, еркін күрес шеберлігінің кандидаты деңгейін орындаған. Өкінішке орай, өмірі ерте үзілді, тірі болса атақты спорт майталманы болар еді.

Облыстағы еркін күрестің дамуына өзіндік үлес қосқан мектеп түлегі – Мүрсәлімов Мәліктің еңбегі артында қалған ұрпақтарының есінде, бірге күреспен айналысқан жолдастары, облыстық күрес федера-циясының бастамасымен екі-үш жылда бір рет Бостандық ауылында, облыс орталығында Мәлік атындағы күрестен облыстық жарыстар өткізіліп тұрады. Мәліктің артында ізбасарлары да жоқ емес, жиені Нүсіпов Мақсат қазақша күрестен республика чемпионы және бірнеше халықаралық жарыстардың жүлдегері. Бүгінгі күні Қызылжар қаласындағы әскери институтта денешынықтыру пәнінен ұстаз, болашақ офицерлерді даярлайды. Мақсаттың жеткен жетістіктеріне Ерсайын ұстазының еселі үлесі бар.



**Нұртаев Темірболат (1951 жылғы) Сурет және сызу пәнінің мұғалімі «Қазақстанның тәуелсіздігіне - 20 жыл» медалімен марапатталған**

Алматы сурет училищесін бітіргеннен кейін туған ауылына оралды, ауыл балаларын әдемілікке, нәзіктік пен сезімталдықты және көркемдік бейнелеу тәсілдерін меңгеруге қажымай- талмай үйретті.

Бостандық мектебі оқушыларының қолынан шыққан бейнелеу өнері мен қол өнер туындылары аудандық және облыстық шығармашылық жарыстарда бас жүлделерді жеңіп отырды.



Темірболат ұстаздың басқалардан бір ерекшелігі - ешқашан ерінбейтін, ойына алғанын орындамай тынбайтындығы, қандай жұмыс болмасын оған сондай үлкен дайындықпен, ыждаһаттылықпен қарайтындығы.

Бір ғана мысал: ұзақ уақыт бойы қалай мектеп мұражайын ашамыз деп жүрдік, ескі мектеп ғимаратында сынып бөлмелері жетіспесе де, шағын бір бөлмені берген едік, сол кезеңдегі менің тәрбие жөніндегі орынбасарым Нұрсайын Шәріповпен ақылдасып, мұражайдың жоспарын жобалап, қалай жасау керектігі жөнінде бағыт - бағдар беруіміз мұң екен, күні-түні жұмыс жүргізе отырып, аз уақытта мұражайды дайын қылды. Өлкетану үйірмесінің жетекшісі, ең алғашқы мұражай меңгерушісі болған, тарихшы Нәсиева Нағимамен бірлесе отырып, ауыл үйлерін аралай отыра, мұражайға экспонаттар жинады, өлке тарихы жөнінде мол тарихи деректер жинап, кейіннен оны толықтырып отырды.

Облыстық мұражаймен байланыс орнатып, өлкемізге байланысты қажетті археологиялық мүсіндерді алдырдық. Жаңа мектепке көшкен кезде ең үлкен бөлмені мұражайға берсек те, бүгінгі күні экспонаттардың көптігінен мұражай бөлмесі тарлық етуде. Мұражайды қалай құру керек, қандай бөлімдер болады, яғни идеологиялық бағытын біз анықтағаннан кейін барлық жұмысты Темірболат бір өзі атқарды. Мектеп жұмысына жан - тәнімен беріле жұмыс жасайтын, сонымен қатар ол өз үйінің шаруашылығы - на да бір сәт ұмытқан жоқ. Қаншама қаз-үйрек, тауық, индюк асырайтын, оларды ыждаһаттылықпен бағып қағатын, соның бәріне уақытты қалай жеткізеді десеңші. Ұя басқан тауығы, қазы қашан, қай кезеңде жұмыртқасын жарып, балапан шығарады, минутына дейін біліп, жазып отыратын.

«Аққуым» деп атаған жолдасы Сарасына үй шаруасының ауыр жұмысын істетпейтін.

Нағыз мұражай шырақшысы – Темірболат пен Сара екеуі қазір ата-әже атанып, немере тәрбиелеп отыр.

1970-74 жылдары Бостандық мектебінде орыс тілінен сабақ берген Жұмабаева Сәуле, Төрежанова Сәуле деген екі «Сәулеміз» болды. Ауыл жігіттеріне ұнағаны сондай, екеуі де өзіміздің келініміз болып шыға келді. Сонымен қатар, осы жылдары Роза Пішенбаева биология пәнінен мұғалім болып жұмыс істеді. Кейіннен өзіміздің түлегіміз Марат Омаров (Қасымов) қатарымызға қосылды. Ағылшын факультетін қызыл дипломға бітірген Марат кейіннен журналистік қызметке ауысып кетті.

Булаев ауданының тумасы Шаришев, Тауағаш ауылының тумасы Сұрағанова Шайзада, Орынбасар деген қыздарымыз да аздаған уақыт мектебімізде еңбек етіп, ауыл мәдениетін дамытуға өз үлестерін қосты.

Жұмабаева Сауле өте пысық, ауыл жастарының мәдени өмірінің қызықты өтуіне, ауыл клубының жұмысының жандануына ғана емес, мектептегі тәрбие жұмысының жоғары деңгейде өтуіне де қатты ықпал еткенін



## ***Нәсиев Қажымұрат***

***Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі***

ауылдастарымыз көп уақытқа дейін айтып отыратын. С. Жұмабаева Бескөл аудандық партия комитетінің шақыруы бойынша 1974 жылы жұмысқа ауысып, кейіннен Целиноград қаласының педагогикалық институтында жұмыс істеді. Сонда жүріп ауылдасымыз Сарбасов Мұратқа тұрмысқа шықты, інішегіміздің жары болды. Біздің мектебіміздің түлегі, Целиноград медициналық институтын бітірген Мұрат ініміз өзі оқыған қалада қалып, көп жыл бойы адам жанының арашасы, қасиетті мамандықтардың бірі - дәрігерлік қызметті аброймен атқарды, кейіннен наркологиялық емхананың меңгерушілігіне дейін көтерілген шақта, оқыстан жол апатына ұшырап, қайтыс болды.

Сәуле өте еңбекқор, алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын азаматша, қиындықтарға қарамастан Целиноград қаласының пединститутының қабырғасында жүріп, ғылыми жұмыспен айналысты, педагогика ғылымдарының кандидаты атағын алды. Бүгіндері зейнеткерлікке шықса да, Астана қаласында беделді жоғарғы оқу орындарының бірінде еңбектенуде, құрметті әже атанып, немерелерін тәрбиелеуде.

Екінші Сәулеміз Төрежанова зейнеткерлікке шыққан, көп жыл бойы Бескөл селосының мектебінде ұзақ жыл орыс сыныптарында қазақ тілінен сабақ берді.



***1974 жыл. Математика пәнінің мұғалімі Қадыров Ғалымжан мен оқу ісінің меңгерушісі Нұрғалиев Каһарман***

Көп жылдар бой өз ауылымыздан шыққан мұғалімдер болмағандықтан, 1980 жылдарға дейін Бостандық орта мектебіне басқа жақтан келген адамдар мұғалім болды. Олардың арасында мектеп тарихында өзіндік қолтаңба қалдырған мұғалімдер: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген Нұрғалиев Каһарман, математика пәнінен сабақ берген оқушылар «қара мұғалім» деп атап кеткен Қадыров Ғалымжан ағаларымыздың еңбегін атағанымыз жөн, қандай ұстаз болмасын бала тәрбиелеу ісінде өзгеге ұқсамас өз іздерін қалдырады.

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Қаһарман ағамыз бізде көп істеген жоқ, сондай қарапайым, адамға жақын, іші - баурыңа кіріп тұратын адам еді. Бізден кейін Новокаменка деген селода мұғалімдігін жалғастырып, сол жерде зейнеткерлікке шықты, бірақ көп ұзамай қайтыс болды.*

Биология - химия пәнінен сабақ берген Әубәкірова Гүлзейнеп Есіл ауданындағы Қаратал ауылының тумасы, Алматы қаласындағы қыздар педагогика институтының түлегі. Ерсайын екеуі көңілдері жарасып, отау құрып бақытты өмір сүре бастаған еді, бір ұл, үш қыз өсірді, бірақ та, алланың жазуы солай болды ма, Гүлзейнеп ауыр науқастан қайтыс болды. Құдайға шүкір, ұл - қыздарын Ерсайын анасын жоқтатпай, өсіріп жетілдірді, балаларының барлығы да ұстаздық жолды таңдады.

Бостандық мектебінің тарихына тоқталған кезде, мектептің оқу - тәрбие жұмысының үздіксіз жұмыс істеуіне қажетті жағдайды жасайтын шаруашылық меңгерушілердің еңбегін ерекше атаған жөн. Біздің мектепте шаруашылық меңгерушілері болған Құсайынов Бексұлтан, Төлепбергенов Сұраған, Сыздықов Қалиолла, Кәкенов Едрес, Харипов Ермек, Тастанбеков Өзбектердің атқарған жұмыстары мұғалімнің еңбегінен бірде кем емес. Ең қиыны - жылу жүйесіне қажетті отын – көмір дайындау, қыс кезінде жылу жүйесін санитарлық қалыпқа сай ұстап отыру болды.



*Химия-биология пәнінің мұғалімі  
Әубәкірова - Оспанова Гүлзейнептің сабақ жүргізу сәті*

Шаруашылық меңгерушілердің ішінен арнаулы механик мамандығы бар, техниканың тілін бес саусағындай білетін, еңбекқор Харипов Ермектің еңбегін ерекше атағым келеді, себебі Ермектің уақытында менің оқу - тәрбие жұмысымен айналысуыма толық мүмкіндігі болды, ол барлық шаруашылық жұмысын ұтымды ұйымдастыра білді. Жолдасы Баян Шахманқызы мектепте бастауыш сыныптан мұғалім болып жұмыс істеген еді. Баян Шахманқызы мен Нұртаева Сараны мектебімізде оқушы саны көбейіп, мұғалімдер жетіспегенде, сырттай бастауыш мұғалімдерді даярлайтын оқуға баруға



## *Нәсиев Қажымұрат*

XX

кеңес беріп, өздерін бастауыш мұғалімдігіне қабылдаған едім, кейіннен екеуі де менің еңбегімді ақтап, ұзақ жылдар бойы көрші Қостамар мектебінде ұстаздық еңбектерін жалғастырды.

1991 жылдан жаңа мектептің шаруашылық жұмысын Тастанбеков Өзбек басқарды, әрине, жаңа мектеп болған соң Өзбекке онша қиындық туа қойған жоқ. Түбі Атығай - Қарауылға жататын, бізге күйеу бала болып келетін Тастанбеков Өзбек қоныс аударып келгеннен кейін ауылымызға тез сіңісіп кетті, жоғары білімді болмаса да, тілге шешен, суырып салма өнері бар, қазақтың майталман ақыны Мұқағали сияқты «қазақтың қара өлеңін тонын айналдырып, өзіңе қайтардым» деп, Мұқағалиға ұқсап баққан Өзбек ауылдың ойын - тойының көркі болды. Оның осы өнеріне қызыққан мен оған қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беруге мүмкіндік жасап, сырттай жоғарғы оқу орнына түсуге кеңес бердім, бірақ Өзбектің мүмкіндігі болмады, кейіннен мұғалім бола алмайтынын айтып, өтініш жасады. Алма қарындасымыз екеуі өмірге әкелген төрт ұлын жақсы тәрбиеледі. Балаларының алды Өзбектің өзі армандап жете алмаған мұғалімдік мамандық пен журналистікті игерді. Болашақ журналист Фархат деген баласының қаламының төселіп қалғанын СҚМУ - де шығатын жастар газеті мен облыстық баспасөз беттерінде басылған көкейтесті мақалаларынан көруге болады.

Жас жеткіншектерге білім беру саласында ұстаздың атқару ролі өте зор екені даусыз, әсіресе тұрақты кадрлардың мәселесін толық шешіп алмайынша, сапалы оқу - тәрбие үрдісін жүргізу мүмкін емес. Мектеп директоры болып жұмыс істей бастағаннан кезде менің алдыма қойған негізгі мақсаттарымның бірі – мектеп ұжымын жоғарғы арнаулы білімді, негізінен өзіміз тәрбиелеп, ұстаздық жолға бағыт берген түлектерімізбен толықтыруды жоспарлап, үздіксіз жұмыс жүргіздім.

Мектебіміздің 9 - 11 сыныбында оқитын оқушылар арасынан мұғалімдік мамандыққа бейім оқушылармен кәсіптік бағдар жұмысын үздіксіз жүргізудің арқасында, 1975 - 1985 жылдары Бостандық орта мектебінің ұжымы түгелдей педагогикалық жоғарғы оқу орындарын бітірген өз түлектерімізбен толықтырылды. Бір қуаныштысы, ер балаларымыз оқу бітірген соң, өздерімен бірге педагогикалық институтта оқыған қыздарға үйленіп, кадр мәселесінің шешілуін жеңілдетті.

Солардың бірі – 1970 - жылдардың басында мектеп бітірген түлегіміз Нұрмұқанов Орынбай жайлы айтқым келеді.



*Нұрмұқанов Орынбай ( 1954жылы туған)  
«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі»  
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің  
құрмет грамотасымен марапатталған*

Орынбай Нұрабай ауылына жиені болып келеді, аталары сонау отызыншы аштық жылдары Ақтөбе аймағынан келсе керек.

Орынбай ауыл мектебін аяқтаған соң, Николаевка орта мектебін бітірді. Жастайынан әдебиетке құмар Орынбай Алматы қаласындағы жастардың арманы болған КАЗГУ дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түседі. Жоғарғы оқу орнын аяқтаған соң ауылына қызмет етуге байлам жасады. Қызығы мол сол жылдары шет жақта оқыған ауылдастарымыз өзі жаңғыз сопыып келмей өзімен бірге оқыған келін әкелуді дәстүрге айландыра бастаған еді. Баласының біреу емес екеу болып оқудан елге оралуы, келінді болуы кімнің болсын ата анасына зор қуаныш сыйлап, той домалағын бірінен бірі асыра жасаушы еді. Қыздар педагогикалық институтын бітірген Қамиша аулымызға осылайша келін болып түсті. Қамишаның жоғары білімді кітапханашы мамандығы бар болса да, бастауыш сынып мұғалімдері жетіспегендіктен, облыстық мұғалімдерді қайта даярлау курстарынан өткеннен кейін бастауыш сынып мұғалімі болды. Еңбегі зая кеткен жоқ. Сыныптағы сабағымен қатар, ән-күй пәнінен орта буынға дәріс берді.



*Нұрмұқанова  
Қамиша  
( 1955 жылы туған)*

Қамиша домбыра тартатын, қазақтың халық өлеңдерін нақышына келтіріп шырқағанда нағыз әртістерше, құлақтың құрышын қандыра айтатын, ауылдың қарияларының батасын алатын. Орынбай екеуі біраз жыл ауыл мектебінде жемісті еңбек еткеннен кейін Қызылжар қаласына қоныс аударды.

Орынбай - білімді, өз ісінің маманы, тілге жүйрік, азды - көпті қаламынан туындаған шымшыма өлеңдері газет беттерінде жарияланатын, адамдармен тез тіл табысатын. Біздің мектепте директордың оқу ісінің меңгеруші қызыметін атқарған кезде, бірлесе жұмыс істеп, оқу-тәрбие жұмысын көп ілгері бастырдық. Ұйымдас - тырушылық қабілеті көрінгеннен кейін облыстық оқу бөліміне инспектор болып шақырылды, кейін - нен облыстық Салық комитетінде мемлекеттік қызметші болып жұмыс істеді, ал Қамиша болса Қожаберген жырау атындағы №6 қазақ мектебінде

## **Нәсиев Қажымұрат**

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің Қызылорда облыстық білім бөлімі

осы күнге дейін бастауыш сыныпта сабақ береді. Үш қыз, бір ұл өсіріп жетілдірді, ата-әже атанды, барлық балаларына жоғары білім әперді. Шынары - медбике, Динарасы - әскери қызыметкер. Айнұр - мемлекеттік қызыметші, облыстық әкімдікте істейді. Бостандықта дүниеге келген жалғыз ұлы - Жеңіс (9 мамырда Жеңіс күні туғандықтан, атын Жеңіс қойғанбыз) университет бітіріп, экономист мамандығын алды, қазір банк саласында жұмыс істейді. Қамишаның домбырамен өлең айту қабілеті қыздарына берілген.



**Ермұқанов Марат**

**Ермұқанов Марат.** Бостандық мектебінде шеттен келіп оқыған оқушылардың ішінде Үшкөлдік Ермұқанов Маратты атауға болады. Бізде оқығанда өгей әкесінің атында Қасымов Марат болып аталды, кейіннен туған әкесінің фамилиясын алды. Өте жуас, қожанасырлығы басым, тура мінезді Марат оқуды мектепте орташа оқыса да, сол кезеңде ауыл балаларының ішінде ілуде біреуі түсетін пединституттың шет тілдер бөліміне түсіп, ағылшын тілінің маманы болып шықты. Күні - түні институттың кітапханасынан шықпайтын Марат институтты қызыл дипломға бітіріп, бірнеше жыл ауылдық жерлерде ұстаздық етті. Өзі оқыған Бостандық мектебінде де ұстаздық етті. Көп сөйлемейтін, артық сөзге жоқ Мараттың таланты жүре келе білінді. Аудандық газеттерде, одан кейін облыс орталығында «Трибуна» атты газеттің белді тілшісі. Үш тілде бірдей жазатын Мараттың қолынан өткір әлеуметтік мәселелерге арналған мақалалар облыстық, республикалық баспасөзде жарық көруде.



**Топышев  
Толқын Баянұлы**

**Топышев Толқын.** Балғабек ауылының тумасы, Балта - Мырзаның тұқымы 1962 жылы туған. Бостандық мектебін бітірген соң, Қарағанды мемлекеттік университетінің физика - математика факультетін бітірді. Туған мектебіне оралып, физика - информатика мұғалімі болып жұмысын бастады. Қазіргі кезеңде Бостандық мектебі директорының оқу ісіні жөніндегі орынбасары.

Университетті бітірген соң Толқын ауылға келді, жай келген жоқ, өзімен бірге Қатира есімді курстасымен қол ұстасып келді. Үріп ауызға салғандай сүйкімді, талдырмаш Қатира оңтүстікте туып өскендіктен, қазақ қыздарының табиғатына тән ибалық пен сыйластықты бойына берік жинаған, өте еңбекқор ұстаз болып шықты. Қоңырқай мәнерлі, адамға жағымды даусымен қазақ әндерін мектеп ұжымның бас қосу кештерінде домбыраға қосып айтатын, оның айтқан өлеңдері мен термелерін



тамсанбай тыңдамайтын кісі болмайтын. Қатираның осы өнері қызы Данаға берілсе керек. Дана бүгіндері облыстық әкімдікте жұмыс істейді.



*Сыздықова  
Күлшара ( 1954  
жылы туған)*

**Сыздықова Күлшара.** Көп жылдар бойы мектебімізде шет тілі пәні бойынша маман болған жоқ еді, сол олқылықтардың орнын Алматы шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін бітіріп келген білікті маман Сыздықова Күлшара толықтырды. Тауағаш ауылының тумасы.

Сыздықов Айбас деген інімізге тұрмысқа шығып, ауылымызға келін болып түсті. Бүгіндері Айбас ініміз екеуі төрт ұл тәрбиелеп, бәріне де жоғары білім әперді. Балаларының алды Толқын үйленген, Күлшара немере сүйіп, ардақты әже болып отыр.

Мектебімізді өз түлектерімізбен толықтыру жоспарын іске асыру жалғастырыла берді. 1980 - 85 жылдары мектебімізді бітірген бірнеше түлектеріміз жоғары оқу орнын бітірген соң алтын ұясына қайтып келді.

Олар: апалы - сіңлілі Есмұқанова Ұмсын мен Есмұқанова Нұржан математика пәнінен, Уалиева Қимақас биология-химия пәнінен, Қасымова Дариха (марқұм) мен Есмұқанова Қарлығаш бастауыш сыныптың мұғалімдері деген дипломдары болды.



*Қасымова Дариқа*

**Қасымова Дариқа** ең алғашқы арнаулы жоғарғы білімі бар бастауыш сынып мұғалімі еді. Қызылжар қаласындағы педагогикалық институтының бастауыш сыныптардың әдістемесі (МНО) бөлімін бітіріп, туған мектебінде жұмыс істеді. Әттең не керек, бұл дүниеден ерте озып кетті, тамаша беделді ұстаз болатын қарындасымыз еді.

Кейінгі жылдары мектеп түлектері: Сағындықова Алма, Мүрсәлімова Гүлжан, Мүрсәлімов Рашид, апалы - сіңлілі Смаилова Айман және Алтынай, Кәкенова Гүлнәра, Жанболатова Қарлығаш, Нәсиев Мүсілім сияқты түлектеріміз мұғалім мамандығын тандап ұжымымызға қосылды.

Өзі оқыған мектебінде ұстаз болу қуанышымен қатар аса зор міндетті де жүктейді, қанша дегенмен мұғалім алдына келіп білім алған барлық оқушыға бірдей көзқараспен қарап, білім бергенмен, өзінің туған елінің балалары алдында, өз туыстарын оқыту аса зор жауапкершілікті жүктейтіні белгілі. Осы еселенген жауапкершілікті біздің ұжымға қосылған өз түлектеріміз аброймен атқара білді.

1980 - 1985 жылдары жоғарғы оқу орнын бітірген түлектеріміз Сәдуақасова Күлжиян, Кәкенова Марияш, Қарабатырова Ғалия, Әскендірова

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

Бибі, Мақсұтова Бақытжан, Шаяхина Баян, Көкеева Алмагүл сияқты түлектеріміз облыстың түкпір – түкпірінде мектептерде абыройлы ұстаздық қызметтерін атқаруда.

Білім ордасының ұжымы тек қана өз түлектерінен құралған жағдайда мектептегі оқу - тәрбие жұмысының оң нәтиже беретініне өзімнің көпжылдық басқарушылық қызметімде көзім жетті. Қай жерде тұрақты педагогикалық ұжым қалыптасады, сол жерде жұмыс сапалы болады, оны Бостандық мектебінің үлгісінен көруге болады.

Бүгінгі күні Бостандық орта мектебінің ұжымы үш буынның өкілдерінен құралған.

Мектебімізді ұстаздық мамандықты таңдап алған өз түлектерімізбен толықтыру жұмысын жалғастыра отырып, кезінде орын болмай басқа жерге жұмыс істеуге кеткен түлектерімізді бірте - бірте өз ұжымымызға қайтаруды тоқтатқан жоқпыз. Қостомар сегізжылдық мектебінде биолог болып жүрген Уалиева Қимақасты елге шақырдық. Қимақас көп жылдар бойы, өтпелі жылдардың ауыр кезеңінде мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып жақсы жұмыс істеді. Өз ісіне берік, ізетті, адамгершілігі мол Қимақаспен үйлесімді жұмыс істедік.

Кеңес дәуірінде ауылдық мектептерде еңбек тәрбиесіне көп көңіл бөлгенін білеміз. Тәжірибелі маман ретінде техникалық арнаулы орта білімі бар Қарабатыров Мұрат еңбек сабағынан мұғалім болуға шақырылды.



***Қарабатыров Мұрат Нәсіұлы***  
***Машинатану және алғашқы әскери дайындықты***  
***ұйымдастырушы-мұғалім.***

Нұрабай ауылының тумасы, Өмірзақ тұқымы. 1960 жылы дүниеге келген. Бостандық орта мектебін бітірген соң, отан алдындағы борышын өтеді. Қызылжар қаласындағы механизация техникумын, одан кейін Қорған ауылшаруашылық институтының бітірген, жолдасы Гүлайым жоғары білімді математика пәнінің мұғалімі еді. Педагогикалық ұжымымыз осылай қолында арнаулы дипломы бар өз мамандарымызбен толыққан үстіне толығы берді.

Мұрат ініміз әкенің қара шаңырағын ұстап отырған ауылдағы бауырымыз, ел деп аңсап барғанда, алдымыздан жадырай шығып, құшағын жаятын, ата - баба салтын сақтап, жан - жаққа тарқап кеткен туыстардың басын біріктіретін ініміз. Келінім Гүләйім екеуіне ғұмыр берсін деп тілеймін.

Педагогикалық ұжым талантты жастармен толықтырып отырған жағдайда жаңашылдықпен сапалы жұмыс істейді. Осындай мақсатпен педагогикалық колледжді бітіріп, Жекекөл ауылында жұмыс істеп жүрген болашағынан мол үміт күттірген **Әскендіров Нұржанды** да ауылға





шақырдым. Тілге өте бай, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары Нұржанды жоғары оқу орнын бітірмесе де (ол кезеңде сырттай жоғары оқу орнында оқып жүрген), оның ұйымдастырушылық қабілетін білетін болғандықтан аудандық оқу бөлімі басшылығының соңынан қалмай, қолқа салып, тәрбие жөніндегі орынбасарылығымға тағайындадым, оным ақталды да. Нұржан сырттай қазақ тілі мен әдебиеті факультетін бітірген соң, ауыл мәдениетін дамытуда жастардың көшбасшысы бола білді, оқушы жастар мен ауыл жастары арасында ұлттық салт-дәстүрді насихаттауға бағытталған сыныптан тыс жұмыстар жоғары деңгейде өткізіліп отырды. Нұржанның еңбегі бағаланып, **«Қазақстан Республикасының Білім саласына еңбек сіңірген құрметті қызметкері»** атағына ие болды. «Шәкіртсіз ұстаз – тұл, шәкірті ұстазынан асуы керек», - дейді дана халық. Бүгінгі күні ұстазынан асқан шәкірттерімді көріп, қуанамыз.



*Есмұқанова  
Гүлбаршын  
Көлденқызы (1954  
жылы туған)*

Бостандық ауылы мен оның мектебінің тарихын жазған кезде бүгіндері басқа жақта тұрып жұмыс істеп жатқан біздің түлектерімізді неге айтпасқа, кейде «ой, олар сендерде тұрмайды ғой, оларды неге сендер өздеріңе қосып аласындар» дегендер де осы күні табылып жүр. Біздің ауылдың азаматтары болмаса да, біздің мектептен білім алып, өмірге қанат қаққан жоқ па, Бостандықтың Алла берген қасиетті жерін басып, ауасы мен суын ішкен жоқ па? Сондай азаматтардың қатарында көп жыл бойы Бексейіт орта мектебін басқарып отырған Ережепов Ерлік, бүгіндері облысымызға белгілі, қаламы қарымды өткір тілді журналист, «Трибуна» газетінің меншікті тілшісі, мектебіміздің бұрынғы түлегі Ермұқанов Марат, мектеп түлегіміз Бексейіт мектебінің тарих пәні мұғалімі Есмұқанов Сайлау, математика пәні мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, ерлі - зайыпты Нұрғожин Амандық пен Күнсұлу, орыс тілінің маманы Құжымова Бәткен бәрі де Бостандық мектебінен тәрбие алған. Осындай мектеп түлектерінің бірі **Гүлбаршын Көлденқызы**. Нұрабай ауылының тумасы, Бостандық мектебінің түлегі.

1973 - 1977 жылдары Бостандық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетін 1981 жылы бітірген соң Жамбыл ауданында, одан кейін Қызылжар қаласындағы жаңадан ашылған қазақ гимназиясында көп жылдан бері ұстаздық етуде, жоғары білікті, тәжірибелі ұстаз. Облысымыздың маңдай алды қазақ классикалық-гимназиясында мектеп директорының ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары болып жемісті еңбек атқарды. Қазақ тілі мен әдебиетіне арналған бірнеше ғылыми - әдістеме-ліктердің авторы, жеткен

## *Нәсиев Қажымұрат*

және

жетістіктері үшін қала, облыс және Білім министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталған.

Бостандық мектебін жақсы бітірген Ғалия Қостанай педагогикалық институтына оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін Мәуліт ауданындағы Көксау орталау мектебінде еңбек етті.

1997 жылы Қызылжар қаласына қоныс аударғаннан кейін, қаладағы Сәбит Мұқанов атындағы №32 мектебінде үзбей қазақ тілінің мұғалімі болып жұмыс істеуде. Бірнеше рет облыс әкімінің грантына ие болды, орыс сыныптарында қазақ тілін оқыту мәселелеріне арналған әдістемелік құралдардың авторы.



*Қарабатырова -  
Өмірбекова Ғалия  
(1963 жылы туған)*

Ұстаз әрбір оқытқан түлегінің қандай адам болғандығымен бағаланады. Өткен ғасырдың 30 - 45 жылдары аралығындағы мектеп түлектері, өзімізге белгілі Мағазов Қилаж, Есмұқанов Ғазиз, Сағындықов Болат, Қалимуллин Мұқанмедия, Есмұқанова Бақытжан сияқты жоғарғы оқу орнын бірінші болып бітірген ағаларымыз бен апаларымыз жайлы жоғарыда біршама айтып кеттік. 1960 жылдары алдыңғы аға буыннан өнеге алып, жоғары білім алу жолына түсіп, айтулы табыстарға жеткен және атағы шыққан түлектеріміздің саны біртіндеп көбейе бастады. Көк аспанда самғап қалықтаған, алғашқы ұшқыш Әділшин Сақтаған Ғалымжанұлы, алғашқы зоотехник Нұртаев Аманжол Шалекеұлы, инженер-гидролог Қабиев Емел, инженер-құрлысшы Әдилшин Ағыбай, алғашқы дәрігер-нарколог Сарбасов Мұрат Көшенұлы, инженер-механик Шаяхин Салкен, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Хасенова Қайыржан, зоотехник Мейрамғалиев Мұқтар, «Шапағат» медалінің иегері, физика пәнінің мұғалімі Қарабатыров Қалқаман Нәсиұлы, көп жыл бойы Союзцелинвод өндіріс мекемесінің мақтаныш болған «Еңбек даңқы» медалінің иегері Садвакасов Шаяхмет, инженер- құрлысшы Оспанов Талғат, Казтелерадио компаниясында көп жыл қызмет етіп, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалдарымен марапатталған Сәлменов Елубайды, Бостандықта алдыңғы қатарлы механизатор болып жұмыс істеген Садуов Амангелдіні өңірімізге белгілі болған мектеп түлектері деп мақтанышпен атай аламыз.

Кезінде мектебімізді үздік бітірген Хасенов Ақылбай бүгіндері Қызылжар қаласында құрлыс саласында прораб болып жемісті еңбек етіп жүр.

Біздің мектебіміз жетіжылдық болған кезде бітірген Көнтаев Хасен теміржол саласының құрметті қызметкері, көп жылдар бойы басшылық қызметте аброймен еңбек етті.



## *Ауылым – алтын бесігім*

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі*

Мектеп түлегі Малгаждаров Амангелді Алматының жоғары оқу орнын бітірген соң ғылым жолында талмай еңбектеніп, техника ғылымдарының кандидаты атағын алды, Алматы, Астана қалаларында теміржол саласы бойынша үлкен басшылық қызметте болды, қазір Алматы қаласында тұрады. Көнтаев Сәбит (Бексейіт ауылының тумасы, біздің мектепте оқыған) Қарағанды қаласында тұрады, физика - математика ғылымдарының кандидаты, Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымдары мен мұғалімдердің біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының директоры қызметтерін көп жылдан аброймен атқаруда.

**Менің «қызығы мен шышығы мол» 28 жылдай Бостандық мектебін қажымай - талмай басқарған кезімде 470 оқушы тәрбиеленіп, өмір жолына жолдама алған екен, оның 75 - ке жуығы жоғарғы оқу орындарын түсіп бітірсе, 80 - нен астамы орта арнаулы оқу орындарына түсті, кейіннен көпшілігі сырттай жоғары оқу орындарын бітіріп, қазір еліміздің түкпір - түкпірінде әр түрлі салада жұмыс істейді.**

Олардың арасында бүгінгі күні ерекше атауға болатыны Есмұқанов Бауыржан. Инженер - механик мамандығын бітірген. Ол ауылымыздың шаруа қожалығын басқарады.

Бексейіт ауылының тумасы болса да, біздің мектебімізді бітірген Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың қолынан ауылшаруашылығында айтарлықтай жеткен жетістіктері үшін «Отан» орденін алған Жұнысов Арыстанды егіз қозыдай жарасқан екі ауыл мақтаныш тұтады.



*Мектеп түлегі «Отан» ордені иегері  
Жұнысов Арыстан жанұясымен бірге*

**Мектеп тарихын айта берсек,** біздің өңірдегі санаулы қазақ ауылдарының (Бексейіт, Үшкөл, Жекекөл) балалары өткен ғасырдың 50-80 жылдарында біздің мектепте білім негізін алған соң ( ол кезеңде жеті жылдық, одан кейін сегіз жылдық мектеп болып өзгерді), қаладағы мектеп -

## *Нәсиев Қажымұрат*

интернатқа түсіп, оны жақсы бітірген соң жоғарғы оқу орындарына түскені қаншама, ел басқарып, республика көлеміне аты танылғандары бізге белгілі. Ауыл тарихы мен мектеп тарихын бөліп қарауға болмайды, сондықтан ауылымыздың тарихын жазғанда Бексейіт пен Үшкөлдің азаматтарын атасақ, оған ешкім өкпелемес. Қазағымның қасиетті қазанын қайнатқан ошақтың үш тағаны сияқты Бостандық, Үшкөл, Бексейіт ауылдарының тарихы бір-бірімен ұштасқан, бөлінбес тарих. Үлкен өмір жолына қажетті білім нәрімен сусындатқан Бостандық ауылы мен оның мектебін бүгіндері Үшкөл ауылы мен Бексейіттің аға буын өкілдері жетпістің желкесінен асқан Әбдіқасымов Балатай, Мұхамәдиев Әшітай мен Тұрғын, Текебасов Бәкі мен Аман, Тұрсынай мен Жеңіс, Жәкенов Амангелді мен апалы - сіңілі Әбдіқасымовалар, Ережепов Ерлік, Жұнысовтардың бірнеше ұрпағы: Жасұлан, Сансызбай, Бақтыбай, Арыстандар және кейінгі олардың бізден оқыған ұрпақтары қалайша Бостандық мектебін ұмытады. Бір жылдары Балатай ағамыз Бостандық ауылында зоотехник болып жұмыс істеді. 1980 жылдарға дейін Үшкөл мен Бексейіт ауылының азаматтарының тағдыры біздің ауылдың тарихымен тығыз байланыста болды.

Мектеп түлектері арасынан жаңа заман өзгерісін тез байқап, соған бейімделген Шаяхин Кәрібай Қауашұлы жоғарғы оқу орнын бітірген соң құрылыс саласында жұмысын бастап, тәжірибе жинақтап, қазір жекеменшік фирманы басқаратын табысты кәсіпкер.

Ғылым жолында еңбектене жүріп, филология ғылымдарының кандидаттары атағын алған Нәсиева Назым Қажымұратқызы мен Қайырнасова Меңдіқыз Тілеужанқызын мақтан етеміз.

Назым Нәсиева Солтүстік Қазақстан университетін бітірген соң, сол жерде жас маман ретінде жұмысқа қалдырылды, 1995 - 2004 жылдар аралығында қазақ тілі кафедрасында аға оқытушы, одан кейін кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2004 жылы Астана қаласының Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің қазақ тілі кафедрасына меңгерушілік қызметке жұмысқа шақырылды. 6 жылдан аса кафедра меңгерушісі болды, бүгіндері сол университетте гуманитарлық факультеттің деканы (декандыққа бірнеше кандидаттар ұсынылып, конкурс бойынша дағайындалады) болып қызмет атқарады.

Есматова (Қайырнасова) Меңдіқыз СҚМУ - дың қазақ тілі кафедрасында доцент болып жұмыс істейді.

**Мектеп түлектері Кажеков Толқын, Уәлиев Өміртас, Таласпаев Нұрлан, Қайырнасов Бекжан, Сыздықов Бақыт, Мейрамғалиев Жандос, Шаяхин Нұржан, Сәдуов Медет ішкі істер органдарында, қауіпсіздік комитеттерінде әскери қызмет атқаруда, подполковник дәрежесіне жеткендері бар.**

Журналистика саласы бойынша еңбек етіп, телерадиода тілші қызметін атқарып жүрген Гүлмира Шоқтыбаева, болашақ журналист Тастанбеков Фархад сияқты қаламдары қанаттанып қалған түлектеріміз де көзге түсуде.

Мектеп түлектері Нұртаев Азамат, Шәріпов Серік облыстық және аудандық Төтенше жағдайлар департаментінің басшылық қызметінде жүр.

**Қолжазба**

Бостандық мектебінің 1999 - 2000 жылдардағы түлектері Нәси Сырым, Сыздықов Толқын, Манабаева Гүлбақыт, Сәлменова Құралай, Оспанов Ербол, Сәдуов Медет, Нұртаев Самат, Нүсіпова Сәния, Сыздықов Бейбіт сол жылдары оқуға қабылдануда жаңадан басталған гранттық жүйе бойынша жоғары ұпай иеленіп, жоғарғы оқу орындарының студенттері атанды, мектебіміздің абройын асқақтатты. **Сол жылдары мектеп бітірген оқушыларымыздың 40 - 50 пайызы студент атанды.**

Нәси Сырым, Садуов Медет сынды оқушыларымыз аудан, облыс, тіпті республикада ҰБТ бойынша ең жоғары ұпай жинағандардың қатарына болды.

Сол оқушыларымыз әртүрлі қызыметте. Нәси Сырым Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінде Бас сарапшы болып қызмет істеді. Елбасымыздың «Жас мамандарды – ауылға» деген ұсынысын қолдай отыра, ротация бойынша Аққайың ауданы әкімінің әлеуметтік сала және жедел қызмет бойынша орынбасары болып екі жыл жұмыс атқарды. Қазір жаңадан құрылған Жастар ісі жөніндегі комитетте.

Сәдуов Медет кеден саласы бойынша жоғары білім алып, облыстық ішкі істер саласында аброймен қызметін атқарса, Сыздықов Бейбіт экономист мамандығы бойынша банк саласында жұмыс істеуде.

Алланың бергеніне мың тәубә шүкіршілік дейміз! Бостандық мектебінің шәкірттері туған мектебінің мәртебесін жоғарылата түсуде. Шағын кітапшада барлық мектеп түлектерін тізе беруге мүмкіндік жоқ, оған басқа түлектер өкпелемес.

2003 жылы наурыз айынан бастап, Петропавл қалалық ішкі саясат бөліміне конкурс бойынша мемлекеттік қызметке ауысқаннан кейін менің орнымда мектеп директоры міндетін атқарушы болып Аскандиров Нұржан тағайындалды.

Кейде өзімді өзім мақтамасам, кім мені мақтайды деп жолдастарыма қылжындайтыным тағы бар. Жолдастарым да кейде қылжындап неге ауылдан кетіп қалдың, неге зейнеткерлікке елден шықпадың дейді. Мен болсам, олардың қалжыңына қалжыңмен жауап беріп: «тапжылмай бір орында отыра берсең, мүлдем мүжіліп қаласың ғой, бір тамшы су да бір жерге тамшылау арқылы тасты да тесіп тастайды, мен болсам Бостандықта тапжылмай 38 жыл (оның бес жылы оқуға, екі жылы әскерде болған есептелді) ұстаздық еттім, оның 28 жылын мектеп басшылығында болдым, өтпелі кезеңнің ең ауыр жылдарында, адам төзгісіз жағдайына шыдап бақтық. Мектебіміз аман, педагогикалық ұжымың орнында, өтпелі кезеңнің қиын қыстау кезінде мәдени – ағарту жұмысын ақсатқан жоқпын, түлекте - ріміздің жоғары оқу орындарына оқуға түсу көрсеткіштері жақсы еді, тек мектеп жұмысын бағалау жүйесі басқаша болатын, қазіргідей ҰБТ бойынша емес еді. Аудан, тіпті облыс көлемінде мен сияқты ұзақ уақыт бір жерде мектеп басқарғандар некен - саяқ. Болашақта балаларым мен немерелерімнің жағдайын ойлап, Қызылжар одан қалды еліміздің жүрегі – Астанаға кеттім, маған неге наздарыңды айтасың», - деп ауылдағы құрдастарым болсын, басқа жердегі ауылдастарым кездескенде осылай оларға қалжыңмен жауап беремін.

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің  
Астана қаласындағы №4 мектеп-гимназиясының директоры*

Адамды арман ғана алға жетелейді ғой, мен де адам болған соң арманым ұшы - қиырсыз. Сол арманым мені қанаттандырды, қиындыққа қарамастан алға итермеледі.

Дүние жүзінің назары қазақ еліне аударылып жатқанда, оның ғажайып Астанасының атағы күнен - күнге шартарапқа жайылғанда, Алладан ойдағы арمانымыздың орындалуына Нағима екеуіміз тілеу тілеп, зейнеткерлікке жақындап қалсақ та, сол жаңа астанамыздың төріне балаларым мен немерелерімнің, шөберелерімнің алтын ұяларының іргетасын қалауға ұмтылдық. Туған халқымның және дүниежүзілік мәдени - рухани мұрасының жинақталған ордасынның есігін айқара ашылуына Аллаһның көмегімен алғы шарт жасадық па деймін, соған бүгін шүкіршілік етеміз. Немерелерім: Нұралы, Айнара Астананың білім ордаларында білім алуда, Айлана, Елнұр, Жақия Астанада туып, елорданың азаматтары болды, бұл да бір арманымның бірі еді.

Тәуелсіздіктің арқасында дүниежүзілік мәдениеттің орталығына айналып келе жатқан Елордамызда мен жетпеген асуларға немерелерім жетсін деген ниеттеміз. Аллаһ қолдай көрсін!

Жан- жарым Нағима екеуіміз жарты ғасырға жуық ұстаздық еңбек етіп, байлық жинап, атақ - даңқ алмасақ та, елімізге адал қызмет атқардық деп ойлаймын. Жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі тәжірибеміз толыққан шағында, Нағима екеуіміз ұстаздық еңбек жолымызды тәуелсіз қазақ елінің Астанасында жалғастырдық. Мен жаңадан отау тіккен Елордамыздың Білім департаментінде, Нағима бұрынғы Ақмола қаласының білім ошағының қарашаңырағы болып келген, жүз жылдық тарихы бар Жамбыл Жабаев атындағы №4 мектеп - гимназиясында еңбек жолын жалғастырды. Біз Астана қаласының білім беру саласының қалыптасып, қарыштап дамуына өзіндік үлес қосқанымызды мақтан тұтамыз. Алла жар болсын, тілегенімізді берсін, тіл көзден сақтап, арمانымыз іске аса берсін деп тілейміз!

Өткен ғасырдың 90 жылдары газет беттерінде Бостандықта жаңа типті мектептің салынуына, ауылдың көкейтесті мәселелерін, тіл мен дініміздің ахуалын жақсартуға арналған мақалаларым арқылы елдің жағдайын жоғарғы басшылардың құлағына жеткізуге тырысқанымды ауылдастарымның басым көпшілігі кездескенде айтып отырады.

Мен 2003 жылы ауылдан қалаға ауыстым, сол кезеңде ауылдың бірнеше шаруа қожалықтарына бөлінуіне байланысты экономикалық ахуалы нашарласа да, мектептің ұжымы тұрақты болып, оқу - тәрбие үрдісіне қажетті материалдық - техникалық базасы сақталып қалды. Аудандық оқу бөліміне өз орныма директор қызметіне Аскандиров Нұржанды тағайындау - ды ұсындым.

Бірақ кейіннен белгілі бір себептермен Аскандиров Нұржан мектеп директорлығын Сарбасова Айгүл Кинуарбекқызына тапсырды. Айгүл мектеп

## *Ауылым – алтын бесігім*

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

дәстүрін жалғастырып қана қоймай, аброймен оны ілгері бастыруда. Ұрпақ сабақтастығы деген осы емес пе, кейінгі толқын, алдыңғы толқынды ысырады, оның екпіні заман талабына сай болғанда ғана ілгері дамушылық болатындығы өмір заңы.

Жыл сайынғы біріңғай ұлттық тестілеудің қорытындысы бойынша Бостандық мектебі аудан ғана емес, облыс көлемінде алдыңғы қатарда көрінуде. Шетте жүрсек те туған мектебіміздің жетістіктеріне әрқашанда қуанамыз.

Бостандық мектебінің түлектерінің көпшілігі облыс орталығындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетін тандаса, (Мұқамеджанов Еркін, Дидар, Топышева Дана мен Динара, Садуақасова Жадыра, Сәдуова Меруерт, Оспанова Жансая, Қарабатырова Айгерім, Мантаев Асхат, Тастамбеков Фархат пен Дәурен, Сарбасов Ерланның қызы, Бекенов Елдар, Мақсұтов Мирас сияқты т.б. түлектер), кейбір түлектеріміз Алматының жоғары оқу орындары мен Астана қаласындағы атақты Гумилев атындағы Евразия университетінде оқып-білім алуда (Мұстапина Шынар, Садуақасов Мағжан, Сәкен). Шынар Мұстапина ЕҰУ - нің магистратурасын аяқтады.

Соңғы кезде білім саласында бірінен-бірі ерекшеленіп, жүргізіліп жатқан реформаларымыздың арқасында мектептің ұстаздар қауымы қажымай-талмай жаңа инновациялық әдістерді меңгере отырып, озық, осы заманғы техникалық құрал - жабдықтарды (электрондық оқулықтарды пайдалану, кең жолды интернет жүйелері мен тақталар, мектеп сайттарын құру жұмыстарын) кеңінен игеріп, оқу - тәрбие жұмысын дүниежүзілік оқу стандарттарына сай сәйкестендіріп жүргізуде.

**Бүгінгі Бостандық мектебінің ұжымы аға буынның іс – тәжірибесін жалғастыра, жаңа заман талабына сай биіктерден көріне береріне сенімдіміз.**



**Бостандық ауылының бүгінгі көрнісі**



*Нәсиев Қажымұрат*

*жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік, жауапкершілік*



*Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткіш*



*Бостандық ауылындағы намазхана үйі*

*Ұлы Отан соғысының ардагерлері тұрған үйлер мектеп оқушыларының қамқорлығында, оларға арнаулы ескерткіш тақта орнатылған (соғыс ардагері Қарабатыров Нәсидің тұрған үйі)*



## ӨШПЕС ЕРЛІККЕ ТОЛЫ ЖЫЛДАР

(Ұлы Отан соғысының ардагерлері жайлы)



**Қарабатыров  
Нәсифолла (Нәси)  
(1910 – 1989)**

Керей - Балта табының Мырза- Балуан-Барлық тармағы, Нұрабай ауылына жатады. Ұлы Отан соғысы басталысымен 1941 жылы шілденің басында майданға аттанып, артиллеристер дайын - дайтын курстан өткен соң, соғыс қимыл - дарына қатысады. Маршал Рокосовский басқарған III Белоруссия майданы құрамында № 57 атқыштар полкінде соғысқа қатысып, Ленинград, Прибалтика республикаларын (Литва, Латвия, Эстония) және Шығыс Пруссия жерлерін неміс фашистерінен азат етуге қатысады, «Кенигсбергті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысын - дағы жеңіске – 30 жыл» және т.б. медальдармен марапатталған.

Нәси әкеміздің екі ағасы, бір апасы болған. Үлкен ағасы Қалимолда Бостандық ауылдық кеңесінің төрағасы болып жүргенде 1937 жылы нақақтан саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болса, Қайролла деген ағасы соғыста Москва түбіндегі ұрыста қаза болды. «Халық жауының» інісі деген айдармен кейбір «шолақ белсенді» ауылдастары мен кеңес үкіметінің жандайшаптары тарапынан көптеген қысымға және кемсітуге ұшырады. Сондықтан да болар өсіп келе жатқан біздерге «біздің қанымыз тұщы, ауылда бірінші болып қуғын-сүргінге біз ұшырадық, соғыстан ағам оралмады. Біздің шаңырағымыз қасіретті басқалардан көп тартты, сондықтан өте сақ болуды тапсыратын. Бізге өнеге боларлық мынандай мысалды келтіретін: «Бірде құстардың ішіндегі өте сақ құс сауысқан қанаты қатая бастаған, ұшуға талпынған баласына «енді қауіпті өмірің басталады, өте сақ бол, екі шоқып, бір қара» деген екен, сонда сауысқанның баласы «егер бір шоқып, бір қарасам не болады?» дегенде, сауысқан баласының тапқырлығына риза болып «онда тіпті жақсы деген екен», - деп, бізді қырағылыққа, артық сөз айтпауға тәрбиелейтін. Кеңестік жүйе әлі де болсын жансыздар арқылы халықтың арасында байқатпай тыңшылық жүргізуін әлі де қоймаған заман еді. Оған кейін 1969 - 1974 жылдары жоғарғы оқу орнының студенті болып жүргенімде анық көзім жетті, оқу семинарларын өткізу кезінде монғол – татар шапқыншылығы, Алаш қозғалысы өкілдеріне қатысты, ой – пікірлерім және институт қабырғасында қазақ жастарының жеке кештерін өткізуге белсене араласуым, қазақ драма кружоктарына қатысып, қазақ ауылдарына мәдени шаралармен шығуымыз ҰҚК - нің назарына легіп, оқудан шығып қала жаздаған кезім болған еді. Қайран әкеміздің айтқандарының дәл келуі - ай.

Соғыс кезінде алған контузиясы мен жарақаттарына қарамастан соғыстан кейін ауылшаруашылық саласында әртүрлі қызымет істеді. Мал



## **Нәсиев Қажымұрат**

фермасының жұмысшысы, бригадирі, есепші болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты.

Өзінен тарған ұрпақтары балалары: Мұраты ауылда, әкесінің қара шаңырағын ұстап отыр, Қалқаманы Қызылжар қаласында, Қажымұраты Астана қаласында тұрып жатыр. Қыздары Ботагөз, Айнамкөз Бескөл селосында, Ғалиясы Қызылжар қаласында тұрады. Үлкен ұлы Мұқажан және кіші ұлы Қалқабай мен сүт кенжесі Айтжаны өмірден ерте озды.



**Садуақасов Қуан**  
(1917 – 1985)

**Садуақасов Қуан.** Балта - Керейдің Мырзасының Байжан – Байтілеу тармағы, Аппақ ауылына жатады. Соғысқа ауылдастарының арасында бірінші болып аттанды. Алғашқыда соғыста шофер болып, одан кейін 12 - гвардиялық минометшілер бригадасынды соғыс аяқталғанша минометші болды. «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Інісі Садуақасов Шалабай соғыстан оралмады. Соғыс аяқталған соң Орынбасар деген апамызбен жанұя құрып, Жабай, Абай деген ұлдарды және төрт қызды дүниеге әкелді. Колхоз бен совхозда шофер, трактор – егіс бригадасының бригадирі болып қызмет істеді. Ауылшаруашылығындағы еңбектегі жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен марапатталып, 1956 жылы

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысып, оған қатысқандарға арнайы берілетін белгі – медаль тағып қайтты. Соғыста алған жарақат пен окопта жатып өткен суық Қуан ағамызды ерте дүниеден алып кетті. Үлкен ұлы Жабай ауылда, кіші ұлы Абай мен қызы Жақсықыз Қызылжар қаласында тұрады. Немерелері: Мағжан, Сәкен Бостандық мектебін өте жақсы бағамен бітіріп, Астананың Гумилев атындағы Евразиялық университетінде оқиды.



**Мүрсәлімов Мәжит**  
(1919 – 2003)

**Мәжит аға Керей** - Балтаның Мырза тармағының Балғабек ауылына жатады. Қызылжар қаласындағы онжылдық мектепті бітіре салысымен әскерге алынды. Ленинград қаласы маңында әскери қызметін өтеп, үйге қайтар кезінде 1939 жылы Фин соғысы басталып, соғысқа бірден еніп кетті. Ұлы Отан соғысы басталғанда Ленинградты қорғауға, оны блокададан шығаруға толық қатысып, Берлинге дейін барған майдангер ағамыз соғыстағы ерліктері үшін бірнеше орден мен медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін ұзақ жылдар Бостандық мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болды, зейнеткерлікке шықты. Балалары Мүтәллап, Әсет, Самат және төрт қызынан тараған ұрпақтары қанатын кең жайған,

облыс аумағында, Ресей жерінде тұрады.



**Сауменов Болат**  
(1924 – 1993)


**Сауменов Болат.** Ұлы Отан соғысы басталғанда 10 сыныпты бітірген. 1941 жылы «Өрнек» жетіжылдық мекте - бінде мұғалімдік еңбегін бастады. 1942 жылы қазан айында әскер қатарына шақырылды. Петропавлда орналасқан 44 – полкта алты ай оқып, сержант атағын алды. 1943 жылы 5 сәуірде майданға аттанды. Воронеж майданына қарасты 210 – полктің құрамында 1943 жылы атақты Курск иінінде соғыс қимылдарына минометчик болып қатысады.

Польшаның Краков, Германияның Дрезден қалаларын фашизмнен тазартуға қатысты. Жеңісті Чехословакияның Прага қаласында қарсы алды.

«Отан соғысы» орденімен, 8 жауынгерлік медальдармен марапатталған. Болат ағамыздың атақты Кеңес Одағының Маршалы Коневтің қолы қойылған мақтау грамотасы мектеп мұражайында сақтаулы тұр.

Соғыстан кейін 1946 – 1984 жылдары мұғалімдік қызметін жалғастырып, зейнеткерлікке шықты. Сүйіп қосылған жары Қырмызы тәтеймен өздерінде балалары болмаса да, туған қыздарындай інісі Мәдидің қызы Бақытжанды, немере ағайыны

Жанботаның қызы Ұмсынтайды тәрбиелеп оқытты, тұрмыс-қа ұзатты.



**Әділшин Ғалымжан**  
(1910 – 1994)

**Ғалымжан Әділшеұлы** Балғабек ауылының тумасы, Керей Балтаның Мырза тармағының Өтелінен. Жас кезінде ұжымдастыру жұмыстарға араласты. Өте денелі ірі кісі болған. Соғыс басталысымен 7023 – атқыштар полкі, одан кейін 1053 – атқыштар полкінде, атқыш - пулеметші болған, соғыстың алғашқы қиын кезінде 1942 жылы қоршауға да түсіп, неміс тұтқынынан қашып шығады. Ұзақ тексеруден кейін, қайтадан соғысқа кіреді. «Германияны жеңгені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Жеңістің 25 жылдығына» медальдарымен марапатталған.

Соғыстан кейін Мамлют ауданында аудандық дайындау орталығында (РПЗ тері - терсек жинау, ет-сүт дайындау), одан кейін жұмысшы кооперативінде дайындаушы болып істеді, зейнеткерлікке шықты. Артында балалары: Сақтаған, Ерсайын, Ағыбай, Бегайдар, Мырзабайдан тараған немере ұрпақтары Қызылжар мен Бескөл кентінде тұрады. Үлкен ұлы Сақтаған Бостандықтан шыққан алғашқы ұшқыш.

Ғалымжан ағамыз бірнеше ағайынды, үлкен ағасы Құжаж көп жыл бойы Приишим ауданы, Қызыләскер совхозында басшылық қызметтерде болды. Құжаждың балаларының бәрі де адам арашасы – дәрігерлік

## **Нәсиев Қажымұрат**

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілді Елшісі

мамандықты таңдап алған. Шолпан деген қызы медицина ғылымдарының кандидаты, Айманы терапевт дәрігер, Алматыда тұрады, ал ұл баласы



**Есмұқанов Көлден**  
(1911-1990)

Амангелді дәрігер – гинеколог, Бескөл кентінде тұрады. Інісі Есімжанның ұрпақтары Мамлютка кентінде тұрады.

**Көлден ағамыз** Нұрабай ауылының тумасы. Ауылда ұжымдастыру жұмысына белсене араласады. Соғыс жылдарында денсаулығына байланысты 37 – қосалқы полкте әскери борышын өтеп, майдан даласын қираған техника мен құрал - жабдықтардан тазартқан. Бұл оңай жұмыс емес еді, соғыс қимылдарына тікелей қатыспағанмен, ұрыс болған жерді тазалау кезінде мина, граната тағы басқа жарылғыш заттарға кезігіп жараланып немесе көз жұмған жағдайлар болатын. Соғыстан келген соң Ұлған апамызға үйленіп, өмірге жеті ұл, төрт қыз әкеліп, заманның қиыншылығына қарамастан бәрін өсіріп, тәрбиеледі. Сайлау, Әділбек, Мұратбек, Назымбек, Кенжебек деген ұлдарынан тараған ұрпақ Бостандық және Бексейіт ауылдарында тұрады. Сайлау деген үлкен ұлы жоғары білімді, көрші Бексейіт ауылында мұғалім, Гүлбаршын қызы Қызылжар қаласындағы классикалық гимназияда ұстаз.



**Малгаждаров Сәбді Қабдоллаұлы**  
(1922 -1990 )

**Малгаждаров Сәбді Қабдоллаұлы** Кеңес дәуірінің жиырмамыншы, отызыншы жылдарында аштық пен жалаңаштық, қуғын сүргін қазақтың басына қаратүнек орнатқанын ұмытуға болмайды. Міне, сол аласапран заманда Сәбдінің аталары Ақтөбе жерінен біздің өңірге табан тіреген. Төлеп ауылының туысқан бір адамындай болып кеткен Сәбді ағамыз, Бостандық ұжымшарын құрған Оранкин Жәкуләнің туысына үйленеді.

Соғыста 210 – атқыштар полкінің құрамында Қиыр Шығыс майданында Жапонияға қарсы қосалқы-резерв күштерінің құрамында тұрады. Елге оралған соң көп жыл бойы малшы болды.

Амангелді деген ұлы Алматы қаласында, техника ғылымдардың кандидаты, одан кейінгі үш ұлы темір жол бойында әртүрлі қызметтерде істейді. Ауылда Аманбай және Сәрсенбай деген ұлдары тұрады.



**Садуақасов Қалихан**  
(1923 туған )

**Садуақасов Қалихан.** Соғыс жылдарында 1043 - артилерия полкінің 306 - шы атқыштар дивизиясының құрамында радист болып соғысты. «Ерлігі үшін», «Жеңістің 30 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Соғыстан кейін көп жыл Қызылжар қаласында тұрды, бертін келе Бостандыққа көшіп келіп, ағаш шебері болып



жұмыс істеді. Жастайынан өсіріп тәрбиелеген баласы Көкеев Кеңесі Бескөл кентінде, Бейсенбай Қызылжарда тұрады.



*Нұрмұқанов  
Аманбай  
(1914-1986)*

*Нұрмұқанов Аманбайдың* ата - бабасының туған жері Қарағанды маңы, түбі Мұраталы - Балта. Әкесі Байқадамнан ерте жетім қалған Аманбай жездеміз шешесімен біздің жаққа көшіп келеді. Өмірдің қиындығынан анасы екінші рет Самай тұқымынан болатын Нұрмұқан деген азаматқа тұрмысқа шығады. Өмір дегеннің шырғалаңы көп қой, Аманбай жездеміз жастайынан өзін тәрбиелеп өсірген адамның тегін **алған**. Жездеміз бойы өте ұзын, тарамысты, еңбекқор, өте қарапайым, көп сөйлемейтін, біреудің көңілін қалдырмаушы еді. Тағдырдың тәлкегі оны жастайынан ағасы мен інісінен де айырған екен. Бертінде баласы Орынбай әкесінің шете елдердің бірінде дипломатиялық

корпуста жұмыс істеген ағасының болғандығын, соғыстан кейін Мереке деген ауылда тұрғанда (қазіргі Есіл ауданы аумағында болған, кезінде кеңестік «оңтайландырудың» нәтижесінде құрып кеткен қазақ ауылы) орыс әйелімен бірге қонаққа келгендігін айтады. Ол кезеңде ауылдық жағдайға шыдай алмаған орыс әйелі қайтадан ағасын Ресейге алып кетсе керек. Басқа ұлттың өкілінен әйел алған ағасына өкпелеген бір мінезді Аманбай ағамыз туысымен қарым - қатынасын жоғалтып алады. Бұған дейін майдан даласында қайтыс болған інісі Байқадамов Сағыманнан қарақағаз алған еді, енді ағасынан тірідей айырылу Аманбай ағамызға оңайға соқпады. Тек бір жұбанышы Биғайша апамызбен тұрмыс құрып үлкен жанұялы болуы, өмірдің ренішін басты. Балаларының жас болуы, соғыстан кейінгі жылдардағы бас көтертпейтін ауыл өмірінің ағысы ма, ағасымен кейіннен қайта табыса алмады.

Соғыс кезінде 129 – атқыштар полкінің атқышы, аэродромда күзетші-атқыш, 0735 - әскери қоймада шаруашылық жүргізуші - солдат болды.

«СССР қарулы күштеріне 60 жыл», «Жеңістің 25 жылдығы» медальдарымен марапатталған. Балалары Орынбай, Марат және төрт қызынан тараған ұрпақтары Бостандық, Андағұл, Новоалександровка, Қызылжарда тұрады.



*Сапаров Әміржан. (1924 -1999 )* Түбі Атығай руы. 1942 жылы әскерге шақырылып, Иркутск қаласында, Даурия станциясында орналасқан 585 - атқыштар полкінің атқышы болады. 1943 - 1947 жылдың наурызына дейін Қиыр Шығыста Владивосток қаласындағы 1915 - артиллерия полкінің құрамында,



## **Нәсиев Қажымұрат**

\*\*\*\*\*

бір батареяның зеңбірек расчетінің реттеушісі болады. Монғолия жерінде Чайболсын әскерлерімен бірге Жапония басқыншыла - рына қарсы соғысады. Соғыстан кейін Ленин ауданын - дағы Октябрь ауылында механизатор болып жұмыс істейді, кейіннен Бостандық ауылына қоныс аударады. Бостандықта көп жыл малшы болып жұмыс істеді. Өзімен бірге туысқан інісі Сапаров Жаңатілектің балалары Арқалықта тұрады. Балалары Қайрат, Ерболат, Темірболаттан тараған ұрпақтары ауылда тұрады.



**Мұқанов Тұяқ.** Төлеп ауылының тумасы, көп жыл орман шаруашылығында қорықшы болып жұмыс істеді. Тұяқ ағамыз өзінің соғысқа қатысқаны жөнінде көп айта бермейтін, Қиыр Шығыста жапон милитаристеріне тосқауыл болған әскери құрамаларда борышын өтеген.

«Жапонияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысындағы жеңіске – 20 жыл» медальдарымен марапатталған. Әпия апамызбен үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді, Балқаш, Сансызбай, Қайыргелдіден тараған ұрпақтары Бостандық пен Қызылжар қаласында тұрады.



**Шаяхин Жауке (1920 – 1983)**Түбі Самай руы, Есенгелді тармағы. 1942 жылдың ақпанынан әскерге шақырылып, 1944 жылға дейін Қиыр Шығыста Ішкі істер министрлігінің 98 - ші шекарашылар отрядында болады. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін Мақсұтова Бағыла апайымызбен тұрмыс құрды. «Бостандық» колхозында, одан кейін ауылымыз Андреев кеңшарының №3 бөлімшесі болғанда көп жыл бухгалтер болды. Соңғы кезде бөлімшенің жем-шөп қорын бақылаушы - есепшісі (фуражир) жұмысын атқарды.

Жапонияға қарсы соғыс қимылдарына қатысқандығы жөнінде бірнеше медалдармен марапатталған. Кәпкен, Мұхамедияр, Тіріжан, Семетай деген ұлдарынан тараған ұрпақтары Арқалық селосы мен Қызылжар қаласында тұрады.



**Нұртаев Божан. (1917 - 1999)** Түбі Керей Балтаның Тәңірберді тармағының Елке Мұратына жатады. Мереке ауылы. Соғысқа дейін колхоз құрлысына қатысады. 1941 жылы шілде айында майданға шақырылады. Алты ай жұмысшы батальонында болады, одан кейін Калинин майданына 357 - артилерия полкінің құрамында, одан кейін Белоруссия, Прибалтика жерінде соғысқа қатысады. 1944 жылы

## Ауылым – алтын бесігім

Қыркүйек айының бірі күні Великие Луки үшін болған соғыста ауыр

жараланып, соғысқа жарамайтын болған соң елге оралған. «Отан соғысы» екінші дәрежелі орденімен, «Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 20 жыл», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалдармен марапатталған. Соғыстан кейін бригадир, орманшы қызметтерін атқарды, Даянқызы Бәдиша апаймен тұрмыс құрып, төрт ұл, төрт қызды дүниеге әкелді. Зейнеткерлікке шығып балалары мен немерелерінің қызығын көрді. Ұлдары Темірболат, Марат, Мөлгаждардан тараған ұрпақтары Бостандықта тұрады, кіші ұлы Ресейде жұмыс істейді.



**Қасымов Жанбота.** (1922 - 1998) Түбі Керей Балтаның Мырза тармағы, Төлеп ауылы. Соғыс кезінде 288 - атты әскер полкында, кейіннен 122 - артиллерия полкында соғысқа қатысады, соғыстың 1942 жылғы қиын кезеңінде бір ұрыста контузия алып, тұтқында болады, одан қашып шығады. НКВД - нің тексеруінен кейін 166 - шы қосалқы атқыштар полкінде соғыс қимылдарына қатысып, ерлік көрсетудің арқасында командирдің көзіне түсіп, өзін ақтайды, кейіннен 55 - жеке байланыс полкінде байланысшы болған. «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы жеңістің 25 жылдығына» арналған мерекелік медалдармен марапатталған. Өте оқымысты, сауатты кісі болды. Елге оралған соң есепші де, қоймашы да, қара жұмысты да атқарды. Трактордың рөліне де отырды, еңбекқор қарапайым адам еді. Ұлдары Ақылбай, Ағыбай, Жанат, Қанаттан тараған ұрпақтары облыс аумағында тұрады.



**Сыздықов Қажымолда** (1910 - 1978) түбі Самай руы, Айтбай тармағының Есенгелді Маңабай тұқымына жатады, атасы Сүттібай.

1941 жылы 3 тамызда майданға шақырылады, Қиыр Шығыста 2 айдай әскери жаттығуды меңгерген соң, Хабаровскінің Краснорежко деген жеріне көшіреді. 1942 жылдың 5 қаңтарында Удмуртия жеріне ауыстырылады. 1942 жылдың 14 мамырында Қара теңіз жағалауындағы Керчь қаласы үшін болған соғысқа қатысады. Осы жерде 1942 жылдың 30 тамызында қоршауда қалып, тұтқынға түседі, одан қашып шыққан ол Калмыкия жерінде өз әскеріне қосыла алмай, қайтадан неміс тұтқынына түседі. 1942 жылдың қазан айында Днепропетровск қаласындағы түрмеге, одан соң 1943 жылдың наурызында Кирвоград маңындағы лагерге қамалады, онда 12 мың адам тұтқында болған.

## *Нәсиев Қажымұрат*

XX

1943 жылдың қараша айында Қажымолда ағамызды Германияға Цыганай, Кассиль қалаларын - дағы лагердегі жұмысқа салады, аштық пен жалаңаш - тық, адам төзгісіз қорлықты көрген ағамызды 1945 жылдың сәуірінде американ әскерлері тұтқыннан босатып алады. 1945 жылы американдықтар тұтқыннан босатқан адамдарды келісім бойынша кеңес армиясына табыс етеді.

Көптеген тексерістен өткен Қажымолда № 145 қосалқы жол-кұрлыс батальонында жұмыс атқарады. Тұтқында болғандарға ол кезде әлі де болсын сенімсіздік көрсетіліп, бірақ тексеріс нәтижесінде кінәлі болмаған Қажимолданы 1945 жылдың 5 тамызынан Қиыр Шығысқа Жапониямен соғысқа жөнелтеді. «Жапонияны жеңгені үшін» медалі соның айғағы.

Соғыстан кейін еңбекке араласып, қираған шаруашылықты көтеруге белсене араласады, тың игеру жұмыстарына, ауылдық жұмысшы кооперациясын дамытуға араласады. «Тың жерлерді игеруге қатысқаны үшін» медалімен, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 20 - 30 жылдығына арналған медальдармен марапатталған. Жалғыз ұлы Айбас көп жыл Бостандық ауылында бөлімше басқармасы, кейіннен «Бостандық» шаруа қожалығын ұйымдастырды. Одан тараған немерелері Қызылжар қаласында тұрады. Інісі Қалиолланың балалары Бектас пен Серік туған ауылы Бостандықта, кіші ұлы Бақыт Қызылжар қаласында тұрады.



*Шәріпов Әбу*

**Әбу ағамыз (1910 - 1974)** Төлеп ауылының тумасы, бабасы Жиенжан, ұлы атасы Зейін екен. Соғысқа дейін колхоз құрлысын құруға ат салысқан. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қиыр Шығыста Жапония милитаристік үкімет тарапынан КСРО-ға қауіп төніп тұрды, олар қолайлы жағдайды күтіп, әлсін-әлсін шекараны бұзып, кішігірім соғыс қимылдарын жүргізді. Осындай жағдайда Кеңес үкіметі Жапонияға қарсы бірнеше дивизия ұстап тұруға мәжбір болды. Барлық күшті немістермен соғысуға жұмсап жатқан кеңес әскерлеріне мұндай жағдай өте ауыртпалық тудырды. Міне, осы Жапонияға қарсы тұрған дивизияның құрамында Әбу ағамыз соғыс жағдайындағыдай міндетін өтеп, 1945 тамыз бен қыркүйегі аралығындағы Жапонияға қарсы жүргізілген соғысқа қатысты. «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен марапатталды. Соғыстан кейін елге оралып, көп жыл бойы ағаш шебері болып, ауылдағы алғашқы клуб, жетіжылдық мектептің және тағы да басқа нысандарды салуға қатысты. Ұмсындық апамызбен тұрмыс құрды. Жалғыз баласы Нұрсайын Шәріпов көп жыл бойы Бостандық мектебінде ұстаз, оқу- тәрбие жөніндегі мектеп директорының орынбасары, Арқалық ауылдық кеңесінің төрағасы болды. Қазір Қызылжар қаласында облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің белді тілшісі болып жұмыс істейді.





**Кұсайынов Ғалымжан  
(1911 -1987 )**

Балта - Мырзаның Балғабек тұқымы. 1941 жылы шілде айында соғысқа алынып, Смоленск түбінде 1074 - атқыштар полкінің құрамында соғысқа кіреді. Алғашқы соғыс қимылдары кезінде қатты жараланып, контузия алады. Соғысуға жарамайтын болғандықтан Ғалымжан ағамыз елге оралып, соғыс аяқталғанша Боголюбово селосында әскери бөлімде майданға даярланып жіберілетін әскерлерге қызмет ететін қосалқы шаруашылық бөлімінде жұмыс атқарады. Соғыс аяқталған соң елге келіп, малшы болып жұмыс істейді. Көрші Үшкөл ауылының тумасы Күлзипа апамызбен тұрмыс құрды. Қыздары Ново - Михайловка селосында тұрады.



**Нұртазин Мағауия  
(1922 -1990 )**

**Нұртазин Мағауия.** Түбі Талапкер ауылының тумасы, Атығай руына жатады. 1939 жылы октябрь айының аяғында міндетті әскер борышын өтеуге шақырылады. Новосибирь облысының Томск қаласында 324 - атқыштар полкінде борышын өтейді. 1940 жылы сержант мектебін аяқтап, снайперлік бөлімшенің командирі болады. Соғыс басталған кезде Белоруссия жерінде фашистерге қарсы соғыс қимылдарына қатысып, сол қол, сол аяғынан жараланып, госпитальге түседі.

1944 жылы Гаиновка станциясын азат ету кезінде қаза тапқан взвод командирінің орнын басып, тапсырманы орындағаны үшін үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады.

Соғыстың аяғына қарай 1945 жылы әскери кіші командирлерді-лейтенанттарды жедел дайындайтын Телавское жаяу әскерлер училищесінің курсанты болады, бірақ оны аяқтамайды. Оларды 1945 жылы қазанда ауыл шаруашылығына, оқу орындарына қажетті мамандарды тез әскерден босату жөніндегі жарлыққа байланысты мұғалім есебінде елге қайтарады. Бейбіт өмірге көшу жылдарында Октябрь, Бостандық ауылдарында бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты.

Жеңістің 20, 25, 30 жылдық мерекелеріне байланысты мерекелік медальдармен марапатталған. Жолдасы Нүрзипа екеуінің артында қалған қызы Сәуле мен ұлы Өлместен тараған ұрпақтары Бескөл ауданында, Қызылжар қаласында тұрады.

**Қайырнасов Мәулен  
(1925 - 1979)**

Балғабек ауылының тумасы, Жастығына байланысты соғыстың аяқталар кезінде ғана Қиыр Шығыста Жапонияға қарсы тұрған 25 - дивизияның құрамында әскерде болады, кейіннен Жапониямен соғыс басталғанда ұрыстарға қатысып, екінші дүниежүзілік соғыстың тез

## *Нәсиев Қажымұрат*

жазылған

аяқталуына ат салысты. Елге оралған соң Мәркен апаймен тұрмыс құрды, көп жылдар ауылда шофер болып жұмыс істеді. Балалары Таужан, Медебай, Мұхиттан және қыздарынан тараған ұрпақтары Бостандық ауылында, Қызылжар қаласында тұрады.



*Мурсалимов Уақит*

*Мурсалимов Уақит.* Түбі Балта Мырзаның Өтелінен, Балғабек ауылының тумасы. Ұлы Отан соғысы басталғанда Уақит 18 жаста болатын. 1941 - 1945 соғыс жылдарында 74 - атқыштар полкі, кавалерия полкінде және 135 - гвардиялық атқыштар полкінің пулемет бөлімшесінде соғыс қимылдарына қатысады. 1944 - 1945 жылдары Европа елдерін, соның ішінде Венгрияның астанасы Будапешті азат етуге қатысып, «Ерлігі үшін», «Будапешті азат еткені үшін» медальдарымен марапатталады. Әкеден төртеу еді, соғысқа ағайынды үшеуі қатысып, үшеуі де аман-есен елге оралды.

Ұзақ жылдар есепші болып жұмыс істеді. Бүгіндері Уахит ағамыз арамызда жоқ. Балалары Мәлік, Бауыржан, Жеңістен және қыздарынан тараған ұрпақтары Бостандықта, Тауағаш, Жарғайың ауылдарында, Қызылжар қаласында және Жамбыл облысында тұрады.

## *Әйіпов Баймолда (1917-1984)*

Нұрабай ауылының тумасы, Керей - Балтаның Мырза тармағы, Барлық-Жанұзағына жатады. Атасы Амандық діни оқыған сауатты адам болса керек. Соғысқа дейін колхоз жұмысына араласқан, техника тілін жасынан жақсы білген. Ел басына қауіп төнген сын сағатта ағасы Әйіпов Шаймолда екеуі Ұлы Отан соғысына бірге аттанған еді, бірақ ағасы соғыста қайтыс болды. Соғыс аяқталып елге оралған Баймолда (құрдастары Майшеке деп атап кеткен) соғыс уақытында шаруашылығы кері кеткен ауылымызды көтеруге белсене араласты. Механизатор болып жұмыс істеді, ауыр жұмысқа бір мойымайтын еді. Ірі денелі, ұзын бойлы Майшеке ағамыз өте ойыншыл кісі еді, әсіресе балалармен қатты қылжыңдасатын, жеңгеміз Күлкәшпен жанұя құрып, төрт қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Соғыс ауыртпалығынан денсаулығы ерте сыр берген ағамыз о дүниелік болып кетті. Артында қалған жалғыз ұлы Нияз бен қызы Райхан Бостандық ауылында тұрады.



**Бостандық ауылының**

**Ұлы Отан соғысынан оралмаған азаматтарының толық тізімі:**

- |                          |                          |
|--------------------------|--------------------------|
| 1. Ахметшин Әскендір     | 18. Махметов Әміре       |
| 2. Аяғанов Ахмади        | 19. Малаев Жұмашке       |
| 3. Әйіпов Шаймолда       | 20. Малдыбаев Құрманғали |
| 4. Бекбауов Оспан        | 21. Мусин Ақжан          |
| 5. Ерсаев Жағыпар        | 22. Нұртазин Жұба        |
| 6. Ескендіров Қисса      | 23. Сәдуакасов Орын      |
| 7. Жақыпов Тоқаш         | 24. Сәдуакасов Шалабай   |
| 8. Жақыпов Шәріп         | 25. Сәрсекеев Қуан       |
| 9. Жұнысов Тақыр         | 26. Сәрсебеков Есімбет   |
| 10. Ілиясов Ташен        | 27. Сәтенов Ғаббас       |
| 11. Ысқақов Нұрмолда     | 28. Сыздықов Сұңғат      |
| 12. Ысқақов Зейнолла     | 29. Тоқмейілов Топыш     |
| 13. Кәмәлиев Ахметжан    | 30. Тоқмейілов Ақбұзау   |
| 14. Қарабатыров Қайролла | 31. Хасенов Серәлі       |
| 15. Қасымов Манап        | 32. Хасенов Серғали      |
| 16. Әбілмәжінов Жағыпар  | 33. Хасенов Қадыр        |
| 17. Мақсұтов Мөлгаждар   | 34. Смағұлов Ләйіс       |

## *Нәсиев Қажымұрат*



### **Бостандық ауылының Ұлы Отан соғысынан елге жеңіспен оралып, қайтыс болған азаматтарының тізімі:**

- |                             |                         |
|-----------------------------|-------------------------|
| 1. Әділшин Құжаж            | 23. Шәріпов Әбу         |
| 2. Әділшин Есімжан          | 24. Шаяхин Жауке        |
| 3. Әділшин Ғалымжан         | 25. Батыршин Құрманғали |
| 4. Әбдірахманов Кәкім       | 26. Сапаров Әміржан     |
| 5. Көшімбаев Құрманғали     | 27. Нұртазин Мағауия    |
| 6. Мағазов Шерке            | 28. Қарабатыров Нәси    |
| 7. Мағазов Қилаж            | 29. Құсайынов Ғалымжан  |
| 8. Смаилов Хамза            | 30. Қасымов Жанбота     |
| 9. Сәрсембеков Есләм        | 31. Ыбыраев Құрманғали  |
| 10. Махмұтов Әмірғали       | 32. Мұқашев Ережеп      |
| 11. Әйіпов Баймолда         | 33. Смағұлов Какен      |
| 12. Есмұқанов Көлден        | 34. Мүрсәлімов Мажит    |
| 13. Қайырнасов Мәулен       | 35. Мүрсәлімов Хамит    |
| 14. Құлатаев Есентемір      | 36. Мүрсәлімов Уахит    |
| 15. Мұқанов Тұяқ            | 37. Мұхамеджанов Төшкен |
| 16. Малғаждаров Сәбді       | 38. Сауменов Болат      |
| 17. Майлин Бекпен           | 39. Уалиев Нұғыман      |
| 18. Ермеков Шалеке Естекұлы | 40. Нұртаев Божан       |
| 19. Нұрмұқанов Аманбай      | 41. Сыздықов Қажымолда  |
| 20. Сәдуақасов Қуан         | 42. Жайлаукин Малбақ    |
| 21. Сәдуақасов Қалихан      | 43. Әмрин Ташет         |
| 22. Сарбасов Көшен          |                         |

***Тыл еңбеккерлері, ардагер әжелеріміз бен  
апаларымыз***



***Қарабатырова Бәткен Жақияқызы  
(1925 - 2005жж).***

Біреудің еркелеткен жалғыз қызы еді. Әкесі дін жолын қатты ұстаса да, оның қолдауымен жаңа заманның ағымын түсіне отыра, (сол уақыттарда қыздардың көпшілігі оқымайтын) жеті жылдық білім алды. Қартайғанға дейін көзілдірігін киіп, газет - журналдарды оқып, балаларының оқуын үнемі бақылап жүретін. Соғыс кезінде тылда еңбектеніп, соқаға жегілген өгізді жетектеп, лабогрейка бастырды, соғыстан кейін қираған шаруашылықты көтеруге, колхоз бен совхоз құрлысын дамытуға ат салысты, көп жыл сауыншы, почта қызметінде істеп зейнеткерлікке шықты.

1945 жылы майдангер Қарабатыров Нәсимен қол ұстасып, тұрмыс құрды. Жолдасы Нәсиге 1937 - 38 жылдары саяси - қуғын сүргіннің құрбаны болған ағасы Қалимолданы, соғыста Москва түбінде қаза тапқан екінші ағасы Қайролланы жоқтатпай, жабылып қалған шаңырағын қайта көтеруге сүйеу болды. Жолдасының ағайындарын сығалап жүрген, жетім іні-қарындастарын жинап, аға орнына аға, іні орнына іні және сүйікті жар бола білді. Жолдасымен қол ұстаса жүріп ағаш кессе ағашын, үй салса бөрененің бір ұшын көтеріп, шөпті бірге шауып жанұя ауыртпалығын қосағымен бірге көтерді.

Өте балажан адам еді, әр жақта оқу оқып, еңбек ететін жаңадан жанұя құрған балалары мен қыздарына алма-кезек, жұма сайын әрбіреуіне қатынап, хал- жағдайларын біліп тұратын. Ауылда телефон байланысы ол кезеңде болмаған еді.

«Еңбек ардагері», «Тылдағы еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған, күміс алқалы ана балалары мен немелерінің алдында,

## **Нәсиев Қажымұрат**

Алланың берген қызығына шүкіршілік етіп, сексенге қараған шағында қайтыс болды.

### **Нұртаева Күлпан Қасейінқызы (1922 -1997)**

Күлпан Қасейінқызы әкеден ерте жетім қалып, әкесінің інісі Жақияның қамқорлығында болады. Өзімен бір әкеден туған үш апалары болған. Біз білетін Мағрипа және Күлмәдиян деген апаларынан тараған жиен ұрпақтары бар. Олар: Андағұл ауылында, Жамбыл ауданында Күлмәдиян апамыздан тараған жиендер (жездеміздің аты Саду) Бексейіт ауылында Әбілқасымның Шамғанының баласы Балатайдың жолдасы Шолпан деген жиеншарымыз бар. Естеков Шалеке деген азаматпен тұрмыс құрған Күлпан апамыздың Аманжол, Құрмантай, Күләш, Сара деген балалары бар. Шалеке жездеміз қайтыс болған соң, Күлпан апамыз жолдасының немерелес ағайыны Нұртай Малдыбаевтың қамқорлығында болды. Ұзақ уақыт ауылда бұзаушы болып жұмыс істеді, үлкен ұлы Аманжолдың оқу оқуына, жоғарғы білім алуына жанын салды. Аманжол ертеден еңбекке араласып, жұмыс та істеді, ерте есейді. Аманжолы анасының еңбегін ақтады да, Алматы зоотехникалық институтын бітірген соң, көп жыл ауылшаруашылық саласында басшылық қызметте болып, 2009 жылы зейнеткерлікке шықты.



Екінші ұлы Құрмантай да жасынан еңбекке араласты, анасына көмектесіп, ағасы Аманжолдың оқу оқуына жағдай жасады, көршісінің қызы Жақсықызға үйленіп, үйлі - баранды болды, қазір Қызылжарда тұрады.

#### **Сарбасова Сәрім**

Сәрім апамыз 1922 жылы туған. Соғыс жылдары тылда еңбектеніп, майдан даласын азық - түлікпен қамтамасыз етуге ат салысты. Соғыстан кейін Көшен ағамызбен жанұя құрды. Бес бала тәрбиелеп жетілдірді. Өте салмақты байыппен сөйлейтін, сабырлы ана еді. Балалары: Мұрат, Ербатыр, қызы Айманнан тараған ұрпақтары Астана қаласында. Айманы жеке кәсіпкер, Алтынайы Арқалық ауылында тұрады.



#### **Шаяхина Багила (1922 -2007 )**

Багила апамыз Махамбет ауылының тумасы, Мантаев, Махмутов және Ақыновтарға туыс болып келеді.



1941 - 1945 соғыс жылдары Қызылжар қаласындағы заводтардың бірінде майданға кеткен азаматтардың орнынбасып станокта жұмыс істеді, майданға қажетті құрал - саймандар жасап жеңістің келуін тездеткен апамыз.

Соғыс аяқталған соң інісі Мақсұтов Шәріппен елге келді. Шаяхин Жауке ағамызбен тұрмыс құрып, төрт ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Өте ақылды, зерек кісі еді. Үнемі газет-жорнал, кітаптан бас алмай оқып отырғанын байқайтынбыз. Бағила апамыз балалы-шағалы болғаннан соң негізінен үй шаруашылығында болды.



*Сәдуова Күлшат  
(1924-2004)*

**Күлшат апамыздың** түбі Өрнек ауылы, Сәду әкесі ертеде біздің ауылға көшіп келген. Апайымыз көп жылдар колхоз бен совхоз кезінде атақты сауыншы болып, аудан көлемінде сауыншылар жарысының жеңімпазы атанып жүрді. Кеңшарлар тарап, мал басы азайған кезде, апайымыз Бостандық мектеп- интернатында зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. Өте қарапайым, еңбекқор жан еді. Жолдасы Еслям қайтыс болғаннан кейін жалғыз қызы Раушанды өзі тәрбиелеп жеткізді. Одан кейін жолдасы ерте қайтыс болып, қолында шиттей балалары қалған Мәжит Мүрсәлімовпен тұрмыс құрды, оның балалары мен қыздарын өзінің туған баласындай тәрбиелеп жетілдірген кеңпейіл ана еді.



*Мұқанова Әния*

**Әния апамыз** түбі Атығай, Есіл ауданындағы Мәдениет ауылынан. Көп жыл колхоздың сауыншысы, бұзау бағушысы болып істегеннен кейін Бостандық мектебіне күтуші болып ауысты, одан зейнеткерлікке шықты.

Өте қарапайым адам болатын, тапсырған жұмысты уақытында орындайтын, өте сабырлы кісі болатын. Мектепте істеген кезінде адамдарға еш уақытта дауыс көтергенін естігеніміз жоқ. Майдангер ағамыз Тұяқпен соғыстан кейін тұрмыс құрды. Балалары Сансызбай мен Қайыргелді Бостандықта тұрады Ұлы Қайыргелді көп уақыт бойы Бостандық ауылдық клубын басқарып, тұрғындардың мәдени өмірін жандандыруға ат салысқанын мақтанышпен айта аламыз.

**Мәриям апамыз** сіңілісі Бикамал, інісі Кеңеспен жастайынан еңбекке ерте араласты. Соғыстан денсаулығы нашарлап келген жолдасы Ережеп көп ұзамай қайтыс болғанда, қолында қалған екі ұл - Кәдірбайы мен Тауфихын, екі қызы Бәтіші мен Көкішін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, қайнысы Қадырдың бірлескен көмегімен жетілдіріп өсірді.



## **Нәсиев Қажымұрат**

Жалғыз ұлы Кәдірбайдың тілеуін тіледі. Біз көп уақыт Мәриям апаймен сыйлас көрші болдық. Үлкен ұлы Кәдірбай көп уақыт бойы үйленбей, кешірек Майра құрбымызды келін қылып түсіргенде, Мәриям апамыздың қуанышында шек болған жоқ. Бірінен соң бірі дүниеге келген немерелерінің қызығын көріп, Мәриям апамыз алғашқы шөбересінің де жөргегін иіскеп өмірден озды.



**Мұқашова  
Мариям  
Ношанқызы  
(1927-2003)**

Байыпты, салмақты, сабырлы кісі еді. Ер жетіп қалған баласы Тауфих әскерде оқыстан қайтыс болғанда, баласына қатты қайғырды, құдай басқа салғасын кім де болсын көнеді де. Жалғыз ұлы Кәдірбайдың тілеуін тіледі. Біз көп уақыт Мәриям апаймен сыйлас көрші болдық. Үлкен ұлы Кәдірбай көп уақыт бойы үйленбей, кешірек Майра құрбымызды келін қылып түсіргенде, Мәриям апамыздың қуанышында шек болған жоқ. Бірінен соң бірі дүниеге келген немерелерінің қызығын көріп, Мәриям апамыз алғашқы шөбересінің де жөргегін иіскеп өмірден озды.



**Көшімбаева  
Қайыржамал  
(1910 - 1981 ж)**

Қайыржамал апамыз жолдасы Құрманғали соғыс жылдарының ауыртпалығынан денсаулығы бұзылып көп ұзамай қайтыс болды. Кәмелетке толмаған Серікбайы мен Айманын асырап жеткізу жалғыз басты анаға оңай болған жоқ. Бостандық колхозында әр салада еңбек етті, соғыс жылдарында майданға кеткен аталарымыздың орнын басты.

Ұлы жеңіске өз үлесін қосқан қарапайым анамыз жалғыз ұл баласы Серікбайын қатты еркелететін. Үлкен қызы Ақзейнеп пен күйеу баласы Ғалымнан тараған жиендері Мәуліт кентінде, баласы Серікбай Құрманғалиев Бостандықта тұрады, қызы Арман (Айман) Астана қаласында.



**Нұртаева Бәдина  
Даянқызы**

**Нұртаева Бәдина Даянқызы.** Көп балалы ана, соғыс уақытында тылда майданға қажетті өнім дайындап, жұртпен бірге егіс басында масақ та терді, өгіз жетектеп, соқамен жер жыртуда болған Бәдинә апамыз соғыстан жаралы келген Божан ағамызға тұрмысқа шықты. Анасы Зейнеп пен әкесі Даяннан өнер дарыған апамыз киіз, сырмақ, алаша тоқу, оған әдемі өрнектелген оюлар салудың қас шебері еді. Үлкен ұлы Темірболат анасынан дарыған шеберлікті ұстап қалды. Ұл - қыздарын өмір жолына орналастырған ана, олардың қызықтарын толық көре алмай, кенеттен келген аурудан мезгілсіз қайтыс болды.



*Сәлменов Амангелді Еламанұлы*



*Сәтенов Ерсін Мәжитұлы*



*Латыпов Серғали Мағыпорұлы*



*Мүрсәлімов Әсет Мәжитұлы*

Бостандық орта мектебін бітіргеннен кейін төртеуі де жастары әскер қатарына жеткен соң, Отан алдындағы қасиетті борышын өтеуге аттанған еді. Кеңес Үкіметінің көрсоқыр саясатының арқасында, бейбіт заманда, басқа мемлекеттің шекарасынан асып, қанды шайқастың ортасында боламын деп ойламаған еді. Оларға «интернационалистік борышынды өтеуге барасың» деп дәріптелген кеңестік идеологияның миға сіңірілген уытты үндеуінен шыға алмаған талай жасөспірімдермен бірге Амангелді, Серғали, Әсет және Ерсін өздерінің қасиетті борыштарын абыроймен өтеп қайтты. Біздің мектептің түлегі, Бексейіт ауылының тумасы Әділхан Сағдиұлы ауған жерінде ерлікпен қаза тапты. Әділханның оқушы кезінде бойындағы қайсар мінезін, батылдығын, жолдастарына әрқашанда көмек беруге дайын тұратынын байқайтын едік. Ауған жерінде жолдасын құтқарамын деп минаға түскен Әділханды бүгіндері дін аман үлкен жанұяның басы болған Булаевтық Жұмабек әрқашан есінен шығармайды, «Әділхан болмағанда мен бұл өмірде жүрмес едім», - деп көзіне жас ала, есіне түсіретін Жұмабек алғашқы ер баласының атын Әділхан деп қойған екен.

Соғысқа қатысып, толарсақтан қан кешіп, соғыс қимылдары кезінде неше түрлі жантүршігерлік оқиғаларды көрген ауылдастарымыз, елге

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**ҚАЖЫМҰРАТ**

оралғаннан кейін Ауған соғысының зардабынан ұзақ уақыт айыға алмады. Серғали Латыпов болса жүйке ауруынан ерте дүниеден өтті, Әсет те контузияның салдарынан ұзақ емделіп, тәуір болды.

Ауған қасіретін ешқашанда ұмытуға болмайды, Отан соғысы кезінде ата - бабалары сияқты, өздерінің қасиетті борышын өтеген жерлестеріміз бен басқа да отандастарымыздың ерлігін жас ұрпақ ешқашан ұмытуға болмайды.

### ***Бостандық ауылының дамуына елеулі үлес қосқан ауылдастарымыз жайлы...***

*Бостандық ауылында соңғы 50 жыл бойы салынған құрлысқа, тұрғын үйлердің салынуына, әлеуметтік нысандардың уақытында бой көтеруіне зор үлес қосқан арнаулы құрлысшы мамандығы болмаса да, кәсіпқой құрлысшыдай еңбек еткен ауылдасымыз, құрметті ағамыз Рәш Мәженұлын атауға болады.*

Рәш Мәженұлы Нұрабай ауылының тумасы, Балта-Керейдің Мырза тармағы, Барлықтың Жанұзағынан. Ұлы атасы Сағындық дін жолын берік ұстанған болса, атасы Есмұқан ел арасында шипагерлікпен айналысқан.

Рәш ағамыздай шеберлерді халқымыз «он саусағынан өнер тамған» хас шебердің өзі дейді. Негізінен ағаш бұйымдары бойынша «түйін түйген» шебер ағамыз бойының кішілігіне, денесінің ықшам болғанына қарамастан, ағаш шапса балтасы мүлт кетпейтін, өте тарамыс кісі.

Біреудің жалғыз баласы болған Рәш ағамыз өте ерке болса да еріншек болмай, нағыз еңбекқор азамат болып өсті. Олай дейтінім өмірде жалғыз болған ұлдар көпшілігіне еркетотай болады ғой. Құдайға шүкір, жастай қосылған жары Жанбике екеуі алты қызбен бір ұлды тәрбиелеп, бәріне де жоғарғы білім әперді, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған



**Рәш Мәженұлы (1927 туған)**

**Суретте: әйелі Жанбике және үлкен немересі  
Мереке**



**Әбдрахманов Кәкім  
(1917-1963)**

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Жанболатов Темірғали (Тене)*

Бостандықтағы үлгілі жанұялардың бірі болып отыр. Бауыржаны Бостандық ауылында жеке шаруашылық құрып, ауылдың өркендеп, дамуына өзіндік үлес қосуда.

**Кәкім ағамыз** түбі Нұрабай ауылы, Жанұзақтың Есендігінен тараған. Ұлы Отан соғысына қатысып, аман - есен елге оралған соң Бостандық ауылында ұзақ уақыт дүкенші болып жұмыс істеді. Соғыстан алған жаракаты әсер етті ме, небары 46 жасында қайтыс болды. Аппақ тұқымы Омардың қызы Мәриям апайымызға үйленіп, үш ұл, үш қыз өсірді. Асылбек, Ақылбек, Алтынбек деген балаларынан тараған ұрпақтары ауылда, Көкшетау қаласында тұрады.



*Жанболатов Темірғали (Тене)  
(1927-2004)*

*Жанболатов Темірғали жолдасы Жұпар және Дайыров Балтабай.  
Дайыров Балтабай Бостандық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі  
болды, кейіннен Петропавл қаласында облыстық радионың қазақ бөлімінде  
редактор болған*

Бостандық ауылының соғыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан аяулы азаматтардың бірі **Темірғали ағамыз еді**, өзінің турашыл бір мінезділігімен, әділ сөйлеуімен ауылдастарының арасында көзге түсті. Ұзақ уақыт ауыл шаруашылығының әртүрлі саласында басқарушылық қызметте болды. Мал фермасының, қырман қоймасының меңгерушісі сияқты жауапты жұмыстарды атқарды. Жұпар Тәшенқызы екеуінен тараған ұрпақтары Көкенай, Ақанайдың балалары Мамлют, Қызылжар қалаларында тұрады.

*Садуақасов Шаймолда  
(1927 – 1999)*

Түбі Мырзаның Байжан - Байтілеуінен тараған, Аппақ ауылының тумасы. Бірге туған ағалары Қуан, Шалабай. Жасынан техникаға әуес Шаймолда ағамыз кәмелеттік жасқа жетпей - ақ өзінен үлкен механизатор ағалары Сәлмен, Кәкендердің жанынан қалмай жүріп, тіркеуші - көмекші

## *Нәсиев Қажымұрат*

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі



*Садуақасов  
Шаймолда*

болып істеп, техниканың тілін тез үйренді. Бір ағасы Шалабай соғыста қайтыс болды, екінші ағасы Қуан соғыстан келгеннен соң, оған көмекші болып, трактордың рөліне отырды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Беларусь, МТЗ тракторларының рөлінен айырылған жоқ. Аудан көлемінде аты шыққан жүгеріші болды, бірнеше рет социалистік жарыстың жеңімпазы ретінде марапатталды. Қыздарынан тараған ұрпақтары Бостандық, Қосағаш, Бурабай, Қызылжар қалаларында тұрады.

Шаймолда ағамыздың кіші қызы Гүлсара 1986 жылы Көкшетау қаласында кәсіптік - техникалық училищеде оқып жүргенде 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқанын көпшілік біле бермейді. Көп уақытқа дейін бұл оқиға айтылмады, себебі Гүлсара қарындасымыз жастай өмірден озып кетті. Бұл оқиғаның куәсі болған мен едім. Сол 1986 жылы желтоқсан айында мен Көкшетауда екі айлық мектеп басшыларының білімін жетілдіру курстарында болдым. Сол естен кетпес сексен алтыншы жылдың 16 - 17 желтоқсан күндері Алматыдағы көтерілістің жаңғырығы біздің солтүстік өңірге, Қызылжар, Көкшетау өңіріне жеткен еді, бірақ та басқа ұлт өкілдері басым Қызылжарға қарағанда, қазағы басым Көкшетау қаласы жастарының алаңға шыққанын көзіміз көрді.

Сол ызғарлы желтоқсан күндері екі айлық курсқа барған жігіттермен күні-түні бақылауда болсақ та, әрі ректорат тарапынан қалаға шықпау, «бүліншілікке араласпау» туралы қатаң ескертілсе де, мазасызданып көшеге шықтым. Болат деген балдызым сол кезеңде Көкшетаудағы жоғарғы оқу орны - ауылшаруашылық институтында (КСХИ) оқитын. Оның қарсылық акциясына қатысып оқудан шығып қалмауын ескерту мақсатында жатақханасына жол тарттым. Жатақхана милиция күштерімен күзетулі, өздері де қатаң ескерту алып, жатақханадан шыға алмай отыр екен. Балдызыма ақырын ғана ескерту жасап, енді қаланың орталығында не болып жатыр екен деген оймен негізгі алаңға жақындадым. Бірақ та орталық алаңға ешкімді жібермей, милиция шеп құрып тастаған екен. Мен кештеу жетсем керек, күзетте тұрған милиция майоры мені кеудемнен нұқып тоқтатып, аланды кесіп өтуге жібермеді. Мен келгенге дейін Көкшетау қаласының бас алаңына, облыстық партия комитетінің ғимараты алдына жиналмақшы болған бір топ жастарды тез таратып жіберген екен. Олар Қазақстан коммунистік партиясының бірінші хатшысы Д. Қонаевтың орнына басқа жерден келген белгісіз Колбиннің басшы болуына қарсылық білдірген еді. Ол кезеңде Көкшетау облысының басшылығында біздің жерлесіміз Сағдиев Мақтай Рамазанұлы еді. Алаңға шыққан жастардың аузында неге өзіміздің республикадан шыққан қазақ азаматтары, тіпті өз республикамыздағы белгілі орыс азаматтарын неге басшылыққа қоймайды деген талаптар болды, (бірнеше аталған кандидаттардың арасында Көкшетау елінің азаматы, кезінде сол облысты басқарған Е. Әуелбековтің де аты аталды). Алаңға жіберілмеген





жастар көпке дейін тарамай өз талаптарын айтып айғайлап жатты. Сол аласапыран кезеңде мен алаңнан қуылып таратылған жастардың арасында басқа да жастармен бірге ұрандатып тұрған Гүлсара қарындасымды көрдім, біраз уақыттан кейін оларды милиция жасақтары қуып таратты, басшыларын машинаға тиеп әкетті. Келесі күндері алаңға барған студенттерді оқудан шығару мәселелері қарастырылғанын естідік.

Егер желтоқсан қозғалысы біздің нағыз жалындаған жас кезімізде, 1970 жылдары басталса, әрине көзсіз батыр ретінде ұлт намысын қорғаушылардың ішінде болар ме едік, қайтер едік, әттең сол уақыттарда сақайып қалған біз жағдайдың қатаң екенін түсініп, әрі ертеден сонау 70 - жылдары КНБ - нің құрығына студенттік кезден ілігіп, мемлекеттік басу-жаншу құралының қандай болатынын сезінген адам ретінде желтоқсаншылардың қатарында батыл қимылға бара алмадық. Кейде ойлаймын, сақтық жасамай сол кезеңде Көкшетаулық жастардың қимылына араласып кеткенде жағдайым не болар еді деп. Желтоқсаншылардың көпшілігі осы күнге дейін ауыр дене жаракатынан айыға алмады, олардың өршіл қимылына, бостандыққа ұмтылған батылдықтарына нақты баға берілмей отыр. Желтоқсан қозғалысына қатысушыларға шырылдап ара түскен қазақтың белгілі ұлы, ақын Мұхтар Шаханов ағамыздың жан айғайын кім түсінер дейсің.

Тәуелсіздігімізге жол ашқан сол қаһарлы 1986 - жылдың 16 - 17 желтоқсаны күндері өліспей беріспеген Алматы қаласының жастарына шетте жатса да, аз да болсын оларға демеу болған Көкшетау қаласының жастары арасында болашақ тәуелсіздік үшін күрескен Бостандық мектебінің түлегі Гүлсара Шаймолдақызының «Өз елімізді өзіміз басқаратын уақыт жетті» деп ұрандатқан бейнесі көз алдымнан әлі кетпейді.

Уақыт өте, тарихтың талай толқыны шындықтың бетін ашар, болашақ ұрпақтың желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтардың ерлігіне шын баға береріне сенімдіміз.



*Әскендіров Ерден  
(1934 - 2011)*

**Ерден ағамыз** түбі Мырзаның Айжан - Барлығына жатады, Махамбет ауылы. Атасы Ахметше өңірімізге белгілі адам болса керек. Арғы аталары Жамансары - Сүтемген. Сүтемген тармағы онша өсе қоймаған тұқым, оның Жүніс деген баласынан Тақыр деген кісі соғыста қайтыс болады, оның жалғыз баласы Серік жастай өмірден өткен. Ендігі ұрпақ жалғастырушы Ерден, Берден балалары. Қазағым айтады «жалғызға береке берсін» депайтқандай, Жаратушымыз ағамыздың жалғыз ұлы Бауыржанынан тараған Әлібиі мен Фарабиіне өскен ұрпақ берсін.


Ерден ағамыз 40 жылдан астам механизатор болып Бостандыққа еңбегі сіңген азамат. Өте қарулы, балуан денелі, тығыршықтай адам еді, зейнеткерлікке шыққанға дейін кеңшар ұстаханасында істеді.

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**ЖАЛҒЫЗ БІЛІМ АЛУ**

Жастайынан қосылған Күлзипа жеңгеміз ерте өмірден өткен соң Қызылжар қаласында тұратын жалғыз ұлы Бауыржан қолына көшіріп алды. Ерден ағамыз қарапайым отбасы болса балаларының оқу оқуына аса көңіл аударушы еді. Бибі деген үлкен қызы мектепті өте жақсы оқыды, біздің ауылда алғашқы болып тарих факультетін бітірген мектеп түлектерінің бірі еді, тарихшы мұғалімдік мамандығын да жақсы игеріп, аты шыға бастаған еді, Алланың жазуы ғой, ерте дүниеден өтіп кетті. Ұлы Бауыржан мектепті жақсы бітіріп, Алматыға оқуға түсті. Екінші қызы Сәуле де сауда саласынның маманы, Көкшетау қаласында тұрады.

## ***Латыпов Мағанор*** ***(1932 - 2000)***



***Мағанор ағамыз***

1930 - 32 аштық жылдары Татарстаннан анасы, үлкен апасы Күлжиян және інісі Мансұрмен біздің елге келіп, өзіміздің туыстарымыз сияқты сіңісіп кетті.

Үлкендердің айтуы бойынша, әкелері Латып Қазанның бай көпестерінің бірі болып, кәмпескеге ұшыраған, содан кедейленген Латыповтар жанұясы аштық жылдары әкелері қайтыс болған соң қазақ жеріне ауған. Қазақтың қыздарына үйленді. Інісі Мансұр екеуі көп жыл механизатор, темір ұстасы және жүгеріші болып еңбек етті. Өте еңбекқор жандар еді, ағасы екеуінің қолдары тиген темір де, ағаш та түрленіп ауылдастарының керегіне жарап кететін.

Балалары Жігер, Еркін, Беріктен тараған ұрпақтары Қызылжар, Бескөл кентінде тұрады, Домалайынан (Жаңатілек) тараған ұрпағы ауылда.

## ***Сақиқов Мереке*** ***(1928 - 1996)***



қаласында тұрады.

Түбі Балғабек ауылының тумасы, Сақиық ағамыздың тәрбиесінде болды. Біздің бала кезімізде Сақиық ағамыздай денелі кісі біздің ауылда болмаған сияқты. Жаңғыз бала болғандықтан ба Мереке ағамыз еркін өсті. Ауылда механизатор, астық қоймасының меңгерушісі болды. Тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысты. Артында қалған балалары Ержан, Берік, Шоқан, Жақаннан тараған ұрпақтары Қызылжар



## *Ауылым – алтын бесігім*

Құрметті ағамыз

### *Құлатаев Қабдолла Есентемірұлы (1932 - 2002)*

Түбі Көксау - Бике елі, атасы ерте қайтыс болған соң әкесінің нағашыларының елінде өсті (нағашылары Көшімбаев Жақия)



1932 жылы туған, жастайынан соғыс жылдары ат-өгіз жетектеп, 10-11 жасынан колхоз жұмысына қатысты. Сол үшін «Тылдағы еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 1950 - 60 жылдары қырман меңгерушісі, одан кейін жанармай тасушы, малшы болып зейнеткерлікке шықты. Балалары Өндіріс, Сапар, Жандостан тараған ұрпақтары, Бостандықта, Мамлюткада, Ресейдің Түмен қалаларында тұрады. Қыздары Әлия көп жылдан бері Бостандық мектебінде жұмыс істейді, Ғалия Петерфельтте, Жәниясі Бескөл селосында бастауыш сыныптың мұғалімі.



*Майлин Дауренбек  
(1929 - 2001)*

**Дауренбек аға** түбі Махамбет ауылына Байзақ, Баймағанбет тұқымына туыс болып келеді, ерте кезеңде қазіргі Бостандық ауылының оңтүстік батысына қарай Майлы қыстауының жұрты болған, Дәуренбек ағамыз сонда туса керек. Әкесі Бекпен деген кісі Ұлы Отан соғысына қатысқан, «Жапонияны жеңгені үшін» медальдармен марапатталған майдангер. Менің Көку ағамның нағашылары, әкемнің ағасы 1937 жылы нақақтан жазаланған Калимолла Майлының қызын алған.

Кішкентай бойлы, шағын кісі болса да Дәуренбек ағамыз еңбекқор болды. Тың және тыңайған жерлерді алғашқы игеруші – механизаторлардың қатарына жатқызамыз. Жолдасы Зикен екеуі екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Балалары Өмірзақ, Серік. Олардан тараған ұрпақтары Бостандықта тұрады. Қыздары Ғалия, Әлиялар Қызылжар қаласында тұрады.



*Топышев Баян*

### *Топышев Баян (1932 жылы туған)*

Түбі Балғабек ауылынан, Мырзаның Өтел - Қосал тармағынан. Атасы Орынбайдың Тоқмейілі. Әкеден соғыста ерте айырылған Баян Топышұлы әскери борышын өтеп жүргенде жоғарғы әскери басшылықтың әскерде жұмысқа қал, алда болашағың зор деп өтінгеніне қарамастан, елде қалған анасы мен қарындасы

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**Қазақстан Республикасының Қызылжар ауданы**

Үмітжанды ойлап, елге келгеннен соң бірден жұмысқа араласты. Жасынан есеп - қисапқа жүйрік Баян ауылда есепші, ауылдық кооперативтік сауда ұйымының басшылығында, мал фермасының меңгерушілігінде ұзақ жыл қызмет істеп, зейнеткерлікке шықты.

1964 - 1970 жылдары Бостандықта қой шаруашылығын ұстаған, оның бригадирі Баян Топышев 100 саулықтан 110 қошақан алып, сол жетістігі үшін Алматы қаласында өткен республиканың кәсіподақтарының 9 - шы съезіне қатысып, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» деген белгімен марапатталды.

Балалары Толқын, Еділден тараған ұрпақтары Бостандықта және Қызылжар қаласында тұрады. Бүгіндері сексеннің сеңгіріне келіп қалған Баян ағамыз жолдасы Күлзипамен кіші ұлы Еділдің қолында Қызылжарда тұрады.

## ***Дүйсенбин Амантай*** **(1934 - 1999)**



Түбі Аппақ ауылы, Мырзаның Дорабай - Жайлаукенің ұрпағы. Дүйсенбин Амантай - Бостандық ауылының атын шығарған механизаторларының бірі.

Соғыстан кейінгі жылдары жасынан механизаторлық курстарды бітіріп, ДТ - 54, МТЗ, К - 700 тракторларының барлығының рөлінде ойнаған ауылдасымыз. Амантай К - 700 тракторымен Ресейдің алыс орналасқан Түмен жерінен ауылда тұрғын үйге қажетті құрылыс материалдарын тасыды, алыс жолдарға жүк тасымалдауға ұжымшар басшылығы Амантай жездемізді жіберетін, себебі өзі қарулы, жасынан күреске түсіп палуандығы бар, қиын жұмыстарға өзі сұранып барушы еді.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге де қатысты, К - 700 тракторымен өзіне жүктелген жер жырту есебін орындағаны үшін ауылшаруашылық мерекелерінде жиі алғыс хаттарға ие болатын.

1980 жылдары ауылшаруашылығын дамытудың бесжылдықтың жоспарын орындаудағы жетістіктері үшін Амантай Дүйсенбіұлы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

Ұлы Мейрам және Өмір деген баласынан қалған немересі Саят Қызылжарда тұрады, жұбайы Дариха ауылда Қанат деген қызымен бірге тұрады.

## *Ауылым – алтын бесігім*

XX

### *Хамзин Үкімет (1937 - 2002)*



Түбі Махамбет ауылынан, атақты Байзақтың інісі Қожахметтің шөбересі. Байзақ аталарына тартқан аса ірі денелі кісі болса да өте қарапайым, «қой аузынан шөп алмайтын» момын, көнбіс адам еді.

Бостандық колхозының дамуына мол үлес қосқан ағамыз Хамзаның жанұясы үлкен болды. Базар әжемізбен екеуі Үкімет (Нұрғали), Әбуғали, Мейірман, Оразалы, қызы Зада, Ерғали деген ұлдарын соғысқа және соғыстан кейінгі ауыр жылдары қиыншылыққа қарамастан мәпелеп өсірді. Ұлдың үлкені болғандықтан үй шаруашылығындағы барлық ауыртпалық Үкімет ағамызға түсті. Өте еңбекқор ағамыз, інілерінің аяғынан тік тұруына көмектесіп, көп жыл механизатор болып жұмыс істеді. Зейнеткерлікке жеткенімен көп жылғы механизаторлық ауыр жұмыс әсер етпей қоя ма, еңбегінің зейнетін көре алмады. Қайникамал жеңгей екеуінен тараған алты ұлдың ұрпақтары еліміздің түкпір - түкпірінде еңбек етуде, Ниязбек пен Ербол деген ұлдары Астана қаласында тұрады.

### *Құлатаев Жақсылық (1937 - 1986)*



Түбі Көксау ауылы, Бике тұқымына жатады. Нағашы атасы Жақияның тәрбиесінде болды. Бостандық жетіжылдық мектебін бітіргеннен кейін трактористердің қысқа курсына аяқтап, еңбекке араласты. Әскери міндетін Свердлов, қазіргі Екатеринбург қаласында өтеді. Үш жылдай борышын өтеп болған соң, ауылда механизатор болып еңбек етті. Мінезі өте салмақты, қарапайым еңбекқор ағамыз Раушан жеңгеміз екеуі үш ұл, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Алланың жазуы болар ағамыз 49 жасында кенеттен қайтыс болды, балаларының қызығын көре алмады. Алла жар болып, топырағы торқа болсын, артында қалған жеңгеміз Раушан және балалары мен қыздары ағамыз көрмеген қызықты көрсін деп тілейміз.

### *Құлатаев Баймолда (1934 - 1995 )*

Түбі Көксау ауылы, Бике тұқымына жатады. Әкесі Есентемір Ұлы Отан соғысына қатысып, елге оралған соң әкесінің қасында жүріп еңбекке

## **Нәсиев Қажымұрат**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРМАГЕНДІК ҚОҒАМЫ



араласады. Көп жыл ауылымызды механизатор, жұмыс арасында балташы, ұсталық жұмыстарды атқарды. Қолы шебер әкесіне тартқан Баймолда темірден түйін түйетін азамат еді. Әкесі Есентемір атам Жақияның жиені болғандықтан, анасы Зейнеп әкеміздің туған апасы болғандықтан маған ол екі жақты жиен болатын.

Жолдасы Мансор Латыпов екеуі бірге әскерде болып, елде достығы айырылмаған жолдастар болды, ұсталықтың балғасын бірге ұстады. Олар ауылымыздың көркейіп өркендеуіне өз үлестерін қосқан ардақты ағаларымыз еді.

Кеңестік заманның саясаты ағаларымыздың бой көтеріп еңбек етуіне жағдай жасамады, екеуі де ерте дүниеден озды. Сағынай жеңгеміз екеуінен тараған ұрпақтары, қыздары ауылда Мүрсәлімов, Қазыкеновтардың түтінін түтетіп отыр. Қалған қыздары Қызылжар қаласында тұрады, жиен ағамыздан ер бала болған жоқ.



**Өткен** ғасырдың 28 - 29 жылдары Қазақстанда байларды тәркілеу басталғанда **Манабаев Кәкімнің** ұлы атасы Маңабайдан тараған тұқымдары Ресейдің ішіне көшіп кеткен. Маңабайдың Сақау деген баласының Камалиінен туған Кәкім 1942 жылы Қорған облысының Макушино ауданында туған екен. Балалық шағы Мәуліт ауданының Сенжарка селосында өтті. 1958 жылы анасы және үлкен апасымен ауылға көшіп келеді. Анасы жағынан Нұрабай

ауылына жиен, анасы Қазыкеновтардың немере қарындасы болады. 1959 жылы тракторист курсы Ново - Михайловка селосында бітіріп шыққан соң тракторист болып жұмысқа тұрды. 1960 - 63 жылдары Қызылжардағы ауылшаруашылық техникумын бітірген Кәкім 1969 жылдарға дейін механик болып № 3 – ші бөлімшеде жұмыс істеді. Орыс арасында өскен, қазақшылықты білмесе де, Кәкім техниканың тілін жетік білетін, өз жұмысына берік болған оны басшылар 1975 жылдары Бостандық бөлімшесінің басқармалығына тағайындады. 1976 - 87жылдары механик, 1987 - 1993 жылдары бригадир болып ауылға еңбегі сінді. Әттең не керек, ауыр науқастан ерте дүние салды. Балалары: Данияр, Бағдаттан тараған ұрпақтары Қызылжар қаласында анасы Зурашпен бірге тұрады.

## **Хасенов Қани** **(1935 - 2009)**

Түбі Балғабек ауылы, Мырзаның Өтел- Қосалының Ералысынан. Ауыл мектебінің бастауыш сыныбын бітірген соң, Октябрь жетіжылдық мектебінде, одан кейін ауыл балаларымен бірге Қызылжар қаласындағы Калинин атындағы жалғыз қазақ мектебінде оқыды, бірақ оқуын жалғастыра



## *Ауылым – алтын бесігім*

Алматы облысы, Бостандық ауданы, Бостандық ауылы



алмады. Күлжиян Кәкімқызымен жанұя құрып, Мұрат, Сенбай, Талғат, Айбат деген ұлдарын дүниеге әкелді. Екі қызы тұрмыста. Сенбай деген баласы жол апатына ұшырады, одан қалған немерелері Боголюбово селосында, басқа балалары Бостандықта тұрады.

Жасынан еңбекке ерте араласты, есепке өте жүйрік еді, содан болар көп жыл бойы мамандығы болмаса да туған ауылында қырман меңгерушісі, есепші болып қызмет атқарды. Зейнеткерлікке шыққан соң, көп ұзамай ауыр науқастан қайтыс болды. Топырағы торқа болсын, Алла жар болып, көрмеген қызығын артында қалған балалары мен немерелері көрсін. «Артында қалған оңалар» дейді қазағым, Қани ағамыздың балалары орынды, еңбекқор жандар.

### *Сыздықов Қалиолла*



Түбі Самайдың Айтбай тармағы, Есенгелді - Маңабайының Сүттібай тұқымы. Айбастың немере ағасы. Бостандық ауылында есепші, өмірінің соңғы жылдары мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді, өте қарапайым, қағылгез кісі болатын. Іңкәр жеңгемізбен жанұя құрып, үлкен отбасы болды, өсіріп мәпелеген балаларының қызығын көруге ауыр науқас жібермей қайтыс болды. Іңкәр көп жыл бойы Бостандық мектебінде техникалық қызметші болып, зейнеткерлікке шықты. Балалары: Бектас ауылда, Бақыт пен Серік Қызылжар қаласында тұрады.

### *Қазыкенов Баян (1932 - 1990)*



Түбі Нұрабай ауылынан. Мырзаның Барлық - Жанұзақ тұқымынан. Бостандық ауылында көп жылдар механизатор болып жұмыс істеді, Үмітжан жеңгей екеуі үлкен шаңырақ иесі атанды. Өте бір ойыншыл ағамыз еді. Әсіресе өзінен кіші балалармен көп қалжыңдасатын. Балаларының ішінде әкесінің қуақы-күлдіргі мінезін Сырымбет, немересі Әзілхан иеленген. Балалары: Тұрлыбек, Асылхан, Қарабай, Сырымбет, Құрмет Бескөл мен Қызылжарда тұрады. Жәніс деген ұлы Бостандықта әке шаңырағын ұстап отыр.

**Сыздықов Тасболат** түбі Төлеп ауылынан, Несіпбай - Сүлеймен ұрпағы. Жумин Нәси, Қайроллин Қабиденмен аталас. Бостандық ауылында көп жыл механизатор болып еңбек еткен Тасболат ағамыз інісі Марәнмен

## **Нәсиев Қажымұрат**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа Қазақстан» идеясына толық қолдау білдіріп, еліміздің дамуына өзіндік үлес қосқан азаматтар.

80 жылдары ауылымыздан Булаев ауданына көшіп кетті, ұрпақтары сол жақта. Інісі **Сыздықов Мәрөн** майталман елге еңбегі сіңген механизатор еді, өмірден ерте кетті, Бикеш апамыз жастай жесір қалса да ағамыздың шаңырағын құлатпай шиттей балаларын ер жеткізді, екінші ұлы Мараттың қолында ауылда, Мұраты мен келіні Үмітжан Мәуліт кентінде тұрады.



**Сыздықов Тасболат пен  
Қазыкенов Баян**

Туған ауылына еселі еңбегі сіңген азаматтар ауылымызда көптеп саналады. Олардың кейбіреулері тағдырдың жазуымен ертерек о дүниелік болып кетті. Олардың әрқайсысының өмір жолын жаза берсең бір кітап боларлық, еселі еңбегімен туған топырағының гүлденуіне ат салысып, кейінгі ұрпағының дамуына қажетті барлық жағдайды жасаған аға – інілеріміздің бірі

## **Уәлиев Назар**

Түбі Самай Маңабайдың Сүттібайынан. Уәлиев Нұғыманның туған інісі. Октябрь ауылында жеті жылдықты бітіріп келгеннен кейін ерте еңбекке араласты.

Тракторист - мезханизатор мамандығын игерген соң, көп жыл бойы «Беларусь» МТЗ тракторымен мал шаруашылығына қажетті жем-шөп дайындау бригадасында жұмыс істеді. Шапшаң, сөзге шешен Назар ағамыз «барды бар, жоқты жоқ» деп тура сөйлейтін, сондықтан да бастықтарға кейде жақпайтын. «Шындықты тура бетке айтқан адам кімге жағушы еді» деп Назар ағамыз кейде партия жиналыстарынан кейін ағынан жарылатын. Ол кісі қатысқан партия жиналыстары қызу пікірталаспен өтетін.

Талапкер ауылының тумасы Қорлығайың жеңгемізбен шаңырақ көтеріп, үлкен жанұяның басы болды, әттең ерте дүние салды. Ұрпақтары Қызылжар қаласында тұрады.



## **Мақсұтов Шәріп (1932-1988)**

Түбі Махамбет ауылы, Байзақ- Қожахметтің немересі. Ауылға соғыстан кейін, елуінші жылдардың соңына қарай келген еді. Көп жылдар бойы Ресей жерінде жұмыс істеген Шәріп ағамыз ауылдың соғыс уақытында тұралап қалған шаруашылығын қалпына келтіруге бірден кірісіп кетті. Техникаға жақын болды, ауылдың ұсақ -

## *Ауылым – алтын бесігім*

**ЖАЛҒЫЗБАСТЫ**

түйек электр аспаптарын бір өзі жөндейтін. Алғашқыда жалғызбасты болғандықтан апасы Шаяхина Бағиланың қолында тұрды. Кейіннен Қалиакбардың Ұмсынайына үйленіп, жеке отаулы болды.

Электромонтер, радист болып қызмет істеген ағамыз, Бостандықта бір орталықтандырылған су жүйесі тартылғаннан кейін, су тарататын мұнара, көшеде орнатылған су колонкаларын бақылап, суықта қатып қалмауын қадағалады. Сол уақытта Солтүстік Қазақстан жерінде ауыл - селоларға және қалаларға тартылған дүние жүзіндегі ұзындығы жағынан ең ірі Булаев пен Есіл екі су торабы жұмыс істейтін. Міне, біздің ауылға келген су торабының жағдайына жауапты Шәріп болды.

Әдеміше келген, аздаған бетінің бұжыры бар Шәріп ағамыз әзілқой еді, әсіресе кішкентай балалармен қалжыңдасып көп ойнайтын. Ерте дүниеден өтті. Артында қалған екі ұлы, екі қызы бар, Төлегені Қызылжар қаласында тұрады. Кіші қызы Бақытжан Бостандық мектебін жақсы бітіріп, Қызылжар қаласындағы пединституттың тарих факультетін алғашқы бітірген шәкірттеріміздің бірі. Үлкен ұлы Төлеген (Төлеш) Шәріп ағамызға тартқан өте әзілқой, нағыз әртіс - пародистің өзі. Көп жылдар бойы Бостандықта машина жүргізуші болып жұмыс істеді. Біздің ауылдастарымыз Төлеш отырған жерде шек сілесі қатып, көздерінен жас аққанша күлкіге кенелетін. 1980-90 жылдары ауылдың жігіттері күнде таңертең «Андреевский» кеңшарының орталық машина - трактор шеберханасына Төлештің «хозяйка» машинасымен баратын, бірде апарған жігіттері бастықтардың жоғын пайдаланып, жұмыс орнына бармай домино ойнап, ырду-дырду болып отырғанын көрген Төлешіміз сол кезеңдегі кеңшар директоры Естай Алпысбаевтың даусына айнытпай келтіріп, алыстан сөйлей бастайды. Шошыған жұмысшылар қайда тығыларын білмей опыр - топыр болып, жұмыс орындарына қашады. «Директор әне кіріп келеді, міне келеді» - деп тосқан жұмысшылар ыржиып, сақ - сақ күліп тұрған Төлешті көргеннен кейін, өздерінің алданғанын біледі. Төлештің осындай бастықтардың сөйлеген сөзін айнытпай келтірген талай қызықтарын ауылдастарымыз осы күнге дейін жыр қылып айтып отырады. Әттең Төлеш оқи алмай қалды, әйтпесе, нағыз әртіс - күлдіргіш болатын еді.

## *Сатенов Жақсылық*

Жасынан жетім қалып, ағасы Мәжитпен ағайындары Уәлиевтардың тәрбиесінде болды. Өте қарулы, палуан денелі Жақсылық ағамыз жасынан күреске де түсіп жүрді, көп жыл бойы мал шаруашылығында абройлы жұмыс істеді. Ұрпақтары ауылда және Қызылжар қаласында тұрады.

Үлкен ұлы Ербол, Ерболаты және Қимақасы Бостандық ауылында тұрады. Немересі Еркебұланы үйленген Қызылжарда тұрады.



## *Нәсиев Қажымұрат*

жазылған жазбаларының басталғанын білдіретіндігіне куәлік болып табылады.



*Сатенов Жақсылық немересімен  
(1933 - 1991)*

## *Қойшыбаев Тұяқ (1934 - 2009)*



Түбі Үшкөл ауылының самайына жатады. Бостандықта екі Тұяқ, бірі Мұқанның және Қойшыбайдың Тұяғы. Қойшыбаев Тұяқты «Бала Тұяқ» деп атап кеткен, оның себебі де бар, жасынан әкеден ерте айырылған Тұяқ ағамыз еңбекке жастай араласқан, қолы өте шебер еді, әсіресе ағаштан ою ойып, түйін түйетін. Жақия атам Тұяқты өте еңбекқор деп бізге үлгі қылып отыратын, он - он екілер шамасында болса керек, қазақтың шошаласын салған, шетен талдан орамды бекітетін қоршау тоқыған (бүгінгі балалар оны көрмеуі де мүмкін, шошала киіз үй сияқты, тек қабырғасын талдан шетен тоқып, шаңырағын ағаштан қиятын). Бойы аласа ғана болса да, аяғының астына саты қойып, жанын сала жұмыс істейді екен. Латыпқызы Күлжиянмен жанұя құрды, ұлы Ержан Ленин ауылында тұрады, Нұрланы ауылда үйлі-жанды болып отыр.

## *Ахмадиев Ноян (1932-2005)*

Балта - Мырза тармағы, Өтел - Қосалынан, бірақ Нұрабай тұқымы атақты Сәтпай ағамыздың тәрбиесін көрді. Өте қарапайым, қой аузынан шөп алмайтын, көп сөйлемейтін нағыз кеңпейілді ағамыз еді. Кезінде трактор жүргізіп, тың игеруге қатысты, бірақ негізінен мал шаруашылығында еңбек

## *Ауылым – алтын бесігім*

Әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан әлдеқашан



етті. 50 - 60 жылдары мал шаруашылығында еңбек ету екінің бірінің қолынан келе бермейтінін ескерсек, техникасыз, ат - өгізбен мал қораларға жем - шөп тасу, оны таратудың ауыртпалығы өте қиын болды. Міне, осыған шыдаған Ноян ағамыздай нар тұлғалы еңбекқорлар, кейіннен зейнеткерлікке шықты.

Алланың берген уақытына сай, бала - шағасының, жалғыз ұлы Мәлігінің қызығын көріп кетті.

### *Ношанов Кеңес (1940 -2008)*



Түбі Самай руы, Айтбайдың Маңабай тармағының Құттыбайына жатады. Аздаған жылдар Қызылжар қаласында кеңес заманында атағы жер жарған ет - консерві комбинатында жұмыс істеді. Сол жылдары Кеңес одағына қарайтын 15 одақтас республиканың ішіндегі ет комбинаттарының арасында Семей қаласынан кейінгі біздің Қызылжар ет - консерві комбинаты өнім өндіру жөнінде үшінші орынды иеленетін.

#### *Ношанов Кеңес*

Кейіннен елге оралып, ауылда зейнеткерлікке шыққанша механизатор болып жұмыс істеді.

Қарапайым, өз еңбегіне сүйенген азамат еді. Жолдасы Айтжан жеңгеміз бен Бақыт деген баласы және немересі Тәттігүл ауылда тұрады.

**Елде туып, бірақ басқа жерге қоныс аударса да, қажырлы еңбек еткен ағаларымыздың көпшілігі бүгіндері армызда жоқ. Олардың өмірбаяны жеке бір тарих. Ескендіров Жансерік, Сәлменов Жоламан, Ыбраев Қазыбек, Құрманғалиев Жақсылық, Ғалымжанов Серікбай, Айтқұлов Бүркіт, ағайынды Әдилшин Ерсаян, Ағыбай, Шаяхин Сәлкен, Мүрсәлімов Мәлік** сияқты ағаларымыз бен інілерімізді еске ала отырып, топырақтары торқа болсын, артында қалған балалары мен немерелеріне ғұмыр жас берсін деп тілейміз. **Әдилшин Ағыбай** жоғарғы білімді, тау-кен саласында басшылық қызыметті аброймен атқарса, **Шаяхин Сәлкей** облысымыздағы бірнеше ауылшаруашылық кәсіпорындарында жемісті еңбек етті. **Мүрсәлімов Мәліктің** есімі облысымыздың спорт тарихына алтын әріптермен жазылған.

Ендігі сөз бүгінгі күні көзі тірі апаларымыз бен тәтейлер туралы болмақ, көзі тірі кейбір апаларымыз туралы деректер мен бейне суреттер жиналмағандықтан кітапқа баса алмадық.



## *Ауылым – алтын бесігім*

*Ауылым – алтын бесігім*

Ауыл тарихын жаза отырып, бүгіндері көп жылғы еңбегінің жемісін көріп, зейнеткерлікке жуырда ғана шыққан азаматтарды айтпау күнә болар еді.

Шаяхин Мәлкен, Дүйсеков Аманбай, Мейрамғалиев Сайран, Ережепов Кәдірбай, Ақынов Мейрман, Нұртаев Құрмантай, Уәлиев Қайырбай сияқты ауылдастарымыздың өмірі, қажырлы еңбек жолы, Бостандық ауылының болашақ жастарына үлгі боларлық.

Аға буынның артын ала жас та болса жақсы еңбегімен көзге түскен інішектерді атасақ бірден аузымызға **Мантаев Жасұлан, Седуов Амангелді** ілігеді. Жастайынан әкеден жетім қалып өмірдің ащысын көріп, еңбекке ерте араласқан Жасұлан да, Амангелді де еңбекпен шыңдалды, **Қайыржан мен Раузадай** аналардың аялы алақанының арқасында нағыз адам болды.



*Көп жыл бой механизатор болған,  
жүгері өсіруде көзге түсіп, «Еңбектегі ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған  
Сәдуов Амангелді анасымен*

Бостандық ауылында ұзақ жылдар бойы механизатор болып еңбек сіңірген, бүгінгі күні зейнеткерлікке шыққан, **Шаяхин Мәлгаждар (Мәлкен) Қауашұлы** ауылдың экономикалық өрлеуіне мол күш жұмсаған азамат. Жанын салып еңбек еткен кеңестік дәуір келмеске кетсе де, тәуелсіз алған елімізде басталған жаңа нарықтық экономикаға көшуге ат салысты.

«Бостандық» шаруа қожалығының аяғынан тік тұруына күш салған белсенді азаматтардың бірі еді, бірақ та өтпелі кезеңнің қиындығы, «ақшаға құныққан» нарық заманы ауылға жетіп, ағайын арасындағы туыстық, ауыз-біршілік кейінге ысырылғанда Мәлкен ағамыз шаруашылығын тастап, қалаға көшті.

Кеңестік дәуірде, Бостандық ауылы «Андреев» кеңшары құрамында болған уақытта Мәлкен жүгері өсірудің нағыз маман - майталманы болды. Арнаулы жүгері звеносын құрып, жүгеріден мал азықтық қор дайындаудан рекордтық көрсеткіштерге жеткені үшін бірнеше аудан, облыс бойынша марапаттауға ие болды. Қарындасымыз Тиыштықпен бірге жанұя құрып,



## ***Нәсиев Қажымұрат***

***Қазақстан Республикасының Қызылжар қаласында өмір сүрген азамат.***

төрт ұлының үшеуіне, бір қызына жоғары білім әперген ата-ана. Бір баласы ауылда, қалғандары Қызылжар қаласында әскери қызметте.



***Төмендегі суретте: Шаяхин Мәлгаждардың бригадасы үзіліс кезінде мәдени-үгіт бригадасының мүшелерімен әңгімелесуде.***

(Нұрмұқанов Ерден, Құсайынов Мұрат, Сатенов Ерсін, Шаяхин Мәлгаждар, Сералин Сейіт, Қазыкенов Баян, Ғаббасов Сәбит.



***Мейрамғалиев Сайран Ғалымұлы  
(1946 жылы туған)***

Нұрабай ауылының тумасы, Жанұзақ тұқымынан. Бостандық жетіжылдық мектебін бітірген соң, Қызылжар қаласындағы қазақ орта мектебінің сегізінші сыныбына оқуға түсті, бірақ Сайран оны бітірместен теміржол кәсіптік мектебіне ауысып, электр - жөндеуші мамандығын алып шықты. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында ондай кәсіптік мектепке баруға ауыл балаларының жүрегінің батылы жетпейтін, бірақ жасынан өр кеуделі Сайран оны бітіріп шығып, көп жылдар бойы «Андреевский» кеңшарында электрик болып жұмыс істеді. Құрдастары Сайранның кейбір «тіктеу» мінезіне, тәртібіне күліп, «біздің ЖУ - шник» дейтін (железнодорожное училищенің оқушысы деген қысқартылған сөз). Қанша

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Жолдасым – алтын бесігім*

дегенмен Сайран жарымсақтануды білмейтін, тура сөйлеп, кейде ауылдастарына жеккөрнішті болып қалса да, өзім деген жора - жолдастарын қатты сыйлайтын. Ауылдық тіршіліктің қиындығынан да бірінші болып құтылған Сайран, қазір Қызылжар қаласында тұрады. Жұбайы Зура көп жылдар ауылда алдыңғы қатарлы сауыншы болды, кейіннен зейнеткерлікке шықты.

Үлкен ұлы Айдостың оқыстан дүние салуы Сайран мен Зураға орны толмас қайғы әкелді, Алланың басқа салғанына кім көнбейді, баласынан қалған жалғыз көз Айдарының қалқиып өсіп келе жатқанына шүкіршілік етеді. Жандосы ішкі істер органында қызмет істейді, офицер атағы бар. Жандосынан үш немересі бар, өсіп келе жатыр.



### *Ереженов Кәдірбай Ереженоұлы (1946 жылы туған)*

Түбі Аппақ ауылының тумасы, Мырзаның Байжан- Байтілеу Бейсенбісінің ұрпағы. 1960 жылы ауыл мектебінің жетінші сыныбын бітірген Кәдірбай денсаулығына байланысты және әкеден ерте жетім қалған ол іні - қарындастарын оқытамын, асыраймын деп оқи алмады. Боголюбово селосының жанындағы тракторист - механизатор даярлайтын кәсіптік мектепті аяқтаған соң, ауылда тракторист - механизатор, жүргізуші, слесарь, астық қоймасының меңгерушісі болып жұмыстар істеді. Тракторист

*Ереженов Кәдірбай*

болуына тікелей ықпал еткен немере ағасы Омардың Қадыры еді. Ол кісі машина апатынан қайтыс болды. Өте бір тура мінезді, еңбекқор адам еді. Көп жыл бойы механизатор болып, тың игеру жұмысына қатысқан, беделді азамат болатын. Күләш деген ақжарқын жеңгеміз екеуі тату - тәтті өмір сүрген еді, әттең артында ұрпақ қалмады, Күләш жеңгеміз түбі Үшкөл, Таласпаев Есімғалидың туған апасы болатын.

Кәдірбай жасынан еңбекқор, жұмысқа тиянақты болды. Сайран, Аманбай сияқты құрдастары кейде қылжыңдап, «сен көп сөйлейтін мылжыңсың, ішің тар, қанша мақтаншақ болсаң да, еңбек істесең де Мәлкен, Асылбек сияқты еңбегінді ауылдың бастықтарына көрсете алмайсың, сені бағаламады, марапаттамады», - деп Кәдірбайды ызыландыратын, ол оған әжептәуір ренжісе де, артына зіл қалдырмайтын. Зейнеткерлікке шықса да жұмыс істеуді тоқтатпаған Кәдірбай өзі сияқты құрдастарына: «Тез кәртаймаудың бірден - бір емі - жұмыс істеу» деп ақыл айтады.

Жолдасы Майра орыс арасында өскен қызы болса да қазақы мінезді, енесі Мариямды аялап күтті. Кәдірбай кеш үйленсе де, оған үш бірдей маңдайы торсықтай ұлдарды сыйлады. Үлкен ұлы Тілеуқабылы Мәуліт аудандық оқу

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**ҚАЖЫМҰҚАН ДЕЙТІНБІЗ**

бөлімінің білдей маманы, Жанғабылы мен Жәнібегі әскерден келген соң еңбекке араласып, әкесіне көмектесуде, ауылда жұмыс істейді.



***Дүйсеков Аманбай***

***Дүйсеков Аманбай Дүйсекұлы (1946 жылы туған).*** Мырзаның Дорабай ұрпағынан тарайтын Аппақ ауылының азаматы Аманбай Дүйсеков жастайынан еңбекке араласты. Ересек жұмыс істейтін Шахман, Үмітбай сияқты ағалары болса да, оқуға зирек Аманбай оқуын жалғастыра алмады. Жасынан ауыр атлетикамен айналысатын, түбінде штангист бола ма деп үміттенетін едік. Бір қолынан жарақат алған соң ауыр атлетикамен айналысуды қойып кетті. Тұстастарымыздың арасынан да ерте үйленді. Бүгіндері үлкен жанұяның басы болған Аманбай зейнетке шығып, немерелері мен жиендерін

бағуда.

## ***Кәкімов Ерсайын (1946 жылғы)***

Түбі Төлеп ауылы, Кәкім деген кісінің тәрбиесінде болды. Әкесі ерте дүниеден өткен екен. Жетімдікті зардабын көрген Ерсаян жетіжылдық мектепті жалғастыра алмады, ерте жұмысқа араласып, қартайған анасы Қадиша апамызды күтті. Келіншегі Нағима Тауағаш ауылының тумасы. Елден ертерек көшіп. Мәуліт қаласының жанындағы Воскресеновка селосында тұрады, ұл - қыздары ер жетіп немере сүйіп отыр.

Ерсайын өз тұстастарының арасынан ерекше күштің иесі ретінде көрінетін, ерте жұмысқа араласқан соң ба, әлде табиғи берген дене бітімі ме, өте қарулы, тарамыс, бұлшық еттері білеу - білеу көйлегінің жеңін кере шығып тұратын, нағыз ауылдың балуаны еді, біз оны Қажымұқан дейтінбіз. Алпысыншы жылдары әлі де болсын ауылдағы бөлімше малын күтуде техника күші жетіспейтін, Ерсайындар жем - шөпті қолмен шанаға артып, әкеліп малдарға қолмен тарататын, сонда да бір шаршамайтын, екі - үш кісінің істейтін жұмысын бір өзі істеп жүре беретін.

## ***Ақынов Мейірман Хамзаұлы (1947 жылы туған)***

Түбі Махамбет ауылынан, Керей - Балтаның Мырзасына жатады. Бостандық ауылында әскерден келген соң механизатор болып жұмыс істеді. Қой аузынан шөп алмайтын, нағыз жайбасардың бір өзі, момындығында шек жоқ, үстіне шығып жатсаң да бір мыңқ етпейтін сабырлы. Ешкімде жұмысы болмайтын, артық сөзге бармайтын, кішіпейіл кісі. Көршілері болмаса, ауыл адамдарымен онша араласқан емес. Құрдастары онымен «бір дастарқандас бола алмадық» деп өкпелейтін.



## *Ауылым – алтын бесігім*

*Жолдасы Баян ақжарқын, адамдармен тез тіл табысатын, қарапайым қайырымы мол жан еді, әттең ерте дүние салды. Жалғыз ұлдары Арғын үйленген, кішкентайлары бар. Мейірман зейнеткерлікке шыққаннан кейін Рассвет ауылына қоныс аударды.*

Керісінше, жолдасы Баян ақжарқын, адамдармен тез тіл табысатын, қарапайым қайырымы мол жан еді, әттең ерте дүние салды. Жалғыз ұлдары Арғын үйленген, кішкентайлары бар. Мейірман зейнеткерлікке шыққаннан кейін Рассвет ауылына қоныс аударды.

### *Бостандық мектебінің ұстаздарының әр жылдары түскен бейнесуреттері*



*Нұртаев Темірболат - сурет және сызу пәнінің мұғалімі  
Шәріпов Нұрсайын - директордың тәрбие және сыныптан тыс жұмыстары жөніндегі орынбасары.*



*Бостандық орта мектебінің 1976 – 1977 жылғы түлектері.*

Бұл жылы мектеп бітірушілердің саны 30 оқушыдан асты.

Олардың арасында Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың қолынан жоғарғы мемлекеттік «Барс» орденін алған түлегіміз **Арыстан Жұнысов** та бар (соңғы қатарда оң жақтан алтыншы тұр).

**Ортада сынып жеткшілері** Аубакирова Гүлзейнеп (Оспанова), Нәсиева Нағима Хамитқызы.

**Бірінші қатарда:** Есмұқанова, Нұрғалиева, Дүйсенбина Сауле, Шаяхина Бақытжан, Сағандықова Жаңыл, Дүйсекова, Қайырнасова, Токмейілова.

## ***Нәсиев Қажымұрат***

***Қызылжар қаласын аралады.***

**Екінші қатарда:** Валеева, Құлатаева, Мейрамғалиева, Ғабдуллина, Мантаев, Нұрақаев, Садуақасов, Сақиқов, Мұқанов, Сарбасов,

**Үшінші қатарда:** Латыпов Жаңатілек, Сатенов Ерсін, Балағанов Баяхмет, Қорғанбаев, Әділшин Бегайдар, Мүрсәлімов Рашит, Жұнысов Арыстан, Жанболатов Асқар, белгісіз, Абдрахманов Алтынбек, Қасымова Сауле, Балағанова Нағима.



***Бостандық мектебінің оқушылары 1981 жылдың жазғы демалыс уақытында  
Қызылжар қаласын аралады.***

Суретте мұғалімдер Қарабатырова Айнакөз, Сағындықова Алма, Нұрмұқанова Қамиша және мектеп директоры Нәсиев Қажымұрат.

***Бостандық мектебінің ұстаздары 1984 – 1985 оқу жылы  
ескі мектеп ғимаратының жанына 1960 жылдары отырғызылған бақша  
алаңында түскен сурет***



**Бірінші қатарда:** Сыздықова Күлшара, Есмұқанова-Дүйсекова Нұржан, Нәсиева Нағима, Оспанова Күлзейнеп, Сағындықова-Тастанбекова Алма, Қасымова Дарика (марқұм), Смайлова Айман.

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі*

**Екінші қатарда:** Нұртаев Темірболат, Оспанов Ерсайын, Шәріпов Нұрсайын, Шаяхин Мұхамедияр, Қайырнасов Тілеужан, Нәсиев Қажымұрат, Топышев Толқын, Қайырнасова Зира, Нұрмұқанов Орынбай, Есмұқанова-Мүрсәлімова Ұмсын.

*Бостандық орта мектебінің ұстаздар ұжымы*

*1992 - 1993 оқу жылы. Жаңа оқу ғимаратының алдындағы алаңда*



**Бірінші қатарда:** Оспанов Е.О., Аскандиров Н.Б., Садуақасова Г.Ж., Нұртаев Т.Б., Мантаева Г.М.

**Екінші қатарда:** Махмутова Б, Смаилова А.Ә., Топышева Қ., Сағындықова А.А. Қайырнасова З.Б., Нәсиев Қ.Н., Нәсиева Н.Х., Аюпова Г.Е., Сыздықова К.М., Сарбасова А.К.

**Үшінші қатарда:** Мұхамеджанова А.Қ., Мүрсәлімова Ү.Р., Қарабатыров М.Н., Қайырнасов Т.М., Дүйсекова Н.Р., Мантаева К.Ж., Қарабатырова Г.Е., Аюпова Г.Е., Құлатаева Ә.Қ.

*1991 жылы Бостандық ауылы жаңа типті жобамен салынған мектеп ғимаратына көшті, жаңа талаптарға сай жабдықталған кабинетте сабақ өткізу оқушылардың білім сапасын арттыруға жағдай жасады.*



*Жоғары санаттағы тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі, сынып жетекшісі Нәсиева Нағима Хамитқызы Бостандық орта мектебінің 2004 жылғы түлектерімен*



*Нәсиев Қажымұрат*

*жауапкершілікпен қарайтын*



*1999 жылғы түлектер*



*Бостандық орта мектебінің жаңа ғимараты  
(20 жыл өткеннен кейінгі көрінісі)*





*Нәсиев Қажымұрат*

жауапкершілікпен қарайтын



*Бастауыш сыныптың мұғалімі Нәсиева Әсемгүл Жұмашқызы*




*Ең алғашқы рет Бостандық мектебінің ұжымының ұйымдастыруымен Қазақ халқының төл мерекесі Әз - Наурыздың 1987 жылдары мектеп ғимаратында өтуінен көрініс*

*Сол жақ шетте оқушы Дүйсенбина Қ, ортада Есмұқанов Рәш ағамыз бен Жанбике тәтеміз, шетте Жанболатова және Топышева - Сәдуова Гүлбаршын.*



## Ауылым – алтын бесігім

Ауылым – алтын бесігім



*Суретте:* Аскандиров Ерден, Қойшыбаев Тұяқ, Қазыкенова Үмітжан және Мүрсәлімова Зайкөш тәтеміз қазақтың салт - дәстүрін «Бесікке бала бөлеу» көрінісін бейнелеп, әрі «Бесік жырын» әнге қосуда.



*Суретте:* келін түсіру рәсімінен көрініс қоюшылар: Көкеева Гүлнәр қайын сіңілісі рөлінде, Аскандирова Күлзипа келінін қарсы алып тұрған ененің рөлінде, Мұқамеджанова Айжан жаңа түскен жас келін рөлін сомдады.

*Нәсиев Қажымұрат*

*жауапкершілікпен қарайтын*



*Суретте: Күлжиян, Жақсықыз, Күлзипа, Бикештің анасы, Жәкен, Мәркен апаларымыз ауылдағы ең бірінші өткізілген Наурыз тойында*



*«Өлі разы болмай, тірі байымайды»  
деп ауылдастарымыз ата - баба аруақтарына арнап аят оқытуды ұмытқан емес*







## **Азаматына қарап елін таны**

(Бостандық мектебінің, елінің атын шығарған тұлғалары)



*Есмұқанов Фазез  
Есмұқанұлы  
(1936 жылы туған)*

*Есмұқанов Фазез Есмұқанұлы.* Бостандық бастау - ыш мектебінің 1950-1951 жылғы тұлғасы. Фазиз ағамыз Омбы ауылшаруашылық институтын бітірген соң, облыс шаруашылықтарында агроном, бас агроном және партия ұйымының хатшысы болып, аудандық атқару комитетінің төрағалығына көтерілді. Соколов аудандық атқару комитетін басқарғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің хатшысы болды. Фазездің ұйымдастырушылық қабілетінің деңгейін байқаған республика басшылығы, оны Қазақстан Республикасының Коммунистік партиясы Орталық комитетінің ауылшаруашылық бөлім меңгерушілігіне, Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына, одан кейін Көші - қон комитетінің төрағасы қызметіне дейін көтерді. Ел басшылығы Фазездің елге сіңірген еңбектерін бағалап қатарынан төрт дүркін «Құрмет белгісі» ордендерімен марапаттады. Қазір құрметті демалысқа шықты, еліміздің әсем қаласы Алматыда тұрады.

*Сағындықов Болат Мағазұлы.* Көп жылдар бойы ауылшаруашылық саласында қатардағы агрономнан облыстық ауыл шаруашылық басқар - масының орынбасарлығына дейін көтерілген. Бескөл аудандық партия ұйымының екінші хатшысы, Озерный ұжымшарының директоры болып еңбек етті, зейнеткерлікке шықты. Бірнеше мемлекеттік орден, медальдармен марапатталған құрметті азамат.

Облыстық басшылықта болған кезеңде Бостандық ауылынан Арқалыққа баратын грейдер жолдың салынуына, қазіргі Бостандық типті мектебінің тез бітуіне көмегін аяған жоқ. Жырақта жүрсе де, ағамыздың жүрегі «Бостандығым - ауылым» деп соқты, оны өзінің маржандай мөлдір, шынайы сезімге толы өлең жырларында жырлады.

«Ауыл жыры», «Дала жыры», «Өмір жыры» деген атпен үш өлеңдер жинағы жарық көрді. Саяси қуғын - сүргін көрген азаматтарды ақтауға көп еңбек сіңіріп, оларға арнап қойылған Қызылжар қаласындағы ескерткіш-монументінің орнатылуына көп күш салды. «Зерде» кітабы авторларының бірі.



*Сағындықов Болат  
Мағазұлы  
(1936 жылы туған)*

## ***Нәсиев Қажымұрат***

***Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері***

Болат ағамыз өзінің «Ауыл бар ма, әлемде өзіңе тең», «Бостандық атты ауыл бар» деген өлеңдерінде туған жерге деген шынайы махаббатын, оның табиғатына, өткен тарихына, ауылдастарының тағдырын шынайы бейнелеп көрсетеді, ауыл өмірін қаз-қалпында бейнелейді. Өсіп келе жатқан жастардың бойына отансүйгіштік қасиеттерді тәрбиелеу, ауылдың қазіргі нарықтық жүйеге көшу кезіндегі қиын жағдайын айта отыра, ауылды сақтап қалуға шақырады, ауыл азаматтарын бірлікке, ынтымаққа үндейді. «Қабырғам қайысады ауылыма» деген өлеңінде қазіргі жаһандану кезінде ауыл өмірінде болып жатқан өзгерістерді сынай, ата - баба дәстүріне берік болуға үндейді. «Узипа», «Несібелді», «Бақытсыз Алтын» деген өлеңдері ауылымыздың соғыс жылдары жолдастары мен балаларынан айрылған абзал аналарымыздың бейнесіне арналған өлеңін оқып отырғанда көзімізге еріксіз жас оралады. Несібелді әжей Бостандықтың «қара кемпірі» еді.



***Смағұлов Асылболат Кәкенұлы  
(1951 жылы туған)***

***Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері  
Бостандық сегізжылдық мектебінің 1966-67 жылғы мүлгі***

Төлеп ауылының тумасы. Біріншіден сегізінші сыныпқа дейін ауыл мектебінде оқып, одан кейін қазақ мектеп - интернатын бітірді. Мектепте оқып жүрген кезінде - ақ (мен оған 8 сыныпта аз уақыт сабақ та берген едім) өнерлі бала екені байқалды, сурет салуға, домбырамен ән айтуға құмар болды. Асылболаттың әнге деген құмарлығы анасы Мәнуден, әкесі Кәкеннен дарыды. Мәнү анасы өте көркем, сұнғақ бойлы адам еді, әттең дүниеден ерте кетті, балаларының қызығын көре алмады. Әкесі шағын, бірақ та тығыршықтай тарамыс, балуан денелі шапшаң кісі болатын, кейде ауыл арасында болатын той - домалақта күреске түсіп жеңіске жететін. Өнер жолына түскен Асылболатымыз Алматы, Жезқазған, Торғай, Астана қалаларының театрларында жұмыс істеп, басты-басты рольдерді сомдады. Еңбегі ескерусіз қалған жоқ, «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» атағын



алды. 1973 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік өнер институтының актерлік бөлімін бітірген Асылболат өз шеберлігін жаңадан ашылған Торғай облысының Серке Қожамқұлов атындағы сазды-драма театрында, өзі сияқты өңкей жалындаған жас актерлердің қатарында бастады. М. Әуезовтің «Еңлік - Кебек» пьесасында Кебектің, «Айман - Шолпанда» Арыстанды, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы - Көрпешінде» Қозы сияқты басты ролдерді сомдаса, сол уақытта республикамыздың театр сахнасында «Қыз Жібектегі» жағымсыз Бекежанның ролін сомдауы сенсация туғызғанын театр сыншылары мен пьеса жазушылар жарыса айта бастады. Халық жазушысы С.Жүнісов: «Ғ. Мүсіреповтің «Қыз Жібегіндегі» Асылболат - Бекежан – қазақ театры сахнасындағы үлкен құбылыс. Операдағы Қ.Жандарбеков, К. Кенжетев ағалар, кинодағы Асанәлі Әшімов сомдаған бұл образ театрдағы Асылболаттың орындауындағы қайталанбас тұлғаға айналды», - деген болатын.

Асылболат бірнеше рет киноға түсті. Соңғы түскен фильмі Арқаның сал-серісі, біртуар әншісі Біржан туралы фильм. Бұл фильмде Біржанның өнердегі жан жолдасы, атқосшысы Жұбайды сомдады. «Көшпенділер» фильмінде атақты Төле биді және 6 - 7 фильмде басты рольдерді сомдаған ол алдағы уақыттарда қазақ кино өнерінің көгінен көрінеріне сенімдіміз. Асылболат мәдени - рухани саланың театр, кино өнерінде ғана емес, өте нәзік қыл қалам шебері ретінде «сегіз қырлы, бір сырлы» өнерпаз екендігімен жұртшылық көзіне бала кезінен көріне бастаған. Сегізінші сыныпта оқып жүрген кезінде-ақ өз қолымен әкесі Кәкеннің мүсінін айнытпай ағаштан ойып, жаңадан ашылған мектеп мұражайына табыс еткен еді. Асылболаттың қолынан шыққан суреттері өзінің түбі терең философиялық ойларға толы өміршеңдігімен ерекшеленеді.

Мектебіміздің түлегі өңірге белгілі журналист Н.Шәріповтың «Еліне еңбек сіңірген саңлақ» атты «Солтүстік Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 19 ақпанында жазған мақаласында белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай қазақстандық меценаттар бекіткен «Тарлан» сыйлығын берерде «Асылболат Смағұлов өз бойындағы бар қымбатын қашанда ел-жұртына арнаған. Халқына бағыштаған. Ол – өз ісінің шебері. Өз мамандығының шапайгері. Ол ТАРЛАН СЫЙЛЫҒЫН алса да – тарлан. Оны алмаса да – тарлан», - деп айтқанын мақаласында келтіреді.

## ***Нәсиев Қажымұрат***

Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің Қарулы Күштерінің Қолбасшысы



***Мажитов Марат***

### ***Мажитов Марат Әлімжанұлы***

Генерал - майор Мажитов Марат Бостандық сегізжылдық мектебінің бастауыш сыныбында оқыған. Ф.Дзержинский атындағы КГБ КСРО жоғарғы шекаралық Қызылтулы басқару училищесін, одан кейін 1989 - 1992 жылдары М. В. Фрунзе атындағы Әскери Академияны бітірген.

1987 - 1989 жылдары Ауған жерінде қасиетті әскери борышын адал орындап, өмір мен өлімнің тайталас сынынан мүдірмей өтті. 1998 - 1999 жылдары ең қауіпті саналатын Чунжадағы шекаралық отрядты басқарды. 1999 - 2000 жылдары Қазақстан Ұлттық Қауіпсіз комитетіне қарасты, бір кезде өзі оқып бітірген әскери жоғарғы оқу орнын басқарды. 2002 - 2003 жылдары Ресей Федерациясының Бас штабындағы әскери академияны бітірген соң, Қазақ елінің Оңтүстік аймақтық шекарасының қолбасшысы қызметін аброймен атқарды.

Мажитов Марат үшін 2005 жылдың он бесінші желтоқсаны айрықша күн болып есептеледі. Қазақстан Республикасының Президенті, ҚР Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысының қолынан салтанатты жағдайда генерал-майор атағы белгісін алды.

Қырық беске жаңа толған жас генералдың кеудесінде сегіз медаль, көптеген жоғарғы офицерлік айрықша белгілер жарқырайды.



***Қарабатыров Қалқаман(1952 жылы туған)  
Мектебіміздің түлегі Қарабатыров Қалқаман Нәсіұлы  
білім саласындағы көп жылдық еңбегі үшін  
«Шапағат» медалімен марапатталды.***



## *Ауылым – алтын бесігім*

*Қазақстан Республикасының Сыртқы Қоршаған Ортаны Қорғау*



*Әділшин Сақтаған  
(1946 жылы туған)*

*Бостандықтан шыққан алғашқы ұшқыш  
Көп жыл Қызылжар қаласындағы әуежайда  
жұмыс істеді*



*Қабиев Марат  
(1946-2008)*

Көп жыл бойы Көкшетау қаласының жобалау және сәулет өнері мекемелерінде мемлекеттік қызметте және Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасының Сыртқы қоршаған ортаны қорғау министрлігі Көкшетау қаласында орналасқанда министрлікте жауапты қызметте болды.



*Нұртаев Аманжол(1946 туған ) Нұртаев Құрмантай(1948 жылы туған)*

Аманжол Алматының зооветеринар институтын бітірген соң, алғашқы еңбек жолын Новомихайловка кеңшарында зоотехник, одан кейін Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданының шаруашылықтарында бас зоотехник болып жұмыс істеді. Искерлігімен көзге көрінген Аманжолды аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бас зоотехнигіне тағайындады. Еңбек жолын аудандық қоршаған

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАУ АУЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНА ТҮСКЕН ҚЫЗДАРДЫҢ БІРІ ХАСЕНОВА ҚАЙЫРЖАН БОЛАТЫН.**

ортаны қорғау мемлекеттік мекемесінің бастығы қызметімен аяқтап. Зейнеткерлікке шықты.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында Бостандықтан жоғарғы оқу орнына түскен қыздардың бірі Хасенова Қайыржан болатын. Сыныптастары Ерсайын, Мұхамедияр, Алтынайлар алысқа бармай Петропавл педагогикалық институтына түссе, Нұрсайын мен екеуі Қарағанды педагогикалық институтының филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне барған еді. Олармен бірге бітірген Асылболат болса, өнер жолын таңдады. Осы жылдары Бостандық ауылы жастардың жоғарғы оқу орнына түсуі жөнінен жоғарғы көрсеткішке ие болды.

1973 жылы Қайыржан университетті бітірген соң (бұл кезеңде жоғарғы оқу орындарының ішінде Қарағанды пединституты университет болып өзгерген еді) жаңадан ашылған Торғай облысының Державин (қазіргі Жарқайың) ауданына жолдама алды. 28 жыл шалғайда ұстаздық еткен Қайыржан 2001 жылы туған жеріне қоныс аударады, №2 Бескөл орта мектебінде он бір жылдан астам еселі еңбек етіп зейнеткерлікке шықты.



***Көшкінбаева – Хасенова  
Қайыржан Сердалықызы  
(1951 туған)***

Көп жыл ұстаздық еткен Қайыржанның еңбегі еленіп бірнеше рет аудандық, облыстық білім департаменттерінің мақтау қағаздарымен, екі рет (1995 жыл және 2005 жыл) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ержеткен бір қыз, екі ұлы бар.

Бостандық мектебінің бір ерекшелігі - оқушыларды қасиетті ұстаздық мамандығына қарай көп баулыдық, кәсіптік бағдар беруде мұғалімдік мамандыққа басымдылық берілді. Ең жақсы мектеп бітірушілеріміздің көпшілігі педагогикалық жоғарғы оқу орнына баратын. Мектебімізді жақсы бітіріп, біздің мамандығымызды жалғастырған оқушыларымыздың бірі - Әскендірова Бибі болатын.



***Әскендірова Бибі Ерденқызы***

Петропавл пединститутының тарих - филология факультетін бітіріп, Көкшетау қаласының орта мектептерінің бірінде мұғалім, одан кейін оқу ісінің меңгерушілігіне дейін жоғарылатылған Бибі Ерденқызы болашағынан мол үміт күткен сүйікті ізбасарларымыз еді, әттең не керек Алланың жазуы ғой, дүниеден ерте кетті.



*Мүрсәлімов Мәлік  
(1954 ж.)*

Бостандық ауылының мектебін бітірген соң, Қызылжар қаласында оқуын жалғасырып, пединститут - тың денешынықтыру факультетін аяқтады. Республикаға белгілі күрес майталмандары Жамбыл Тасеменов, Бауыржан Құлжанов, Уалихан Нүркеевтермен бірге жүріп, еліміздің солтүстік өңірінде күрес спортын дамытуға ат салысты, әттең ерте жол апатынан қаза болмағанда, әлемге аты жайылатын спортшы болар ме еді?!...

### *Нүсінов Мақсат Туғанбайұлы*

Бостандық ауылында дүниеге келген, орта мектепті бітірген соң, Солтүстік Қазақстан университетінің биология - факультетіне оқуға түседі. Бала кезінен айналысып жүрген күрес өнерін тастаған жоқ. Оқуда жүріп, студент кезінің өзінде республикалық, халықаралық жарыстарға қатысып спорт шеберлігі дәрежесіне жетті. Қазақша күрестен бірнеше дүркін Қазақстанның жеңімпазы және Еуропа жеңімпазы болған Мақсат біздің ғана мақтанышымыз емес, бүкіл республиканың мақтанышына айналды. Бүгінгі күні Мақсат Туғанбайұлы Қызылжар қаласындағы әскери институтта болашақ әскери офицерлерді даярлайтын ұстаз.



Әкесі Туғанбай ертеден біздің елге өз азаматымыздай болып кеткен абзал жан еді. Жасынан бір қолдан мүгедек болса да, үлкен жанұясындағы балалары мен қыздарының барлығын мұқтаждыққа ұшыратпай, жоғары оқу орындарын бітіртті. Бір таңданарлығы, Туғанбайдың балаларының барлығы да оқуды өте жақсы оқыды, зерек, алғыр болды. Туғанбай жоғарғы оқу орнын бітірмеген, бірақ - та әдеби кітаптар мен газет –жорналдарды қалт жібермей көп оқитын, саясатқа жүйрік еді. Оның осы қасиеттері балаларына берілген.

### *Мәжитов Еркін Әлімжанұлы*

1964 жылы екінші қаңтарда Бостандық ауылында туған. Төтенше жағдайлар министрлігінің Көкшетау техникалық институтын бітірген, Өрт сөндіру және авариялық - құтқару жұмыстары басқармасының бастығы, полковник шені бар.

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАМ СЕРІКТІГІ**



***Мәжитов Еркін  
Әлімжанұлы***

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында 1985 жылдың шілде айынан бастап қызмет атқарып келеді.

Мәжитов Еркін Әлімжанұлы «Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін» I, II, III - ші дәрежелі медальдарымен және «Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының ардагері» медалімен марапатталған.

1979 жылғы Бостандық мектебін бітірушілердің арасында Алматы қаласындағы КАЗПТИ - дің сол уақыттардағы жаңа технология саласына жататын автоматика - телемеханика факультетіне түскен Әскендіров Бауыржан болды. Заманның ағымына қарай қазақ жастарының жаңа техника саласын игеруге ұмтылуы заңды да еді. Соны біздің ауыл жастары түсіне білді. Сол жылы мектеп бітірушілер арасында мектебімізді өте жақсы бітірген Қайырнасов Медебай, Оспанов Маралбек техникалық жоғарғы оқу орындарына түскен еді (ҚарВТУ), бірақ ауыл тұрғындарының материалдық жағынан жетіспеушілігі Медебай мен Маралбектің қолын байлады, (әкелері қайтыс болған, жалғыз шешелері мен ағаларының қамқорлығында қалған олар оқуды тастап кетті). Тек мүмкіндігі болған Бауыржан ғана оқуын толық аяқтап шығып, диплом алған соң, 1984 жылы Петропавлдағы Куйбышев атындағы заводқа ғылыми- өндірістік бөлімнің инженер - талдаушысы болып орналасады.



***Әскендіров Бауыржан жанұясымен***

Жас маман өзінің білгірлігімен және өнертапқыштығымен көзге түседі, бірақ та Кеңес Одағында басталған «қайта құру» идеясы бірте-бірте тоқырауға, өндірістің тоқтауына әкелді. Кеңес Одағы ыдырап, дербестік алған республикалар арасындағы бұрынғы өндірістік байланыс тоқтатылуына байланысты заводтарымыз тоқтап қалды. Бауыржан завод

## *Ауылым – алтын бесігім*


*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі*

ұжымымен бірге белгісіз демалысқа шықты, артынан мамандығын ауыстыруға тура келді. Ер жасы елуге келіп қаласа да, Бауыржан қайтадан өзінің сүйікті мамандығына қайта келуге үміттеніп отыр. Елбасымыздың инновациялық - индустриаландыру бағдарламасы сәтті іске асса, қатардан шығып қалған индустрия саласына қажетті талай мамандар қайтадан сапқа тұрары сөзсіз. Студент кезден қосылған қосағы екеуі екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр. Ержеткен қыздары мектепті жақсы бітіріп, оқу грантына ие болды, Алматының жоғары оқу орындарында оқиды.

## *Бостандық мектебінің ғылым жолына түскен алғашқы түлектері*



*Көнтаев Сәбит Хамитұлы  
математика ғылымының кандидаты  
(1949 жылы туған)*



*Мәлгәждаров Амангелді Сәбдіұлы  
техника ғылымының кандидаты  
(1955 жылы туған)*



*Қабиев Емел  
(1951 - 2013)*



## ***Нәсиев Қажымұрат***

**Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі**

Қабиев Емел **1951 жылы Бостандық ауылында туған**. Бостандық сегізжылдық мектебін бітіргеннен кейін Қызылжар қаласындағы Калинин атындағы жалғыз қазақ мектебінде оқуын жалғастырды.

Алматы қаласындағы политехникалық институттың гидреология бөлімін бітіргеннен кейін көп уақыт Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жерлерінде су көздерін табумен айналысып, елді таза сумен жабдықтауға ат салысты. Үлкен ағасы ғылым кандидаты Файзолланың басшылығымен ғылым жолына түсті. Бүгіндері Емел ініміз техника ғылымдарының кандидаты, Көкшетау қаласында тұрады, өзінің құрған шаруашылығы бар, су көздерін табумен айналысады.

## ***Нәсиева Назым Қажымұратқызы*** ***(1973 жылы туған)***



1990 жылы Бостандық орта мектебін аяқтап, К. Д. Ушинский атындағы педагогикалық институт - тың «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түседі. Оны 1995 жылы аяқтап, жас маман ретінде кафедрада оқытушылыққа қалдырылады. 1995 - 2004 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан университе - тінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған.

2002 жылы академик Рымғали Нұрғалидың жетекшілігімен ЕҰУ-нде «С. Мұқановтың драмалық шығармаларындағы тартыс пен мінез» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Н. Қ. Нәсиеваның 4 оқу құралы, 30 - дан аса ғылыми мақалалары жарыққа шыққан.

2004 жылдан қазіргі кезеңге дейін Астана қаласы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде жұмыс істейді. 2004 - 2009 жылдар аралығында қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 2009 жылдан бастап гуманитарлық факультеттің деканы қызметін атқаруда.



## ***Қайырнасова Меңдіқыз Тілеужанқызы*** ***(1974 жылы туған)***

Меңдіқыз Тілеужанқызы Бостандық орта мектебін бітіргеннен кейін, СҚМУ - нің қазақ тілі және әдебиеті бөліміне оқуға түседі. Оқуын аяқтағаннан кейін, сол кафедрада ұстаз боп қалады. Оқи жүріп ғылыми жұмыспен айналысты. 2004 жылы ғылыми жұмысын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағына ие болды.

***Қайырнасова М.Т***



## *Ауылым – алтын бесігім*

Ауылдағы мектептің алтын бесігім



*Аскандиров Нұржан Берденұлы  
(1967 жылы туған)*

Бостандық мектебінің түлегі, әрі туған мектебінде бірнеше жыл ұстаздық етті. Бірнеше жыл оқу ісінің меңгерушісі және мектеп директоры болып жұмыс істеді. Ауыл мәдениетін дамытуға да көп еңбек сіңірді. Қазақ тілі пәні бойынша бірнеше жыл қатарынан оқушылары облыс көлемінде ҰБТ қорытындысы бойынша алдыңғы қатарда болды. Мемлекеттік тілімізді дамытуда жеткен жетістіктері үшін және қазақ тілін оқыту мәселелері бойынша облыстық, республика көлемінде танымал болды. Елеулі еңбегі үшін **«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген білім қайраткері»** белгісімен марапатталған.

Бүгіндері облыстық Мемлекеттік тілді үйрету орталығының Бескөл ауданы бойынша бас маманы. Жолдасы Орынбасар бастауыш сыныптың мұғалімі, Бескөл мектебінде жұмыс істейді. Ұлы Нұрболат СҚУ-дің ағылшын тілі бөлімінде оқиды.




*Мұстапин Қайдар Нұрқиссаұлы*

Бостандық орта мектебін бітіргеннен кейін, Қызылжар қаласындағы музыкалық училищеге түсіп оқыды. Алғашқы жұмысын хор капелласында бастаған Қайдар бүгінгі күні Астана қаласындағы Күләш Байсейітова атындағы опера театрының белді әншісі. Болашағынан үміт күттіретін түлегіміз.

### ***«Ауылым - Отанымның тірегі» деп жырлаған ақындарымыз бен қаламгерлеріміз***

1940 - 50 жылдары Бейсенбай ағамыз Бостандық деген ауылдың болашақта атын шығарар ақын боларын оның «Аманат» атты жыр жинағынан көруге болады, бірақ сұм ажал оған жеткізбеді, небары жиырма бес жасында бақилық болды. Кәкімбек Салықов ағамыздың Бейсенбайдың жырларына талдау жасағанда оның ақындығына зор баға береді, ерте өмірден өткеніне өкініш білдіре отырып: «Есіл - Тобыл аспанының бір жұлдызы қара жерге ағып түскендей, өкінішті болды», - деп жазған еді.



### АУЫЛЫМДАМЫН

Оқудан келдім аулыма,  
Жаздың бір ашық кешінде.  
Тартқандай ыстық баурына,  
Ойнатты жайлау төсінде.  
Көтеріп көңіл сәулесін,  
Ауыл тұр нұрға бөленіп.  
Тербетіп әні жаз кешін,  
Маңырап жатыр төл өніп.  
Гүліңнен қандай гүл артық,  
Жұпарын септі қандай күш.  
Күніне тұрдым құмартып,  
Берсін деп тәңірім сондай күш

Оқудан тұрмын оралып,  
Қойныңа жылы еруге,  
Білімнен келдім нәр алып,  
Жас ұрпаққа беруге.

16.06.1950 жыл.



Қызыл туған Бостандық ауылының мектеп оқушыларына!

Сендер осы кітапты парақтай отырып Ұлы Отан соғысында жауға қарсы тұрып Отанның бостандығы мен тәуелсіздігін сақтаған әкелер мен бабаларының ғаламат ерлігін байқайсыңдар. Жеңіске жету үшін төрт жыл қырғын соғыста миллиондаған совет азаматтары қаза тапты. Тек, біздің соғысқа дейін шағын Бостандық ауылынан 38 адам елге оралмады. Мектеп алдында орнатылған гранитobelіскісінде олардың аты ойылып жазылған. Бұл ескерткіштің айналасына гүл, ағаш өсіріп, безендіріп таза ұстау, тағлым ету сендердің, болашақ ұрпақтардың борышы.

Жеңістің 50 жылдығына арнайы шығарылған бұл кітаптағы естеліктер мен мақала, очерктер Ұлан үшін ерліктің оқулығы деп санауға болады.

Осы кітапты оқып, қадірлеп сақтайды деп сендерге, сендерден кейін мектеп қабырғасына келетін жасөспірімдерге сенім білдіремін.

Кітаптың бас редакторы  
жерлестерін *Мағазов* Қ.МАҒАЗОВ.

Мағазов Қилаж ағамыз көп жыл партия, кеңес үкіметінің атқару жүйесінде қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін шығармашылық жұмыспен айналысты. Шаңға көмулі архив материалдарын ақтарып, саяси-құғын көрген азаматтарды ақтауға барынша ат салысты. Сонымен қатар, жасы жетпесе де өзі сұранып майданға барған ағамыз Ұлы Отан соғысы кезіндегі Солтүстік Қазақстандықтардың ерлігі жөнінде материалдарды тырнақтап жинап, «Жеңістің қиын жолымен» атты нақты деректерге сүйенген кітап басып шығарды. Бұл кітап Ұлы Жеңістің 50 жылдығына арналған тарту еді.

## Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Еңбек Қорғау Министрлігі



**Болат Мағазұлының «Ауыл жыры» мен «Дала жыры»** зейнеткерлікке шыққаннан кейін дүниеге келген туындылары. Жас кезінен өлеңге құмар боп өскен ағамыз жұмыстан қолы босаған соң, ақындық шабыттың ырқына беріліп, 30 жылдай тежеп ұстаған қаламына ерік берді. Бұл үш жыр жинағын оқи отыра, туған ауыл мен қазақ еліне деген сүйіспеншілікті, ауылдың тағдырын, өлеңмен жазылған ауыл тарихын көреміз. «Қара кемпір» Несібелді әжемізді, жесір қалып, тапжылмастан 40 жылдай сүйген жарын күткен Уазипа апа бейнесі аса көркем шынайы бейнеленген. Ауылдастарымыздың қоғам дамуының әр кезеңдегі қилы- қилы тағдыры жақсы суртеттелген. Нарықтық қатынастармен бірге ауылдың туысқандық бірлігінің қалай ыдырағанына, ата - бабамыздың 70 жыл бойы жинаған материалдық байлығының «тістегеннің аузында, ұстағанның қолында» кеткеніне өкініш білдіреді. Ата - ана болудың қызығы, «бала адамның бауыр еті» дегендей ата - ана мен бала қарым-қатынасы сезімге толы жырланған. Туған ауылды нарықтың қиындығына қарамастан қалайда сақтау керектігін ауылдастарына мұңын шаға жеткізеді.

Болат Мағазұлы 2011 жылдың 29 сәуірінде Қызылжар қаласының мәдениет үйінде өзінің 75 жылдық мерейтойын салтанатпен атап атап өтіп, өзінің үшінші жыр жинағы «Өмір жырын» өлең сүйер қауымға таныстырып, тұсауын кесті. Туған ауыл тағдыры - Болат ағамыздың жырларының арқауы.



**«Аман бол, ата жұртым, айналайын»**

Сағынам туған жердің топырағын,  
Есіркеп есіме алып отырамын.  
Аман бол ата - жұртым, айналайын,  
Көрмейін ауылымның тоқырауын.

Замандастар бірге өскен тек жүр еді,  
Қайтерсің, қатарларың селдіреді.  
Ағаларым азайып қалған екен,  
Соны көріп жүрегім елжіреді.

Бақилыққа өтгіндер, серкелерім,  
Енді кімге еркелермін.  
Шалдарынан айырылып, шайқалып жүр,  
Жалғыздықтан жүдеген жеңгелерім.

Бір үй көшсе ауылдан басқа жерге,  
Көңілім құлазиды, толып шерге.  
Азып - тозып жатқан ел аз емес-ау,  
Құдайым бізді сақта, басқа берме.

Жігіттер, Бостандықты сақтау керек,  
Дәрменсіз үйде текке жатпау керек  
Бір жеңге, бір жағаға жұмылып ап,  
Бірігіп бір - біріңді жақтау керек.

Ерегес, кикілжіңге іздеп себеп,  
Дүрдараздық, бауырлар, неге керек.  
Ертеңіні ойлаңдар, санаға сап,  
Татулыққа келіндер, тауып дерек,

- деп, ауылдағы шаруа қожалықтарының басшыларын бірігіп, ауыл тағдырына жауапты болуға үндейді.



Осы ауылда туғаным мақтанам

Кетпей тұрып бойдан құт, бастан құт,  
Кейінгілер жүретіндей дастан ғыл.  
Қашық елдер тіккен екен бір жерге  
Ортақ ауыл, атын қойып - **Б о с т а н д ы қ**.

Үміт күтпін өсіп - өнер ұл - қараң,  
Асар жасап мектеп үйін тұрызғам.  
...Өткі жылдар содан бері жасыптап  
Заманға сай сауық - сайран құрызғам.

Ірге төксе көшіп қолбай бүгін ел,  
Туы азамат дейтін "Елдің түтіні ем!"  
Әже атанды бағы жамал ауылда  
Нар алған қыз ағаның ақ сүйеген

Ақ қайыңдар қоршап тұрған маңайың,  
Бәрі бір ел, бәрі туыс, ағайың  
Құтты атаудан әке көрген жас сәби,  
"Ата" атанды қырау шалған самғайың.

Алақ қотан айта жүрмін сауының,  
Көшпен қалмай күмін кешкен ауылым.  
Атын айтып алты алашқа жар салар  
Елден малай қанат қарты бауырым.

Солар бүгін ел үмітін ақтаған,  
Солар бүгін ел достықын сақтаған,  
Керсең қазір келбетіне көз тақар,  
Осы ауылда туғаным мақтанам!

**Нұрсайын Шәріпов** қаламы қарымды журналист қана емес, ақындығы оның бала кезінен білінген. Өзімен бірге бір жылдары туып, өскен жолдас - туыстары туралы ғана (Ерсайын, Темірболат, Асылболат туралы) мақалалар жазып қоймай, ақындық шабытқа да ерік берген азамат. Тұсаукесер атты өлеңдер жинағы баспаға шықты.

Бостандық мектебінің түлегі, әрі көп жылдар туған мектебінде қазақ тілі пәнінен сабақ берген, мектеп директорының сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастырушысы, оқу ісінің меңгерушісі болған **Нұрмұқанов Орынбай Аманбайұлы** да қаламын ұштап, сын - сықақ өлеңдер жазған ауылдасымыз.





## **Нәсиев Қажымұрат**

**Жалғастыратынын білеміз. Жанұя мен білім ошақтарында алған тәрбие мен білімді әрбір жас кейінгі жеке өмір жолында өзін - өзі тәрбиелеу арқылы ұштастырады, жетілдіреді. Кім де кім жанұя мен білім ошағында жақсы тәлім тәрбие, тиянақты білім негіздерін алса, нағыз үлкен әріппен жазылатын адам болып қалыптасады. Сондықтан да, адамзат баласына тәрбие беру мен білім негізін қалыптастыруда мұғалім мамандығының ролі ерекше екені даусыз.**

Мұғалімдік мамандық - барлық мамандықтардың атасы, қасиеттісі. Жаратушымыздың бұл дүниедегі жаратқан дүниесінің ішінде ең жетілген, асылы, қадірлісі адамзат баласы болса, сол адамзаттың жан арашасы, рухының биік болуы ұстаздардан.

Осындай қасиетті мамандықты Бостандық ауылында бүкіл әулетімен игергендер Қарабатыровтардың ұрпағын атауға болады. Оларды ауылдастары «ұстаздар әулеті» дейді.

Бүгінгі күні Қарабатыровтардың ұрпағынан тараған жанұялардан 19 ұстаз республикамыздың білім ошақтарында білім беріп жүр. Шағын бір білім ошағын толық оқу бағдарламасы бойынша ұстаздармен қамтамасыз етулеріне мүмкіндік бар. Олардың арасында жоғары білімді тіл мамандары: қазақ, орыс, ағылшын, неміс тілінің мұғалімдері және тарих, физика, математика, информатика, педагог - инженер, АӘД, әлеуметтанушы, бастауыш сыныптың мұғалімдері бар.

Қарабатыровтар ұрпағының жұмыс өтілін есептесек, 330 жылға жуық болады екен. Қанатын кең жайған ұстаздар жанұясының үлкені Қажымұрат Нәсиұлы жарты ғасырға жуық еңбегін білім саласына, оның аттай 28 жылын Бостандық мектебіне арнаса, династияның ең жасы Әйгерім Мұратқызы мен Айнамкөз қарындасының қызы Айнұр биылғы жылы жоғарғы оқу орнын бітіріп, ұстаздық еңбек жолдарын жаңа ғана бастамақшы. Қадамдары құтты болып, аға ұрпақтың салған сара жолын жалғастыруларына Аллаһ жәрдемші болсын.

Өзін он айлығынан тәрбиелеп өсірген, Күлшай әжесіне келін түсіріп, немере сүйдіруді, аз да болсын қызық көрсетуді мақсат тұтқан ағай 1972 жылы институттың төртінші курсында оқып жүрсе де, қарт әжесінің арманын іске асыру үшін студенттік той жасап, Нағима Хамитқызымен жанұя құрады.

Нағима тәтеймен бір курста оқыды, тарихшы мамандығы бойынша диплом алғаннан кейін 1974 жылы «туған ауылға қызмет етеміз, ауыл мектебінің мәртебесін көтереміз, қартайған әжеміді күтеміз», - деп ауылға қол ұстасып келген еді. Күлшай әжесі баласының үйленгенінің арқасында тойға бару үшін, өмірінде мінбеген самолетіне де мініп (ол кезеңде Ново-Михайловка - Қызылжар арасында жолаушы таситын шағын «кукурузник» ұшатын), Қызылжардың «Есіл» ресторан - кафесінде құдаларын қарсы алады,

тоғыз ай, тоғыз күннен кейін алғашқы немересі Назымын көреді, бір жарым

## *Ауылым – алтын бесігім*

жылдан соң Мүсілім деген немересін көріп, «енді өлсем де арманым жоқ» деген әжеміз 1975 жылдың ақпан айында о дүниелік болды.

Біреудің әлпештеген жалғыз қызы Нағима Хамитқызы Бостандыққа осылай келін болып түскен еді. Әкесі Қалиев Хамит неміс фашистері мен жапон милитаристеріне қарсы соғысқан майдангер, бірнеше жауынгерлік медалдармен марапатталған, соғыстан кейін көп жылдар бойы Көкше өңірінде («Чапай», «Шүкірлік» қолхоздарында), зейнетке шығар алдында біздің өңірде (Кеңес Одағының батыры Ыбраев атындағы кеңшарда) ауыл шаруашылық саласында бөлімше, колхоз басқармасы, ауылдық кеңестің төрағасы болып қызмет істеді, 1958 жылы кеңестік дәуірдегі ерен еңбегі үшін берілетін ең жоғарғы марапаттардың бірі Ленин орденімен марапатталды. 1956 жылы Москва қаласына Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысып, көрменің «кіші алтын» медаліне ие болған әке, қолында еркін дипломдары бар қызын қайдағы бір қаладан алыс түкпір ауылға жібермеуге болатын еді (ол кезеңде Бостандыққа дұрыс жол қатынасы да жоқ еді), басқа жерге жіберуге облыс көлемінде беделі де жететін еді, бірақ туған ауылға барамыз деген күйеу баласының шешімін сыйлап, әлпештеп өсірген жалғыз қызының жолына кедергі болмады.

Нағима Хамитқызының анасы Тіріжан Сейдахметқызы ұзын бойлы, аққұба өңді, өте сабырлы жан болған. Соғыс кезінде майданға азық- түлік дайындауға өз үлесін қосқан. «Тылдағы еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған ана, өте қарапайым, балажан кісі болған. Қызы Нағимаға «қарт әжеңді-ененді анаңнан да артық қадірлеп күту - сенің ең басты парызың», - деп айтып отыратын. Құдайға шүкір, қарт әжесін қатты ауырған кезде барынша мәпелеп күтіп, өз қолынан қайтпас сапарға аттандырып салды.

Нағима Хамитқызы Бостандық мектебінде 29 жыл үзбестен тарих пәнінен дәріс берді, Бостандық мұражайының ең алғашқы негізін салушылардың бірі, жоғары санаттағы мұғалім, облыстық және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Нағима тәтейдің тікелей баптауымен өзінің алғашқы ізбасарлары Әскендірова Бибі, Мақсұтова Бақытжан облысқа танымал тарихшылар болды.

Кейінгі мектеп бітірушілер: Нәсиев Мүсілім, Нәси Сырым, Садуова Меруерт, Қарабатырова Әйгерімдер тәтейлерінің сара жолын қуып, тарихшы мамандығы бойнша жоғарға білім алды.

Нағима Хамитовна қай жерде ұстаздық етсе де, өз ісіне өте адал, жауапкершілікпен қараған тәлімгер, жаны таза, адамгершілігі мол, айтқан сөзіне берік, оқушылар алдында, ата-ана арасында беделі жоғары болды. Артық, жалған сөйлеуді білмейтін, бір оқушыға қатты сөйлегенін естігеніміз жоқ, ақырын жүріп, анық басатын, өз ісін мектепте болсын, үй шаруасында

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақ тілі мен әдебиеті*

болсын үндемей жүріп бітіретін нағыз жанұяның қамқоршы анасы деп сипаттауға болады.

Көбіне Нағима тәтей жөнінде кейбіреулер әңгіме қозғағанда ағайымыз: «Тәтейіңнің бір мінезін ғана айтайын, одан өзің қорытынды шығарарсың. Бостандықта 28 жыл мектеп директоры болып жүргенде, мені жақтап педагогикалық кеңесте немесе мектептің басқа да жиналыстарында бір ауыз сөз айтқан емес. Жиналыс аяқталып, үйге келген соң: «Неге сен педсоветте мен жағында бір ауыз сөз айтпадың, сен де ұжым мүшесі емессің бе? Әне, қарашы жұрттың жолдастарын сынап, жұмысындағы кемшіліктерін айтып жатқанда, олардың жолдастары атып тұрып, жолдасын жақтап сөйлейді ғой» (ол кезде біздің ұжымда ерлі - зайыпты ұстаздар көп болатын) деп айтқанда, Нағима ақырын ғана маған байыппен: «егер мен сені жақтап сөйлесем, жұрт түсінбей қалуы мүмкін, сенің беделіңе нұсқан келеді, әйелі күйеуінің ісіне араласады дейді ғой, әрі жиналысты іркес-тіркес ұшықтырып жібермеу керек», - деп күлімсірейтін. Менің бір жерде ұзақ мектеп басқаруыма Нағиманың ақылмен сабырлылық танытып, әр нәрсеге байыппен қарағаны, маған қиын да, абройлы жұмысты атқаруыма, мектептің оқу - тәрбие ғана емес, шаруашылық жұмыстарының бітпейтін кезінде, үш кішкентайымыздың тәрбиеленуіне, кейде үйге үзілмей қатарынан келетін аудан, облыс қонақтарын қарсы алып, қонақжайлық танытуда бір қыңқ етіп сыр бермей жағдай жасаған еді», - деп Қажымұрат ағамыз ағынан жарылатын.

2003 жылы қызмет бабымен ағай Қызылжар қаласына қоныс аударғанда, Нағима Хамитовна Мағжан Жұмабаев атындағы педагогикалық колледжі жанындағы мектеп-лицейінде, одан кейін еліміздің жүрегі Астанаға балалардың тілеуін тілеп қоныс аударғанда, жүз жылдық тарихы бар елордадағы беделді оқу орны Жамбыл Жабаев атындағы № 4 мектеп - гимназиясында ұстаздық жұмысын жалғастырды. Бұл оқу орындарында да Нағима Хамитқызының оқушылары халықаралық, республикалық және Астана қаласында өткен олимпиадалардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздары атанды.

Тұңғыштары Назым Бостандық орта мектебін бітіргеннен соң, ата - ана жолын қуып, Солтүстік Қазақстан университетінің жаңадан ашылған «қазақ тілі мен әдебиеті» бөліміне оқуға түсті. Ондағы мақсаты - егемендік алған еліміздің мемлекеттік тілінің мәртебесін көтеру, аяғынан жаңа ғана тәй-тәй басқан ана тілімізді оқытатын мұғалімдердің жетіспеушілігінің орнын толтыру болды. Университетті жақсы бітірген соң, университет басшылығы сенім білдіріп, жас маман ретінде өзі білім алған кафедраға ұстаз болуға шақырды. Бірер жыл қатардағы жоғарғы оқу орнының ұстазы болып қызмет істеген соң, қазақ тілі кафедрасын басқаруға тағайындалды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі филология ғылымдарының докторы,

2002 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі филология ғылымдарының докторы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық университеттің профессоры Р. Нұрғалидің басшылығымен жерлес жазушымыз Сәбит Мұқановтың творчестволық еңбегіне арналған кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты атағын алды.

2004 жылы Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті басшылығының шақыруымен қазақ тілі кафедрасын басқаруға барды. Көп ұзамай тынбай еңбектенуінің арқасында гуманитарлық факультетінің деканы болып сайланды.

Екінші ұлы Мүсілім де тарихшы мамандығы бойынша жоғарғы білім алды, ауыл мектебінде алғашқы еңбек жолын бастағаннан кейін облыстық өлкетану мұражайында істеді, қазір келіншегі Әсемгүлмен бірге Астана қаласының № 58 мектебінде ұстаздық етуде.

Ең көпейлері Сырым да өзіміздің Манаш Қозыбаев атындағы университеттің тарих факультетін бітіріп, қаладағы № 6 мектеп және университеттің философия кафедрасында аз уақыт ұстаз болды, үйленген, жолдасы Анаргүл ағылшын тілінің маманы. 2005 жылы Сырым Астана қаласына қоныс аударып, қазақ-түрік лицейінде, одан кейін Білім және ғылым министрлігінде бас сарапшы, кейін бөлім бастығының орынбасары болып жауапты мемлекеттік қызметтер атқарды. 2010 жылдың наурыз айынан бастап Елбасымыздың министрліктерде жүрген жас мамандарды шеткі аймақтарға тәжірибе алуға жіберу керек деген тапсырмасымен өзіміздің облысымыздың Аққайың ауданына келіп, әкімнің әлеуметтік және жедел жұмыстар жөніндегі орынбасары болып қызмет атқаруда.

Інісі Қалқаман Нәсиұлы Қарабатыровты өз ісінің майталман білгірі ретінде облыс жұртшылығы ғана емес, республиканың физик ұстаздар қауымы өте жақсы біледі десем артық айтпағаным.

1974 жылы ағаймен қатарлас пединститут бітіріп, қайда жұмыс істеуге бару керектігі жөнінде мәселе қарастырылғанда, Қалқаман ағай «сен көрші орыс селоларына бар, достасып жүрген қызың келесі жылы бітіреді, аманшылық болса үйленгеннен кейін, сол селода оған да жұмыс табылады, екеуіміз екі жерде істейік», - деген ағасының ақылын тындап, Андреевка мектебіне орналасады. Шынында да келесі жылы наурыз айында Қалқаман Айна Қариқызын келін қылып түсіреді. Айна тәтей орыс тілінің маманы. Айна Кариеннаның ата-анасы Сеңкібаев Қари ағай мен Шәру апай көп жыл ұстаз болған адамдар, облысқа белгілі құрметті азаматтар еді. Қари Сеңкібайұлы 1960 жылдары Преснов аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, кейіннен Жамбыл ауданындағы Киров ауылында зейнеткерлікке шыққанша ұзақ уақыт мектеп директоры болып істеді.

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қалқаман Нәсиұлы Бескөл ауданындағы Андреев орта мектебінен бастаған еңбек жолын осы ауданның Қостомар, Надежка, Новакаменка селоларында оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін аброймен атқарды. Кейіннен қаладағы № 20, 32 мектептерінде ұстаздық қызметін жалғастырды, қазір қазақтың қара шаңырағы болып есептелетін Қожаберген жырау атындағы № 6 қазақ мектебінде физикадан дәріс береді.**

Еңбегі жеміссіз емес, 2008 жылғы ҰБТ проблемалары жөніндегі Республикалық семинардағы, 2010 жылы «Адам келешегі институты» өткізген семинар - тренингтердегі ойлары облыстық баспаларда мақала болып басылды. Сонымен қатар шығармашылық жұмыстармен де айналысады. ҰБТ - ға дайындалуға көмек ретінде өзі құрастырған «Тестер жинағы» әдістемелік құралы «Терең бойлағанның білімі тиянақты» деген атпен 2010 жылы СҚОМБЖ және ПКД институты көмегімен баспадан шығарылды. «Физика - математика» журналында, облыстық газет беттерінде «Физиканы оқыту» мәселелері туралы мақалалары жиі басылады.

Қалқаман Нәсиұлының олимпиадалар, сайыстардың жеңімпаздарын дайындауда да еңбектері айтарлықтай. 2007 жылы «Ғарыш және атом энергиясын меңгеру» атты халықаралық ғылыми жобаға қатысып, марапатқа ие болды.

2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 4 желтоқсандағы жарлығымен Қалқаман Нәсиұлы білім беру саласындағы көп жылғы еңбегінің нәтижесі үшін «Шапағат» медалының иегері атанды. Жолдасы Айна Қарикқызы облыстық мұғалімдер біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының директоры. Үш қызы бар, бәрі жоғары білімді. Анары облыстық қаржы полициясының майоры, Жанары облыстық әкімдікте заңгер, кіші қызы Эльмира - гинеколог - дәрігер.

Қарабатыровтардың ұстаздар династиясының тағы бір өкілі - Қарабатыров Мұрат Нәсиұлы. Ол Қызылжар қаласындағы ауылшаруашылық техникумын және сырттай Қорған ауылшаруашылық институтын электр-машина құрастыру мамандығы бойынша бітірді. Мұрат інісі Бостандық мектебінде еңбек, машинатану және алғашқы әскери дайындық пәндерінен сабақ береді. Жолдасы Гүлайым Еркінқызы жоғары білімді, мамандығы математик. Қыздары Айгерім Мұратқызы СҚМУ-дің экономика және құқықтану мамандығын бітіріп, магистратурада оқып жүр.

Келіні Гүлайымның әкесі Еркін Ықынұлы көп жыл бойы Мамлют ауданындағы Көксау орталау мектебінде бастауыш сыныптың мұғалімі, мектеп директоры болған ардагер ұстаз. Қазағым «құданы құдай қосады» деп айтады ғой, қарап отырсақ ұстаздар жанұясы Қарабатыровтар өздері сияқты ұстаздар жанұяларымен құда болуға ұмтылған екен.

Қарабатыровтардың ұрпағынан тараған қыздары Ғалия Нәсиқызы жоғары білімді, көп жылдар бойы қаладағы Сәбит Мұқанов атындағы № 32



## *Ауылым – алтын бесігім*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

мектепте қазақ тілінен дәріс береді, қызы Гүлнәз, СҚМУ - дің тарих факультетін қызыл дипломға бітірді, қазір облыстық мұражайдың бас маманы.

Қажымұрат ағайдың үлкен қарындасы Ботагөз Нәсиқызының үлкен қызы Алтын да жоғарғы білімді, ағылшын тілінің маманы, СҚМУ - ді бітірген.

Екінші қарындасы Қарабатырова Айнамкөздің үлкен қызы Айгүл жоғарғы білімді, Ресейдің Қорған қаласындағы педагогикалық институттың жалпы дүниежүзі тарихы мамандығын алып шықты, бүгіндері Қызылжар аудандық оқу бөлімінде бас маман, кіші қызы Айнұр Көкшетау қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы университеттің филология факультетінде оқып, неміс тілі бойынша мамандық алып шықты.

Қарабатыровтардың келесі ұрпағы Нәси атамыздың ағасы 1937 - 38 жылдары нақақтан жазаланып «халық жауы» атанған Қарабатыров Калимолланың баласы Көкүдің (шын аты Мұқанмедия) қыздары (Көкү еркелетіп қойған аты) Гүлнар және Әлия есімді қарындастарымыз немере ағалары Қажымұрат пен Қалқаман, Мұрат ағалары сияқты ұстаздық жолды өмірлік серік етті.

Әлия Мұқанмедияқызы Қалимолдина бастауыш сыныптың мұғалімі, қосымша әлеуметтанушы мамандығы бар, Қызылжар қаласының №11-ші таңдаулы мектебінде жұмыс істейді. Гүлнар қарындасымыз Шал ақын ауданындағы Семиполка селосындағы орта мектептің директорының тәрбие жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеген, тағдырдың жазуымен қазір қалаға көшіп келді.

Бостандық ауылындағы Өмірзақ тегі Қарабатыровтардан тараған ұрпақтар өмірден өз орындарын дұрыс тауып, ең қасиетті ұстаздық мамандықты таңдауы - оларды бақытты жолға бастады. Алдыңғы аға буын өкілдері көп жылдық ұстаздық еңбектерінің зейнетін көре бастады, Алла оларға әлі де ұзақ зейнеттілікті тілейміз.

Ұстаздық жолды жаңадан бастаған Қарабатыровтар ұрпағына Тәуелсіз Қазақ елінің болашақ жастарын оқытып, тәрбиелеуде мол табыстарға жете берсін дегім келеді.

*Бостандық мектебінің түлегі  
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген білім қайраткері  
Әскендіров Нұржан Берденұлы*

## ***Нәсиев Қажымұрат***

***Қарабатыровтар жанұясы***



***Қарабатыровтар жанұясы***



***Әжемiз Қулиай  
алғашқы немересi Назым***



***Калиев Хамит Назиманың әкесi, майдангер, көп жыл бойы колхоз басқармасы,  
ауылдық кеңестiң төрағасы болып қызмет iстеген.  
Кеңестiк дәуiрдегi ең жоғары марапаттардың бiрi- Ленин орденiнiң иегерi***



*Нәсиев Қажымұрат*

*жауапкершілікпен қарайтын*



*Қарабатыров Қалқаман Нәсіұлы  
қызы Анар және жиені Батырханмен*



*Күйеу бала Марат, қызым Назым*





*Нәсиев Қажымұрат*

жауапкершілікпен қарайтын



*Құда - құдағи Ердос, Зияда*



*Қарабатыровтардың ұрпақтары  
(немерелері, келіндері, жиендері, күйеу баласы)*



*Күйеу баламыз Сағат, қарындасым Айнамкөз  
қыздары Айгүл және Айнұрмен*



*Ауылым – алтын бесігім*

*жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды жауабыңды*



*Інілерім Қалқаман мен Мұрат*



*Қарындасым Ботагөз  
қызы Алтын және ұлы Ерлік*



*Кіші қарындасым Ғалия жолдасы  
Жасұлан мен қызы Гүлнәз*

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы және Жергілікті Ауыл Қоғамының Қолдауымен**

### **Бостандық ауылының 80 жылдық мерекесі қалай тойланды.**

«Тойдың болғанынан боладысы қызық» демекші жергілікті аудан және облыс басшылығы Бостандық ауылының 80 жылдық торқалы тойын өткізу уақытын 2011 жылдың алтыншы тамызына белгіледі.

Кейбір көңілдегі «асығыс болмай ма, ауылдастарымыз тойға дұрыстап дайындалып үлгере алар ма екен, тәуелсіздіктің тарихи 20 жылдығы қарсаңында өтейін деп отырған ауылымыздың 80 жылдық торқалы тойы ғой?» деген ойлар жегідей жесе де, елден кеткелі көп уақыт болғандықтан, әрі ауылды билеп, уысында ұстап тұрған қазіргі заманның «жаңа қазақтарының» ырқына көнбеуге шара жоқ, оларға іштей қынжылыс білдірсек те, араласа алмадық, тойға дайындық тасбақаның адымымен баяу болса да, жүргізіле бастады.

Әрине, түсінеміз 2011 жылдың қысқы маусымына қызу дайындық жүргізіліп жатқандықтан, әрі жаз жауынды болып, шөп шабу науқаны ұзаққа созылып, егін ору қалай болады деген ұсақ шаруа қожалықтарының басшыларының абыржуын түсінуге болады, бірақ та ата - бабаларымыздың 70 жылдай тірнектеп жинаған материалдық - техникалық базасының негізінде дамыған Бостандық ауылының бүгінде құнарлы - шүйгін жерін жайлап, жетпіс жеті ұрпағына жететін пайда тауып отырған ірі шаруа қожалықтары басшыларының Тәуелсіз Қазақ елінің 20 жылдық мерекесі қарсаңында тойланайын деп отырған алтын бесік - ауылымыздың 80 жылдық торқалы той дайындығына самарқаулық танытуы түсініксіз жағдай болды. Бұл жағдай өткен аға буын және жөн - жобаны түсіне бастаған жас ұрпақтардың түсінбестігін тудырғаны анық.

Облыс әкімі С.С.Біләловтың тікелей араласуының нәтижесінде және аудан әкімі Қ.Қ.Қалиевтың күні - түні ауылдан шықпай көгалдандыру мен абаттандыру мәселесін қолға алғанының арқасында ауыл ажары тойға дейін әжептәуір көркейіп қалды, осындай әкімшілік шараларының арқасында той өткізілді.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, алдағы уақытта талай тойлар болар, жіберілген кемшіліктер алдағы уақытта болмасын, ел басқарып отырған оқушыларымызға, әрі ауылдастарыма жан ашырлықпен «дос жылатып айтар, дұшпан күлдіріп» айтар деген оймен айтып отырған ағалық назымыз ғой.



Облыс басшысы Серік Сұлтанғазыұлы той басталар алдында ауылымыздың әлеуметтік нысандарын аралап шықты, бірінші болып қай кезеңде болмасын ауылдың ұйтқысы болып отырған Бостандық орта мектебін аралап көрді. Облыс әкімінің таңданыс білдіріп, ерекше назарына іліккен өлкетану мұражайы болды. Сонау өткен ғасырдың 80 жылдары құрылған мұражайдың негізгі мақсаты - оқушыларды өлке тарихымен таныстыру, олардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді тәрбиелеу еді. Кезінде облыстық мұражайдан арнаулы археологиялық экспонаттар алдырып, сол кезеңдегі сыныптан тыс тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарым Нұрсайын Шәріпов, тарихшы Нәсиева Нағима Хамитқызының бірлесе ұйымдастырған мұражайы бүгіндері жүздеген экспонаттарға толы. Отыз жылдай жиналған материалдарға толы мұражайға жаңа мектептің ең үлкен бөлмесі тарлық жасап тұр екен.

Мұражайдың қазіргі меңгерушісі еңбек және көркемөнер сабағының мұғалімі Нұртаев Темірболат аянбай - талмай, біз бастаған еңбекті ақсатпай, мұражай жұмысын ілгері апарғанына шетте жүрген біз де, ауылдастары да қуанады. Соның дәлелі ретінде Темірболат Божанұлының осы еңбегі бағаланып, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Салтанатты тойымызды облыс әкімі Серік Сұлтанғазыұлы Біләловтың құттықтау сөзімен бастады, тойға шашу ретінде білім ордасына «Газель» автомашинасын және ауыл ақсақалдарының иығына оқалы шапан жапты.

Облыс әкімінен кейін сөз алған менің қысқаша баяндамамда Бостандық ауылының 80 жылдық тарихына тоқталып өттім, оның бастауында тұрған асыл азаматтар жөнінде, ел басқарған басшылар мен барлық қарапайым еңбек адамдарының бірін қалдырмай атын атап өттім.

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі**

Қасиетті Рамазан айында олардың есімдерін атау арқылы о дүниелік болып кеткен ата - баба рухы бір аунап түссін дедік. Сөз соңында ауылдың 80 жылдық тойына арнаған шашу ретінде «Ауылым - алтын бесігім» атты кітап қылып бастырған еңбегімді облыс, аудан басшылығы және мектеп мұражайына, ауыл ақсақалы Болат Мағазұлына сыйға тарттым.

Кезінде Нағима Хамитқызы бастаған өлкетану үйірмесінің мүшелері жинаған деректер менің «Ауылым - алтын бесігім» атты кітабыма негіз болды.

Бұрынғы кезде ауыл тойы «Алтыбақан» аталатын ағаштың баурында өтетін. Тойдың ең жақсы ұйымдастырылған бір ұтымды жері, оның өтетін жерін таңдап алуы. Аққайың, терек аралас, жағалай бір - біріне жақын орналасқан бірнеше шоқтың ат шаптырым жерінде, тойымызға арналып бірнеше киіз үй тігілді, қазақтың ұлттық ойындары мен айтысы өткізілді. Бәйге ат жарысы, қыз қуу сияқты ұлттық ойындарын жұртшылық барынша тамашалады.

Тойымыздың сырттай бәрі жақсы болды десек те, «әттең - ай» деген жерлері де көрініс берді. Ауылға көп еңбек сіңірген механизаторлар, оқу ағарту, мәдениет саласының ауылдан көшіп, сыртта жүрген азаматтарының көпшілігі болған жоқ, шақыру қағаз уақытында жетпеді ме, әлде арнайы шақыру болмады ма, ол жағы түсініксіз.

Ата салты бойынша ел ішіне келген қонақтарды қандай жағдайда болмасын қарсы алып, әсіресе, тойға келгендерін аса құрметпен шығарып салу рәсімінің мынау ақшаға табынған заманда өзгеріске ұшырап, қараң қалғанына, адамдардың ниеттерінің өзгеріп бара жатқанына түңілгендей болдық.



**Ортада Емел Қабиев ауылдастарымен**

Мектеп түлектері ішінен шыққан бес ғылым кандидаттары арасынан тойға келгені - тек Емел Қабиеұлы Қабиев болды.

Заманның өзгеруі - ай, «елу жылда ел жаңа» деуші еді, қазіргі құбылмалы нарық заманында жиырма жылда ел жаңарып, Тәуелсіздіктің Туын тіккен Қазақстаным алдыңғы қатарлы дүниежүзілік елу елдің қатарына



*Ауылым – алтын бесігім*

*Қазақстан Республикасының*

қарыштап қадам басқанда, біздің «Бостандық» ауылының ақ ниетті азаматтары туған ауыл туын тіктейтініне сенімдіміз.



*Жас балуандар боз кілемде*



*Қыз қуу*



*Бәйге*



*Нәси ұрпағы алтыбақан алаңында*

*Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Баспасөз және Ақпарат Қызметтерінің*



*Бәйге жеңімпазы мен немерем Жақия*



Алла тағалам бәрімізге Бостандық ауылының 85 - 100 жылдық мерей тойларын жоғары деңгейде өткенін көруге жазсын.



**Әбудей батырды  
дүниеге әкелген – Үшкөл ауылы**

Патша үкіметінің қазақ жеріне XVIII ғасырдың алғашқы ширегінен басталған отарлау саясатының үздіксіз жүргізуінен, одан кейін XX ғасырдың басында патша үкіметін құлатып оның орнын басқан кеңес үкіметі қазақ жерінде бүркемеленген жымысқы «лениндік ұлт саясатының» нәтижесінде еліміздің теріскейінде орналасқан қазақ ауылдарының саны азайып, нөпірлеп қоныс аударған славян тектес халықтардан тұратын селолардың арасында әр жерде шашыраған тарыдай болып қалды. Сондай қазақ ауылдарының бірі - Үшкөл ауылы.

Үшкөл ауылы осы өңірдегі өзімен тағдырлас Бостандық пен Бексейіт ауылынан он шақырымдай жерде орналасқан. Не керек Үшкөл ауылының табиғаты сондай тамаша аққайың - терек, талы аралас қоршай өскен ағашты кең алқапты жерде орналасқан. Үшкөл ауылынан Андағұл, одан Тауағаш ауылына қара жолмен тура баруға болады. Ауылдың маңында суалған, батпақты томарға айналған, көктемде толып, жаздың аптап ыстығында суалып қалатын үш көл болған екен, соған байланысты ауылға Үшкөл аты берілсе керек. Соның бірі ауылдан үш шақырымдай жерде орналасқан – Жүндітомар көлі. Одан әрі Жүндітомар арқылы жүре берсек батысқа қарай 8 - 10 шақырымдай жерде, біздің солтүстік өңірге белгілі, батпағында емдік қасиеті бар атақты «Мәңгісор», халық оны ауызекі тілде «Меңгесер» деп атап кеткен тұзды көл бар.

Негізінен Тарышы - Самай руының Бұхарынан тарағандар мекендеген Үшкөл ауылын аталарымыз бертінге дейін Торбие ауылы деп атайтын, себебі кеңес үкіметінің ұжымдастыруына дейін қыстау - қыстау болып жеке отырған Самай тұқымына жататын шағын ауылдардың ішіндегі ең ауқаттысы да, басқа өңірлерге аты шығып, белгілі болғаны Торбие ауылы екен. Бостандық пен Бексейіт ауылдарында қоныстанған Самайлар негізінен Бұхардың ағасы Айтбай батырдан тараған ұрпақтар.

«Орыстандыру саясатының» тегеуріні қаншама қатты болса да, ата - баба дәстүрін сақтап, тілі мен діні үшін беріспей келе жатқан, қазағымның қаймағын бұзбаған солтүстік өңірдегі ауылдарды атын ата десе көзі қарақты қазағым осы үш ауылды Бостандықты, Үшкөлді, Бексейітті атар еді.

Өттең не керек, «ұрда - жық» кеңес үкіметінің орыстандыру саясатының оңтайландыруына бірінші болып іліккен Үшкөл ауылы болды. «Халқы аз, шағын ауылдар экономикамызға тиімсіз, оларды ірілендіру» дегенді желеу еткен кеңес үкіметінің осы «оңтайландыру» саясаты қазақ ауылдарын жоюға бағытталған еді, себебі халық саны аз болатын мекендер негізінен қазақ ауылдары еді. Сол жылдары әлеуметтік нысандарды үкімет орыс селоларына салуға баса назар аударатын, осыған орай қоныстанушы



**Колхозшаруашылық**

кедей шаруалар қосыла бастады. Кеңес үкіметінің ауқатты, бай адамдардың мал - мүлікін тәркілеу саясаты басталғаннан кейін олардың қолында жүрген жалшылар өз үлестерін алып, ұжымдастыру ұйымдарына мүше бола бастады.

Үшкөл ауылы негізінен Самайдың Шуай деген бірінші баласынан тараған Дүйсенбі-Бұқар тармағының Байтөле - Шектібай, Жантөле - Күнту, Жантөле - Айту, Жантөле - Тілеулерінің ұрпақтары мен Шуайдың екінші баласы Алдырақпан ұрпақтарының Дос - Бердалісінен тұрады. Кейіннен оларға Мұраталы Балтаның ұрпақтары келіп қоныстанған.

1921 - 22 және 32 - ші жылдары қазақ жеріне Еділ бойында басталған қуғын- сүргіннен және аштықтан қашып паналаған Қазан , Уфа татарлары Зәкіров пен Мұстапин Әбутәліптің ұрпақтары қоныстанған екен.

Ауылшаруашылық артеліне ең алғашқы болып кіргендер Нұрғожа (балалары Аманжол, Амангелді), Тұрсынбай (баласы Темірғали), Сұңғат (баласы Науан) сияқты сіңірі шыққан кедей шаруалар кірсе керек. Себебі Кеңес (Совет) үкіметі бұл кедей шаруа мен жұмысшылардың үкіметі болып жарияланғандықтан. Оның жергілікті жердегі өкілдері кедей – батрақ шаруалар болды, солардың беделі асып тұрды.

**Ең алғашқы Үшкөл колхозының басқармасы болып Мұстапин Әбутәліп** деген азамат сайланған. Ресей жерінен келген Әбутәліп орысша, арабша хат танытын, кедей табынан шыққан , көзі ашық азамат болғандықтан жергілікті тұрғындар бірден оның ұжымшар басқармасы болуына келісті. Сонымен қатар, Әбутәліп Торбие ауылының сол кезеңдегі ауқатты байы - Ырыскелдінің қолында жалшы - батрақ болған.

Самай руына жататын Ырыскелді қазан төңкерісіне дейін ауқатты болған, кейіннен «ақ пен қызылдың соғысы» кезінде байлығы жұтаңқыраса да лениндік «жаңа экономикалық саясат тұсында» байлығын еселеп алғанын көне көз қарияларымыз айтып отыратын. Оның бір дәлелі сол өңірде ешкімде болмаған алғашқы американдық трактор «Фарзонды» Ырыскелді сатып алған.

«Үшкөл» ауылшаруашылық артелінің алғашқы басқарушысы Әбутәліп 1894 жылы Ресей федерациясының құрамындағы Татарстан жерінде туған. Қазан төңкерісі басталған кезінде жиырма үш жастағы Әбутәліп Қызыл Армияның қатарында болып, туған жерінде кеңес үкіметін орнатуға қатысады. Азамат соғысы аяқталған соң туған ауылына оралып, бейбіт тұрмысқа араласады, бірақ 1920 - 30 жылдары Еділ бойын мекендеген халықтар қуғын- сүргінге ұшырап, аштыққа ұрынған кезде татар, башқұрт халықтары да жан - жаққа босып кетті. Олардың көпшілігі түбі бір түркі тектес туыстас қазақ жеріне келіп паналады. Оның айғағы сол ауыр кезеңде Бостандыққа келіп қоныстанған Латыповтар ұрпағы мен Үшкөл ауылындағы Зәкіровтердің өмір тарихы. Олар сонау қиын - қыстау кезеңде өздеріне қорған болып паналатқан қазақтармен сіңісіп қыз алып, қыз берісіп

## ***Нәсиев Қажымұрат***

**Құдандалы болып кетті, бүгінгі күні олардың тұқымдарын қазақтан ажырата алмайсың.**

құдандалы болып кетті, бүгінгі күні олардың тұқымдарын қазақтан ажырата алмайсың.


Қасиетті қазақ жерінің бір пұшпағы Үшкөл топырағына аяқ басқан Әбутәліп 1928 жылы жаңа заманның алғашқы құрылған ауылшаруашылық ұжымшарын басқаруға қолы жетті. Сонау қиындық жылдары ауыртпалықты бірге көтеріп, қазақ жеріне өзімен қол ұстасып келген жан жары Гүлмихаят (1904 жылы туған) пен Әбутәліптің отбасында 1930 жылы Сәбит атты ұл бала дүниеге келіп оларды қуанышқа бөлейді. Сол қуанышты 1930 жылы Үшкөл ауылы ұжымдастырудың жоғарғы түрі колхоз болып қайта құрылды. Колхоз басқару оңай болған жоқ, жаңа заманды қуаттап, бірлі жарымды қара малын колхоз қорасына беріп колхозға кірсе де, ашуланғанда ортақ қорадан сиырын жетектеп алып кететін кедей - кепшіктер мен ұжымдастыруға қарсы болғандар да табылып жатты. Бірде қиындықпен салынған астық қоймасын күйдіріп жіберген қаскүнемдер де болды.

Мұстапин Әбутәліп Ұлы Отан соғыс аяқталғанша 1945 жылға дейін Баужанның Тоқайының Нұрғожасы екеуі алма - кезек басқармалық міндетті атқарған (нақты жылдары белгісіз). Одан кейінгі жылдары Шәріпбаев Омар, Тоғайбаев Сұңғат сияқты абзал азаматтар елді бытыратпай, басқармалықтың ауыр жүгін мойнымен көтерді.

Өкінішке орай 1946 жылы 52 жасында Үшкөл ауылының бастауында тұрған Әбутәліп басқарма дүниеден өтті. «Артында қалған оңалар» дейді қазағым. Бүгіндері Мұстапин Әбутәліптен артында қалған ұлы Сәбит көзі тірі, бүгіндері сексеннің сегірінен асып отыр, құдай қосқан жары Кәмал апай екеуі өрісін кеңге жайған ақ сақалды ата, ақ жаулықты әже, балалары мен немере - шөберелерінің қызығын көруде. Бескөл ауданы, Трудовое селосында тұрады.



***Мұстапина Кәмал***



***Мұстапин Сәбит***

Өзінің айтуы бойынша Сәбиттің мектеп табалдырығын алғаш аттағанда, әліппе үйреткен ең бірінші ұстазым Ғали Мусин дейді. Ең жоғарғы мемлекеттік марапат - Ленин орденін алған санаулы ұстаздардың бірі болған

## *Ауылым – алтын бесігім*

**Қолжазба**

Ғали Мусин Бостандық ауылының тумасы, өткен ғасырдың 40 жылдарына дейін біздің өңірдегі мектептерде ұстаздық еткен.

Ауылдық бастауыш мектепті бітірген соң Сәбит ерте еңбекке араласты, 1942 жылы соғыстың ауыр кезеңінде ауылда бронмен қалған бірлі - жарымды тылда қалған ересектерге көмекші болып, майданды азық - түлікпен қамтамасыз етуге бала болса да септігін тигізді. Үшкөл ауылында алғашқы техника тізгінін құрықтаған тракторист Қабиев Қосманның көмекшісі бола жүріп, кейіннен өз бетімен трактор жүргізді.

1951 жылы ДОСААФ арқылы, сол кезеңде ауылдық жерде екінің бірінің қолынан келмейтін, әрі таптырмайтын мамандық ауыл жастарының арманы шофер мамандығын игеріп, Бостандық колхозы басқармасының мінетін «Победа» машинасының жүргізуші болды.

1950 жылдары ауылдық жерде машина өте таңсық қой. «Победа» машинасының ролінде ойнаған Сәбит шоферды ауылдың қара домалақ балалары пір тұтатын. Біз ауыл балалары колхоз басқармасының кеңсе жиналыстарында ұзақ отырғанын пайдаланып, Сәбит ағаның «Победасына» жалына сұрап жүріп, мініп алатынбыз. Машинаға отырудың өзі, біз үшін бір қиял - ғажап ертегідегі кілем - ұшаққа мінгендей әсер қалдыратын, сәтін салып машина рөлін ұстап мінгендерімізге үлкен мәртебе болатын, міне алмаған балалардың қызғанышын тудырып, көп уақытқа дейін әсерленіп жүретінбіз. Қайран балалық шағымыз - ай, бүгіндері ойлап қарасақ қазіргі жаһандану заманында компьютер басты балаларды не нәрсемен таңдандырып көресің, бес - алты жылда бір өзгеріп отыратын техникалық жаңалықтар оларды қызықтырмайды да.

Үшкөл ауылының тұрғындарының басынан талай нәубеттер өтті ғой. Жаппай ұжымдастыру басталмас бұрын 1929 жылдары бай - кулактарды, яғни ауқатты шаруаларды кәмпескелеу (қанаушы тапты байлықтарынан айырып, колхоздарға беру жұмысы) Үшкөл ауылына да жетті. Еті тірі, пысық, **Ырыскелді баласы Әлтай лениндік** «Жаңа экономикалық саясат» тұсында заманның ағымын тез аңғарып, әжептәуір байлық жинап, ауқатты шаруа болған. Кәмпескелеу басталысымен біздің өңірде алғашқылардың қатарында зобалаң басталатынын білген Әлтай 1929 жылы Қытай ауып кетеді.

Әлтай Қытайдың Құлжа қаласына барып тұрады, балалары Нәдір, Нәйіл Қытайда туып, елге 1957 жылдары келді. Нәдір мен Нәйіл өте еңгезердей, ірі жігіттер болып өскен екен, біздің ауылға туыстары Қабиев Мараттың үйіне келгенде олармен танысқан болатынмын. Кішкентай бала біздерге Нәдір мен Нәйіл күшті әсер қалдыратын, себебі екеуі де қара күштің иесі еді, күрескен ауылдастарымыздың бәрін жығып кететін.

Қытайда сауда саттықпен айналысқан Әлтайдың тұрмысы жақсы болған көрінеді, бірақ елді сағынған атамыз Қытайдан жаппай елге қайтару кезінде елге оралады. Бірақ балалары солтүстік өңірдің суығын







Қалиев Зұлқарнай деген азаматтар істеген. Үшкөл ауылы тарқағанға яғни 1979 жылға дейін бастауыш мектеп мұғалімдері болып, ерлі - зайыпты Нұрсейітов Мардан, Қаншайым ауыл балаларын тәрбиелеуде еселі еңбек етенін ересек үшкөлдіктер ұмытпауға тиіс. Бұл кісілердің туған жері Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылы еді.

Ұлы Отан соғысы уақытында 28 үшкөлдіктер қан майданға аттанып, елін – жерін қорғауға аттанды. Оның тең жартысы соғыстан оралмады, қан майдан даласында қаза тапты. Соғыс кезінде елді бытыратпай, ауыртпалықты көтерген Шәріпбаев Омар, одан кейін Тоғайбаев Сұңғат басқарма болып ауыл азаматтарын соғысқа қажетті азық - түлікпен қамтамасыз етуге жұмылдырды.



**Тоғайбаев Сұңғат**  
**Үшкөл колхозын**  
**1945 - 51 жылдары**  
**басқарған**

**Тоғайбаев Сұңғат.** Денсаулығына байланысты басқармалықтан босаған Сұңғат ағадан кейін Балтабаев Еділ деген азамат басқарма болды. Еділдің түбі Керей - Балтаның Елке - Мұратына жатады. Бостандықтағы Нұртаев Божандардың немере аталасы. 1954 - 56 жылдары Бостандық колхозы ірілендіріліп, оған екі колхоз Бексейіт, Үшкөл колхоздары қосылғанда Еділ Балтабаев Бостандық колхозы басқармасының Сарбасов Көшеннің орынбасары болып сайланды, кейіннен оны бексейіттік Әбдіқасымов Шамған ауыстырған болатын.

Соғыстан кейін Үшкөл ауылының дамуына өз үлестерін қосқан аға ұрпақ өкілдері Нұрпейіс, Кәпкен, Нұрғожа, Нұрмағанбет, Тұрлыбай, Базарбайдың Жәкені, Сағит, Әбілқас, Мұқыш, Өмірбек, Шаймолда, Қосман, Көбеген, Сағындық, Жұмаш, Белгі, Баймолда, Зейнолла, кейінгі буын өкілдері, бүгіндері зейнеткерлікке шыққан Қайыржан, Темірғали, Жақсылық, Омаров Орынбай, оның інісі Игібайдың, Тоғайбаев Науан, Байқуанышев Болат ( Бостандық ауылының балалары Болаттың сөйлеген кезде, екі сөздің басын қосса «о ғажап» деген сөз тіркесінен бастағандықтан оны «Ғажап» деп атап кеткен) туған ауылдарының көркейтуге өз үлестерін қосқан азаматтар.

1941 - 45 жылғы сұрапыл соғыстан кейінгі ауыр жылдары, елдің шаруашылығын қалпына келтіру жылдарында бригадир болып қызмет істеген Қыстаубаев Тұрсынбай (соғыстан бір қолы жарамсыз болса да аянбай еңбек етті), одан кейін бригадир болған Садвақасов Қуан (Бостандық ауылы), өз елінің тумасы Таласпаев Темірболат Үшкөл ауылында ұзақ уақыт басқару жұмысында болып еселі еңбектің үлгісін көрсетті.

Үшкөл ауылынан атақты да көрнекті талай азаматтар шыққан. Аталарымыздың айтуы бойынша соғысқа дейін өңірімізге белгілі болған Үмітбай молда (баласы Малкин Таутас), ол кісі ауылдастарының алғашқы діни сауатын ашушы, емшілік- балгерлік қасиеттері де болып, шипалы қолы талай ауылдастарын аурудан айықтырған екен. Біздің үш қазақ ауылының ата- баба шежіресін кейінгі ұрпаққа жеткізген де Үмітбай молда.


## Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Тарихи Ескерткіштері

Үшкөл ауылының даңқын дүние жүзіне паш еткен азаматтың бірі - Әбу Досмұқанбетов болды. 1939 - 1945 жылдары Дүниежүзі халықтарына төнген фашизмнің қара түнек бұлтын сейілітіп, оған тосқауыл қойған Кеңестер Одағының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі екенін барша көзі ашық адамзат баласы біледі. Сол жанкешті соғыста ерлік көрсетіп, Кеңестер Одағының Батыры атағын алған қазақ ұлтының 96 батырының бірі - Әбу Досмұқанбетовтың кіндік қаны тамған Торбие - Үшкөл жері.



КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ  
ӘБУ ДОСМҰХАМБЕТОВ



Әбу Досмұқанбетов 1920 жылы туған. Самай тұқымына жататын Әбудің арғы бабасы Бұқар Аблай ханның атақты батыры Айтбайдың ағасы. Бұқардан Байтөле - Байбөрі - Бәшім - Досмұқанбет тарайды.

Әбудің тұқымдары өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдардың аяғы мен 30 - шы жылдардың басында қазақ жерінде күштеп басталған ұжымдастыру саясаты мен қолдан жасалған аштықтың салдарынан «ішке» Ресейдің Қорған облысы Петухово ауданындағы Чебачье елді мекеніне қоныс аударады (біздің жақтың қазақтары жапсарлас жатқан Ресейдің Қорған, Челябині жерін «іш жақ» деп атады).

Жастайынан еңбекқор, пысық бала болып өскен Әбу жетінші сыныпты бітірген соң ата - анасына қолқабыс тигізу мақсатында мал фермасына

**ЖАҢА ЖОЛ**

жұмысқа тұрады. Ол кезеңде тұрмыстың ауыртпалығынан жетінші сыныпты бітіру екінің - бірінің қолынан келмейтін, балалардың көпшілігі төртінші сыныпта мектеппен қош айтысатын. Көп кешікпей Әбудің етінің тірлігіне, біліміне көз жеткізген жергілікті «Жаңа жол» колхозының басшылары оның жастығына қарамастан ферма меңгерушілігіне тағайындайды. Мал фермасының ауыр жұмысын жасына қарамастан ұршықша үйіріп әкеткен жалынды жасты аудан басшылығы да байқаған болуы керек, көп ұзамай Әбуді жастар ұйымы - комсомолдың хатшылығына сайлады.

Бейбіт өмірде жастай шыңдалған Әбу Досмұқанбетов 1939 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылғанда бірден көзге түсіп, кіші командирлер даярлайтын курсқа жіберіліп, командир атағын алады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде аз да болсын тәжірибе жинақтаған кіші командир Әбуге жауапты әскери бөлімді басқару тапсырылады. Соғыстың алғашқы жылдарындағы кеңес әскерлерінің сәтсіздік соғыс қимылдары, Отанымыздың жүрегі – Москва түбіне дейін шегініс, жауынгерлеріміздің рухын түсіре алмады. 1942 жылдың соңына қарай Сталинград қаласы түбіндегі неміс әскерлері ойсырай жеңілуі - Отан соғысындағы түбегейлі бетбұрысқа алып келді.

1943 жылдың басында кеңес әскерлері жаппай шабуылға шығып, неміс фашист әскерлерін Украина жеріне, Днепр жағалауына дейін тықсырды. Неміс әскерлерінің басшылығы Днепр жағалауында кеңес әскерлеріне қарсы тосқауыл шептерін қойып, соғыс барысын өз пайдасына шешуді көздеген еді. Міне, осындай аса жауапты кезеңде, 1943 жылдың 22 қыркүйегінде рота командирі Әбу ағамыз Днепрдің бір саласы Припять өзенінен өту кезінде өшпес ерлігін жасады. Ротасымен кең арналы, асау толқынды, биік жарқабақты өзеннен өтетін жүзу құралдары болмаса да, бұзылған көпірдің тақтайларынан тез арада плот жасап, қарсы жағалауда бекініп жатқан фашистердің мотоатқыштар шебінің кескілескен атысына тойтарыс беріп, өзеннің екінші жағына бірінші болып өтеді. Әбудің ротасының басып алған жарқабағын пайдалана отырып, басқа әскери бөлімшелер де аз шығынмен жау шебін оңай басып алады. Түнге қарай Әбудің ротасы жау шебін айналып өтіп, оларды шегінуге мәжүбір еткен.

Днепрден өту кезінде әскери - тактиканы тиімді пайдаланып, батылдық көрсеткені үшін Әбу Досмұқанбетовке 1943 жылдың 16 қазанында Кеңес Үкіметінің Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Батыр атағын ұсынғаннан кейін бір аптадан соң Украина жерін жаудан тазарту кезіндегі кескілескен ұрыстардың бірінде Әбу ағамыз ерлікпен қаза табады. Әбу ағамыз сол ұрыста бірге қайтыс болған майдандас украиндық жауынгер Петр Баюкпен Чернобыль қаласында бауырластар зиратына жерленіп, басына ескерткіш белгі орнатылады.

## ***Нәсиев Қажымұрат***

***Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі***

1979 - 80 жылдары Бостандық мектебінің оқушылары батыр жерлесімізге арнап Даңқ бұрышын ашу мақсатында Украина оқушыларымен хат алысып, көптеген материалдар жинап, мектеп мұражайына қойған болатын.



***Әбу Досмұқанбетов украиндық жолдасы Петр Баюкпен бірге***

Батырдың жиені, облысымызға танымал, сот - заң саласының ардагері Сапар Дүйсенов ағамызбен мектеп оқушыларының кездесуін ұйымдастырғанбыз. Әбу ағамыздың Бостандық ауылындағы жақын - жекжат туыстары Хамзин Үкімет Әбу туралы кейбір деректерді берген болатын. Негізінен батыр ағамыздың туыстары Қорған облысында тұрады. Анасы Қайша, туысы Сапар Дүйсеновпен бірге Чернобыль қаласындағы Әбу жерленген зиратына барып, туған жердің топырағын салған еді. Украинадағы қайғылы оқиға - Чернобыль атом станциясының апатынан кейін ол жерге баруға мүмкін болмай қалды. Бостандық мектебінің ұжымы сол кезеңдегі материалдық жағдайдың болмауынан өз мектебіне Әбу Досмұқанбетов есімін беру мүмкіндігі болмады, бірақ та құдайға шүкір, бүгіндері Қызылжар қаласының бір көшесі және дарынды балаларға арналған мектеп - интернат 1985 жылдан бері Әбу Досмұқанбетов атында. Мектеп алаңында батырға арналған ескерткіш және гүлзар орнатылған.



***Әбудің анасы Қайша***



***інісі Қапар***



***жиені Сапар Дүйсенов***

Ел үшін, азаттық үшін, бейбіт өмір үшін жанын пидә еткен Әбудей батыр ағасының жолын бейбіт өмірде жалғастырған Үшкөл топырағында

## *Ауылым – алтын бесігім*

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Ауыл – ел бесігі» атты кітабына арнап жазылған мақаланың басында:

дүниеге келген ардақты азаматтардың бірі Таласбаев Есімғалиді үшкөлдiктер ғана емес, бүкіл республика жұртшылығы біледі десем артық кетпегенім.



*Таласбаев Есімғали 1945 жылы 5 сәуірде Үшкөл ауылында туған.*

Кеңестер Одағы Қарулы Күштерінің қатарында ұзақ уақыт әскери медицина саласында майталман хирург - оташы болып, табысты еңбек еткен подполковник Таласбаев Есімғалидың есімі қазақстандықтарға ғана емес, бүкіл ТМД елдеріне танымал десем артық кетпегенім. Жасынан зерек, спортқа бейім, әсіресе ауыр атлетикадан жарысқа түсіп жүрген Есімғали, Ново - Михайловка орта мектебін орысша ең алғашқы мектеп түлегі болып алтын медальға бітірген. Ол кезеңде ауыл баласының орыс мектебінде тұңғыш болып алтын медаль алуы бұл таңқаларлық оқиға еді. 1970 жылы Қарағанды қаласындағы медицина институтына түсіп, оны тәмамдаған соң, бірден әскери - хирург болуға арнайы әскер қатарына шақырылды. 1970 - 71 жылдары Ленинград әскери округындағы гарнизон лазаретінде ординатор, 1971 - 76 жылдары Германияда орналасқан Кеңес Одағы әскери құрамасының құрамында медицина ротасының командирі болады. 1976 - 78 жылдары Ленинград қаласындағы С. Киров атындағы Әскери - медицина академиясын тамамдады. Академияны бітірген Есімғали 1978 - 92 жылдары Белорусияның Борисово қаласындағы горнизон госпиталінің хирургия бөлімін басқарып, кейіннен Белорусияның астанасы Минскіде округтік әскери госпитальдің хирургиясын басқарған. Кеңес Одағы ыдыраған кезде елге қайтып, Тәуелсіз Қазақстанымыздың Қарулы күштерінің медицина саласын қалыптастыруға өз үлесін қосады. Алматы қаласындағы ҚР Орталық әскери- клиникалық госпиталінің жетекші хирургі, одан кейін ҚР Қорғаныс министірлігінің Бас хирургі болып тағайындалады. Есімғалидың қолынан қарапайым жауынгерлерден бастап, талай атақты мемлекет қайраткерлері жазылып, дертіне дауа тапқандығы баспасөз бетінде жарияланған еді. Ел алғысына бөленген Есімғалидің хирург ретінде ауыл адамдарына жасаған қамқорлығы қаншама. Есімғали мен Тоты Баяшқызы жеңгеміз екі ұлынан бес немере сүйіп отырған бақытты ата мен әже. «Өміргі мақтанышың не?»- деген



## **Нәсиев Қажымұрат**

сұраққа Есекең ойланбастан: « менің екі ұлым мен бес немерем» деп шаттана жауап береді. Ұлының үлкені - Ерланы өзінің жолын қуып, әскери қызметте, подполковник шенінде, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлі - гінде басшылық қызметте. Есекеңнің кіші ұлы Нұржаны заңгер, Алматыда қызмет істейді.

Есімғали Таласбайұлы 1990 жылдардан бастап жоғарғы санаттағы хирург, «ҚСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі», 1, 2, 3 дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен және «Жауынгерлік еңбегі үшін», ең бастысы ҚР Президентінің құрмет грамотасымен марапатталған.

«Мен үшін, адам өмірін ажалдан алып қалудан асқан бақыт жоқ, ал сол бақытқа жету үшін нағыз маман болу керек. Бүгінгі күні мен өзімнің поливалентті хирург атағына жеткенімді мақтан тұтам, ол дегеніңіз хирургияның барлық саласын игерді деген сөз», - дейді Есімғали Таласбайұлы.

Есімғали шын мәнінде бақытты жан екендігіне оның жүріп өткен өмірі мен ажалдан арашалап қалған жандардың оған айтар алғысынан көруге болады.

Өзінің хирургия саласында жинақтаған мол іс - тәжірибесін республика көлемінде ғана емес тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін елдерге де таратып аброймен көрінуде. Есімғали хирургиялық өмірінде 6000 - нан астам ірілі - ұсақты ота жасағаны жөнінде баспасөзде жазылған екен, Үшкөлден шыққан оташы - жан арашасы Есімғалиымыздың еңбегі осындай.



**Бөкенбаев Қайырбай**

Үшкөл ауылының атағын шығарған айтулы азаматтардың қатарында тағы кім бар десек, әрине аузымызға ғылымның ең ауыр саласы математикадан өңірімізден алғашқы болып ғылыми атақ алған жерлестеріміздің бірі - СКГУ - дің информатика және математика кафедрасының профессоры **Бөкенбаев Қайырбай Үшкөл топырағында дүниеге келген.**

Қайырбай нағашым Ново - Михайловка орыс мектебін 1957 жылы бітіріп, Петропавл пединститутына түседі. Ол жылдары орыс мектебін жақсы бітіріп, жоғарғы оқу орындарында оқитын жастар өте сирек болатын.

1962 жылы физика - математика факультетін үздік дипломмен тамамдаған ағамыз өзі оқыған Ново - Михайловка мектебінде үш жылдай ұстаздық етті, оқу ісінің меңгерушісі болып, жұрт көзіне түсті.

1965 жылы пединститут басшылығы оны жоғарғы оқу орынына студентерге сабақ беруге шақырады. 1968 - 71жылдары Қазақ Ғылыми Академиясының математика - механика институтының аспирантурасында оқып, 1971 жылы физика- математика ғылымдарының кандидаты атағын алды. Он жеті жыл бойы математика кафедрасының меңгерушісі болды.

Қайырбай ағамыздың қазақ елінің математика саласына қосқан үлесі мол, 80 - нен астам ғылыми еңбегі жарық көрді.



## *Ауылым – алтын бесігім*

*Қызылжар қаласының «Еңбек ардагері» медалдарымен марапатталған. Жетпістің жемісін көріп, жоғарғы оқу орнында ұстаздығын әлі тастамай, еліміздің болашағы жастарға ғылымдар патшасы - математикадан дәріс беруде. Қайырбай нағашым мен жеңгеміз Әсияның кіндігінен тараған Қуаныш пен Дарыны Қызылжарда тұрады.*

Математика пәні бойынша жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған төрт оқулықтың авторы, «Оқу - ағарту саласының үздігі белгісі», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Жетпістің жемісін көріп, жоғарғы оқу орнында ұстаздығын әлі тастамай, еліміздің болашағы жастарға ғылымдар патшасы - математикадан дәріс беруде. Қайырбай нағашым мен жеңгеміз Әсияның кіндігінен тараған Қуаныш пен Дарыны Қызылжарда тұрады.

Үшкөл ауылының азаматтарының көпшілігі біздің Бостандық ауылының жетіжылдық одан кейін орта мектебінде білім алды, кейбіреулері оқуларын облыс орталығындағы жаңғыз қазақ мектеп - интернатында жалғастырды. Әбілқасов Гүлістан, Жуаспаев Елубай, Нұрғожин Аманжол, Нұрғожин Амандық пен Күнсұлу, Байғожина Раушан, Таласпаев Нұрлан сынды Бостандық мектебінің түлектері жоғарғы оқу орындарын бітіріп, еліне абройлы еңбек етуде, олардың алды зейнеткерлікке де шықты.

Ең алғашқы болып Үшкөл ауылының қыздары арасынан Әбілқасова Гүлістан Алматы қыздар педагогикалық институтын бітірген түлек, бүгіндері зейнеткерлікке шыққан, еліміздің әсем Астанасында тұрады.

Қыздар арасынан шыққан, тұңғыш малдәрігерлік мамандықты игеріп, өжеттігі ер кісіден бірде кем емес, Үшкөл, Бостандық ауылдарында қызмет еткен Базарбаева Ләззат Жәкенқызының еңбегін ел - жұрт қалай ұмытады. Ләззат жеңгеміз Бостандық ауылының тумасы Құсайынов Бекен ағамызбен тұрмыс құрып, бүгіндері балаларының, немерелерінің қызығын көруде.

Облыс орталығындағы жаңғыз қазақ орта мектеп - интернатын бітірген Нұрғожин Аманжол Алматы ауылшаруашылық институтын бітіріп, алғашқы жоғарғы білім алған ғалым - агроном болса, Таутас – жоғарғы білімді зоотехник, Рахметов Нұржан - экономист, Нұрғожин Амандық дене тәрбиесінің мұғалімі мамандығын алған түлектер еді.



***Нұрғожин Аманжол***



***Малкин Таутас***

Аманжол Нұрғожин 1946 жылы туған, өз ауылындағы бастауыш мектепті бітірген соң Бостандықта аздап оқыды, одан Қызылжар қаласындағы жаңғыз қазақ мектеп - интернатын жақсы бітірген соң, Алматыдағы ауылшаруашылық институтының агрономдық бөліміне оқуға түседі. Институтты жақсы бітірген Аманжолдың келешегі зор еді.

## **Нәсиев Қажымұрат**

**Жолдастыққа берік, өзіндік ой пікірі бар, тура айтып салатын Аманжолдың**

мінезі шындықты ұнатпайтын кеңес заманының кейбір бастықтарына кереғар келгені сонша, ол көпке дейін жұмыс бабымен өсе алмады, біраз уақыт обылыс көлемінде кеңшарларда бас агроном болып істеген соң, ел жақта қатардағы агроном болды, зейнеткерлікке шықты.

Малкин Таутас Үшкөлдiктерге ғана емес, сол өңiрге белгiлi Малгелдi - Малкенiң баласы Үмiтбай молданың баласы. Үмiтбай молда екi әйел алған кiсi екен, бәбiшесiнен көрген төрт ұлы ертеректе қайтыс болған соң, бәйбiшесiнiң келiсiмiмен жас тоқал алған. Үмiтбай молда қайтыс болғаннан кейiн екi шешей тату - тәттi өмiр сүрiп, 1963 - 65 жылдары өмiрден озған. Қайран қазағымның қыздары-ай, күйеуiнiң артында еркек кiндiктi көп ұрпақ өрбiтiп қалдыру жолында жанқиярлыққа баруына қалай таңданбайсың. Таутас әкесiнiң 65 - 68 жасқа келiп қалғанда көрген баласы екен, кейiннен тағы да Қалдырған деген iнiсi дүниеге келедi. Үмiтбай молданың әкесi де молда болған оқымысты кiсi болса керек, арабша ауыл балаларына хат танытқан. Үлкен кiсiлердiң айтуы бойынша Үмiтбай молда Керей тайпасынан тараған рулар жөнiнде шежiре жинаған, кейiннен ол кiсiнiң шежiресi әркiмнiң қолында кетiп, бүгiнгi күнi түп нұсқасын таба алмаймадық. Менiң осы кiтапта жазған шежiремнiң негiзiн атам Жақияның жазып қалдырғанынан алдым, ол кiсi де молда болған Үмiтбай молдалармен жақсы қатынаста болған. Сонымен қатар Бостандықтағы Құрманғалиев Серiкбай Самай шежiресiн кезiнде Үшкөлде тұрған өзiнiң ағайыны Өмiрбек деген кiсiден алса керек. Түптеп келгенде осы шежiрелердiң барлығы да сол Үмiтбай молданың шежiресi ме деп ойлаймын.

Ал ендi Таутас 1966 жылы қаладағы мектеп - интернатты бiтiрген соң Алматы зоомал - дәрiгерлiк институтына түсiп, оны бiтiрген соң ұзақ уақыт Ленин, Мәулiт ауданының Қызыләскер кеңшарында зоотехник болып жұмыс iстедi, кейiннен зейнеткерлiкке шығып Қызылжар қаласында тұрады.

Үмiтбай молданың ағасы Мұсаның бiр ұрпағы Мусин Жақсыбай Бiрлiкұлы көп жылдар iшкi iстер органдарында жұмыс iстеп, 2007 жылы полковник шенiнде зейнеткерлiкке шықты.

Үшкөл азаматтарының арасында ерекше тұлғалардың бiрi Нұрғожин Аманжолдың iнiсi Амангелдi едi. 1949 жылы туған Амангелдi өте зирек азаматтардың бiрi едi, әттең қолының қысқалығынан, әрi ағасы Аманжолдың жоғарғы бiлiм алуына көмектесiп, кезiнде оқи алмады. Кейiннен кеңестiң заманда оның әрбiр азаматы жаппай орта бiлiм алу туралы заң шыққаннан кейiн орта бiлiмi жоқ азаматтар сырттай орта бiлiм алуға көштi. Әрбiр орта мектептiң жанынан сырттай және кешкi мектептер ашылып тiптi 50 жасқа дейiнгi адамдар оқи бастады. Бiздiң Бостандық орта мектебiнiң жанынан ашылған кешкi мектепке Амангелдi мен оның жолдасы Зураш та тiркелiп оқыған болатын. Сонда байқағаным Амангелдiнiң өте зеректiгiн, мектептiң күндiзгi бөлiмiнде оқып, орта мектеп бiтiрген жақсы оқушылармен бiрдей деңгейде қазақ әдебиетiнен жазылған шығармасын көрiп таңғалатынбыз.

Тәуелсiздiктiң алғашқы жылдарында тiлiмiз бен дiнiмiздi түзеуге бет алғанда алғашқылардың бiрi болып Амангелдi Алланың қасиеттi жолына

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Ауылым – алтын бесігім*

түсіп, зеректігінің арқасында құран аяттарын жаттап, мағнасын халыққа түсіндіруден көріне білді, ауыл арасында белді молдалардың біріне айналды, әртең не керек ерте, өмірден бақилық болды.



*Амангелді Нұрғожин жолдасы  
Зураш және балаларымен*

Кейінгі жас буын үшкөлдiктердiң арасында өңiрiмiзге белгiлiсi Нұрғожин Амандық. Ол Нұрғожаның iнiсi Нұрмолданың Нұрмағанбетiнiң баласы. Амандықтың жолдасы Күнсұлу Петропавл қаласындағы пединститутты бiтiрген соң, екеуi Бексейiт орта мектебiнде ұзақ жылдар бойы ұстаздық етуде. Күнсұлу да Үшкөл ауылының тумасы, аулында бастауыш бiлiм алған соң Бостандық орта мектебiндебiлiм алды, кейiннен пединституттың математика бөлiмiн тамамдады. Күнсұлудың жыр өнерiне бейiмдiлiгi бар. Үшкөл ауылының таратылуы кiмдi болсын бей - жай қалдырмады. Күнсұлу да ауылдастарымен қатар кеңестiк озбыр саясатқа қарсы шыға алмады, бiрақта сол еңсесiн түсiрген оқиғаға қарсы, туған ауылының түндiгiнiң жабылуына жүрегi ауыратынын «Сағынышым Үшкөлге» деген өлеңiнде тебiрене жырлайды.

Үшкөлiм топырағың киелi жер  
Тырнағына саясаттың iлiнген ел.  
Батыр Әбу, ордендi Әбең, Илиясты,  
Мәпелеп, тәрбиелеп өсiрдiң сен.

Ауылыңа берiлмес пе едi Әбу аты  
Иемдендi атыңа бүгiн әркiм.  
Батырлық пен ерлiктiң айғағындай,  
Қалған жұртта ескерткiшiң тұрып жатыр.

Моншақ тамшы көзiмнен төгiлген көп,  
Сыздар менiң жүрегiм «ауылым» деп.  
Қайда кеткен аядай ауылым-ай,

## Нәсиев Қажымұрат

Келелі жатқан секілді ең жаңа гүлдеп

Келе жатқан секілді ең жаңа гүлдеп  
Туған үйім, мектебім қайда кеткен,  
Қайда кеткен алаңсыз балғын көктем.  
Мына жатқан үйілген төмпешіктер,  
Үшкөлім бе басынан дәурені өткен?!

Туып өскен әкем де, бауырым да,  
Шынымен осы жер ауылым ба?  
Алтын ұя мекенім быт-шыт болдың,  
Еш алаңсыз еңбек еткен қауымым да.

Қайда кетті сонау жаз, сонау қызық,  
Аспа бесік, шымылдық пен жиылған жүк.  
Кестеленген орамал Бижан тәтем,  
Кеткенің бе оралмастай қараңды үзіп.  
Қыстауым, батпақ-томар, көкала аспан,  
Көкірегімді тербеп ең бала жастан.  
Көк аспаным, сен айтшы ауылымның,  
Бар ғажабын кім екен ала қашқан?

Қажып кетем, арқама жүк өңгергендей,  
Туған елді аңсаған шөлдер мендей.  
Бауырына жинап бәрін жұртым жатыр,  
Өткен күнді өзімен жерлегендей.

Өкінемін, ауылым гүлдемейсің,  
Артық болмас барсам да, күнде мейлі,  
Жерге айналмай тұра тұр ескі жұртым,  
Сені көрсем ауылымды көргендеймін.

Осы шағын өлеңінде Күнсұлу қарындасымыз «Кеңес Одағының Батыры Әбу Досмұқанбетовты, сол кезеңдегі кеңес дәуірінің ең жоғары марапаттары Ленин орденінің иегері Илиясті, Октябрь Революциясы мен Халықтар достығы ордендерінің иегері Омаров Әбдірді, Бижан тәтесіндей қол өнердің шеберін дүниеге әкелген алтын ұя бесігімді кім қиратты, еш алаңсыз еңбек еткен қауымымды кім таратты, туған елімнің бар ғажабын кім ала қашқан» деп өкіне, көкірегі қарс айырыла аһ ұрып сұрақ қояды. «Ұлтым,

жұртым» деп жырлаған сол дәуірдегі азаматтарды кеңес үкіметі не күйге түсіретінін білетін Күнсұлу ашық жазбай, кінәліні тұспалдап жырлайды.



*Жахин Шәкен*

Күнсұлудың жолдасы Нұрғожин Амандықтың алдынан тәрбие алған оқушылары облыс, республика бойынша еркін және қазақша күрестен талай жеңімпаз атанды. Күнсұлу болса ұзақ уақыт директордың оқу ісі бойынша орынбасары болып, еңбегі облыс, аудан басшылары тарапынан бағалануда.

Үшкөл ауылында туып, ертеден басқа жақта еңбек еткен **Рахметов Капкен** Приишим ауданында аудандық атқару комитетінің жауапты қызметінде, учаскелік милиционер, «Қызыләскер» кеңшарында ауылдық кеңестің төрағасы болса, **Әбілғазин Баймолда** майор шеніне дейін көтеріліп, Қызылжар қаласының ішкі істер органдарында ұзақ уақыт еңбек етті.

Үшкөл ауылының тумасы ұзақ уақыт облыс көлемінде оның ішінде Бескөл, Мамлют аудандарында партия - кеңес ұйымдарында басшылық қызметте болып, соңғы жылдары мектеп директоры болып жұмыс істеген **Жахин Шәкенді** аға буын өкілдері жақсы біледі.

Үгіт - насихат және жастар тәрбиесі саласына еңбегі сіңген қадірменді ұстаз зейнетке шыққан, сексен жастан асты, бәйбішесімен бірге баласының қолында Мәуліт кентінде тұрады. Екі ұлы Леденево селосында тұрады.

Еңбегімен көзге көрнекті болып жүрген үшкөлдік азаматтардың қатарында **Ерғалидің Елубайын** атауға болады. Елубайдың әкесі Ерғали Жуаспаев Танаш бидің ұрпағы Тарышының Шуайы - Алдырақпаннан тараған, біздің жақта оларды «Самай» тұқымы дейді. Ерғали атамыз өте қарпайым, шын мәнінде тегіне тартып жуас болса керек, патша үкіметі тұсында 1914 - 16 жылғы бірінші дүниежүзілік соғысқа алынып, тылда жұмыс істейді. Ол кезеңде тарихтан білесіздер, орыс патшасы тіпті қазақты өз атымен атамай «киргиз - кайсак деп, олар солдат та бола алмайды, тек қара жұмысқа ғана аламыз» деп кемісіту жасаған. Осындай кемісітушіліктің дәмін татқан Ерғали атамыз аман – есен Қазан төңкерісі басталған соң елге оралады. 1918 - 20 жылдардағы азамат соғысының ойраңын, одан кейінгі 1921 - 30 жылдар аралығында болған ашаршылықты, 37 жылғы қуғын - сүргінді бастан кешіп, зобалаңнан аман қалған Ерғали аталарымыз алдағы өмірге үмітпен қарады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде денсаулығының жарамсыздығынан және жасының келіп қалғанына байланысты еңбек армиясына алынады. Төрт жылдай майданға қажетті азық - түлікпен қамтамасыз етуге өз үлесін қосады. Елге оралған соң, соғыстан кейінгі ауыл тіршілігін қалпына келтіруге белсене араласты. Жаңадан от басын құрып, үйлі баранды болады, Мәрияш, Елубай, Ендіғой деген балаларды дүниеге әкелді.

1955 жылы аңсатып, көп күттірген Елубайы дүниеге келгенде Ерғали атамыздың қуанышында шек болмайды, сол уақыттағы тұрмыс тіршілік өте қарабайыр болса да, шағын той домалағын жасап ауылдастарын бір серпілтіп

## *Нәсиев Қажымұрат*

тастайды. Жасынан талдырмаш, сүп - сүйкімді, әкесінің еркелетіп өсірген баласы болып өссе де Елубай жасынан тыңғылықты, салмақты бала болып өседі. Бастауыш мектепті өз туған ауылында жақсы бітірген соң, Бостандық сегізжылдық мектебінде оқуын жалғастырады, бірақ оны толық аяқтамай облыс орталығындағы қазақ мектеп - интернатына оқуға барады.

1972 жылы мектеп бітірісімен бірден Қарағанды қаласындағы политехникалық институтының жол - көлік факультетіне түсіп, оны жақсы оқып аяқтайды. Қолына диплом алған жас маман «елім - жұртым» деп өзі сұранып, облыс орталығынан шалғайда жатқан Жамбыл ауданындағы жол құрылысының механик - мастері болып істейді. Көп уақыт өтпей, жақсы жұмысымен көзге көрінген Елубай аудандық жолды пайдалану учаскесінің инженеріне дейін көтеріледі. Өз ісіне мығым жас маманды байқаған ауданның партия ұйымының бірінші хатшысы Елубайды сол кезеңдегі өте жауапты да қадірлі жұмыс партия жұмысына тартады.



*Жуасбаев Елубай жолдасы Алма*

1988 - 90 жылдары аудандық үгіт - насихат бөлімінде істеп, тәжірибесін шыңдаған Елубай облыстың республикалық бағыныстағы «Қазақ автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесінің аға инженері болып тағайындалады. 2009 жылдан бастап Жуасбаев Елубай «Жолды пайдалану учаскесі» бастығы болып еселі еңбек етуде, еңбегі еленіп 2008 жылы Қазақстан Республикасының «Құрметті жолшысы» атағына ие болды. Елубай үлгілі жанұя, екі баласы, Бибігүл атты қызы бар, жолдасы Алма жоғарғы білімді банк саласының қызметкері, институт бітірісімен жаста болса да Благовещенкадағы аудандық банкінің тізгінін ұстады. Қазір облыстық Қазына (казначейство) басқармасының бастығы. Ұлы Бауыржан Астана қаласында тұрады, анасының жолын жалғастыруда, Қазақстан Республикасының Тұрғын үй - құрылыс жинақ банкісінде бөлім бастығы, ал екінші ұлы Азамат Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласындағы «Омега» зауытының директоры.



## Еңбегімен елеулі болған Үшкөлдiктер

Кеңес дәуірінің жоғарғы марапаттары - «Октябрь Революциясы» және «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталған **Омаров Әбдір** және алғашқы Ленин орденінің иегері **Қабдолов Ілиястің** атақтары облысымыз ғана емес, республикаға белгілі болды. Қабдолов Ільяс біздің өңірде ең

жоғарғы үкіметтік марапаттарға ие болған азамат еді, әттең ерте дүние салды. Соғыстан бір қолдан жараланып кемтарлау болып келсе де Омаров Әбдір ерен еңбектің үлгісін көрсетті.



*Әбдір жолдасы Зурамен*

Соғыстан кейін үйленген Әбдір құда, құдай қосқан қосағы Зура апаймен үлкен шаңырақ иесі болды. Соғыстан алған жара қаттың әсері болдыма Әбдір құда ертерек дүниеден өтіп кетті, артында қалған балаларын Зура апай ер жеткізді, оқытты, адам қатарына қосты. Алтын алқалы «Батыр ана» Зура бүгіндері 86 жаста, немерелері мен шөберелерінің қызығын көріп Бескөл ауылында Дулат деген кіші баласының қолында тұрады. Балалары: Орынбай, Игібай, Жаңбырбай, Есілбай, Боранбай, Дауылбай, Дулат әкесіне тартқан еңбекқор, қарапайым, менменсу дегенді білмейтін, адамға жақсылық жасауға дайын тұратын азаматтар.

Орынбай, Игібай, Жаңбырбайлар техниканың тілін өте жетік білетін нағыз хас шеберлер еді.

Бүгіндері Омаров Әбдірден тараған ұрпақтары республиканың түкпір - түкпірінде қажырлы еңбек етуде. Жаңбырбай көп жыл «Андреев» кеңшарында жүргізуші болды, қазір Бескөл ауылында тұрады, Есілбай ұзақ уақыт білім саласында, Бескөл аудандық оқу бөлімінде әдіскер.

Орынбай мен Игібайы ерте дүниеден өтіп кетті, «артында қалған оңалар» дейді ғой қазекем, құдайға шүкір Орынбайдың балалары Амантай, Игібай, Алтай және қыздары Айнаш пен Розасы ер жетті, қазір Астана қаласында тұрады, бәрі де жоғары білімді. Амантай заңгер, ішкі істер басқармасында, Айнашының мамандығы мұғалімдік, Білім және ғылым министрлігінде істейді, жаңа заман ағымына қарай шағын бизнеспен Розасы айналысады.

Игібай Омаров әкесі Әбдірге еліктеп, ерте трактордың руліне отырды, 1968 - 69 – шы жылдары жаңадан «Андреев» кеңшары құрылғанда Игібай орталыққа көшіп К - 700 тракторын жүргізуші болып істеді, ол кезде жастарға бірден жаңа трактор бермей ескі тракторға мінгізетін. Тракторының ескілігіне қарамастан даланың алып кемесі аталатын К - 700 тракторын тез жөндейтін, оны тоқтатпай кеңшардың жұмысын үздіксіз жүргізіп, өзіне берілген жер жырту тапсырмасын асыра орындайтын. Қай жылы екені ұмытылып барады, бір жылы үздік жас тракторист ретінде аудан тарапынан

## *Нәсиев Қажымұрат*

жыл сайын бөлінетін жаңа К - 700 трактор Игібайға берілетін болған екен,

бірақ өмірде қадам басқан сайын кездесетін, аяқтан шалатын әділетсіздіктің салдарынан Игібайға жаңа трактор берілмейді. Сол кезеңде ортаңкол бастық болса да айласын асырып жекжатына жаңа трактор бергізген арамза бастықсымақтың кесірінен қапаланып, намыстанған Игібай жазатайым болды, қара жер айтып бармасын, марқұмның мінезі тура, бірбеткей еді. Игібайдың артында қалған жалғыз қызы Алтынды қарындасымыз Ботагөз қайныларының қолдауымен ер жеткізді, тұрмысқа берді, Алдияр деген жиені бар, бүгінгі күні әжесі Ботагөзді өзінің жақсы оқуымен қуантуда.



*Омаров Орынбай*



*Омаров Игібай*

Орынбай 1947 жылы Үшкөл ауылында туған, бастауыш білімді өз елінде, жетіжылдық мектепті Бостандық ауылында бітірген соң Қызылжар қаласындағы механизация техникумына түсіп, ауылшаруашылық техникасының механигі мамандығын алды. Көп жыл Үшкөл ауылында механик, бөлімше бригадирі болып, еліне қадірлі, еңбегі сінді, өте қарапайым, кімге болсын қол үшін беруге дайын тұратын. Әттең не керек, сұм ажал да Орынбайды арамыздан ерте алып кетті.

Үшкөл ауылының тарихына шолу жасағанда **Таласпаев Темірболаттың** еңбегін ерекше атаған жөн. Ол өте шапшаң мінезді, еріну дегенді білмейтін, трактордың құлағында ойнайтын, тура сөйлейтін, өршіл азамат. Басқару қабілетін байқаған аудан басшылары оны ұзақ уақыт Үшкөл ауылының тізгінін ұстатты. Коммунистік партияның ақырып тұрған кезінде бірнеше дүркін қатарынан обком, райкомның бюросының мүшесі болып, тура сөйлеуден тайсалмайтын Темірболат кейбір совхоз басшыларына да өктемдігі, сөзі өтіп тұрды. «Еңбектегі ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен және облыс, аудан басшылар тарапынан мақтау грамоталарымен марапатталған.

Темірболат ағамыз жеңгеміз Мәриям екеуі бүгіндері бәйтерегі жайқалып, бұтағын кеңге жайған, немере - жиен сүйген ата мен әже. Бостандық мектебін бітірген **Нұрланы** Қостанай жерінде әскери қызметте болып, подполковник шенінде зейнеткерлікке шыққан, екінші ұлы **Ержан** да әскери қызметте, облыс орталығындағы Төтенше жағдайлар басқармасында капитан шенінде бөлім бастығы болып істейді.

## *Ауылым – алтын бесігім*

*Қазақстан Республикасының Төңкеріс 20 жылдығына арнап*

Үшкөл ауылының тарихында өзіндік орын алатын азаматтардың бірі **Қариев Марат** болатын.



*Үшкөл ауылының бір топ тумалары.*

*Алдыңғы қатарда: Темірболат Таласпаев, Ораз Рәшев*

*Екінші қатарда: Мәриям Таласпаева, Темірғали Тұрсынбаев, Қабиев Марат, Таласбаев Ерлан мен жолдасы Айгүл, Күлиәт Тұрсынбайқызы оның артында тұрған Омарова Күләш, Сәбит Ғаббасов, Есімғалидың жолдасы Тоты, Әлия Қабиева, Емел Қабиев және жолдасы.*

*Үшінші қатарда: Таласпаев Есімғали, Бөкенбаев Қайырбай және жолдасы Әсия.*

Үшкөл ауылы негізінен Тарышы - Самай тұқымынан тарған азаматтар қоныстанса да, олардың арасында Бексейт ауылын қоныстанған Балтаның Тәңірберді - Құлжа - Бекқұлы тармағына жататындар болды. Қариев Марат осы Балтаның Бексейіт - Бекқұлы тармағына жатады.



*Қариев Марат жолдасы Манармен*

Қабиев Марат 1937 жылы халқымыздың сүйікті мерекесі наурыздың 26 жұлдызында Үшкөл ауылында дүниеге келген екен. Әкесі Қари әйелі қайтыс болған, соң немере ағасы Қабидің жесірі Балбөпемен қосылады. Ол кезде әлі

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі*

де қазақтар арасында «аға өлсе іні мұра, іні өлсе аға мұра» деген ата салтын берік ұстап жетімдерін бүгінгідей далаға қаңғыртпай, жетімдер үйіне тапсырмаған. Әкесінен 8 жаста жетім қалған Қосманды ағасы Қари өз баласы Маратпен бірге тәрбиелеп, қамқорлығына алады.

Қазақстандағы 1937 - 37 жылдарда басталған сталиндік зобалаңнан еңсесін көтермеген үшкөлдiктер неміс фашизiмiнiң кенеттен бастаған соғысы қорқыныштан бас көтермей, қалт - құлт еткен тұрмыстары одан сайын керi кеттi. Соғысқа жарамаған Қари әкесiн еңбек армиясына шақырып, Қызылжар қаласындағы елiмiздiң батыс аймақтарынан көшiрiлген заводқа жұмысқа жiбередi. Әкесi еңбек армиясына шақырылғанда Марат, Қосманнан басқа шешесiнiң ағасы Жаңбырбайдың жетiм қалған баласы Қайратпен бiрге тәрбиеленедi, ауылдастары Жаңбырбайды Жаукен деп кеткен екен. Жаукеннiң елi Сергеев, қазiргi Шал ақын ауданы, Приишим кеңшары, Ортақкөл ауылы едi. 1935 жылы Жаукен елiне көшпекшi болып жолға шығады, Тауағаштағы нағашыларына бiр - екi күн тоқтап қонақ болады. Алланың жазуы болар қонған киiз үйiне жаңбырлы күнi найзағай түсiп Қайраттың әке - шешесi оқыстан қайтыс болып кетедi, тек бала аман қалады. Жетiм қалған iнiсiнiң баласы жетi жасар Қайратты Мараттың шешесi Балбөпе өз тәрбиесiне алған.

Жас кезiнде қиындықты көп көрген Марат мектепте толық орта бiлiм алған жоқ, бiрақ та зеректiгiнiң арқасында қарапайым жұмысшыдан, мал фермасының бригадирi, ауылдық кеңестiң төрағасына дейiн көтерiлдi.

**Марат Манар Әлқиссақызымен** жарасымды үлкен жанұя құрды, дүниеге 3 ұл, 5 қыз тәрбиелеп, барлығына да жоғарғы бiлiм бердi. Балаларының барлығы да тәрбиелi, зерек, өнегiлi, республиканың түкпiр - түкпiрiнде қызмет етуде. Үлкенi Ләйлә акушер - гинеколог Жамбыл ауданында аудандық аурухананың бөлiм бастығы, Ғалиясы мұғалiм, Аралағаш орта мектебiнде физика сабағын бередi, Гүлмирасы Астанада экономист, Бибiгүлi облыстық iшкi iстер басқармасында аға тергеушi, Қарлығашы кәсiпкер. Ер баласының үлкенi Нұржан Астана қаласында құрлыс саласында iстейдi, Нұрлан темiр жол бойындағы тәрiптi бақылайтын әскери адам болса, кiшi ұлдары Жасұлан халыққа қызмет ету орталығы директорының орынбасары болып iстеп, ата - аналарының арман - үмiтiн толықтай ақтауда.

Үшкөл ауылында туып өскен, аудан, облыс көлемiнде ерен еңбегiмен аты шыққан азаматтың бiрi- **Тоғайбаев Науан Сұңғатұлын** ерекше атауға болады. Әкесi Сұңғаттың денсаулығы болмағаннан жасынан еңбекке Науан ерте араласты. Үшкөл ауылының бастауыш мектебiн аяқтағаннан кейiн Бостандық жетiжылдық мектебiнiң алтыншы сыныбын толық аяқтамай механизатор- тракторист болып жұмыс iстедi. Алғыр да өжет Науанның бойы тапалдау болса да, шымыр келген, палуан денелi болып өстi. Өз

## Ауылым – алтын бесігім

Құрдастарының арасында күреске бейім тұратын. Бостандық ауылына оқуға келген Үшкөл, Бексейіт ауылының балалары Бостандықтағы танысы немесе ағайындарының үйінде тұрып оқитын. Науан Мизамиев Шаймолданың үйінде, Әбілқасов Қайыржан Садуақасов Шаймолданың, Нұрғожин Аманжол Аюпов Баймолда жездесінің үйінде тұрса, Бексейіттік Жәкенов Амангелді Тәшенов Әскердің үйінде тұрып оқыды. Мектептегі сабақ аяқталған соң ауыл балалары жақ - жақ болып жарыса ойнайтынбыз, кейде арты қызылшақа төбелеске ұласатын. Үшкөл мен Бостандық Бексейітке қарсы тұрса, кейде Бостандықтар Үшкөл мен Бексейіттіктердің жекпе-жегін қызықтайтын. Сондай сын сағатта Үшкөлдiк балалар Науан мен Аманжол төбелестен ерекше көзге түсетiн, тек жергiлiктi жердiң иесi болғандықтан Бостандық ауылы балаларының мысы әрқашанда басып тұратын, бiрақ та ол заманның балалары тез татуласып кететiн, бүгiнгi балалардың бойындағыдай зiл, өте қатыгездiк болмайтын.



Науан механизаторлық курсты ғана бітірсе де, танымы кең, әр нәрседен хабары бар, ізденгіш, қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Сол кезеңде жас механизаторлар арасында күз айында трактормен жер жыртудан және комбайынмен астық бастырудан социалистік жарыс ұйымдастырылатын. Әрбір механизаторға күндік, айлық, жылдық тапсырма белгіленетін. Осындай социалистік жарыстардың қортындысыбойынша Науан алдыңғы қатарда болатын. Соның айғағы оның төсіндегі жеңімпаз белгілері.

1974 жылы Науан Москвада өткен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болып, көрменің қола медалін төсіне тағып қайтты.

Үшкөл ауылы келешегі жоқ «оңтайландыру саясатының» құрбаны болып кеткеннен кейін, амалсыздан ауылдастары жан - жаққа бытыраған кезде Науан сол кезеңдегі аудан орталығы Бескөл ауылына қоныс аударып, Солтүстік ғылыми – зерттеу мал шаруашылығы институтының «Тәжірибе станциясы» шаруашылығында механизатор болып орналасты. Қай жерде жүрсе де жақсы еңбек жемісін береді ғой, Науанның аянбай еткен еңбегі бағаланып, 1981 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, ал 1982 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып жұртшылық құрметіне бөленді. Обалы нешік кеңестік дәуірде қарапайым жұмысшы, еңбек адамы бағаланды ғой.

Үшкөл ауылында небары 30 - 40 үйдей ғана шағын ауыл болса да халқының саны жағынан көршілес басқа орыс селоларынан алда болды. Жездемiз **Қанафин Зейнолла мен апамыз Зураның** жанұясы балалардың шаттық күлкiсiне толған шаңырақтардың бiрi. Зейнолла жездей 1924 жылы



## ***Нәсиев Қажымұрат***

жаз айында дүниеге келген екен. Өте қарапайым адам болған, 40 жылдан артық тапжылмастан Үшкөл, кейіннен Қостамар ауылында механизатор болды. Ауылдастарының айтуы бойынша Үшкөлде бірінші болып доңғалақты тракторға мінген кісі екен. Бостандықтағы Нұрабай ауылының тумасы Қапсалам атамның қызы Зураға үйленіп өмірге бес ұлды дүниеге әкелді.



***Қанафин Зейнолла***



***Қанафина Зура Қапсаламқызы***

Қанафиннің балалары Жасұлан, Аяған, Ақан, Меңдібай, Бақыт Қызылжар, Петерфельд ауылдарында тұрады, өкінішке орай кіші ұлы Бақыт жол апатынан қайтыс болып кетті.



***Байқуанышев Болат***

***Байқуанышев Болат.*** Үшкөл ауылында тумаса да, ауылдың өркендеп өсуіне мол үлес қосқан азаматтың қатарында Байқуанышев Болатты атауға болады.

Жастайынан Ерғалидың қолында тәрбиеленіп, туған баласындай болып кетті. Әкесі бөлек болса да, бір анадан туған Мәрияш қарындасы мен Елубай інісін әкелері қайтқан соң қамқорлығына алып, оқу оқуына, от басы, үйлі - баранды болуына көмек қолын созды. Бексейіттегі туыстарынан да жақын тартты. Бостандық жетіжылдық мектебін толық аяқтамай ерте еңбекке араласып, көп жыл бойы механизатор болып жұмыс істеді, елде тоқырау жылдары басталғанда ауылдан көшіп, Бескөл селосына қоныс аударды. Екі ұл - қызы, немерелері бар, көп жылғы еңбегінің зейнетін көруде.

Тарихты саралап, көз алдымызға келтірсек қазақ жері сан ғасырлар бойы тағдыр тәлкегіне ұшыраған басқа халықтардың паналайтын жері, қазақ халқы кең даласы қандай болса, өзінің сондай жүрегінің кеңдігімен оларды қиын- қыстау кезеңде бауырына басқанын тарихи деректерден ғана көріп қоймай, күнделікті өмірімізден көріп отырмыз.





***Визе Қайырбек  
Вильгельмович***

*Визе Қайырбек Вильгельмович.* Солтүстік өңірдегі шағын ғана Бостандық, Үшкөл, Бексейіт үш қазақ ауылының тарихы соның айғағы. Бостандық ауылының тарихын айтқанда сонау аласапыран - нәубет, зорлық - зобалаң жылдары шеттен келген татар жұрты, чешен - ингуш, латыш, ұйғырлардың өмірі жөнінде айтқан болатынмын, енді Ұлы Отан соғысы жылдары сталиндік репрессияның құрбаны болып, туған жері Поволжьеңің Пермь қаласынан Үшкөл ауылына жер аударылған Визе

Вильгельмнің тағдыры кімді болсын толғандырмай қоймады. Қазақ жеріне 10 - 12 жаста келген Вильгельмді қазақтар еркелетіп Белөш деп атап кетті, кейіннен есейген уақытта мұсылмандықты қабылдап

Файзолла есімін алады. Белөш Шамшия деген апайымызға үйленіп бала - шағалалы болды, көп жыл Үшкөл, Қостомар ауылдарында механизатор болып еселі еңбек етті. Қазір Қостомарда Белөштің ұлы - Қайырбек тұрады, ол да әкесіне тартқан майталман механизатор, Нұрғожин Амангелдінің күйеу баласы. Өмір деген қызық қой, анасы қазақ болғанымен Қайырбек өзінің тегі неміс екенін жасырмайды, «менің аты - жөнім Визе Қайырбек Вильгельмович болса да, біз нағыз қазақ Нұрғожин әулетімен толық қан араластырдық» деп Қайырбек ақырын ғана күлімсіреді. Анасы Шамшияның бұрынғы жолдасынан туған үлкен апасы Күнсұлу Мәжитқызы Нұрғожин Амандыққа тұрмысқа шықса, Қайырбек Амандықтың немере қарындасына үйленіп отыр.

Үшкөлдік Таласпаев, Бөкенбаевтардың, Әбілқасов, Қылышпаев, Байғожин, Нұрғожиндердің, Жуаспаевтардың ұрпақтары еліміздің түкпір - түкпірінде ерен еңбектің үлгісін көрсетті.

Әттең не керек, солақай саясаттың кесірінен үшкөлдіктер туған ауылын сақтай алмады. Тағдырдың жазуымен туған топрағынан айрылса да Үшкөлдіктер жыл сайын 9 мамыр - Жеңіс күні ат басын ескі ауылдың жұртында тіреп, ата - аналарының қасиетті ізі қалған жерді басуға, кешегі жалаң бұт, жалаң аяқ шақпылап асыр салып ойнаған сүрлеуімен бала кездей тағы да бір жүріп өтсем деп, жұпар исі аңқыған туған жердің ауасын жұтуға, көк майса шалғынына аунауға асығады.

Балалары мен немерелеріне туған жерге деген сүйіспеншілігін жеткізуге тырысады, ата-баба зираты басына барып дұға оқытады, аруақтарды еске алады.

Туған ауылдың ескі жұртына барған сайын кейінгі сезімтал жас ұрпақ аға буын өкілдерінің жан дүниесінің бір түкпірінде, жандарын жегідей жеп жатқан сұрақты «неге ауылымызды сақтап қалмадық» деген өзін - өзі кінәлау сезімінің барлығын байқамай қоймайды. Елім деп аңсаған Үшкөлдіктер

## *Нәсиев Қажымұрат*

*Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі*



*Үшкөлдіктер Кеңес Одағының Батыры Әбу Досмұқанбетовке орнатылған ескерткіш жанында*



*Нұрғожин Аманжол  
жолдасымен*



*Бүркіт Көкенов пен Байғожин Серік*

көрші Бостандық, Бексейіт ауылдары сияқты жабайы нарықтық қатынастардың дауылына қарсы тұрып, ел - жұртты аман сақтап қайта түлететін азамат бізде де шығып қалар деген үмітте.

Үшкөл жерін қайтадан түлетіп, Әбу Досмұқанбетовтей батырды дүниеге әкелген қасиетті жерде жаңа ауыл, жаңа отаулар, құнарлы жеріне егін егіп, мал түлететін, жаңа заманның ағымына сай ел орнатар ұрпақ туатындығына кәміл сенейік.



***Бостандық, Үшкөл, Бексейіт  
ауылының шежіресі***

Бүгінгі күні өткен тарихымызға, әсіресе өз руының шешіресін білуге әркім құмар, оның өзіндік себептері бар. Шежірені білу арқылы адам баласы өзінің қайдан шыққаны руы кім екенін біле отыра, кімдер жақын туыс болатынын анықтайды. Әсіресе, ұлт тазалығы, өсер ұрпақтың сау - саламат болып өсуінің алғы шартын ерте заманнан ақ бабаларымыз білген, сондықтан да кейінгі ұрпағына жеті атасын білуіне көп көңіл аударған. Жеті атаға дейін бір-бірінен қыз алып, қыз беріспеген. Ата - бабамыздың көреген бұл салтын бүгінгі медицина ғылымы дәлелдеп отыр. Шешірені тарқату әрбір халықта бар, бірақ қазақ халқының шежіресі ауыздан - ауызға айтылып, бертінде ғана қағаз бетіне түскен. Ертеректегі Әбілғазының шежіресі, бертіндегі Мұхамеджан Тынышпаевтың, Шәкәрім Құдайбердиев, Сәбит және оның баласы Марат Мұқановтардың жазған шежірелері болды, бірақ жаппай шежіре жазу өнер бола бастағанда көптеген ауытқушылық байқалады.

Біздің ауыл шежіресін Үшкөл ауылының тумасы Үмітбай молданың, атам Жақияның жазып қалдырған шежіресінен және оларды салыстырмалы түрде көнекөз қариямыз, нағыз шешіресші Серікбай Құрманғалиевтің жазғандарымен беріп отырмын. Самай тұқымының шешіресін де Серікбай қариядан жазып алдым. Шежіренің толық жазылғаны үшін Серікбай ағамызға айтар алғысымыз шексіз.




# Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Тарихи және Мәдениет Мұрасын Қорғау және Сақтау Орталығы






Нұрабай ауылы  
Балуан – Барлық  
Өмірзақ тұқымы



**Нәсиев Қажымұрат**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 10 жылдығына орай

Нұрабай ауылы  
Балуан-Барлық  
Өмірзақ тұқымы






*Ауылым – алтын бесігім*

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілді Елшісінің Астана қаласындағы Мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел алаңы, 10-көпір, 10-қабат


*Нұрабай ауылы  
Балуан – Барлық,  
Жанұзақ тұқымы*



# Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Тарихи және Әдебиет Қоры


Нұрабай ауылы  
Балуан – Барлық,  
Жанұзақ тұқымы



Ауылым – алтын бесігім




Нұрабай ауылы  
Балуан – Барлық,  
Жанұзақ тұқымы



# Нәсиев Қажымұрат


Қазақстан Республикасының Тарихи және Әдебиет Қоры

Нұрабай ауылы  
Балуан – Барлық  
Жанұзақ тұқымы






Махамбет ауылы  
Айжан  
Жамансары



*Нәсиев Қажымұрат*

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі


*Махамбет ауылы  
Айжан  
Сүтемген*








*Махамбет ауылы  
Итемген*



# Нәсиев Қажымұрат


Қазақстанның тәуелсіздігіне арнап жазылған романдың негізгі кейіпкерлерінің туыстық қатынастарының схемасы

*Бостандық  
Өтел – Қосал  
Балғабек тұқымы*






Аппақ ауылы



**Нәсіев Қажымұрат**


Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Қазіретінің Қызылорда облыстық Ішкі Істер Бюросының Ішкі Істер Бөлімі

**Аптақ ауылы**  
**Бостандық**






Аптақ ауылы



# Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілді Елшісі

Мырза  
Төлеп ауылы






Ауылым – алтын бесігім




Мырза  
Төлеп ауылы



# Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Тарихи және Әдебиет Қоры


Самай тұқымы  
Бостандық,  
Бексейіт  
ауылы



*Ауылым – алтын бесігім*




*Самай тұқымы  
Бостандық,  
Бексейіт  
ауылы*



# Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2019 жылғы 11 қыркүйектегі № 1011 Қаулысымен бекітілген


Самай тұқымы  
Бостандық, Мамлютка,  
Андреевка, Владимировка  
ауылы



Ауылым – алтын бесігім




Самай тұқымы  
Бостандық, Бексейіт  
ауылы



# Нәсиев Қажымұрат

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің туған күніне орай


Самай тұқымы  
Бостандық, Бексейіт  
ауылы








Самай тұқымы  
Үшкөл, Қостомар, Қызылжар,  
Астана




*Нәсиев Қажымұрат*

Қазақстан Республикасының Тарихи және Әдебиет Мұрагерлік Орталығы

*Самай тұқымы  
Үшкөл, Қостомар, Леденево  
ауылы*






**Нәсиев Қажымұрат**


Қазақстан Республикасының Әділеттік Қорғаныс Министрлігінің Қарулы Күштерінің Біріккен Жоғарғы Мектебінің Жоғарғы Курсының Бірінші Кезеңінің Бірінші Күні

Самай тұқымы  
Бостандық ауылы  
Бексеит Токаревка





*Бексейіт*  
*Жәпек*  
*Кәкен құда*










# Нәсиев Қажымұрат


Қазақстан Республикасының Тарихи-Әдебиет және Ғылым Академиясының академигі



*Самай тұқымы  
Үшкөл, Бексейіт,  
Бостандық*

Ауылым – алтын бесігім

Қазақстан Республикасының Төңірақары Қорғаныс Министрлігінің Қарулы Күштерінің Әскери Академиясының Тарих және Әдіс-Тәсілдер Бөлімі




Самай тұқымы  
Үшкөл, Бексейіт,  
Бостандық

# Нәсиев Қажымұрат


Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілсіз Елшісі

**Самай тұқымы**  
**Үшкөл ауылы**  
**Бескөл,**  
**Петропавл**






Самай тұқымы  
Бексейіт,  
Леденево



**Бексеніт ауылы  
Маман Жанторы  
тұқымы**






Ауылым – алтын бесігім




**Бексеит  
ауылы  
Маман Тұрлығұл  
тұқымы**



*Нәсиев Қажымұрат*


Қазақстан Республикасының Тарихи және Әдебиет Қоры

**Үшкөл ауылы  
Бескөл, Петерфельд,  
Қызылжар  
Омаров, Жуасбаевтар**





Самай тұқымы



## **Нәсиев Қажымұрат**



### Мазмұны

1.Кіріспе.....	6 - 9
2.Бостандық ауылының қысқаша тарихы	
3.Көне тарихымыз не сыр шертеді. ....	10 - 18
4.Ашамайлы Керей тайпалары Батый хан әскерінің құрамында.....	19- 21
5.Қазақ халықының көршілес мемлекеттердің тарихындағы орны.....	21 - 22
6.Абақ- Керей ұрпақтарының Ашамайлы Керей ұрпақтарымен қауышуы.....	22 - 24
7.Бостандық ауылы құрылғанға дейін.....	25 - 28
8.«Жер үшін, намыс үшін күрескен Сәтпай».....	29 - 33
9.Бостандық ауылының негізін қалаушылар.....	34 - 41
10.«Бұғауланған Бостандық».....	42 - 62
11.Болашаққа үмітпен қараған «Бостандық».....	63 - 105
12.Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ( өтпелі кезеңнің қиындықтары ). ....	106- 116
13.«Алтын ұя- мектебім».....	117- 165
14.Бостандық ауылының бүгінгі көрнісі.....	165- 166
15.«Өшпес ерлікке толы жылдар».....	167- 178
16.Тыл еңбеккерлері – ардагер әжелеріміз бен апаларымыз.....	179- 182
17.Бостандық ауылының дамуына елеулі үлес қосқан ауылдастарымыз жайлы.....	183- 202
18.Бостандық мектебінің ұстаздары.....	203- 210
19. «Азаматына қарап елін таны». ....	211- 221
20. «Ауылым – Отанымның тірегі» деп жырлаған ақындар мен қаламгерлер.....	221- 227
21. Бостандықтан шыққан ұстаздар әулеті.....	227- 233
22.Бостандық ауылының 80 жылдық тойы қалай тойланды.....	240- 244
23. Үшкөл ауылының тарихы.....	245- 270
24. Бостандық, Үшкөл, Бексейіт ауылдарының шежіресі.....	271- 306

**Қолданылған әдебиеттер мен газет- журналдар тізімі**

1. Қожаберген жырау «Елім- ай дастаны»
2. Н.Мыңжан « Қазақтың қысқаша тарихы» 1994 ж «Жалын» баспасы.
3. М. Қозыбаев,К.Нүрпейіс, К.Жүкешев « Қазақстан тарихы» 2005 ж.
- 4 .А. Күзембайұлы « Ашамайлы-Керей Танаш баба шежіресі» 2011 ж.
5. « Ақталған есімдер» изд. « Северный Казахстан» П- Павловск, 2008 г.
6. Ғ. Есмұқанов « Қимас қия жолдарым» Алматы , 2006 ж
6. Б. Сағындық « Ауыл жыры» П-Петропавовск, 2006 ж.
7. Т. Сүлейменов « Сегіз сері» Алматы, « Өнер» баспасы 1991 ж.
8. Қ. Мағазұлы « Қара таңба кімдерге басылды», « Тарихты шымқай қара сиямен жазбайық» «Ленин туы» газеті.
- 9.Ж. Самрат « Тұңғыш философ- ғалым» «Солтүстік Қазақстан» газеті 15.10. 2002 ж.

*Нәсиев Қажымұрат*

*Ауылым – алтын бесігім*

*(Бостандық және Үшкөл ауылының тарихынан)*

Басуға 12.07.2013 жылы қол қойылды  
Пішімі 60/84 /16  
Тапсырыс 0198

Шартты баспа табағы 17,5  
Таралымы 50 дана

---

«Мастер ПО» ЖШС басылды  
010008, Астана қ., Пушкин көшесі, 15-76  
e-mail.: masterpo08@mail.ru